

КАЗАХСТАН

№48

ЗЕЙНЕЛ-ГАБИ ИМАНБАЕВ

# дала әңгімелері



ЗЕЙНЕЛ-ГАБИ ИМАНБАЕВ

# дала әнгімелері

ӘНГІМЕЛЕР МЕН ПОВЕСТЕР

«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ

Алматы — 1979

Каз 2  
И 48

**Иманбаев Зейнел-Габи.**

Дала әңгімелері: Әңгімелер мен повестер.—  
Алматы: Жазушы, 1979.— 168 бет.

Зейнел Ебн Иманбаев — көптеген повесть және аңғимелерімен оқырмап қауымның күрмет-тыңгыласына болепкен жазушы. Ол өз творчествашының дала тынысын, ауыл өмірін үзбел өзек етіп келеді.

Редактор: Т. ИМАНБЕКОВ. Ш. САРИЕВ.

И ~~70303-93~~ 1141  
402(07)79 12-794702023020

9

© •Жазушы• 1979

**ӘҢГІМЕЛЕР**

## ӘКЕТАЙЫМ МЕНИң

Шагын қаланың кішкене вокзалында ұзақ аялдаپ қалдық. Сыры коткон ағаш отыргышқа шалқая керіліп көз жұмып қоямый. Тізе қағыстыра отырған қарт кісі де есіней береді.

— Отагасы, үйқының қанбаган-ау,— деп сөзге шақырдым.

Ұнатпады білем, қайқы мұртын шиаратып әкеп ерніне басып, мекіренді де қойды.

— Барыс қай жақ? — десем теріс бұрылады. Бұдан өрі қозгай беруді ретсіз көрдім. Жанындағысы бейбішесі болар, толық денелі, қара әйел икемсіз кішкене мұрнын шүйіріп, алыстан көз тастайды. Ерлі-байлы екеуі де нақ бір мылқау адамдарға ұқсайды.

Мен терезеге манаурай көз салдым.

Сопақша биік терезелерден қигаштай түскен батар күннің қызығылт саулесі шала үйқы болып манаураган жолаушылардың жузіне сарғыш реңк береді. Жүк тислген асығыс поездардың олпы-солпы вагондары зулап өтеді. Бұдан да зерігіл бері қайта бұрылдым. Мұрты кісі баяғысынша есінеп қойып отыр. Салбыраңды ернінің астына қара насыбайды білдіртпей қыстыра салып тас мүсіншө мелшиип қалған. Қоздері жасаурап жасық қарайді. Осылай отыра беруге өмірі жалықпайтын сияқты.

— Зібира-лі, олғі коклаларыңды байқашы, сыннып қалмасын,— деп мұрт астынан мыңқ етті. Зібирасты бір жамбасына қарай ауа беріп үлкен буманы сипал көрді.

Сагатыма қарасам, уақыт жақын екен. Орнынан түрдым да, көршілеріме бас иіп дегендей, сыртқа беттедім. Күн орман тасасына түсіпті. Құралайдың сұық желі дәнемді лезде қалтыратып-ақ жібергені. Жасыл пагондардың есіктеріне қыдыра қарап, қонақтайтын тауықтай жағалап келем. Күпеге кіріп сұық орындыққа отыра бергенімде, даңғырлаған дауыстар естіл-

ді де, кокла салған белгілі сары қап тар есікке кептегіліп қалды.

— Зібира, төменгі орындыққа жайғас,— деген дауыс естілді де, ізінше қайқы мұртты сопақ көршім көрінді.

— Жігітім, сапарлас болдық қой, әп бәрекелде-е!— деп даңғырлай кіріп келді. Үлкен бөксесін отыргышқа тигізе беріп:

— Айналып қана кетейін, бала шіркін нeden ыстық болды екен? Қараши, әне, қараши,— деп, еңсесін салып терезеге үнілді. Жол аузында бойжеткен тұр. Тұлымы желкілдеп, жүгіре түсіп тоқтады. Вагоннан:  
— Сау бол, құлындарым!— деген егде адамның дауысы естілді.

Посезд жүрісін шашаңдатып, станция көзден тасаланды. Мұртты кісі жекетін сызырып тастап, күмістеген мүйіз шақшасын алды да, қоңыр насыбайды мұрт астына сеуіп жіберіп, қаңқ етіп түшкіріп салды.

— Айа, биланы айтамын-ау, домаланған қара шалдағы құшақтап, көк ешкінің құйрығындаі сақалынан сүйіп «окелегендे» алпыс екі тамырым іп көзімнен бейібақ жас ырышып кеткені. Уп-улкен еркектің жүрт көзінше жылаганы жақсы болушы ма еді. Сасқанымнан вагонге зыттым.— Осылай деп қара мұрт көршім үп-үзын орамалы шетінен сүйреп шығып, бадана кездерін сұрткілей берді.

— Ой, Жолкен-ай, биланы табудай тапсам да, балажандығынды қоймайсың-ау, мұқым. Алпамсадай болып етіліп, үгіліп отырганын.— Мұны айтқанда Зібирианың үлкен бетінің үстінде шошайып тұрған титтей мұрны бұрынғысынан да кішірейіңкіреп, кескіні сұрланыпқырап кетті.— Сен-ақ қанағат қылмайсың!— деп тоқиқпен үргандай нығырлап қойды.

Бала мен әкенің сағынып қауышқанын немесе қимай әкірасқанын көрсем көзіме жас келеді, тағатым кетеді,— деп Жолкен насыбайды құтысының тығыны искелей берді. Ол вокзалдағы кейпіне қайта түсіп: томсарып, түнеріп алды. Дамылсыз ширатып, әбден сындырып тастаган қайратты мұрты қыранның қанитындаі созылып дір-дір етеді. Жасаураған көздері кокжілім мұнар басқан далаға қарайды. Далада ымырт үйірлген. Аспанда баурынан жарап жас айтүр. Орақ бейнелі айды төңіректеп ұсақ жүлдyzдар жылтырайді. Ымырттагы дала бетіне шашылған сансыға жарық соулеңене жарқырайды. Шексіз даланың

қлай түкпірінен де нендей қоныстар барын осы от нөпірінен-ақ аңгарғандайсың. Зібира тақтай төсекке жантая кетті де, нақ бір тәуліктен көз ілмеген адамдай қор ете түсті. Қескініндегі әлгі бір кекесін тарамаған сияқты.

Жөкең даладағы оттардан көз алмаған күйі ыңылдарап әндептің қояды. Бір кезде бері бұрылды да, насыбыйдың таты тұрған мұжық сары тістерін көрсетіп күлді.

— Мені бір жынды адамға санайсың-ау, солай ма, отірік деңі!?

— Жо-жоқ, отагасы, о не дегеніңіз. Сіз туралы бөтен ойым болса, но деп айт іш дейсіз? — деп сасқалақтан қалдым.

— Ым, солай де, бөтен ойың жоқ болғаны аbzал.

Жөкең көкшіл тартқан бұйра қастарын түйістіріп, откен қундер жайлышы сыр шертеді. Қабағы қатып күйвеле сөйлеп отыр.

— Экемнің жалғыз баласы едім. Жарыса бірге өстім. Экем отыз сегізге келгенде мен онсегізге шықтым. Көпспен бірге бізге де тағдырдың ацы сыбағасы тартулы екен. Согыс басталып экем майданға кетті. Небары үш-ақ жап едік. Шешем әлі жас та, қайратты да болатын. Соңда да тәзә алмады, үнжыргасы түсіп, жайнап тұратын қызыл жүзі сарғыш тартып жудей бастады. Мен оның жылағанын көргем жоқ. Бірақ әдемі қара коздері үнемі қанталап қызарып жүретін. Бір күні күрбы әйелдері келіп оған ұрысқанын естідім.

— Жақынш-ау, бұның не, соғыс сенің гана басыңа келген нәубет пе еді. Қой әрі, бордай үgetілгенің қайткениң? Жолдыбайдың жауды жеңіп елге оралуын тездетеік, еңбек етейік,— десті.

Экем соғысқа кеткелі айдан артық уақытта тұңғыш рет езу тартқанын көрдім. Аппақ тістері сарғайып, осемдігі кетіп қалған екен. «Қайран апакем-ай, соңшалық не көрінді саған?» деймін ішімнен. Күйректігіне күйінемін де, ұяламын да. Бірақ шешем мен ойлағандай жасық болмады.

— Балам, оқуыңың арасында үй шаруасына ие бол, мен енді жұмысқа шығамын, жағдай солай,— деп, белін әкемнің шүберек белбеуімен мықтап буып, еңбек-ке араласты.

Жазда оқу біткен соң балалар да жұмысқа шықтық. Өгіз басына мініп шөп шалтық. Қора салдық, егін ордық. Үлкен кісілер не істесе соны істедік. Майдан-

шылардан алғашқы қара қағаздар келе бастады. Жылау-сықтау, жаназа, дұға көбейді. Жүрт қорқынышты хабарларды түршіге тосты.

Мениң ойым — қайткен күнде де майданға барып, жаудан кек алу. Чапаевша ақ семсерді жарқылдатып тәбелеріне ойнатсам, бастарын допша домалатсам деймін. Түсімде ыңғай солай етіп журем.

Ақырын маган да шақыру қағазы келді. Қуанышым қойныма сүйімді. Тойға баратында ыскырып, әндептіп жүрмін. Шешем байғұстың қасіретінде шек болмады. Вір сөзді қайта айтып, тез жаңылып, іле зе үмітшің болып алды. Үш күнде тез өзгеріп жүдеп қалды. Аттанарда басқалардың шешелеріндегі зарлап жылай ма деп қауіптенген. Жоқ, ейтпеді.

— Жолкен, түр, балам, жүретін уақытың болды. Жол азығынды буып-түйіп қойдым,— деп жайбақаң қана күлімсіреп түр. Апамның мына сабырлы кескінд жігірлондіріп жіберді білем, тез күніп, тамақтанып алып, норсе-қарамы жинастырганша, көлік те келді.

Ушоумін — Өлкен, Жұмаш жөне мен бірге оқыған балалар едік, бірге кетіп барамыз. Жүрт ауыл шетінде дөйін еріп келді. Жұмаштың шешесі катпа қара кемпір шашын жайып жіберіп сұңқылдамасы бар ма.

— Оу, қойшылдар енді, бұл не езі?— деп үлкендер жағы тоқтау айтқан болады. Тыңдал жатқан өйелдер жоқ. Құдайым-ау, осының бері тез бітсе екен, тезірек қозғалып кетсең екен деп тағатым таусылумен тұрмын. Дауыстап жармаспақ болған өйелдерді жолатпадым. Апам басымды еңкейтіп екі бетімнен жұмсақ қана сүйді. Ып-ыстық еріндері қарып, күйдіріп жібергендей болды. Сүт сасыған, күн сасыған анаға тән хошиңісі мұрныма келді.

— Сау бол, апа, аман-сау қайтып ораламын, уайымдама!— дедім.

— Айтқаның келсін, ұлым!— Апамның қуқыл жүзіне қан ойнап күлімсіреп түр.

— Жолкенжан, әкенді көрсөң сөлем айттарсың,— деген дауысын жүрт дабыры бөліп жіберді. Аттар үшіншілік ала жөнелді. Дәң үстінде ауыл түтіндетеңді. Көп адамдар шоғырланып түр. Апам жылап берекесі жеткен өйелдерге бірдеңе деп қол сермеди де, сымға тартқыншадай тіп-тік денесі құныса түсіп үйге қарай беттеді. Котіп бара жатып біз жаққа бұрылып қарады, қол бұлғады. Мениң жүрегім үзіліп кеткендей болып қатты күйасліп, көздерім жасқа толып кетті. Опасыз

көз жасымды білдіртпей сүртіп, алыстай түскен ауылдан апамның қарасын көргім келді. Көре алмадым. Қысқы күн қытымырлана қабагын түйді. Аппақ дала үстінен ысқырып үскірік жел соқты. Жел сусыма қарды дәңгелете үйіріп айдай жөнелді. Қаңтардың қашарлы боранына қарсы қадам бастық.

1944 жылдың сақырлаған сары аязында бізді Солтүстікке жеткізді. Терістіктің сұық аспаны астында әскері ойын ойнайды, тоң қопарып, окоп қазамыз. Ақ халат киіп топ-топ болып шаңғыра жаттығамыз. Майдан Іргесіндемі, итыс естіліп жатыр. Ұйқы мен тыныштық иш, ауыр дайындықтан кейін түнгі жорыққа аттандық. Солтүстіктің түнінде ақ халат киген көп адам шаңғымен сырғып келеміз. Мақсатымыз — алғы шепті барлап қайту. Қанша жүргенімізді аңғара алмаган сияқтымын. Жау шолғыншысына кездесіп, атысып қалдыш. Бұл — бірінші дәрі түтінін іскеуім еді. Осыдан соң үскірік түннің бірінде біздің бөлім алғы шептегі окоптарға орналасып жатты. Ертеңінде жау танктері шабуылға шықты. Неміс солдаттары өріп келеді. Оқ жаудырып, өлденеше тойтардық. Ертеңінде пәшистөрді қырып жатқанымызды айтып апама хат жаздым. Менің майдандық жолым осылай басталды.

Окемнен хабар алмаганым көп болған. Қыстың бис кезінде ауылға жазған хаты елі қалтамда жур. Жарапанып госпитальга түстім дегенге адрес бойыншып госпитальдан сұрап едім, бізден кеткен деңті. Қайды кеткені белгісіз. Өлі ме, тірі ме? Апам да экем жайлыш жазудан аулақтай береді. Әлде жарақаттанып опат болды ма сікен?

Жекең ауыр күрсініп даладағы от тізбектеріне ықылассыз көз таstadtы. Сонаң соң ақ шалған қатты мұртын ширайтып, біраз отырды. Зібира болса нар үстінде дәңқиң жатыр. Жекең күрсініп сөзін сабактады.

— Жаудың қоршауын бұзған біздің бөлімшелер шабуылдан бара жатқан кез. Қиянкескі ұрыспен бір шағын қаланы алып, аз тыныстауға тұрганбыз. Жігіттер сызы арылмаған жерге бауырларын тесеп аунап жатыр. Қөрші бөлімшелер біздің үстімізден ете бастады. Ұрыстан әбден қалжыраган артиллеристер жаяулап барады. Арқамды алма ағашына сүйеп отырып, орқайсысының сұсты кескіндеріне қараймын. Кенет...

— Эке!

Бірнеше саржан жерге мысықша бір-ақ ырғып, сүркімді қапсағай адамға жармаса кеттім.

— Эке, әкежаным, менің!

— Жалғызыым. Жалбыртайым!

Сап кідіріп қалды. Жауынгөрлер әке мен баланың тосын кездескеніне елжірей қызықтап, кейбіреулері көздеріне жас алып тұрды.

— Аға сержант Бейсенбин, сізге қалуга рұхсат, бақша сыртында тыныстаймыз, қуып жетерсің.

— Құп болады, жолdas лейтенант!

Әкемнің солдатқа лайық бағынышты үнінен селкесте қалдым. Өйткені, мен осынау бақытты сәтте әскери тортіпті де, қан төгіс сұрапылды да, тіпті мына үстімдегі тұтін сіңген сұр шинельді де ұмытқан едім. Өзіміздің Жекендідегі туған ауылымда тұргандай сезімде болатынмын. Әкемнің махорка сасыған кірлі бетінен, кірпінің шөгіріндегі болып сақал өскен иегінен аймалаймын. Әкем де мені сүйгіштеп жатыр. Солдаттың сараң да сортаң көз жасы бетімді жуып кетті. «Әкетайым менің!» дегенді бейқұнға қайталай беріппін.

Әкем мені құшақтаған қалыпта оңашарақ алып шықты. Мені жан біткеннен қызғанып, тек бір өзі гана тамашалай қарап, бір өзі гана оңаша сөйлесіп құмардан шыққысы келеді. Бомба мен снаряд айғыздал, солдаттың темір тағалы етігі шырлап тастаған сұргылт жерде қатар тұрмыз. Әкем менің басымнан аяғыма дымқыл орі бақытты көздерімен мейірлене қарады. Үстіндегі солдат шинелі болмаса, ауылдағы қалпынан аумай қалыпты. Кескінің сұсты, маңдайындағы өжімдері терендей түскен. Құлагына қарай созылған қою мұртына ақ араласыпты. Шықшыт сүйектері шығыңқырап, тарала түскені болмаса, өзімнің әкем қаз қалпында алдында тұр. Қалың мұрты астынан аппақ ірі тістерін көрсетіп күле берді. Мен түсім емес пе екен деп қатты құдіктеніп, айналама жалтақтай қараймын. Өңім сияқты, белімше жауынгерлері снарядтар осып кеткен шағын бақтың бұталарын көлеңкелеп, тыныс алышты. Жорық асханалары тұтіндестеді. Сыры түсіп арса-арса болған қырық бестіктер тыныстап тұр. Әкемді көлеңкеге отырғызып, зат дорбамнан нан, консерв алыш алдына қойдым да, баға жетпес алтынның жоғалтқандаидорба түбін асығыс қопарыстыра бердім. Әбден кірлеп біткен шыт қалтаның түбін айналдырып дастарқанға төктім. Апам қастерлеп түйіп берген сықпа құрттан әлі де қос уыс қалған екен.

— Өзіміздің ала сиырдың сүтінен қайнатқан сықпа ғой, үнемдеп жедім, тек апамды сағынғандаған...

Әкемнің жүзіне ыстық қан жүгірді. Жасаураган

көздерімен құс қанаты талған сағымды жиекке каралы, күлімсіреді. Қуректей алақанында жатқан бір белек сықпа құртты өбектеп бетіне басты.

— Алаң қайнатқан деймісін, сонда мынау Жақыштың саусақтарының таңбасы болғаны гой... Сейткені гой, о тоба! — деп теріс айнала берді. Әкем өзіне-еzi келіп, ел жағдайын сұрады. Мен түгел жеткіздім. Апамның сәлемін де айттым. Әкем аңы құртты толғап отырып, мұрт арасынан ақ тістерін көрсетті. Мойыл коадерінің шарасы жасаурап төмен қарады.

Сөлем айтты дейсің, ә? — деп қайталай береді. Оқел-билиш скоумің солдат кухнясынан тамақтануга үнқыт жетіноді. Әкем авт дорбасын иығына салып, пилоткесін тұнеді де:

— Жолкен, сені көзімнен таса қыла алмаймын. Шамам келсе бастықтарға айтып өзіммен бірге болуга рұхсат сұрапмын,— деді де, керзі етігімен шандак жолды адымдай басып кете барды.

Әкем дегеніне жетіп, мені өзінің зеңбірек расчетына сұрап алыпты. Онымен қауышам деп ойлағам жоқ-ты. Ол согыстың алгащқы жылы Москванды қорғапты. Белорус жерінде согысып бірнеше жарапанады. Соңғы рет үшінші жатын шала сауықкан қалыпта госпитальдан шығынты да, майданға сұрапыпты. Содан осында тап болған. Екі пайдай тіпті жақын тұрыппыя. Әкемнің артиллерисінің дегенін хатынан оқытынбыз. Ол тәжірибелі көздесуші екен. Согыстың сұрапыл қат-қабатында табыстық. Әкем мені көзінен таса етпеді. Аузынан кетіп бара жатқанын маған берді. Сызды окопта бір шинельді жамылып жаттық. Әкемнің жанында жатқонда тоқып көррем жоқ. Ол үйқы қысып қажып жүрсе де мені өбектей қынтаپ, пялаумен болды. Ие, сойтті...

Вір күні өртөмен пемістер жақтан біздің шепке снарядтар түссе бастады. Жаудың қарсы шабуылға шығатыны белгілі болды. Ақыры сүйтті. Атыстан соң дағдысынша танктер сап түзең бізге қарай жүйткіді. Зеңбірекшілер іске кірістік. Әкем мұндайда сасқалақтууды білмейді. Анықтап көздел алмай снаряд жұмсамайды. Біз ата бастадық. Алгащқы танктен лап етіп от шықты. Корші батареялар да сейлеп кетті. Танктерді нааналап құмырсқадай қаптаған автоматчиктер жақындаі түсті. Танктер ұзын стволдарынан бейберекет атып келеді. Автомат оқтары ызылдал өтіп жатыр.

— Жолкен, снаряд жеткіз! — деп бүйірдьы әкем.

Еңбектей жөнелдім. Оншақты адым ұзамай біздің зеңбіректің жанына келіп снаряд жарылды. Қара түтін мен шаңдатқан, қатты жарылыстан есендіреп қалған екем. Қара перде тозаңның арасынан шынжыр табандары салдырлап жау танкі шыға келді. Гранат бұмасын сермен қалдым. Қатты жарылыс үстіме топырақты аудара салды. Ауыр жүктен жанталасып жұлқынып шығып, түтін мен шаңың арасынан әкемді іздеймін. Ешкімді де, ештеңені де көріп болмайды. Танктер әлі жылжып коледі. Шеткі зеңбіректер де үнсіз қалыпты. Жұғіріп барып ауыр снарядты мықшындарап оқпанга тықтым да, қарауылды алдыңғы танкке бұрып көздей бастап едім. Танктің көздеуушісі де мениң нысанага туралип алған сияқты. Қас қағымда күлімді көкке үшірағаттыны анық. Қалай екенін кім білсін, мен бұрыннырақ қимылдасам көрек, зенбірек селк ете қалды. Енді қарасам «жолбарыс» қара түтінге ораныпты. Екінші снарядты салып шығайланғанша белгісіз бір дүлей күш үшірмұп жібергендей болды. Есімді госпитальда бірақ жидым.

— Сіз бір апта бойы ес жимадыңыз, дамылсыз сейлемп жаттыңыз, — деді сестра маңдайымнан сипап.

— Но дедім сонда?

— «Әке, әкетайым менің» — дедіңіз үнемі.

Есімдің менің енінде түсті. Қезім бұлдырап, құлақтарым шыңындаи қоя берді. Госпитальдан шыққанымда жеңіс жылы туган еді. Мені майданға жібере қоймады. Жамбасымның сынығы кепке дейін еркін жүргізбеді. Құрылыш батальонына ауыстырды. Майдан ізімен жүріп отырып қираган темір жолдарды, көпірлерді түзедік. Жолдарды миналардан аршыдық. Жұмыс бастан асып жатты. Соғыс біткеннен кейін екі жыл жүрдім. Әкемді үмита алмадым. Қуні бүгінге дейін жүргізімнің жылуын сезінemін. Кескінім де, түр-тулғам да әкемнен аумайтын еді. Әкеме тартқанымды мақтаныш етіп ерін үстіне шыққан алғашқы түкке үстара тигізгем жоқ. Әскерден қайтқанымда әкемдікіндей мойыл қара мұртым шықшытыма жетті. Мұрт жарықтықты несін айтасын, адамды айбарлы ете түседі гой. Өзіміздің станцияда біраз адамдар тосып түр екен. Осындайда әкем жанымда болса гой деген ой жүйкемді босатып жіберді. Ауылдастарымнан ешкім көрінбейді. Шешем келе алмапты. Енді бұрыла бергенімде ши аяқ кішкентай қызы жармаса түскені.

— Әке, әкетайым менің, келдің-ау әйтеуір,— деп

Бетімді, мойнымды аймалай бастады. Қөзімнен жасым ыршып кетті. Сәбиді емірене сүйе беріппін. Экемді сончынып құлазыған қоңілім ем тапты ма еке? Әкелеп үмтүлған сәби қылығы егілтіп-ақ жібергені. Әлі қауыншыл ашылмаған бозбала болсам да, тірлікте бастан кешнеген, бірақ өмәнда келешек сезім билеп, денемді бір ұлылық кернегендей болды. Жұрт жиналыш қалды.

— Вайгүс бала, ақыры әкесін тосып алды-ау! — деді бір карташ пойел көздерін суртіп.

— Үңгай болорып пойыз тосып тұратын еді. Жаңам алтын вай, жаңсы болды гой,— деді екіншісі.

— Өмөт ұысадай жас омен,— деп таңданды төртіншісі. Мен ойим-өпім келіп түзелдім де:

— Халайшык, мына баланың туысы бар ма? — деп дауыстадым.

— Жо-жоқ, ешкімі де жоқ. Бұл бала әкесін поезд алдынан тосқалы көп болды. Осында балалар үйінде тұрады,— деп мәністетті бір әйел.

Мен қызды көтерген қалышта кете бардым. Құздің салқын желінен қорғап, шинеліме орап алдым. Кішкентай қыздың қуанышында шек жоқ, бетімді аймалай береді. Сол қалпы мен ауылға баратын өгіз арбага отырып, түнделетіп үйге жеттім. Інір тыныштығында білдік үйдің оты сығырайып көрінеді. Терезеден қаралғын апам боп-боз жүзін батысқа беріп, әлдене деп күйірлеп отыр екен. Мен кеткенде жап-жас сұлу әйел еді. Мүниша қалай жудеген. Әлде науқас па, апамның алинышты кескініне ұзақ қарай алмай есікке үмтүлдым. Бірақ бірден кіріп баруга болмайтын еді.

— Бұл кім?

— Мен гой, апа.

— Құдай-ау, Жолкенімнің даусы рой мынау??

Апам ун шығармай жылады. Мен де қеудесін аймалап, соби күнімнен таныс ана исін құшырлана иіс-кеп егіліп кеттім. Зәбір көрген ерке сәбидей солқылдап, оксігімді баса алмадым.

— Қарғам-ау, Жолкенжан-ау, мынау кім? — деді папам таңданып.

Кішкене қыз тіземнен қапсыра құшақтап тұрған.

— Өзінен сұрашы.

— Сен кім баласысың?

— Экемнің баласымын, мынаның,— деді қыз жабыса түсіп.

— О, тоба бергеніңе шүкір,— деп апам қызды көтеріп алды.

— Посзд алдында менен айрылмаған соң алып келдім. Әкесі майданнан оралмапты. Шешесі өлген болу керек,— дедім апама сыйырлап.

— Қыз түгіл қызыл жұнге зар болған сорлы басым,— деп апам собыді аймалай берді.

— Атың кім, құлышшагым?

— Гуля.

— Гүлсім дейіниші өзінді,— деді апам қуанып.

Содан бері коп жылдар өтті. Тыңды игердік. Комбайнер-тракторист мамандығым бар. Кең даланы—дән далисына айналдырыды мына қол. Оның өзі көп тарих. Аның жарықтық «Гүлсіммен жаным бірге» деп отыратын еді. Зібира оны босага аттағаннан-ақ ұнатпады. Гүлсімнен басқа он балам болса да, оның жолы басқарға, қалдірлірек сияқты маған. Өйткені, ол—тұнғышым існетті, оқелік асау сезімге көндірді. Сол Гүлсіміме келе жатырмын. Мынау—жисандеріме алған солем сауқатым. Коптен келе алмадық, жер арасы шылғай болмаси да, шаруадан қол тимеді. Олар мына «Алғади» түріді,— деп Жекең қолын көтеріп құбыла жиқті пүскеді.

— Менің жолым да сол «Алға» еді,— дедім.

Посзд таң ата жетті де, қолға бірінші түскен таксимен «Алға» совхозына тарттық.

Шо көк қақпилы, кең аулага кіре:

— Оқи, оқстайым менің! — деп жас өйел Жекең жармаса кетті.

## ҚҰБА ТАЛ

Есен қарт—ауыл келбетін жоғарғыдан қарап үйрениген адам. Биікке шықса жанары ашылып қоя береді. Бірден ата қыстауы Мәшен шалынады көзіне. Онда откен балалығы, жігіттік шағы, әке болған кездері есіне түседі. Сона бір жазықта ұлын тайга мінгізіп шапқылатқаны бар. Алғаш тарпаң тайды жетектеп, тақымы бос баласын мықтап ұстап жүгірте берді. Әбден алқынып дымы біткенше жетектеді: Әкенің қырыс маңдайынан бүршақтап тер шықты. Жылқы баласына тұңғыш бүт артып, кісілік құрганына мәз бола ешкі тістерін көрсетіп сықылықтап күлумен болды.

— Жібер, әке, жібер, енді өзім-ақ... — деген айқайладп. Есен тізгінді қалай босатып алғанын сезбей қалды. Тай тартып-ақ кетсін. Далбақтап шауып барады.

Кішкене балның құйрығы қопаң-қопаң етеді. Аяқта-  
рын қашталдыққа қысып, қолтықтан тіреп алыпты.  
Үйір іздейген жануар жазыққа шыға секіріп, ойнап  
кетті. Есекең өкпесі өшіп соңынан жүгіріп келеді. Бір  
және біла тайдаң арқасынан сыптырылып бара жатты.

Оттеген-ай, өлді-ау! — Қария ұйқысынан оян-  
ғандай селт ете түсті. Ол шатырдың шетінде алғашқы  
шиферді ұстаган қалыпта тұр еді. Қып-қызыл көздері  
жасындағының бір нүктеден алмайды. Қарияның әлде-  
бір қиялға борілгенін сөвіп, жігіттер төменин шыға-  
рылған шиферларды жайған жатқан.

— Үі, — деді Есекең отыра кетіп. — Құрыған күн-  
дер ~~соғым~~ түскенін көрдің бе? Соңда мен бүгінгідей  
бұтақсын қалмас үшін сейттім гой. Қанаттыға қақтыр-  
мын, тұмсықтыға шоқытпай соқталдай азамат етіп  
едім, көрдің бе? — Қарияның қып-қызыл көздері кеуіп  
қалған құдықтай құнарсыз, сонау алысқа жансыз қа-  
далады.

Алтынмен қаптағандай күзгі дала кең көсліп жа-  
тыр. Кек жиекті көлегейлеген жасыл қабырганың, әр  
түгы қыншарып көрінеді. Жұз жылдық теректердің қызы-  
мыл жапырақтарына қарап қария тітіркеніп кетті.  
~~Тағдан~~ жығылған ұлының тәмпіш танауынан саула-  
ған қанды қолымен сұртіп, байбалам салғаны есіне  
түсті. Есен карт үнсіз. Жігіттер де тіс жарған жоқ.  
~~Шашақ~~ қара төменин:

— Волсаңдаршы, бұл не тұрыс өзі? — деп кейіп  
ады. Шатыр үстіндегілер үндеме деп қартты нұсқады.

— Өй, тойір-ай, осы алжыған шалға бола жұмысты  
тоқтатып... Тездетіндер, ұзак құнді кеш қыламыз ба-  
тагы!

Қария жел үрлекен аппақ сақалына қалтыраған  
шашақтарын апарып:

— Жо, кірісейік, анау Кекібай баласы асығып тұр-  
ықсан, ісі өнсін, — деді де үлкен сұр шиферді орнықтыра-  
бастады. Ұңылдап өлеңдеткен болады. Қайдан өлең-  
детсін... Есекең үлкен орақ мұрны астынан ыңылдай  
жүріп қимылдап кетті. Есілдің су шайған қайрақ тас-  
мидай жылтыр шиферді жігін білдірмей қатарлай тізіп  
шегелей берді.

— Апышрау, Есен аға-ау, темекі тартып аз тыныс-  
ташық та, — деді бір кездे жігіттер. Қария істік сақалы-  
ның үшынан тер тамшылаған қалыпта нақ бір мылқау  
блімдің тыңдар емес. Кекібай баласы деген талпақ  
қарашың да тіптен зықысы шықты. Үлкен үйдің төбесі

жабылып біткеншे бөгелмеді. Шатыр әбден жабылып болған соң биікке отырып алып, сымдай тартылған пүүлдың көшесіне қуана көз салды.

— Ана бір үйдің шатырын жаптым. Қызыл тәбелі үйдің көрнезін қилюастырдым. Аргысының терезе-қақпактарын ернектедім.— Есекең кетік тістерін көр-сестіп моз болып отыр. Еңбегі жанған, қуанған қалышта. Осы екі жұз үйлі ауылдағы құрылыштың қайсысына болсын қолы тиіпті. Бұл балта шашпаған, бұл шеге қалқынған құрылыш жоқ еді. Жұрттың барлығы ауласына пішіп отыргызыпты. Жасыл орман болып кеткен. Қария ішкі қалтасынан шыны шақшасын алып құлақ түбіне шайқап көрді де, қара насыбайдан азғана шымшын алып имек мұрнының астына кезек апарды. Соған түшкірініп, пысқырынып:

— Сондер гой,— деді қария манағы Кекібай бала-сына қарап.— Вагана азғана бөгелгенім үшін сектіндер, жұмышса кедергі жасағандай болдым. Балам бар, басым бүтін шағым есіме түсіп кеткені. Биікке шыққан соң қыстау жаққа көз саламын деп...— Қария кінэлі адамдай томен қарады.

Темекі тартып дем алып отырган жігіттердің ішінен мол деполі апайтес біреуі құшақтап:

— Айналайын, Есеке, қапаланбаңыз, сізсіз мына үйдің шатырын келістіріп жаба алмас едік,— деді.

Есеки қарын күлімсіреп қоя берді. Кекібайдың баласы мескінін күйгегің кондай тырыстырып:

— Қойсандаршы, осы сөлкілдеген шал бітіріп пе, біз гой күш салған,— деді.

— Өй, тарт былай, бабаңмен ұстаспай, жағынды бұзып жіберермін,— деді әлті жігіт тұтігіп. Жігіттер де Кекібайдың баласына дүрсе қоя берді. Осы арада Есекен:

— Жә, жігіттер, білмегенді кешпесең — білгендігің қайсы? — деді.

— Дұрыс айтасыз, үйге кіріп тамақ ішейік. Үй иесі бір бағланын былқытып жатыр.

— Э, қойсандаршы, болмашыға бағлан жемекпіз бе,— деді Есекең жақтырмай.

— О, не дегеніңіз, «ағайынның ақысы — тамағы» деген бар емес пе,— деп, үй иесі еңсесін салып қария-га жалбарына бастады.

Есекең көшпілік ризалығына көзілі өсті. Қолы іске тисе бұлдана бастайтындары месі-ей, қайратың барда көмектесе салдың, сонда не тұр. Әй, надандық-ай.

\* \* \*

Ол қара нардай жай басып барады. Денесі ауыр тиңтән. Корілік те жағалап жүр-ау. Жұрт шіркіннің бір жаны Есекенде тұрган сияқты. «Есеке, сізсіз болитін смес, басқаның қолынан келмей тұрганы!...— дейді.

— Пенсиядагы адаммын гой, не бітіріп жатырмын, берегім барайын,— дейді қария.

Шұрнағы күні кемпірі Бағила мәселені бүйірден қойды.

— Осы сөн шал, балтаңды беліңде қыстырып тен-шірруді қашап қояның? Нір тиын алып жатқан ақың тоң. Аның шақырды деп анатан, мынау шақырды деп мынаған жекілдейсің де жүресің. Күшің тасып бара жатын, мына оскірген еденді неге түземейсің? — деді оқтаумен нұқып.

— Кол ұшын бергені үшін ақы ала ма екен,— дейді карт күңкілдеп.

— Кол ұшы, қол ұшы, не деген қол ұшы таусылмайтын!— Кемпірі бастырмалатып кетті.— Өз шаруаңа қарайтын күнің бар ма?

— Қараймын гой, қараймыз, қайтер дейсің. Жұрттың мекілін жыгу үят. Түсінсейші, көмегіме зәру гой, түгел! — дейді қария. Кемпірінің де қайтымы тез болушын еді, осы жолы үдер кетті.

— Сөн шал, кеше осылай тентіреп жүргенде Бекенжаниның құба талдарынан Кекібайдың қарасы қайың әйдайтын сырый кесіп алышты. Бекенжанның талын иессенше мен бейбақтың саусағын кессейші!

Вагиланың шүңірек көзінен жас парлап қоя берді.

— Бекенжан келсе не бетімді айтамын. Талыңды есірудің орнына қырып жатырмын деймін бе?

— Бекенжан келсе тағы да есіріп алар, тек келсінші бол!...— Есекен ауыр курсінді. Дымқыл сақалын сала-дашып тоғызып да, тыңқа шықты. Қап-қара бұлттардың аргы бетінде ай жүзіп барады. Ауыл түнгі тыныштық-ци бой үрган. Қел жақтан қогажай исі аралас тұшы лепи еседі. Қара қабырға болып Бекеннің талдары тіреліп тұр. Қимылсыз, мұнды тыныштық. Қария іргедегі ағарып жатқан түбірге үңілді. Тубір нақ бір адам қолының қылған сіңіріндей ақсызып көрінеді. Есекен дормені құрып отыра кетті. Бұл үйдің отырғызыған ағашы да өзгеше. Қайың да емес, тораңғы да емес, кәдімгі Еслідің құба талы. Тал болғанда қара қожырмақташын тарбия есіп аулаға сыймай кеткен мол дүние.

Қария күнде кешке ақар-шақар болған байырғы құба талдың көлеңкесіне отырып рахаттана тыныстайды. Айналага тараған тамырдан нәзік шыбықтар кектеп көбейе түскен. Құба тәл үйдің ауласын тарылтып, қаптап бара жатса да, біреуін кесіп отқа жаққан емес. Шалын әр кез қыжыртып жүретін Бағила кемпір дө құба талға келгенде жүзі жылып қоя береді.

Жалғыз ұлы Бекен майданға жүргелі жатып, тұнделетіп ауланың шарбағын тоқыған. Сонда құба талдан қазық түйіп еді. Алғаш ешкім мән берген жоқ-ты, Вір күні баласын сағынған Есекең Бекенниң тоқыған шарбагын қарал жүрсе қалың тоқыманы жарып жаңырқтар кектеп тұр. Кәдімгі, құба талдың күміс жапырағы. Бекен қаққан қазық жерден нәр алыш оркен жайған екен-ау!

-- Қатын-ай, қатын? — деп Есекең қуанышпен ай-тайлан жіберді. — Қарашы, Бекенжанның қаққан қазығы кектеп көледі.

Вагила шарбакты айналып көріп: — Жақсы ырым, Векомжан майданини аман оралады екен! — деді қуанышп. Вірақ Векен оралмады. Ерлі-зайыптылар баласы кеткен күрең жолға сарыла қараумен әлі жүр. Соғыс біткелі отын жыл өтсе де, қарттар үміттерін үзбейді. Вірақ Векен келер емес. Тұбірінен келі жасауға жарап қалғып қира талдардың саясында отырып екеуі:

-- Айналайның талдары гой! — дейді. Құба талдардың күміс жапырактары кешкі самалмен сыйбыр қлғып, жақсылық хабар жеткізіп тұрғандай болады. Сол қасиетті талдың бір түбін балтамен шауып алышты. Есекең күсті алақандарымен нақ бір ауыр жарақтты сипағандай түбірді қынжыла сипап отырып:

— О, көгермегір Қекібайдың баласы, не жазығым бар еді? Әкең мен Бекенім бірге кетпеп пе еді соғыска. Қекібай аман келіп, сен тудын. Тумаңаң етті ғой бүйткеншесе, — деді. Үйден шұбаландалап кемпірі шықты да:

— Шал-ай, жүрші үйге, налымашы, жетіліп кетер Бекенниң талы. Беу, бейшара-ай, күйрек болып алышың, еркек емессің бе, эйел бізге не кінә?.. — деп қолтығынан ала берді. Екеуі тұннің көбі өткенше көз ілмеді. Бекендерінің бар қылыштарын естеріне алумен болды. Ұзақ үнсіз жатысты.

— Шал-ай, — деді бір кезде. — Сен ұйықтап қалдың ба? Осы біздің Бекен тірі ғой деймін. Анық тірі жүрген шығар бір жерде, аспан асты кең емес пе?

Қария мекіреніп аунап түсті.

Қарттың құс ұйқысы тез қанды да, таң атқан соң  
шынып шығып кетті. Құздің салқын таңы әбден  
жираш болыпты. Шығыста ұзыннан түсіп сұлап жат-  
қан қары орманның төбесін шарпып күн шығып ке-  
леді.

Нікешің құба талдары бүйра бастарын толқытып  
тур. Құбыладан есken откір желден ықтап аз тұрды  
да, жоғы табылғандай сарайга қарай ұмтылды. Ұстал-  
маган темір күректі төске салып шыңдай бастады. Қаршы  
жасаған қатынның күрөгі. Кешелер әкеп, өткен-  
шіненде айтып әңгімелесіп кеткен. Есекең бар өнерін  
салып содымылады. Темірдің шыңылы бар аулаға есті-  
ліп түр. Үйден Багила шығып:

— Ой, шал, құлқын сөріден елді оятың гой, қай-  
туым едің сол түскірді,— деді кейіп.

- Қамиланның күрөгі гой, картоп қазады екен,—  
деді.

- Қамила деп елпілдеп тұрганын, сенен басқа ер-  
нек жоқ па ауылда? Іңгай бір осы шалды айналақтап  
жүргөні,— деді шешей тарылып.

- Әрикетің бәрі күрек соға білмейді. Қүректі шың-  
дан, жаңомылаш ағосе, алмастай өткір болады. Әйел гой,  
әймәнны өнілесесе жұмыс істей ала ма?— деді.

- Жартты оятың гой, шақылдатып,— деді Баги-  
ла на дәрін білмей.

-- Оянсын, оянганы керек, шаруа уақытында не  
үйіні ол, оянсын бәрі,— деді Есекең.

Ол қүректі баптап болып, биртың бармақтарын  
жүзіне тигізіп керді. Қылышып түр екен. Өз ісіне көнілі  
толыш, күлімдеп қойды.

- Ой, тоқташы, шырагым. Қекібай баласы, бұры-  
ла көтші?

Қекібайдың қарасы мылтығын жерге тастанап бері  
жүрді. Қекіні өрт соққандай еді. Қария сыбагасын  
бөрсетін шыгар деп қанын ішіне тартып алышты. Қара  
шындардай беті күлгінденіп, қысық көздері кішірейе  
түскен. Солемдесті.

Жол болсын, ақ басы жуық,— деді қарт.

Колге түсіп құс атпақ едім...— (Қара көздерін  
төмен салып түр).

- Сен тағы суға құлап жүрме. Қазір күз, су суық,  
шынып қаласың. Осы жолы да ескексіз барасың гой,  
жирашайты. Балалықты қою керек, сен енді соқталдай  
жігітсің!

Қария осылай деп сарайға кірді де, сырлы қасықтайді етіп жонған қарагай ескекті жігітке ұстата берді.  
— Мә, ал, әр нөрсеге ақыл керек.

Қараның қүйген көндей беті оナン сайын тырысын кетті. Бұрылып қарауга батылдығы жетпеді. «Рахмет» деген жалғыз сез зорға шықты аузынан. Ескекті инына салып шапшаң алыштай берді. Есекең балуан қолын мандаіына қойып күлімсіреп тұр. Бекер-ақ қарғаған екем өзін, «білмestігін кешпесең — білгендігің қайсы», қайбір өнеге көрген бала. Әкесі болса ішкілікке салынып кетті. Өкіметтің берген дәuletін көтере алмады. Векенім келсе, осындаи немерем болса, менен бақыттың кім бар еді. Эй, соғыс-ай...

— Эй, шал, Бекенжанның әкесі,— деген таныс да умықта басын көтеріп алды.

Құба талдар сыйбыр қагып, жайқалып тұр еді...

## СЕЗІМ ФУЕНДЕРІ

Алпан жүріп келеді. Кең жазықта көгілдір мұнар іркіліпті. Жоң үсті құйіп, өртеніп бара жатқандай алаулайды. Момын даланың үстімен майда жел еседі. Жел жігіттің тершіген денесін жадырата тускендей. Бөсторғайлар өніме құлақ қойып, ойланып келеді. Қысқа гана өмірі кез алдынан өтті. Балалар үйі, армия қатары, сонаң соң осы кең дала. Тракторшылар курсы...

Оңтүстіктің тап-таза шүцигүл аспаны астынан бейтаныс ауылға тың көтерісуге келгенде Байділда ағаймен Қатша апай жатсынбай қарсы алып еді. Қалқа қарындас қана мазақтап күлетін. Күле берсін...

Шагалалы жалтырап жатыр. Тракторлар қос басына іркіліпті. Жұрт тамақтанып абыр-сабыр. Байділда ағасы жирен мұртын ширатып, көңілі хош жайсан қалыпта бас-аяғын шолып шықты. Жігіт өзінің бака бас етігіне қарап күлген болды. Бригадир арқасынан қағып:

— Оқу бітіргеніңе қуаныштымын. Мына бір ДТ-га ие таба алмай сасқалақтап... Сен де тракториссін, міне...

Байділда ағасының даңғырлап сейлескен сөздері Алпанның құлагына кіре бермедин. Тақтай вагонның есігіне жақындаған сайын жүрегі аласұрып, әлденеден шошынғандай қалтырап кетті.

«Қалқам ай, сен қалайсың мен дегенде...—деп қызынға басып отыр екен. Алпан Байділданың сыртына түсінгенди. Қене күпайке киіп, орамал тартқан кекіні, сиры қыздың аты Қалқа болатын, Байділданың шаштасы. Қыз әнін таза халық әуенімен шырқап болып, қолдастып амандасты да, жігіттің бүріскең шымыр құлагынан жұлқылап:

Тракторист болғаныца,— деді сықылықтап. Қыздар құлісіп сыртқа беттеді. Үлкен бір қылмыс істегендегі адамдай қысылған Алпанның мәндайынан тер шықты. Қыздар қолтықтасып, әндегіп барады.

«Ай, Алпан, бері қарай жүр. О, сорлы, соқыр түйегін үксеп ақырып тұрганын қарашы!— деді Қалқа дұмустап.

Вайділда көрсеткен сұр трактор жылан бауырымен тие табпидап тұр. Алпан ат саудалағандай айнала қарап, ор жерін шұқылап көріп, майлайтынын майлап, бүрілітінін бұрап, қайткенде тезірек жүргізуге қам қылды. Құн жамбас тұсқа барғанда мотордың үнін шығарды-ау, әйтеуір. Трактор жұлқынып қалып қалқақтап кете барды. Бір журді, бір тоқтады. Келер күні де іс оқыбыды. Тіркеуші бала Сайраштан басқа көмекшісі жоқ. Қайқы танау тобықтай кішкене Сайраш соқа үстіндегі орындыққа отырғанына мәз.

— Сайраш, қарның ашты ма?—деп сұрады Алпан, үйнір етігін суырып тастап.—Қосқа барып тамақтанып көле гой, мен титтей дем алайын.— Жігіт қызып тоқтаган трактордың бауырына кіре қисайды. Құн шуақ болғанымен, жер сыз екен. Балалар үйі өз үйіндей-ақ өді. Одни бері армия қатарында да абыройсыз болған шың. Тек тыңға келгелі ауыл тіршілігіне үйрене алмай қойды. Ауыл адамдары мұны жатсынбаса да, бұл ауылда жетпірқайтын сияқты.

Шырағым, біздікінде бол, басқа жарыған адам емесіні, сойт шырағым!— деді Вайділда ағай. Үлкен үйде бола дегенде жалғыз осы тентек қыз Қалқа ғана. Шоңдырган аттай жуас, ері ұсқынсыз жігітті өлі келгеніне мазақтап бақты. Шымшып алғанына, түйіп қалғанына Алпан селт етпеген соқ, қыз ешігіп қитарлана түседі: «Алпан, алқам-салқам»— деп сықылықтай-ля. Шешесі Қатшаның тыйым салғанын да тыңдамаймы. Алпан осы үйден кетіп қалғысы да келді. Кетпеді. Қылқаның соткарлығына қондігіп, кейде езу тартады. Алғаннан күлу бір қиямет. Жастай зарығып, бүрісіп қылған ерін—қалың еріндері күлкігे де, сөзге де икем-

сіз. Үқыпсыз қашалған тас мұсіндей әман қымылсың тұратын бет пішіні меніреу адамға көбірек үқасад Құрбысымен қолтықтасып, сықылықтап бара жатқаи Қалқа елестеді. Содырлы, тышсыз құлкі...

— Ей, үйіқтауға келіп пе ең, о, жетесіз қаңғыма!

Арқасын темір қарып алғандай болған Алпан орнынан тұрганиша шолақ қамшы тағы бір рет жосылтығ өтті. Мұрты едірейген қызыл Жұмалыдан тасаланы берді. Сөйткенше болған жоқ, жолда тұрган Сайраш баланы қамшымен тартып өтті. Қалқан құлақ ары баланың құлын даусы шықты. Көнетоз кейлегінің арқасын қамшы тіліп түсті. Қанына қарайып алған Жұмалы тағы ұмтылып еди. Алпан жааралы аюдай долда нып барып, тарпа бассалды. Рабайсыз үлкен қолдарь алқымын езіп, қиратып бара жатқан Жұмалының көзі шарасынан шығып қырылдай бастады.

— Агатай, босат, өледі,— деп бақырды Сайраш Алпан Жұмалының жыртынды үстіне итере салып, мостояга от алғызды да, түк болмагандай кете барды Кетіп барға житын:

— Валида несі бар-ей!— деді алая қарап. Көрштананта жүрген Қалқаның көзі бұларда болатын Тракторымен жолдарын кесіп алды.

— Ей, кісіні үруга қандай хақың бар? Сотқа бер керек қалып!— деді айқайлад.

— Қалқа, түсінші, ол бізді оқсатып үрді. Өзін үшін емес, Сайрашты үрганы үшін гой. Қарашы, баланы корші, — деді Алпан көздері жасаурап, Сайрашты тілінген арқасынан қанды сарысу ағып тұрган.

— Мұның не жазығы бар, жас бала. Жас баланы үруга бола ма?— деді Алпан. Сайраш еңіреп қоя берді

— Не үшін үрді?— деді Қалқа.

— Алпан не дерін білмей сасқалақтап:

— Мотор қызып кеткен соң, сұысын деп...

— Үйіктап қалдың ба?

— Ие, көзім ілініп кетіпті...

Қыз бүйірін таянып алып құлсін-ай келіп.— Ой тракторист болғаныңа, нормаңың орындалмай жатқаи анау, бұл болса талтүсте көзі ілініп кетіпті.— Қадқа әбден құліп болып көз жасын сұртті де, бүйірін басылып тұрып:

— Саган тракторист болғаннан да ауылдың ешкі сін баққаның артық шыгар. Қөгалға жайып сале е-еп қисайып жатасың, үйқың қанады.

Қыз байтақ қара жыртындыны көктей өтіп кет

Онра. Вұрылым та қарамады. Жігіттің мол денесі бір қалыпта, бір сұйынды. Қолдары қалтырап, тарғыл беті шабарлар кетті. Жайшылықта еріншек аяқтарын қорғандың басын трактор кабинасына кірді.

Сайраш,— деді айғайлап, сен ауылға қайта ғой,  
моп олым жалғыз жыртам.

Қаллай?

Соқаның автоматына сым байладап тартып отырым, бири ғой.

Жұмалы өлтірмей ме?

Олтірмейді.

Алпаның тракторы жөнеле берді. Әлгінде гана қадам іш түсіп, ойраны шыққан жыртынды үстінде Сайраш тұр. Алпан қолымен қос тұтқаны қапсыра тарған келеді. Қектемнің еріншек күні әбден жоғарылап олшитти. Сигым арасынан тракторлар көрінеді. Олар шашкеп су қоңызындағы қыбырлап, қалқып жүріп жүр. Гүшиң арылмаган жер бусанып жатыр. Ақ тұмсық қарға қарғилар гана жалықпай өріп келеді. Олар төңкеріліп түскен жыртындыны адымдалап көріп, қайтадан лап қарғылама. Қейде трактордың алдына шығып алып қашттарын сүйрөтпіп жүргендегі. Алпан үйқы жаудың қыромынан таңқ жеді, ол де есесін жібермегі. Сонымен өйткен жұмыс еді. Сотқар қыздың қалжыцы шымбайында батып кеткені. Не дегенін есіне түсіре алмады. Жирина қирип күлгенді көз алдында. Жоқ, бұл қорлық. Қылмай жатып жаман атақ... Жо-жоқ, мен көрсетем өзіні биққанды...

Трактор кабинасында бұктеле отырып айдай берді. Шір унқытты алаулап күн батты. Іңір қараңғылығында лоянишқа өр шетінен жылтырап жарықтар көрінді. Қаридың шашылған обден түсіп тракторшылар кезек ауыстырып болған соң, жанар май құйып алып түні бойы шүрді. Риүиндегі таң атты, шуақты сәске болды. Алпан ол қолы мен екі көзіне ие. Түс ауа қара даланың өйтінде ағарындаап кішкене нүкте көрінді. Алпаның шашылған көлкеге дейін айыра алмады. Ақ нүктө торту, бессу болып шашылған тарыдай құжынап шогоді. Қейде тұтас бір денедей бірігіп, зорайып алады. Қалыптанған күнде де көз жанары алдата берді. Көз түбі шашылған, құлактары шыңылдады. Қолдары қарысып көшінди. Үйқы мен аштық қажытып тастады. Байділди ағасы да, басқалар да кезек ауыстырып дем ал деп оғаннан жиляпшы.

— Бір тәулікте бес норма орындағы, тоқтат енді — дегендеге ерегісіп кетті.

— Бесжылдықты бір-ақ орындасын, нелерің бау онда! — деген дауысқа қарап күліп тұрған Қалқань көрді. Алпан бұл арадан тез кетуге асықты. Құнғы қыздырынған сыйды даланы өрлең ұзай берді. Түс ауды. Тракторды тоқтатпагалы екінші тәулік. Күштің қайнар көзіндегі зор денесі өбден қалжырап болды. Кішкенең қысық көздері еркінен тыс жұмыла берді. Адам басының мұншалық ауырлығын кім білген, сылы етіп түсіп кетеді. Көздерін үқалап жіберіп алға қарайды. Әлгі ақ нүкте жақындаған қалды. Қолында түйіншегі бар Сайрашты таныды. Сайраш жалаң аяқ, жалаң бас қалыпта, кешегі қамшы тілген боз көйлегімен жүгіріп келеді екен. Бала тракторға қарғып мініп, Ал панының мойнынан құшақтай алды. Әбден ентіккен.

— Агатай, мен саган тамақ оқелдім,— деді түйіншекті алдына қойып.— Жеші!

Алпан қызыарып, қанталап кеткен кішкене көздері мен баланың кескініне асықпай қарап алды да:

— Өзің бе оқелген, өлде біреу айтты ма? — деп қадала сұрады.

— Өзім, сонаң соң... — Бала күмілжи берді.— Айт па деп еді.

— Айтпасаң жемеймін!

— Қалқа апар деген,— деді бала жемей қоядь екен деп сасқалақтап.

— Соңан соң не деді?

— Қалжыңғанды түсінбейді екен,— деді.

Алпанның тыртық еріндеріне күлкі нышаны білінді. Ашулы кескіні жұмсарып, арық баланы өзіне қарай тартып, маңдайынан иіскеді де, түйіншекке қолдауын апара берді.

Көктем кепі көпкө дейін қараңғыланбай тұрды. Даланың дымқыл ауасы кеудесін желліп іңір желі есті. Көк иісі мен жер иісін шалқыта үрлең жеткізіп тұр. Көк жиегі тарылып келе жатқан бейуаққа тесіле қарайды Алпан. Сонау Тұрсынбай жақтан алакеугімдег қызығылт көкшіл түске бөленіп мұнартқан даладан жана трактордың жарығы көрінеді. Жаңа болған соң Қалқа гой. Жадыраңқы көңілмен ынталана ұмтылады сол жаққа. Қараңғыланған даланың алыс шетінен көрінген жарыққа жүргегі жылынғандай. Моторын сөндіріп, құрысқан денесін жазып алды да, далага тағы да ұзақ телміре қарады. Көктемнің қоңыр желі шалқы

үрлеп жанын жай таптыргандай еді. Қосқа қарай ның  
қидам басты.

«Калқам-ау, сен қалайсың мен дегенде»,— деп  
ақырын әндөтіп келеді.

## ҚАРЛЫ ЖОЛДА

Бізді әкеле жатқан жігіттің кескінін айнадан көріп отырмын. Сақал-мұртын тақырлап қырғанымен, орны мектүккүлданып тұр. Еріндері шиедей қып-қызылы. Мұндай үлбірек еріндер алпамсадай жігіттен ғері қызыра липшық. Көздері сөл күлімдей түсіп машина астына жоңқіп кіріп жатқан сүр жолға қарайды. Кейде сиырдың тіліндегі кішкене айнадан бізге де көз тастайды. Қилайда, жел жетпес жүйрікті үршықша үйіріп-ақ келеді.

— Поезд қай сағатта жүруші еді?— деп сурасам, тіл қатпайды. Жанымдағы қарасақал кісі тіземнен қақты.

— Бұл жігіт көп сейлей бермейді, құлагы кем,— деді қалталарын қарманып. Таңданғанымды жасыра алмадым. Шал тақала отырды. Темекісін оқтаудай спусктерінде қыстырып алып мекіреніп қойды. Ыс шалған жалбыр мұртының арасынан көкжілім тутінді будықтата түсті.— Бұл өзі көп үндей бермейді,— деді тағы да.— Тua осылай болған жоқ. Мен бригадир болып тұрғанда, ие сол жылы...

...Кәгынған қарлы қыс болатын. Ақ даланың бетінде боран соғып тұрды. Бірде алақаншықтанып, тәулік бойы құтырына жәнеледі. Серәлі тракторын баптап қора жанына қойғалы қашан. Күннің қас-қабағына қирап отыра беру әбден жалықтырды. «Осы лайсаңды жіберіп тұрған қай құдай екен!»— деп ызаланды жас жігіт. Жап-жаңа трактор босқа тұр. Кабинасының ішіне жасанды гүлдерді қыстырып, шашақтатып алған. Үндегенге — сұраған, бір күні боран сөл ашыла беріп еді. Бригадир көрші белімшеге жүк апарып тастауға қости. Жер беті бала қаздың мамығындау үлпілдеп жатыр. Үн қатпай қасарысып қалған тәкаппар далада тіршілік белгісі жоқ. Бұлдырысyz аппақ әрі шексіз кең аспан дағдысынан әлдеқайда еңкейе төніп, төмендеп кеткен дерсіз. Ескі сүрлеудің жобасымен төтелей салып келеді Серәлі. Сүрлеу бірде көрініп, бірде байқалмайды. «— Мынау Шошқалы көл гой, айналайын-ай, әбден

қардың астында қалыпсың-ау! — деді жігіт жапырыла жығылған нар қамыстарға қарап. Серөліге осынау көл соншалық ыстық болатын. Бала кездері есінде қалыпты. Мәлдір сұнына шомылып, ақ сүйрік қоғасын сұрып, тақырына аунайтын кездері-ай десейші! Осы көлдің басында ойнап жүрген жерінен әкесі арқалаң үйіне оқелгені бар. Сол жолы соғысқа аттанып кеткен-нен орылмады гой. Сонау дөңесте тұрып шешесі екеудиң гарын салғаны бүгінгідей көз алдында.

Жасаураган көздерімен аптақ далага қарады. Қызының еткен жан жоқ. Бертінде бұл даладан ауыл көшіп кетіп, үйлердің орны ғана қалған. Алыс кекке шырқап шығып аш бүркіт қалықтайды. Даланы сұық мұнар мен өлі үнсіздік жайлаган. Ауа дымқыл әрі ызыгарлы. Сона бір ойпанда шіліктің арасында боз кесірткедей ирелендеп тұлкі жүр. Тұлкі сиқыр қимылмен бұраңдан алды да, ілеңде жоқ болып кетті. Бүркіт әлгі тұлкі көрінген тұста айналып ұшты. Атасы екеудің тұсқа қақшы құрып тұлкі алғаны бар-ды. Бұлар келгенде құйрығының аптақ ұшын қозғап бақылап жатты да, секіріп тұсті. Бірақ қақпанинан құтыла алмады. Мұрнынан қан саулаган тұлкіні қарға соғып:

— Соғыстагы ерлерге жылды киім болады,— деген атасы. Мұндайда насыбайын қыстыра салып шырт тұқіреді де. Әмірі тұлкі кәрмегендей аунатып, анықтап қарайды. Жұні жетілген арлан тұлкіні асықпай сойып қарға соққан соң, немесесінің қанжығасына байлайды. Қария мықты адам болатын. Бірақ ауыр жан күйзелісіне шыдай алмады. Баласының қазасын тосып естірткенде жүрегі жарылып, үзіліп кетті.

Серөлінің ауыз әлпеті қисайып, көздеріне жас толды. Балуан қолдарымен қос тұтқаны тас қылып ұстапты. Бір дөңестен екінші дөңеске асып түсіп трактор келеді. Сұрлеу, соқпақсыз қарлы жазық кек жиекке астасып алған. Жігіт кабинадан басын шығарып қарайды. Шетсіз кеңдіктен бағыт-бағдар іздейді. Қыста боран үйтқыган, жазда аңызғақ жел соғып, жан біткеннің аңқасын кептірген панаңыз далада салынып жатқан жаңа бөлімшеге жүгін түсірді де, трактор маңдайын кері бүрді. Осы арада шеткі үйден тымақты адам жүгіріп шығып қол бұлғаганы...

— Қарағым, ауылга барсаң мына баланы ала кетші, ертең оқуы бар. Сөйтші, айналайын! — деп жалпақтап тұр. Серәлі сақалдының кескініне қарап құлдаған де:

Агай-ау, трактор ауырламайды гой,— деді.

Біраңдан соң даланы қараңғылық жапты. Жел өттеган айсыз түн. Трактор жарығы қараңғылықты тиши ілгерілей түседі. Сыргымалар жолды сипалап төттегенімен, іздің сұлбасы әзірге анық көрінеді. Бала қалғыған соң Серәлі жатқызып қойды. «Апалап» үйкесін сағынған гой! — деп Серәлі іштей аяп кетті. Өттегінен қара қағаз келгенде Серәлі де осы балақайдай гана еді. Қайғы дегеннің не екенін жыга түсіне шимайтын кезі. Атасы қайтып, бір үйде шешесі екеуі қолдандаған жалғыздықты сезіне бастаған. Бірақ пиллы бала жетімдік көрмейді екен. Шын жетімдік кейін жетті. Суық өтіп, ауыр сырқаттан шешесі қалтты.

Боран бейуақта көтеріліп барады. Қара барқыт испанды ақ пердемен бүркеп, жынды жел соқты. Жол жоқ, бағдар ғана бар. Не көп — көл көп. Ми қопалы, жылымды көлдерге кіріп кетсе отырады да қалады. Шығу оңай емес.

Дала мәңкіп тулап жатыр. Жарықты өшіріп тастағысы келгендей боран содырлы қанатын алас ұрады. Трактор қалың қарды бауырымен есіп келеді. Көп жүрді, елге әлдекашан жететіндегі еді. Түн ортасы пұыпты. Тракторды тоқтатып есікті ашып еді, тұтқаны жұлып әкетті. Қабинаға боран лап қойды. Бала селк етіп көзін ашты.

— Аға, біз қайдамыз?

— Даладамыз, үндеме, көп ұзамай үйде боламыз.

Солай дегенімен, үйге жетуден күдер үзе бастанғандай. Тракторды ықтата тоқтатып шалқаймаға басын сүйеді. Сүйеп отырып қалғып кетті. Ашулы арыстондай дауыл гүрілінен селк етіп оянды. Мотор сөнген, тракторды қар басып барады. Шырпы тартып испантарды қарады. Қар арасынан сипалап кішкене моторға от алғызды. Үлкен мотор үн қатпайды. Солярни бітілті. Қараңғы кабинада сілейіп отыр. Түн болса үшік, киім жұқа. Қырсыққанда мына баланың кездескенін қарашы, үсітіп алмаса жарап еді, эттеген-ай!

Мотордың суын жіберу керек. Судың тығынын табу үзілі емес. Қалың қарды жалаңаш қолымен тырналап жүріп трактор астына кірді. Тығын қатты бұралған ба, жоқ болмаса домбыққан қолдарынан әл кетті ме, көпке дейіп босамады. Бір кезде су жеңінен құйылып кетті. Тығынды қалтасына тастай салып, атқып шықты.

Үсіне бастаган саусақтарын уқалап, үрлеп отырды  
Бала анық қалтырай бастады.

— Шыда, балақай, таң атады, боран басылады, бі  
үйге барамыз,— дейді. Ұзақ үнсіздік. Қырышық қағ  
темір қабырганы сабалайды. Ұйқы жеңіп барады  
Осылай отырып мұлдем ұйыктап кетуге мүмкін гой  
Көзін жұмса анасы елестейді. Екеуі дең үстінде тұрады  
Немесо оқесі мойнына мінгізіп иен далаға әкетеді  
Суреттер тез озгереді. Енді бір кезде анасының нәркесі<sup>коадерінен</sup> жас тамып бара жатады. Серәлі отырғышты  
аударып қалайлау шамын алды да, көрікшегін басы  
шырны жақты. Кабина ішіне жарық пен жылдылы  
келді. Баланың қолдарын отқа қарсалайды. Ояу ұста  
мүмкін болмаған соң, жатқызып тонын жапты. Тағы да  
оіллар...

Серәлінің қарт адамдар бауырына салып еді. Ауыз  
шотіндегі аласа жер үйде өмір өткізген Әлтай қар-  
пен Қапия ожей таудай пана болды. Қолында барла-  
рын баланың үстіне жақсырды. Адал дәмдерін аузын  
тосты. Титтей жатсынган жоқ мұны. Онжылдық бітір-  
тіп, ілгерілең оқытпақ еді, бала езі бас тартты. Атасы  
мен ажесін тастанап кетуге қимады. Механизаторлық  
курсте оқыды. Анар есімді қызбен танысты. Газбе-  
верлеушінің қызы. Киноға, концертке барып жүріп се-  
байласты ақыры...

Түн созыла түсті, талдырып барып таң да атты  
жел тынған. Шекіз ксендіктікте қыбыр еткен жан жо-  
көн тоқтатар ноқат жоқ. Серәлінің тісі-тісіне тиер еме-  
Томы болса тоқбас еді. Тон жамылған баланың аз-  
ғы да үсіне бастапты. Не істеу керек? Тапқан ақыл  
мұз болып қатқан кигіз етігін шешіп шұлгауларын  
бензиннің соңғы тамшыларын тамызды. Шүберекті  
қоңырсыған тұтіні толы кабина ішінде екеуі отыр-  
Аяқ-қолдарын әлжуаз отқа қарсалайды. Аздал жы-  
лынғандай еді. Шұлгаулардың күліғана қалды. Каби-  
на іші ақ қырау, кек мұз. Қол тигізер емес.

Сұп-сұр болып талауratқан көк жиектен күн шыны.  
Дала бетінде қызғылт сәуле шашыратып күн көз-  
сығырая қарайды. Терістіктен үскірік апatty жел се-  
ғып тұр. Серәлі баланы қолынан тартып түсірді де-  
жетектеп жүгіре жөнелді. Құлаң қалып еді:

— Тұр былай, әйтпесе таяқ жейсің,— деді жекін.  
Екеуі үнсіз жүгіре берді. Қар көміп кеткен трактор ай-  
наласы жол болып қалды. Бір кезде кабинаға кірі-  
отырысты. Серәлі пимасын шешіп еді башпайларының

шын ашып болып суланып түр екен. Қолдары домбырынан. Жылусыз күн тұсау бойы кетеріле көк жиек-тот әкім шоқат көрінді. Тракторлар қалың қарды есіп үмтүлші келсі.

Серолі ауруханада көзін ашты. «Усінген жоқсың бол, билдікай?» — деп ауысып сөйлеп жатты. Ұзақ емдеуді, спусақтары мен бақайлары жидіп түсті. Құлақтарын шала естиді.

«Жигули» тас жолмен көсілтіп тартып келеді. Қар тоқтатқан байтақ ғістік. Жолдың ернеуіне төне есken қалып арнайтар ырдау жамылған. Дала байыргы үңсіз қалып, Серолі да үнсіздіктен жалығар емес. Қараса-майдар шілдем борі бүрмелді.

— Нұл оған ойдік сөбеккөр жігіт, қолынан келмей-туі ға жоқ. Машина біткенді үршықша үйреді. Абырай-ғын да емес. Облыстық Советтің депутаты, екі бірдей ордені бар.

— Қызың қайтты, Анарды айтам?

— Анаржан ерледі ғой. Қандай жайсыздыққа кез-деге де Сероліден безбеді. Қазір балалы-шагалы.

Қарасақал көршім риза болып отырды.

Қарлы жол артта қалып барады.

## ШҰНАҚ ҚАРА

Вақтыбай қамшысының сабын иегіне тіреп қалып кетті. Қар тепкен аттың үстінде шайқала түсіп, үңгышыл түк басқан үртyn бүлкілдетіп кәдімгідей үйніп түр. Қажыған сөтте болмашы көз іліктірудің өзі үлкен тыныс. Мұндайда әжептәуір түс көріп те қалағы. Үүрбелең таң алдында басталды. Жылқылар қалың құртікті сапырып, шұрқырап жүр. Кексе биелер мон азулы айғырлар тай-құлышында ортаға алып тарзылады, осқырынады. Қара сырт арлан еркелей ойнап шибдір айғырды пыр айналады. Алысырақта екеу-шешігүй шемейіп отыр. Жылқышыны көріп айғыр арқында қоя берді. Жануар соншалық қысылған екен.

Вақтыбай өзінің көршісі белгілі көк жалды танып, құрмықты көтере үмтүлді. Үріккен малға журек беріп қийта-қайта дауыстайды. Жылқы енді сабасына түсіп, құртікті көртіп опырып, түкті тұмсықтарын қар араңына тығып жіберіп бурыл бетегені сұрырып тартып жатыр. Көп жылқы тоңтала қар тепкенде тебін үстінен үңгышыл бу көтеріліп, сұрапыл аязды сезбейді де. Қыс

күні жылқы ортасында шалқаңдан жатып мұз түстес және мұздай сүйк сұр аспанға қарап ойга кетудің өзі бір рахат. Мұндайда қиялдың бармайтын жері жоқ. Сейтіп жатып көзің ілігіп кетеді де, ояна келсөң қыруар әлденіп қаласың. Ал түннің жағдайы бір басқа. Жылқыны жылқышы бақса, жылқышыны қасқыр бағады. Ұзаң та кетпейді, жақында майды да, қараңғыда жарты бидайды танитын көрегендігімен қалт жібермейді. Олең жерінді аңдып, тай-тулақтарды олжалап кету бар мақсаты. Құлқын солай істептін.

Бақтыбай өзінің қара сырт көршісімен көптен таңыс. Жазда қалың қопада күшіктеп, бөлтіріктері бауыр котерген соң қыс бойы мұны аңди. Тәуліктің өр мезгілінде соқтығады да, жолы болмаса уақытша жогала тұрады. Бірақ Бақтыбайды назардан тыс қалдырмайды, үрлігі ашылып, шу шыгарған соң бірнеше күн бой көрсетпейді.

Бақтыбай тымагының маңдаійын көтеріп, жогары орлекен күнге қаралды. Қарлы даланың шетінен ажыраған кете алмай сол бөгеліп қалған күннің қып-қызыл соулесі төгіліп, қайының қыраулы бұтақтары жылтырайды. Үнсіз кеңістікте шапшып ойнаған қызыл нұрга тогытылып жылқылар қар теуіп жатыр. Әлдеқайда, алысты орман ақбурылданып көрінеді. Жылқышының кішкене қара қосы қарауытады.

Бақтыбай атын аласа қайыңға байлап қосқа кірді де, қоламтанды кесеп жіберіп қу шырпы тастады. Қара бақыр мен мыс шайиек босага жақта, сенсең ішік төрде жатыр. Бақтыбайдың барлық мұлкі осы. Құманға қар салып мосыға ілді де, қыптылықтан жанған отқа келді. Сонан соң белгілі аласапыран...

Еңбек жолын байдың отын жағып, күлін шыгарудан бастаған жетім бала комсомолға өтіп, байларды тап ретінде жоюға қатысып, колхозды құрып өркенде туге ат салысты. Басқарма да, ауылнай да болып көрді. Жылқышылық ең сүйікті кәсібі еді. Жалынып жүріп құтты құрықты қолына іліктірді де, өлмей айрылмауға бекінді. Отан соғысы басталғанда өз табынан жиырма бес сәйгүлікті алып әскери комиссариатқа келді. Сонан соң белгілі аласапыран...

Қостың құрымынан тамшы үзіліп түсті. Сыртта арқасынан аяз өткен қара бесті тықырышиды.

Ие, аласапыран өмір басталып кетті. Эскадронда өзі баққан шу асауларды үйретіп, жаттықтырды. Үш-тәрт ай шапқылап, жаз шыға ұрысқа кірді. Жаяу әскерге

Тұғындардан тап беріп турап тастап жүрді. Бірде осындағы қот қабатта оқса ұшып атымен домалап кетті де, соның тұтқындарының лагерінде есін жиды. Сонан соң...

Шиқтыбай шәйін доғарып шашаң сыртқа шықты. Құн көзі тұтіндей бықсыған боз бұлттарды сүзіп өтіп жолғап барады. Екі жерден құлақтанып, шаштып тұр. Озектің аргы бетінен аязды жел соқты. Қайыңың мұздигиң бұтақтарынан ақ қырау саулап тұр. Құлағесті үстіндегі ерімен сілкініп оқыранды. Жылқылар тұмсықтарын кекілдеріне дейін қар астына тығып жіберіп дорбадан сұлы жегендей бетегені күрт-күрт шайналды. Қажалған ауыр тұяқтарымен қарды көртіп, оның дамыл көрмейді. Сарқарын биelerдің аршыларына жабағылары қабаттаса бас сұгады. Бақтыбай иқ қрласқан қара сақалын ілгері тәсет жіберіп күлімден тұр.

- Айналайындар-ай, үскірікте желге қарсы қар табетін қайраттарың-ай!— деп жасынан жаңына жақын осы бір көрінске сүйсіне қарайды. Ұлкен құлағыры бие бауырына жармасқан жабағысын қазымырланған тістелоп сүйір басын көтеріп алды. Қап-қара кездерін тәңкеріп таңдана мойын созды. Бақтыбай асынан солай қарай жүрді. Тебін ортасында саяқтар топтышып, әлденеге таңдана қарасып тұр.

Атып тұрып қызықтаған тобырга тап берді. Анашыр қашып барып қайтадан қоршады. Қоңыр байтал қар арасына тұмсығын созады да, қоршагандарға ызыншып иібат шегеді. Бақтыбайдың маңдайынан тер бұрқ ото түсті. Жап-жаңа гана ақ шелінен жыртылған қара құчыны пысқырынып тұруға әрекеттенулі еді. Үйстық денесінен буы бұрқырап, тәлтіректеп, суріне-қабына енді үш рет қадам басты. Саяқтар осқырынып үркіп кетті. Жылқышы қалшиып тұр. Ақырган ақпанда құшындағаны несі, енді қайтпек? Жиырма жыл жылқы болып кездеспеген жай. Көп ойлануға уақыт жоқ, шекшениң шешіп алып құлынды орады да, арқалай жөнелді. Арқалап келеді. Ауыр күйіммен әбден алқынды. Ноудесі үдай ашып, демі таусылып барады. Құлын шынырлап қолын қарыстырды. Моп-момақан болып әркелендең жылжыған сырғыма боран жанданып жүйткі бастанды. Желдің екпіні бетті қарып, танауды тұмшаласа да, Бақтыбай еңкелендең келеді. Кішкене қара қос алыстал ұзай түскендей. Бір кезде табалдырыққа жоли етті де, көз алдына қызғылт күлгін от шашырап

жер тәңкөріліп бара жатқандай босағадан үстенди. Құлын шекпенге шырматылып тыптырлап жатыр. Бақтыбай көзіне тамған аңы терді сүртіп, жаңып бітіп қалған оттың күлін сыптырып, ыстық қозға құлынның мұздаган сап-сары жұмсақ тұяқтарын басты. Алғаш ештең сезбөген маубас ыстық өткен соң дірілдеген кеудесін көтеріп, аяқтарын тартып ала берді. Мұз шарапнасы жидіп түсіп мамық қара түгі құргай бастады. Қап-қара көздерімен жылқышыға қарайды.

— Ештең етпейді, жетіліп кетесің! — деп Бақав жалбыр мұртының арасынан мықты сары тістерін көрсетті. От жағып үстін өбден кептірді де, құлынды босағана байланап, қостан шықты. Боран жаяулап соғып тұр. Үйлығысып топтана қар теуіп жатқан жылқыдан сары азбанды үстап мініп, малды өзек барқынның қарай қақпалады. Қызыл байтал жылқыны айналып арқырап жүр. Құлындаған жерінс қайта барып, қарды тарпып шыр айналады. Салтақтанған құйрығын шомей тіл кіесінейді коліп. Бақтыбай байталды жылқы арасына қарай қақпалап құрықты тастап жіберді. Ашулы жакуар тұқыра мәңкіп шұрқырап еді. Жылқышының құрық бауы алқымын қысқан соң амалсыз еріп кет барды. Қекілін сілкіп тартынады да, қайта жылжида Бақтыбай адамға айтқандай:

— Жүрсейші, тентек болма, қоста құлынның бағадап сорғызу керек оны, ей малмысың, деген, — де шырт түкіріп құрықты тақымға қыса түсті.

Оскырып, ойқастаған байтал құлынның нәп-нәзі даусына құлақтарын қайшылап тұра қалды. Құлы енесінің қолтықтарын тұртқілеп жүріп шабына барда, емшектерді аузына түсіре алмай көп әуреленді.

— Ұмтыл, кішкене ілгерірек, е солай, ой шайтанаңың баласы,— деп анадайдан дегбірі кетіп Бақтыба тұр.

Құлынды пысысын деп қосқа қойып, төрт күбойы үстады. Төрт күн қызыл байталды бұғалықта әкеп жүрді. Байтал асаулығын қоймады. Қара құлы да қостың іргесін шайқап алас ұрды. Бесінші күні тиңертеңгілік екеуін де босатып қоя берді. Қызыл байта тебінге қарай шаба жөнелді де, соңынан ілесе алмақалған құлынға қайта қайырылып келіп, оқыраны шыр айналды. Құлын тілерсектері майысып қар жералардың үстімен сүріне-қабына кетіп барады.

Екі жерден құлақтанған аязды күн. Тебін үстіне ашаңыт көтеріліп, ені қашқан сұық аспан еңкейіп, ал-

пиршін кеткендей. Жылы қостан шықсан құлышының оны құлагын үсік тез шалып, содан құлдырайып цилгани...

\* \* \*

Шұнақ қара дөнен шықсан жылы қыс кеш түсіп, Нектыбайлар жылқыны Теріжайған жаққа салды да, шұлғап көп қатынай қоймады. Сары дала, самалды анықта малды өрлөтө жайып, алыс көкжиектерге көз тұндымра үсақ қаралуды Бақтыбай рахат санайтын.

— Дала-дала, о жарықтық-ай,— деді Бақтыбай күмбірдің мөбіборіп. Тебін үстінде жылқының буы ірніліп тұр. Шымлиғының місі аққиды даладан. Қабылдалап алғанда не бары жетпіс бес-ақ түяқ еді. Бес жылда екі жүзге жетті. Алғашқы жылдың төлдері— сары қарын биғе, қарабілек ат болды. Сонау қан жирен бие — ауыны үрлоп, аяғын сыйырган құлышы. Бұл күнде бір өзінши үш-төрт жылқы есті. Шұнақ қара жап-жалпақ ат, мінші. Сонау шетте дара жатқан баран мал сол ғой. Ой, иппиар-ай, жылқыға қосылмай жеке жусауың тегін имес-дау!

— Уа, Қанатбай, бұғалықты әкелші бері!

Жігіт қостан жүгіріп шықты.

— О не, аға?

— Арқанды әкел! — Бақтыбай атына қарғып міндей. Жүр кеттік.

Жүлдішталар тепектей жортып табынды бір жерге жинпады. Бақтыбай еңкендең барып құлақсыз басын қақшытып тұрған шұнақ қарага бұғалықты сілтеп қалді. Нұгалық қапылыста жуан мойыннан ілігіп күш бермелі тарта жөнелгенде, сүр дөнежінді кеудемен соғып үшшырып түсірді. Осы екі арада Бақтыбай да түшіншамы жілішке мойынга түсіріп ала қойды. Шұнақ кири қылғынып барады. Қарлы дала, қалың жылқы шынып ийнайды. Арқанды кере ұстаған жылқышы да басымен төмен қарап тұрғандай. Есін жинағанда нокта түсіп үлгерген еді. Шалқалай үркіп аспанға тік иппишиңса да, темірдей қолдар босатар емес.

— Құр, жануар, ата-анаңдың жоралғысы, жұлдызғынан пайда жок,— деп Бақтыбай құлдырайған құлагының түбінен сипалап қолын мойынга, жалға қарай сусытты.

— Бақа, маган берші арынан басып берейін,— де ді Қанатбай белін буып.

— Жығылып қалмайсың ба?

— О не дегеніңіз!

Қанатбай киіктің асығында ықшам денесімен асаудың шоқтығына шап ете түсті. Шұнақ қара әуелі үстіне адам мінгеніне сенгісі келмей алая қарап «соның жарайды» деп кекеткендей шұлғи берді. Аяқтарың жіліншікten қарға сұғып жіберіп төрт тағандап тұр.

— Байқа, Қанат, бұл бір пәлені бастайды,— десекертті Бақаң.

— Ештеңе етпес.

Шұнақ қара болдырган мәстектей жылжымайды. Болдырган жылқының көздерінен сорасы ағып, мөлшәр қалатын еді. Мынанікі шатынап шығып, құлақтағының тұқылын ойната қозғап, басын тұқырып алды. Қанат өкпеге тепкілеп қамшыласа да қозғалар емес. Ұрган сайын жұп-жуан мойнын доғаша иіп, ырсып етіп қос танауынан құшақ-құшақ бу атқылайды. Аяқтарын қардан суырып ала алмағандай шөмейінкірең тенселіп тұр. Қниат жап-жалпак, жұп-жұмсақ шоқтығының отырып алыш тақымдарын қыса бұзаутіс қамши мен осын-осын жіберді. Шұнақ қара тік шапшып алдыңғы аяқтарымен аспанды тарпып, шоқтығына жабысқан «пәледен» құтыла алмаған соң тұмсығын төстігіне тығып мәңкісін келіп. Мәңкіп жүр, шынығырып жүр. Қанатбай тар қолтықтан аяқтарын тіреп тістеніп алышты. Әбден құтырынған асау жерге аунақ. Қниатбайды астына ала жығылмақ еді. Жігіт бауырынан жосылта соқты да, тұрып үлгергенше қайтадан шоқтығына жабысып кетті. Шұнақ қара басын сілкіп бір жерде шыр айналып туладап жүр. Қүйрығынан тік шаншып құмалақтап алыш, арқан бойы қарғы түсті. Сол қалыпта құла дүзге шырқырап кете барды Алғаш сіреу қарды шенгелдей лақтырған шұнактың қарасын анық көрген Бақтыбайдың көздері бара-бар жасаурап, бұлдырап кетті. Енді ат та, адам да алыста берді де аппақ дөңгеленіп маңайдың өзі ғана қалды. Бақтыбай кеудесін кере дем алыш:

— Бәрекелді, жігітсің, Қанат, үйреттің шұнақты Алғашқы айлалары іске аспаган соң жылқы баласының беті қайтып, жөнделе бастайды енді. Өйдайт деңсің, өзі де арпалысып бақты-ау, жануар!—деп насыбаң шалқая атып, ойраны шықкан қар бетіне шырт түкіріп тұрды.

Асау жын құғандай қарлы даланың ақ айдының батып көрінбей кетсе де, Бақаң сол қалыпта көздері талдыра ұзақ қарап тұрды. Жылқы шетінде тас мүсін

шөй қозгалмай қалған жылқышының жаңына тай-  
санкүп келіп таңырқасады. Қырау шалған қара са-  
нның жолбіреп, бұғалақты ұстаган қалпы қозгалар  
смек.

Ой, эттеген-ай, балалық қылда-ау, бітеу малды  
киниң беті қайтып қалатын еді.

Шір кезде алыстағы орман жақтан көп күттіріп  
сирлеме да көрінді.

Бәрекелді, шабысынан таймапты! — деді Бақаң  
таңдаңып.

Іңрлы қайың арасынан қар түстес салтатты шап-  
шиң тақап қалды.

— Бірден тоқтатпа, аяңдат! — деп шырылдады  
Ниқтыбай.

Қанатбай қос алдындағы жалғыз қайыңға тоқтап  
шығын түсті де, солықтаған асаудың тізгінін Бақаңа  
үстата берді. Балапанның мамығындей жұмсақ сары  
мұртсымағы мұздақтанып, кескіні барқыттай қыза-  
мынты. Парлаған жасы кірпіктеріне қатып, көзінің ақ  
шмелі қанталарап кеткен.

— Текеліге дейін шаптым, бой берер шұнақ жоқ,—  
деді жігіт ентігір.

Шұнақ қараны әбден бас білгенше шөп беріп, сұлы  
шілкетіп қолдан босатпады. Келер күні өмілдірік тар-  
шыны, құйысқан керіп ерттеді де, Қанатбай тағы біраз  
шашылап келді. Ерімен таң асырып ертеңінде тағы  
мінді. Құн сайын қолға үйреніп, қытығы басыла бер-  
ді. Арада жарты ай өткенде Бақтыбай оқтаудай жара-  
пап есік пен төрдей қара атты шерте аяңдатып жүрді.  
Ірбір жан иесі мәпелегенді біледі. Жылқы жарықтық,  
шілті өзгеше. Шұнақ қара Бақтыбайға тез елігіп кетті.  
Үркүді де, тентектікті де тастап, кәнігі аттардай жуа-  
мын қалды. Бауырынан жарап, адам таңданғандай мұ-  
шелері сомданып шықты. Астыңғы еріндері етектей  
албырап, дәң кеңсіріктен тәмен үңірейген қос танауы  
орінді. Аяқтарын талтайта түсіп алшақ омырауын кө-  
піп түр. Шұнақ қара дүр сілкінгенде орданың уығын-  
даш шенбер қабыргаларына қонақтаған шаңыт қар  
нұрға сте түсті. Маймақ тірсегі майысып, шегіншектеп  
шаш түрді. Жалпақ жаны мен сәл еңкіш тартқан дене  
ніңімі алысқа шабар дүлдүл жүйріктікті танытқандай.  
Ниқтыбай атты айналып көріп:

— Жануар, бағың жансын тек, — деп түкіріп тас-  
қады.

\* \* \*

Қыс тақап қалған кез. Жылқыны орманға қарағыстырып, қосты Текелі қойнауларының біріне тігінеді. Бұрынғы кең далада жаз бойы егін жайқалды да күзде ондаган тракторлар зябъ жыртып тастады. Қараса көз талатын селеулі кеңістік мақпалдай қап-қарас болып жатыр. Аузы бар малға Текелі, Теріжайған Соналышталды өзектері, орманды, сазды өнір жайылымға обден жеткілікті. Жапырақтары түсіп сидиган қайының мени терек, тал мен тобылғы қыстың тақап қалғанына екіне бас шайқасып тұргандай. Орманның аргы жағынан қатты жел соғып зөулім қайындардың тәбесін асып ылгалды сүр бұлттар жосыды.

Бақтыбай бақыр көтеріп ас қамына кіріскең Қанатбай майлда. Бүгін күн ерте кешкірген сияқты мақалай, алнапла бірден күңгірт тартып, орман шуы көбейе түсті. Жылқылар көкше бетегесі қалың үлкен қойнауда жатыр. Жаңа қоныска үйрене алмай, ағаштардың шуылына, желдің жоғарыдан қатты азнағаның на сескене құлақ түріседі. Айғырлар мен ірі биелер құлапқтарын қайшылап тың тыңдайды. Тебін үстіндегі кештің көкшіл құлғін сәулесі біртіндеп сөніп қараңғылышқа ауып барады. Жылқының бараны да, қыланы да біркелкіленіп қарауытып көрінеді. Пырылдай оттап шықырынганыша құлақ тосып Қанатбай ат үстіндегі түр. Інір асын ішкен соң Бақтыбай аз тыныстал:

— Қанат, маган шұнақ қараны ерттеші, күн рапортын бұзылар-ақ, сегіз кезімнің сырқырауы әлей, мұндайдымықты ат керек,— деді.

Жылқының інір жусауына соң орман үстінен құтты жел гүлей соқты. Қайының түсіш үлгермеген сары жапырақтары үйір-үйірімен саулай тәгіліп жатты. Жапырақта араласып қардың алғашқы ірі түйірлері қапалақтап, таңға қарай белгілі ақ боран соқты. Жылқылар үйліфыса оттап, өккі биелер құлышндары іздестіріш оқыранады. Жабагылардың жіңішке дауыстары жиі естіледі. Бақтыбай бірер айқайладап аттан тустан ті де, шұнақ қараны шылбырынан ұстал шоқ тобылғының түбіне ықтап отыра кетті. Қараңғыда қара ағаштегені күрт-күрт жұлыш толғай шайнац, кейде тың қалып тың тыңдал, сақтана шықырынады. Шоқ тобылғының лас перdedей жымдана тұтасып, бірігіп кеткен. Қара ат құлақсыз басын көтеріп осқырынып же-

тәрішінде Бақтыбай оянып кетті де, келте құйрығында иштерінде үйіріп ширығып тұрган қарамен шаба жеңілді.

Қылыш жылқы орманды бауырлай ақтарылып үшін біра жатқан. Көп тұқыттың дүрслінен жер солмылады, шошынған малдың берекесіз тасқынына тоғон бору үшін жылқышы алға қарай ұмтылды. Боран мөн қарандырылғанда шұнақ қараның басын еркін жіберді:

— Айналайын, сүріне көрме, әйтеуір! — деп Бақтыбай жалбарына тіл қатты. Шырқай салған жылқының ішінде алдында кер айғыр жал-құйрығын жайып жіберіп отынен барады екен. Бақтыбай құйрығын көтеріп «құрқұрлап» келеді. Есі шықсан табынның алдынан кесінгестеп көпке дейін тоқтата алмап еді. Қателігін түзеткен кер айғырдың өзі болды. Ол ішін тартып арқырап жіберді де, мойнын салып тұра қалды.

— Жетті ғой, бұларың не, ақымақ болмаңдар тұғс,— деп дауысталп Бақтыбай қарсы журді. Танаудынан көп жылқы иесін танып естерін жинай бастады. Никтыйай у-шусыз кейін қарай қақпалады. Мұндайда дпудыс көтеріп даурығудың қажеті жоқ, желігіп, ерлең кетеді жылқы.

— Апрай, шұнақ қара бөлмағанда айырылады екем. Есалаш шабысқа түскен соң жеткізбейтін еді олар,— деді Бақтыбай тәубесіне келіп. Қарандыда, өрі қар қалың жауып тұрган дүлей тұнде табынның бис-аяғын біріктіріп қосқа қарай айдалап келеді. Еті қызып үлгермеген қара дөнен қатты қызыымырланып, шұнақ басын ызалана шайқап шабыс тілейді.

— Тек, жануар, о не қылғаның? — деген иесінің дпудына құлақтарының тұқылын ерсілеу қыбырлатып жер тарпицы. Жылқылар жүре шалып келеді. Шомейіңкірей ақсандалап бір тай кейіндей берді. Бақтыбай тайдың тақымының еті кетіліп қалғанын ишидайдан ап-анық көрді. Қаны басына шашыны, тишины тарылып кетті. Қарасырт көршінің жұмысы...— Эй, өттеген-ай, қара басып қалғып кетпесем ғой,— деп күйзеліп өзін-өзі жазғырды. Қанатбай да үйікідан оянып атқа мінген еді. Екі жылқышы тайды қосқа әкеп жарасын жуды. Бір кесектей етін жұлдып иштеп. Тілерсектің аппақ сіздің шығып тұр.

- Байлайтын қайда?
- Бір суыртшақ жоқ, Бақа.
- Жоқ болса жогалсын!

Бақтыбай жүгіріп барып ауыстырып киүге ын гайлап қойған таза шыт кейлегімен таңып байла ды да:

— Жүрегім қатты мазалап тұр, жылқыға и бол,—деп от басына тізерлеп отыра кетті.

Кішкене қара қоста қызылықташ қайыңынц оты жанып жатыр. Сыртта зуылдаған мазасыз туң Жылқышының мал қайырган даусы естіледі. Же қостың қара кигізін жұлмалап, қиуы қашқан есі шаңырақты сыйырлатады. «Не болды саған, Бақтыбай, не істедің сен. Байлықты бағып тұрып кірпік қаға ма кісі. Ұяттан не қып өлмей тұрсың, мұндар!» — деп көйлегінің тамақ түймесін бырт-бырт үзді. Тайдың кісінегені естілсе миы шыңылдап, көз алдынан қызың күлгін үшқындар шашырайды.

Осы бір жүрек талмасы жау қолында болған жылдары жабысын еді. Көптен ұмытылып бара жатқа антүргірдің бас салуын қарашы. Бақаң дәрменің туңып от басынша шөгे кетті де, көз алдынан қай-қайдың өмір елестері, ауыр күндер суреттері қат-қаба етіп жатты. Ол екі дүние шекарасында бос сандалы магнасыз көлбендей жүргендей еді.

Ертеңінде жынын алдырған бақсыдай сүлөленге Бақаң құрық сүйретіп кете барды. Аспан ашылыпты Өлі тыныштық. Қар тепкен көп жылқының арасына қынварын күн шығып келеді. Сөулесі малдың үлпілде түгін жарқышратып тебін бетіне ақтарылып төгілін тұр. Қызғылт үшқын жылқылардың аяқ астында секіріп ойнап, аязды аспанга біртіндеп таралып жатыр. Күннің қызыл табақшасын қоңырша бұлтта белдеуlep алышты. Бақтыбай қапсағай денесімен аүстінде құныса отырып көл-көсір тебінді жағала келеді. Құла бесті қарға шашасынан батып тоқта қалды да, ұмтылып қурайдың басын қармады. Жылқылар түндегі қырғын үркү болмагандай бейбіт жағыса пысқырынады. Бақтыбай жирен тайды ойласа шекесі суырып көз алдына үшқын шашырайды. Қалай ойламасын. Жаңа қонысқа көшкен күні кездескесін көрмейсің бе? Сәтсіз күн, сәтсіз қоныс болмаса ның қылсын? Қалғып кетіпті. Түсінде қалың жылқың қасқыр шауып тоз-тоз етіп жіберген екен. Дымы құрып қалжырап оянды. Жүрек талмасының әлегі шығар. Солай, тек жамандығынан аулақ...

Бақаң дала ауасын мол қармал ерге түзеліп отырды. Күн аласа аспанды іргелей жылжып әп-сәтте ту

Өнеге жетін алды. Алысырақта қостың істік тәбесінен шағыншық соқынше түтіп көлбендең жогарылап жатты. Мұндаиди ыстық ішуге асыратын Бақаңың аухат-шоуға ықыласы болмады. Керегі — мол-мол ауа мен ғашынштық. Тыныштықты тек жылқы арасынан тауши, қостын аулақтай берді. өшкімнің көзіне түскісі де, ғана көзкісі де келмеді. Ұлы бесін кезінде ауыл жақтан мишишін топ келіп қостың басына шоғырланды.

Биңа, бас зоотехник жылқы алмақ — деді Қанитбай шытырып. Бақтыбай тай үшін іштей күйзеліп шоғынмен болды. Зоотехник — асқабақтай домаланған сөмі жігіт еді. Амандық-саулық сұрап, хал біліп оуриленбей-ақ:

Жылқыдан обраковка шығарамыз, қос басына ишріцдер,— деп шырылдал айғай салды.

Шырағым, Берік, қара басып бір тайды қасқыр ти ти рткызып алдым.

Мен білмеймін ештеңені. Жылқы ұстауға кірді! деді зоотехник тоқаштай жып-жылтыр беті түтінші.

Бақтыбайдың басы айналып, көзі қарауытып көтті.

Түсі бөлек сойылды адамдардан сескенген жылқы-шың кең далада шұрқыраса топырлап тістесе, тебісе ғимарлысып жүр. Құрық ұстаған, бұғалық сүйреткен идімдар зоотехниктің саусағы иұқсаған жылқыны мағын алып жатыр. Беріктің мыжырайған қойын кітапшысы жылқы біткенді жұтып, жалман жатқандай. Шиолердің іштісі де, өнімдісі де, аттардың белдісі де, жүйрігі де талғанбады.

Мұнша неге көп шығарасың? — деп сұрады Бақтыбай шыдай алмай.

— Тура жиырма бес жылқы,— деп шаңқ ете қалды зоотехник.

— Неге коп?

— Жұмысың болмасын, ана жылқыны қайыр!

— Неге жұмысым болмайды?! Қар жастанып, мұз тоссанп көп жылдан бері өсіріл келем, маңдай терім бұлар. Жақсы-жаманың менен артық ешкім де білмейді. Шығынга шығаратын малды ақылдасып шығару көрек. Сен болсаң, өңкей боздақтарды тізіп жатырсың!

- Аулақ жүр!

Бақтыбай сезі өтпесін білді.

— Мына шұнақ қараны да шығарамын, күйі онды скеп,— деп кітапшасына түртті Берік.

— Шығармайсың, союга бермеймін оны, ол өрек жүйрік жылқы!

— Тамақтан өтуге де жүйрік керек,— деді анауырқылдай күліп.

— Шұнақ қараның жолына жаңымды беремін директордың өзіне дейін барамын! — деп байбалам салды Бақтыбай.

— Эй, пендешілік-ай, баяғы байбаламдарыңды әл қоймагансыңдар. Қазір атом дәуірі...

Келгеги адамдар жылқыны тым-тырақай қуып, астан-кестең қылды. У-шу болып шұрқырасып жатыр Біреулер шұнақ қараны аңдып жүр. Тосын кісіге қайдаң ұстасын. Құғын күшейген соң дөнен ойнақташығып, жылқыға жоламай қойды. Кеш батып барады

— Ей, шал, ұста ананы!

— Мықтысың гой өзің ұста! — Бақтыбай ашу қысып қалышылдаپ кеткен еді.

Зоотехник Қанатбайға бүйірдьы:

— Ұста!

Шұнақ қара ноқта түскенде нөсер шабыс тілегендей құлақсыз басын сілкіп кісінеп жіберді. Ер саларда торт аяғымен теңселе билеп құтырынып кететін еді Бақтыбай теріс айналды. Жылқыларды екеу-үшеу қослап ауылға қарай шұбылған топ тұн жамылың үзаап барады.

Жылқы жарықтық бейуақытта азан-қазан болды. Тайы кеткен, өнесі қалған. Енесі кеткен, жабағысы қалған. Шұрқырау да шұрқырау. Айнала қап-қарангы. Жылқышының көнілі де қара жердей. Шулағаң жылқы алыстаған сайын жүрегі талмаусырап буындарынан әл кете берді. Қап-қара сақалын жас жуып тұрганын аңғарған жоқ. Ол жәбір көрген баладай бейуақта сіреп жылағысы келді. Құлап қалмас үшін қар үстіне қамыт аяқтарын алшақ салып, матаулы жылқылардың жосып кеткен іздеріне қарады. Іздері көзден тасаңды. Аспанда ақырын жылжып бара жатқан қап-қара бұлттардың арасынан ақық тастай жылтыраш жүлдышдар көрінеді. Орман ырғақты, мұңды әуенменес сыңып, зулай бастады. Жылқылар әлі шұрқырасып жатыр. Бір кезде төңіректі дүрліктіре арқыраған дауыс естіліп еді, қараңғылықтан шұнақ қара ойнақташыға келді. Ноқтаның үзігі салбырап жүр. Шұнақ қара шапқан бетте Бақтыбайға тақау тоқтай қалып үшқайтара кісінеді де, келте қүйрығын тік шәншіп жылқыға қарай шаба жөнелді.

• • •

Директор ат шаптырым кабинеңің сөнау төрінде ми кішкентай болып отыр. Ұзыннан ұзақ кілем тоселген, қолқайып-қалқайып тұрган кеп орындықтар. Кішкене кіре де Бақтыбай бөгеліп қалды. Жүрегі дүрсінде отеді.

О, ақсақал, озыңыз бері,— деп бастық ерепейсіз үшін деңгесімен қалбалакташ қарсы жүрді. Былпылғаң әмбаптың мен қолын қысты. Амандық, қал-жағдай-тәсіл суриды.— Ал сейленең!

Мұндайда оқайлықпен сез түсे ме ауызға. Үлкен үүчіл тымагын жұмарлай ұстап, жасаураған көздерімен бастыққа қарай берді. Директордың жатаған стома толған қалам, қарындаш, кітап, әйтеуір, сау жер шоқ. Сақал тебіндеген қыл-қызыл бұғағы қырысталып ғалстуғін жауып кетіпти. Кішкене көкшіл көздерімен шіткілей қарап:

— Құлағым сізде,— деді.

Биқаңының мақсаты — шұнақ қараны зоотехниктің болынан арашалац алу еді. Өзінің дөғалдау орыншасы мен олі келгенше түсіндіруге тырысты. Шұнақ қарашаңың срең жүйріктігін, оны бәйгеге қосса совхоз абынның болмайтынын баса айтты. Директор күлді:

— Атты бәйгеге қосып қайтеміз, онсыз да, шүкір, орнегіміз бар гой. Жылқыны көткен жұмсал жатқанымын — жер тарылды. Жайылымдардың дені жыртылды. Қалғандары да жыртылмақ. Сонда көп жылқыны қайды биқпақсың? Көлік орнына техника бар. Жылқының инділіга байланысты мөлшерлеуге тұра келіп тұр. Өзінің ішінде сіздің шұнақ қараңыз да бар.

— Олай болса, шұнақ қараны маған сатыңыз, бір жылдық сатып алуға хакым бар шығар,— деді Бақаң.

— Болсын, қағаз жазып берейін. Вірақ обраковкаға шыққан мал тек сойылуға тиіс. Малдануға тыйым салынын.

Вақтыбай қағазын жасатып, ақысын төлеп сыртқа шыққанда, тар қапастан құтылғандай еді. Арада тағы бір жаз етті. Тың игерушілердің тойында бәйгеге қоршып ат жоқ деу директорға ұят. Бір күні шақырып оның осы жағдайды айтты.

— Бәйгеге ат шаптырып қайтесіздер, онсыз да еркінштерініз бар гой,— деді Бақтыбай.

Виностық қызырақташ:

— Бір жөнін істеңіз, «Еңбектің» директоры құрмет келді демесін,— деді.

Тың игерушілердің аудандық слетіне жиналған ел қарақұрым болып дөң үстінде тұр. Алыстағы құба жонда мәлдір сағым жөңкіді. Шыбынсыз шілде дерлік бір күн. Жып-жылы ауада мизам қалқып барады, Мизамның күміс сілекейі Бақтыбайдың бетіне оралды. Ортая бастаган көз шарасы жасаурап бозғылт далаға қарайды. Сабан көпенелері шұбарлаган сап-сары егістік жатыр. Шеті көк жиекпен бірігіп кетіпті. Ұлан-гайыр жазықта бұрнағы жылы гана ақ селеу тербетіліп тұрды. Айналайын, адамдардың қолы-ай!

Бақаң осы текстес ойда еді. Жұмыр жонға асылып жатқан жіңішке сүрлеу бұрқ ете түсті.

— Эне, көрінді, эне! — деп лап қойған көпке даяшылар айғайлап жүр. Дөң үстінен қара моншақтар төмен қарай ағытылды. Шаң будақтап ойнап келеді. Алдындағы жылқының не түсті мал екенін де өзірге айыру қыны. Дегбірі кеткен Бақтыбай қамыт аяқтарымен шайқалақтап ілгері ұмтылды. Аттар іле зде тақаш қалды. Жыланиң басындағы құлақсыз басын ілгері соғып жіберіп шұнақ қара жетті. Аузын арандай ашып алышты. Тұрпаты тіпті қорқынышты еді.

— Шұнақ қара, шұнақ! — десіп жүрт у-шу. Бақаң тұмагын бұлғап шыр айналып қиқулай берді.

— Атың балаға әл бермей жүр, — деп құлақ түбінен айқайлаганда гана Бақаң есін жинағы. Баласы әл-сіреп қалыпты. Шұнақ апандағы екі танауынан ыстық бу атып, нақ бір құтырган жылқыдай қорсылдаш тік шапшиды. Қолтығы да шыланбаган жүйрік құйрығын үйіріп қолға тұrap емес. Бақаң мойнына асылып еңіреп қоя берді. — Халайық, озған ат кімдікі? — деп айқайлаган төрешілерге: «Еңбектің» жылқышы Атшабаровтікі, — деді біреу.

Есі кете қуанған директордың қолын қысып:

— Ат та, абырой да өзіміздің «Еңбектікі». Жүйрікті басы бүтін совхозға беремін, тегін беремін, — деді жылқышы Бақтыбай.

## АҢШЫЛЫҚ СОҚПАҚТАРЫ

Біз оны Хакім абзи деп атайдынбыз. Өміргі кәсібі — аңшыллық. Кішкене гана сары шал жасы жетпістерді алқымдаса да, бала қимылды, шапшаңқой кісі. Ашан жүзінде әжім аз болғанымен, мұртына ақ мол арасқан. Айыр иегін тақырлап қырып жүргендіктен

көргөндиң сиңіл бітімін сиқашан да көргеміз жоқ. Ол  
жоғалылдықта ойлы, үпсіз. Ал аңшылық жайлы сөз  
коғасындаңың кішкесе сұр көздері ойнаңдап, мұртының  
шарырын ширада түсер еді. Осы кезде қартаң жүзін  
нишкесе бақыттылықты аңгаратынбыз.

## I КАР НИТАПЫҢ БЕТТЕРИНЕН

Ізырың жыл тайга көзін, тауға өрмеледім. Мыл-  
тың **самының баопаган** өлкем жоқ. Аңшылықта журіп  
**норидің шымшым**. О, иесін піттасың, қызықты көрдік  
іні!.. деді ағын қайқы трубқисының күлін қағып.  
**Мұндайда жүвіне** қан ойнаң, көдерін бір нүктеге қа-  
нап қалады. Қалтыраган саусақтарымен трубкаға ма-  
норкини шымшип салып, аузына апарады. Оның да  
шының сарғыш тартқан көкше мұртының арасынан  
түнінді будықтатады-ай келіп.

Кыста аяққа шаңғы іліп орман кезген қандай  
шакет. Сүмдық аяз дейік, үп еткен жел жоқ. Орман  
мүнделі тұрады. Шыршалар мен самырсындардың түк-  
ті бүтәңтерина қар қонақтаған. Құстың мамырындаі  
ни қырнуға соқтықла, бірақ соқтықсаң мойныңдан  
шұшылышың кеткені. Қос шаңғы бірінен бірі оза алмай  
шының шықыр етіп тайталаса жылжиды. Алуан түрлі  
шының тышқан жүріп отырыпты. Әр жерде тоқтап  
шүтіп тұмсығымен қарды ақтарып көріпті де, ілгері кет-  
кені. Кепет... із де жоқ, тышқан да жоқ. Қайта қарайсың  
шынде көре алмайсың. Апрай, мұны кім көтеріп  
шетті?.. Еріксіз ойлантады. Қар бетінде қанат сызғаз  
шыбы бар. Е-е-е, байғыз қу екен құртқан. Әнекей, шыр-  
ша бұтагының қырауы түсіпті. Қар бетінде құстың  
шынырығы жатыр. Мына тұста отырып аңдыған екен  
той. Соры көздерімен ұзак, телміре қарап отырып бас  
шынынты-ау сабаз. Тышқанның қауыпты саяхаты соны-  
мен томам болыпты.

Орілей бересің, әрілеген сайын қоянпыш жымы қа-  
лындаған, қар бетін айғыздай түседі. Басқа бөгде іздері  
ісулен мен бұлғынның іздері құрып кеткен. Бір жырық-  
шың істеген ісі бұл. Түн баласына айнала берген, ізге  
түсушіні жаңылдыру үшін сөйткен. Бүкіл бір алаша-  
ны шимайлап болыпты да, өзіне ыңғайлы қалыңға  
юрий қарғып кетіпті. Тауып көр енді. Үстіне шықсаң  
ли козгалмайды. Жанынан сүйкеп өтсөң де бас көтер-  
мейді. Қорқақ деген қоян сөйтеді.

Шаңғылар сықыры толастамайды. Арқаңа таңы алған зат дорбаң мен мылтығың ийкітариңды басады. Нәрсе-қараңды артқан итшана белінен тартып жүріс ті ауырлата түседі. Оған қарауга уақыт қайда. Құнбарда ілгерілеп қалу. Алда қимас адамдарың күтіп тұргандай ентелей түссесің. Міне, тағы бір хикаяның күесі болдық. Бала терек есken алаңша шетінде бұланың іздері жатыр. Қарға терек батып тұрып терек бұршіктерін шалыпты. Майда бұтақ сынып түскен. Бұлағ бірер аттаған соң төрт аяғын қосып сәл бөгеліп, әлде негең сәкем алып тың тыңдағаны. Сейтіпті де орманға қарий қарғи жөнеліпті. Қатты кеткені соншалық тоң жердің бетіндегі жасқылт күрең мүкті тұяқтарымен көртіп, лақтырып жіберіпті.

Бұлан бекер үрікпеген, қалыңдан бұқпантайлада келген қасқырлар лап қойыпты. Ұзын саны алтау не жетеу... Ой, оттеген-ай!

Күн үясына батады. Үясына батқанын, әрине, көре алмайсың. Алып шыршалар мен қарагайлардың плыс төбелері гана алтынмен зерленгендей жарқыраң тұрады. Тайга іші сұсты қараңғылыққа бейімделеді. Қоналқалық жер іздейсің. Қары жұқа панасы баңжер...

Осыдан соң Хакім абзі трубкасын қағып, темекідорбасына қол жүгіртеді. Қездері күлімдеп:

— Сарықардың үстінде қонып көр, қане, қырық градус суық мышай,— дейді.

Рас ау, адам ұзақ түнде қайтып ұйықтайды, сұрап шыл қыста. Біз Ханкеңе ентелей түсеміз. Қария күртіктең мұртының арасынан тутінді будақтатып әңгіме сіп жалгайды.

— Шырша арасынан текпілеп қардың жұқа жерін табасың да, мойныңдан жүгінді түсіріп, қол шанаңды догарасың. Жол күрегінді алып қарды аршисың, шырпы сақтайсың. Соңан соң кенеп шатырды шапшаң тұрғызып аласың. Қар жамылған тыныш қойнауда қардай аппаң шатыр тұрады. Шатыр төбесінен кекжілік түтін будақтап, тылсым тайга ішінде тіршілік салтанаңт құрады. Кішкене темір пеште шыршаның шайырлы бұтағы дүрілдеп, қос жылнып жүре береді. Қар сұзы сақырлап қайнап қағаз шайдың ісі бұрқыраң қоя береді. Дастанқан жайып, түйір қантты тырс еткізіп шай тартып отырганда тыстан ит үрді. Сенімді серігі сарықасқа біреудің келе жатқанын хабарлайды.

- Уп, Хикім абзі,— деген дауыс естіледі.— Қоңыраулы болсын!

Олой болсын, кел Әли, кіре бер!

Шатырдың кенеп есігін көтеріп қыраулы адам бас үткенді. Жап-жас жігіт алақандарын ыскылап жіберіп ының тұрган пешке қарсалайды.

Хикім абзі-ай, үйіңіз қалай жылы еді,— дейді Оле риши болып.

Шешін, жайғаса бер. Абзыңның үйде де, түзде же дистарқаны жаюлы, іш, же,—деймін. Әли тез шешінің сымт қиімін тастайды да, шайға отыруға ыңғайлады.

Қолыңды жу, бақыраш әне.

Қол жуғышыңыз да бар екен-ау.

Енді қалай, адам қашан да адам екенін үміттінү көрек,— деймін. Әли қол жуғышқа еңкейеді. Шай-шың үшін ұрттап отырмыз. Шілте шам әлсіз жарық түсіріп түр. Күнұзын суықтан келген Әлидің кескіні темір иенітің қабырғасындай қызарып алаулап кеткен. Жігіт қулана күлімдейді.

- Бұлғын іаіне түсіп көп жерлерге бардым,—дейді жігіт кеңес бастап.— Небір қызын қалыңды, тастақ іобелді шарлай беріпті. Кеш болған соң қоналқаға онынай қарай кеттім. Олжасыз қайттым.

Хакім абзи мұртын сишаң күлді де трубкасын тұтты.

- Олжа деген не о, тәйір,— деймін пешке шырны тастап.— Тайганы тамашаладық, шипалы ауасын жүттүк. Үміт жетегінде көп жерлерді көрдің. Аңдар, құстардың тірлігі жайлы қардағы жазуларды оқыдын, бір бұлғынга татымай ма сол?!

- Рас-ау, шын сез ғой!— дейді жігіт мақұлдан. Қос сыртынан ұрымтал жерден тарс еткен дыбыс естіледі. Сәлден соң әріректен тағы сондай дыбыс.

- Сүмдүк аязды көрдің бе, құлаған шыршаның діңгегі шатынаң жарылып жатыр,— деймін мен құлақ түріп. Иттер қаңсылап іргені тырналады.

- Түн өбден сұйтты,— дейді Әли. Екеуміз қызара бортын қалыпта сұхбаттасып отырамыз. Әли болса әлі жаң, тайга сырын, аңшылық жағдайын білуге құмар.

- Аңшылық — жүректінің, батылдың кәсібі. Қорқыншың қолы емес. Өзімнің мықтап бір қорыққаным-ді айттып берейін.

Хакіс мұндайда трубкасын қасақана бүркыратады.

## 2. КӨЗСІЗ ЕРЛІК

— Бірде мына өзіміздің Орал тауының биігінде жүрген қос қыранды көзім шалды. Қараймын, бүркіттің туқымдағанымен, бүркіттің өзі емессің-ау дейді көңілім. Олай дейтінім — бұлар сұық аспанның биігіне самғап, саңқылдай жүйткіп кек жүзінде шарқ ұратын оралдың әкіншісі емес. Қия жар тасты айнала ұшып жерге түйіле, еміне қалықташтың қанаттарын жайып жіберіп, суга телміре қарап отырғанын көрдім. Бір кезде олті ірі құс сұмдық ұзын қанаттарын жайып жіберіп, суга жалп ете түсті де, бір шорағайды тыптырылатып ала-ақ жөнелді. Сол қалпы қоңыр тауга қарай көтеріліп кетті. Дүрбіден көз алмай отырмын. Құмістей аптақ құйрықтарын жайып жіберіп, еңкең жартастың алқымдығына барып жогалды. Сол тұста қаратасты жарылан оскен қортық қарагайлар үйысып өсіп түрітіп. Ұясы барын біле қойдым да, өрге қарай тырмысын жиңіндан келдім. Бұл көдімгі ақбас қоңыр құшын болатын. Бүркіттен әлдеқайда үлкен, бүркіттей алғыр қыран емес, көз құйрық пен бөктергі аталас құс.

Жарты шақырымдай қашықтықтан дүрбімен қаралып үшінші тұрган жерін анықташ алдым. Бірақ төменен иони жету мүмкін емес. Қабыргада үйысып өсінші арша мен үйеңді. Ұяға жеткісі келген кісі шың басынан арқыншын томен түсу керек. Жас кезіміз гой, өңкей желбас ғалаллар жиналады алып тауга өрмелей бастадық. Ұзақ тоқтап тыныстыраймыз да, арқаннан ұстап жоғарылай береміз. Жоғарылаған сайын жүрек қобалжының тынысымыз тарылғандай болады. Бір кезде жап-жазық төбеге жеттік-ау. Қызыл шақа тастың үстіндегі құстардың саңғырығы, сүйек-саяқ жатыр. Аққұйрықтар бұл жерлерге де қонып, түстеніп жүрсе керек. Бас айналатын биіктікten төменге көз салдық. Жарты күн жүріп келген ауылымыз аяқ астында жатыр. Кешелдерде жүрген қуыршақ адамдарға дейін алақандағы дай. Одан әріде ақ үйлі ауылдар ағараңдайды. Тас жиегінен іргеге үзіліп едік, қара бөркіндей ұя тап астыныңда, бірнеше метр төменде көрінді. Жігіттердің көбі түсуге бата алмады.

— Мен барам,— дедім.

Үйден алып шыққан ұзын арқандардың екеуін жалғап, басына көлденең келдек байладым да, соған

жомрын илдым. Қолымда қашың, белімде қынга салған шашың. Жігіттер арқанды сусытып түсіре бастады. Гименден келем. Ұяға да жеттім. Қауырсыны жетіліп көзине екі балапан отыр. Ұяны ағаш бұтағынан өріп, қалыптағын салыпты. Қалыңдығы бір метр болса да, ғана өрі кең. Қоянның, ұсақ аңдардың сүйектері, ғанаң қибырышықтары ыбырсып жатыр. Өлексе исі бар. Аңмай қоңыр балапандар имек тұмсықты аузын көпшіл, мымдалап айбат шегеді. Соза берген қолымды ғанаң шарынан тырнақ алды. Қолымның қаны ғанаң қоя берді. Сөйткенше болған жоқ, суылдаған дыбыш тоғ қанаттардың көлеңкесі түсті. Қарап үлгерінен откір тырнақтар бас киімінді жұлып ала жөнелді. Ниді қарасам шұбар кепкем төменге қарай қалбақиңдің барады. Ұябасар қоңыр шыңға өршелене қанат бермен биіктеп кетті. Қимылын аңдып соган қарап тұрғанымда, шөулісі аяқтарын арқамнан салып-ақ жібергені. Женіл кенеп шекпеннен откен болат түяқ-түр жиуырыныма қадалды. Жігіттер жағдайдың оңбасшының түсініп, арқанды тарта бастап еді, мені бір кез-де ерлік билеп:

— Тоқтаңдар, таратпаңдар, қалай да балапандарды ғалмай қоймаймын,— деп пышағымды оңды-солды құштіңдерге сермей бердім. Жыртқыштар болса ұяға қол шартар емес. Откір пышақ асығыста арқанға тиіп көтіп, бір талдан үзіліп, бытырай жөнелмесі бар ма, шашықты метр биіктікten құлап-ақ кеткенім. Төменде шашың жасыл болып дірілдеп тұнып тұрган қызыл арша миң үйеңкінің төбесінен топ ете түстім. Өлмеуіме селеші қалың бұтаққа ілініп қалуым болды. Беті-қолым қан жоса. Эйтеуір, сүйектерім сынудан аман. Жолдастарым кештетіп зорға тауып алды. Көзсіз ерлік тәубебиң көлтіріп еді,— деп Хакім абзи кекшулан мұртын ғанаң, кеңкілдең тұрып күлді.

### 1 АЛЫПТАР АЙҚАСҚАНДА

Хикім абзи мұртының ұзын сапарын ширатып, қаласын қармана берді. Іздегені-белгілі қара трубка.

Баяғыда,— деп бастады, ол — Қылышылдаған комсомол кезімде сұранып Қыыр Шығысқа кеттік. Амурдагы Комсомольск қаласын салыстық. Қаланы ғалыш болып, бірнеше жыл сонда тұрдым. Аңшылың ғылса атадан қалған кесіп. Әкеме еріп әйгілі Оралды

аз кезгенім жоқ. Сол әдет қайда жүрсе қалушы ма еді. Көршімізде Иван есімді аңшы қарт тұратын. Мен шамалас жігіт баласы бар. Ушеу болып аттанайық.

Алдыныңда ұлы жота сұлап жатыр. Биіктегі көңіл қарағайлардың тебесі күн сәулесімен жалтырап көрнеді. Сирек бала шырша мен қызыл қайың ескен алышалы еңіс Ілгерілеген сайын биіктей берді.

Осы тұстан тағы шошқаның екеуін атып алды едім,— деді Иван бурыл сақалымен үұсқап.

Қарт ыргала ұмтылып жортып келеді. Қос шашысы сыр-сыр етіп қар бетімен лекіте түседі. Жас болсақ та ере алмай, терлеп-тепшіп келеміз. Бір кездес басшы тоқтап жерге үңіле қалды да:

— Нарғыз алыштың өзі екен. Тауга қарап өрлеп ті! — деп дауыстап жіберді. Манадан ашық жермен кело жатқан біздер енді қыспақ қыныңға кіріп бөгел бердік. Вұта арасынан бетімізді жыртқызып, шоқа тастарға шаңғымызды ұрып, сүрініп кетіп, кайтада ұмтыламыз. Шошқаның дәу қабаны жай басып ілгер кете беріп! Кей жерде сәл тоқтап тұмсығымен қарды ақтарып көріпті. Кей жерде төрт аяғын бауырына жиып, тың тыңдал алып, жүрісін шашаңдата түскен Неден секем алды екен? Из қалың шыршаны сүзіп алан шага шыққанда қарт шаңғының таяқтарын кеудесін тіреп тұра қалды. Сақал жапқан жүзінде есі кете таңданушылық бар. Ол үн шыгармай таяқтың ұшымен үұсқап көрсетті.

— Жолбарыс қой мынау. Қабанның соңына түсіп ті. Не деген жүрек жұтқан өзі. Сауыт құрсанған батыңға қалай ғана қызықты екен? Аш қой, аштық не істеп пейді,— деді шал бас шайқап.

— Қабан жолбарыстан мықты болғаны ма?

— Сұрапыл, сұрапыл ғой.

Коян түбітіндей аппақ қардың бетінде ірі аяқтаңбалары жатыр. Коянның ізімен араласып өрге беттепті. Манадан алды-артымызды орап ұшыртып жүрген иттердің жүні жығылып, күйгелектене қынсылайды. Адамға жақындей, тығыла түседі.

— Жолбарыс алыста емес,— дейді қарт сыйырлап сақ болыңдар. Өз басым жолбарыстың атын естігенік болмаса, көрмеген аым. Содан ба, серіктерімдей көңіл абыржи қойғам жоқ. Жүріп келеміз. Жогарылаған сайын шыршалы жыныс қалындал, жүріс ауырлай берді. Міне, тебе басына тақалдық. Арғы бет терең кү

**Нема Аңышы кілт тоқтады. Көздері қыранның көзде-  
ріндей от шашып тұр.**

**Нетимесілер?**

Арғы беттен гүлдеген дыбыс естілді.

Сендер арқан бойы кейін отырындар! — деп бұй-  
шым да, қарт аңшы бұқпантайлас сандық тастың ірге-  
шіле барады. Барады да үңіліп қатып қалды. Қызықтың  
шашыптың астында болып жатыр екен. Бізден  
бұл мәгрдей төменде екі алыштың қызу жекпе-жегі  
настаптты. Сайдағы сіреу қарды ойран етіп, жердің  
кори қыртысын қопарып тастапты. Қабан сояу тісті  
шашып пузын ашып қарсы қарап тұр. Жолбарыс арқан  
шашып жатып алып құйрығымен жер сабалайды. Қабар  
арқын қылтаңдары болат тарақтай тікірейіп алдыңғы  
шашымен жерді салып-салып қалды. Келер секундтар-  
да гары ала тонды диу қара тонды батырга қарай  
шашы атылып, белдемеден ұрып жіберді. Мұндайда ірі  
шашының тіпті, алты жасар өгіздің белін үзіп түсетін  
шашық екпін қабанға түк те істей алмады. Қабан қар-  
шы ұмтылғанда жолбарыс артқа қарай жеп-женіл ыр-  
шын кетті де шошқа бұрылып үлгергенше арқасына  
шошады салды келіп. Қабан қатты шыңғырып, қалың-  
ғы қарай ұмтылды. Жолбарыс тырнақпен де, тіспен де  
шашық қадалып айрылар емес. Қабан үстіндегі он пүт-  
шашып пузыр жүкті арқалаган қалпы өршелене ілгері тарт-  
ты. Вірақ қашып құтыла алмасын білсе керек, жауы-  
шыңғы пузынан мойнын жұлып алып алдыңғы аяғына  
шошады салып жіберді. Жолбарыс гурілдеп секіріп түс-  
ті. Қатерлі тырнақтан құтылған қабан тал теректі бала  
шарынан жапыра қиратып қалыңға қойып кетті. Жол-  
барыс ата салты бойынша оны қуған жоқ. Қабан кет-  
сеп кілкі қарап жаланып алды да, ақсаңдал ілгері  
шурді.

Қабан мұнда, жар астында, тыныш жерде жауы  
үстінен түсkenге дейін жатқан екен. Екі алыш шайқас-  
сан шаңша асты-үстіне шығыпты. Бұталар жапыры-  
шын, түбірлер аударылып қалған. Жер қара жыртын-  
дай піналған, жан-жактың бәрі шашыраган қан.  
Нұрсынған жолбарыстың жұні, шошқа қылтаны.  
Жолбарыстың ізі қызылқан, табанын ойсырата орып  
түсекін көрінеді. Қабаның да жарасы осал болмалты.  
Інде қан мол. Иван қарт қопарылып қалған түбіргө  
отмыши:

- Әлгі екеуінің бірін олжалап қалу да ойымыз  
келмеді,— деп өкініш білдірді.
- Мына тамашаны көрудің өзі он олжага тұрма-  
ма,— деймін мен.
- Жаны бар сөз,— деді қарт, бір тастың үстік  
отырып махоркасын орады.

**ПОВЕСТЕР**

## ҚОС ҚАЙЫН

Күрдің үстінде замандар бойы құшақтаса, өріле  
майни отың қайың түр. Тұптері жуан, бұтақтары тармақ-  
ты, тамырлары тереңге кеткен. Дала желінен қаймық-  
тын қонақшы ұмтылған биік. Кез көрімдегі орманнан  
Пұл түсің қалай келіп орныққанын білуші ешкім жок.  
Ләззиң әйналып жерге түсердей сұмдық ыстықтарда  
шының пралас жатып, қойшылар саялайтын жапанды-  
бы испілгіз көлеңке бұл.

Ор бұтағы сырғауылдай сорайған алыптардың ту-  
бінде Құйыр мен Мәлике май болған үлкен темірді  
орнана алғып отыр. Жігіттің түбіттене бастаған мұртына  
шың қонақтап қарада түсіпти. Мәлиkenің топ-толық бе-  
тіне мересін түтіні сіңіп жылтырап алған. Соқа тіркел-  
ген тұрантор үнсіз. Үлкен шойын доңгалактары қара  
жарың тас табандай тоқтапты. Қозының елтірісіндегі  
пұлар жыртындыда қарғалар ұшып-конып жүр.

Жігіт клапан ұяларын тазартып, қайрап отыр. Кіші-  
нин ыңғылары селинілдеп зорлана қымылдағанда бетінен  
шың моншактайды. Мәлиkenің күлкісі келіп кетті.  
Жігіт жас, бала десе де болғандай езін» деп ойлады ол.

Құйыр, маган берші езін біраз изелеп көрейін,—  
мінді білсекті қолдарын созып. Жігіт мұрның бір тар-  
ғын спицирау адамдай ісіп жалгастыра берді. Клапан  
ұнчырынан керосин құйып агатын ақпайтынын қарап  
жола ді, қлайтадан кірісті. Мәлике майланған қалтасы-  
нын күйеуінің хатын шығарып, ұзақ қарап отырды.  
Сиғынғанда лузызба-ауыз сырласқандай болатын хаттың  
тәннен жаңууларына үнсіз көз жүргіртті. Хат қағазына  
май өңіші жырымдалып біткен. Соңғы хаты оның.  
Хабаромын матконіне біраз жылдан асылты. Келіншек  
бүрнеліді. Неборі екі-ақ ай отасыпты-ау! Жұбайлыштың  
менінші қызынды да өлдекашан ұмтылышты. Қорғен  
түстей жай бір елес қана. Қошайта тұрмысқа шыға  
жола ді ойында болмайтын. Оқып журген, тіс қақкан  
жігіт он өңіші ертіп әкетті де, үйіне кіргізе салды. Мәли-

ке иебәрі он жетіде ғана еді. Кейін қызды жақтаушылар сотқа беріп Қошай «аллалап» құтылған. Әйтеуір Қошай ағасының беделі гой.

Келіншек жасаураған көздерімен айналага қарады. Дала рахаттана тыныстап жатыр. Құлімдеген көктем күні. Жел жыртып, жан-жаққа айдал жіберген ақ бұлтар қалқиды. Қекжиекте көгілдір сағым дірілдейді. Даланың сол тұсынан қырышақ атқа мінген біреу бұлдыраң көрінді де, сағым селіне тоғытылып кетті. Мәлике күрсінді. Жұдырықтай жүргегі кеудесін теуіп алғарды. Жақсы хабар әкеле жатқан біреу болар ма дейді алдамшы қөңіл.

Қайыр баяғыша иықтары селкілдеп тұтқаны ерсілі қарсылы айналдырады. Темірлер арасында үgetілгөн қайрап ұнтақтарының шықыры естіледі. Қайырдың қырдай желкесінен тер тамшылайды. Мұрның тартып қойын тагы да керосин құйып көреді. Мәлике шалқай ын күнго қириды. Құн сыйбыр қаққан балауса жапырақтардың арасынан наздана сығалайды.

— Оттеген-ай, кешігіп қалдық, моторды жинаған ша қий заман, оқелші бері! — деп қол айналманы жігітten жұлдып алды да, салмағын салып изендей берді. Қайыр жеңімен бетін сүртіп отыр. Мәлике жұлдының шашаңаң қимылдаулы. Бір кезде тоқтап терін сүртті де терің қарап отырган жігіттің мықынынан шымшын алды. Қайыр шоршып түсті. Келіншек күлкіден өле жиодиды. Құлғанде аппақ тістерін маржандай жарқыратып күледі екен. Екеуі қосыла күлді. Осы арада дөңге шоқытып шыға келген Башай басқарманы көріттійла қойысты. Мәлике лекіте келген дәу жиренің жайлпақ омырауына сазара қарады. Башай басқарманың келте мұрты қисайыңқырап, кескіні кетіңкіреп аустінен дауыстады.

— Уа, бұл не жатыс, тың жырту ма, босқа көлен келеу ме?

Мәлике тұлымын орамал астына жасырды.

— Трактор сынып қалды. Клапандарды егеп жаңырымсыз. Таңдан бері он айналып едім, ақыры мінекең ініз.

— Тартпайтын орны бар, ескі трактордың тың көтеруге шамасы келе ме. Ұақыттың өтіп бара жатқан мынау. Қектемгі егісті кешеуілдеткенің үшін алдымен бригадир сен жауап бересің, білдің бе? — деп қамшыл қолын сермен қалды.

Қайыр белін жазып, маңдайын сүртті.

Отагасы-ау, бұл техника емес пе. Ескі дүние ишмін, жасқап дегендей...

Сендер ғой, тың жыртамыз, тың жыртсақ астық ишмін, тың-тың деп өңештедіңдер келіп, тындырган-дириң қане, тракторлар қаусап бітті. Барлық трактор-тар тұр. Сен болсаң осы жақты айналсоқтайсың да жүрсесің. Қазірден бастап тарт! Мәлике өзі де істейді.

Қайнаға-ау, головканы жалғыз орната алмаймын гой.

— Орнатасың, бригадирге басқа тракторлар да бири, әйда, тарт қазір!

Бошай осылай деді де, жиренді орай шықыртыны шиба жөнелді. Қүнге қурап ескірген сұр шіләпісінің үркесінде желпілдеп барады. Қайыр сасқалақтап қара терге түсті. Шоқайып отырып алып изендей берді. Мәлике ту сыртынан күлімдеп қарап тұрды да, сақиналы жұдышырыгымен шүйдеден бір түйді. Сонан соң еңісте далақтын бара жатқан Бошайды нұсқап:

— Анау не деп кетті, үқтың ба сен, үқтың ба деймін? — деп қос қолдан қайыра жұлқылады. Жігіт жапжас, бейкүнә кескінмен алабұртқан келіншекке қарап шығын көтерді.

— Эй, осы сенің темірден басқа үғар тілің бар ми? — деп Мәлике күлкіден буыны құрып, құлай түсті. Жапырынды бетегеде етпеттеп алып күле берді. Қайырдың жаңына келгенде көздері жасқа толы еді.

— Жетті, болды, бұл қараңқалғырлардың қай тоқтамағаны бар, орнатыс та жөнел осы жерден, тап қаір! — Долданған Мәлике ауыр темірді жерден көтеріп шыдды.

— Тұра тұр, тоқта! Қайыр жармаса көтерісіп күн күмдірып қайнап тұрған трактор үстіне қойды.

— Түсті ме орнына?

— Түсті.

— Енді жөнел! Жөнел деп тұрмын гой саған!

Қайыр иықтары қушиып, таяқ жеген баладай жалтиқтап қарап барады. Мәлике оны аяп кетті. «Не жашығы бар, мұлдем бала ғой әлі. Қайнаға жігіт деп жүрнү мұны» — Эй, Қай-и-ыр, соңыра айналып соғарсың!

Жігіт дөң асып кетті. Мәлике ауыр кілтті сығымдағы қалыпта тұр. Көңілі құлазып, жалғызырып кетті. Цили жеңіл шалқы соғып, егіз қайыңың сансыз жапырақтарын шулатып азынап қоя берді, дала бетін мамық қонаратымен желпіп, жасыл бетеге, ак селеуді толқыта шийқап тербей бастады. Дөңнен әрі қызып, күйіп

жатқан бұрынғы жұмсақ жыртындының бетінде құйылған дәңгеленеді. Құйын боп-боз ұлпа құйрығымен оғестік үстін ұйпап, айналақтап кезіп жүр.

Мәлике шашылып қалған тракторын жинап қалпына келтіре берді. Тез бітті дегениң өзінде күн еңкейе жинап болды. Енді от алғызы — қияметтің өсі. Бар күшін салғанда тұтқаны жарты айналым гана жылжытты алды. Мотор үн қатар емес. Қолдары қалтырап білең терінен ол котті. Батуға беттеген күннің сары сәулестер жуғап көскініне қиялай төгіледі. Келіншек бар қиіртшін жинап бұрап қалғанда тұтқа кейін серпің үшіншін жіберді. «Қарағана қалғыр, қу темір-ай!» — деп қайыра жармасқанда Қайыр ұстай алды.

— Жеткенім осы болды, Мәлике, қазір жүргізің беройни. Ойбай-ау, аузыңдан қан саулап кетті ғой! — деді ол қалтасын қарманып. Мәлике ұйыған қанмен бірге тісінің сынығын түкіріп тастады. Қайыр аппаң қол орнамалын коліншектің аузына басып, шапшаш сұрткілдей бастады. — Қап, мертігіп қала жаздағаныңды қарпашы, сінтоң етпейді, тыйылады, қазір-қазір... — деп үйлішіңдер күбірлеп өбектеді. — Зажиганиясы дұрық болмған екен. Қазір бәрін де жөндеймін.

Қайыр екпішмен вырлатып жібергенде мотор оғалды.

— Айнолайын-ай, еркексің ғой өзің, жігіт екенсің ғой!

Қайырдың кеокіні ду ете қалды. Мәлике қайталап кип түкіріп тұр.

— Аузыңда өлі қан бар. Үйге барып дем ал, мем жүрептің сен үшін.

— Жоқ, өзім жүремін!

Ісақалып-шашалған қашау доңғалақты ескі трантор көп тоқтады. Қундегісі осы бұл шіркіннің. Трантор кейітті екен деп жаси қалған Мәлике жоқ. Біле алкті қолдарымен рульден тас табандап ұстап, кейін ге жалтақтап қарайды. Селеулі қатты қыртыс аударылып, жап-жасыл далада қара таспа жыртынды қалды. Замандар бойы қол тимеген тұмса жер күңбынтыға ұмтылып құлашын кең жайыпты.

Қайыр Мәликені шығарып салып, еңкейіп қалған күннің астына қарай жылжып кетіп бара жатқан жағыз тракторға қараш көп тұрды. Аузынан қара қан аса да мойымайтын өзет кескіні елестейді. Кір шалмастың алпақ тістерінің текке сынып, кетіліп қалған екінішті. Мәликеден басқа біреу құдайды, басқарм-

ны, соғысты қарғап даланы шулатар еді. Аузына қан жиналған сайын өршелене түкіріп тастағ, дағдысынша шашпаң, шымыр қимылдағ, құлшына кірісkenін қийтерсін.

\* \* \*

Сүмдық үлкен қызыл күн тогай тәбесіне иегін сүйгі поз түрді да, төмен түсіп бара жатты. Күн сәулесі жұлдызтаған ақша бұлттар жарқырап нұрланып тұр. Сүйкілға бозғылт шық үйірлді. Алыста, сонау Шиелі жақта трактор гүрілі естіледі. Шалқардың аргы бетінде Бағила мен Сәлімалар да жер жыртып жүр.

Бригадир маңдай терін сұртті. Біреу көздерін баса қойды. Жұп-жұмсақ алақандарымен көз шарасын қысып, басын бұлтартар емес. Сабын мен әтір іісі мұрынна келді. Саусақтарын ұстап көріп:

— Зібирасың ғой, жібер енді жібер! — деп жалына бастады.

— Сүйген қызыңды айт, әйтпесе босатпаймын! — деді сықылықтаң. Қайыр әбден сасқалақтады. — Кім деймін, кім? — деп Зібира көздерін қыса түсті.

— Ешкім де емес, жібер!

Зібира күліп отыра кетті.

— Келсейші, дем алайық, жұмыстың шеті-шегі болмай кетті. Шалқардың бергі даласын саржандап шықтым. Аяғым талып, әбден болдырып қалғаным.

— Сеніңше қалай, өзге жүрт шаршамай жүр дейсің бе? Қарашы, көлік соқалары әлі тоқтаған жоқ. Таң біліне кіріспін еді. Жылдай күнде аяқ суытуға уақыт таппаған адамдардың халі нешік? — деді алакеугімде Іркес-тіркес дөң асып бара жатқан көліктерді нұсқап.

— Жүрттай сірі жанды емеспін. Қөп жүрсем тізелерім талады, — деп Зібира торғын кейлегінің етегін желліп тастады. Әтір мен тер сіңген қамшат бөркін шешіп ұзын қоңыр бұрымын желкесіне орагыпштады. Қара көлеңкеде кескіні әлгіндеға батып кеткен күндейдің денделеніп нұрланып тұрды.

Көктем әуеніне мас даланы күңгірт іңір басты. Тракторлар гүліне саздағы құрбақалардың шуы қосылыш-жың. Жарықтар ақырын жылжып дөңнен әрі асып түсті. Жап-жақыннан бедене дыбыстыады.

Зібира тым жеңілденіп кеттім бе деп беті дуылдағ қоя берді. Киіктің асығындағы сүп-сүйкімді жас жігіттің селт етпейтін маубастығына танданып үнсіз отыр. Зібира күрсінді. Етті-жәнді денесін жігітке қарай бү-

рып денсаулық пен балғын жастықтың белгісіндегі жұп-жұмыр, аппақ саусақтарын қарамайлы қолдардың үстіне қойды. Аты жоқ саусағында лағыл тас орнатқан алтын жүзігі көз тартады. Жұп-жұмсақ, ып-ыстық алақандары жүрегін қытықтағандай еді.

— Қайыр, деймін, сен өмірде біреуді сүйіп көрдің бе? — деп жақындаңқырай түсті.

— Жоқ, ешкімді де...

— Ешкімді де деймісің?

Зібира Қайырды өзіне қарай тартып білегін мойнына орай қысып алды.

Мұны көріп Башай басқарма жалт бұрылды. Қаны басына шауып, жүрегі алас ұрады. Былай шығып алған соң атты аяңға түсіріп салбырап ойға кетті. Ұлы да, қызы да, осы жалғыз Зібира болған соң бар игілікті соган тілеп, қолынан келген жақсылықты соган жасады. Үлкен ғалым етпек еді. Оқуды тастап кетті. Ел басына күн туганда соқа айдай алмады. Тракторга жіберуге обалсынды. Таза жұмыс қой деп бригадага есепші етіп қойды. Есепшілікті де дұрыс атқармай жүр. Жер өлшеңбей, еңбеккүн жазылмай жұрт шу шығаралды. Эйтесуір, бастықтың жалғыз қызы болған соң халайықтың аузына құм құйылды. Башайдың арманы жақсы күйеу бала тауып қолына кіргізу еді. Бұйырганы осы таза жетім Қайыр болғаны ма? Атақсыз тұқым, торбиеңіз үл. Бірақ келешегі бар маман. Тракторды да, комбайнды да үршықша үйіреді. МТС бронға бекерге қолдышын отырган жоқ. Қолынан іс келетінін біліп алып қалды. Иә, сөйтті. Басқа еркек болмаса қызы-келіншектер соган қырындамағанда қайтеді. Бірақ...

Аты сүрініп кетіп омақата құлай жаздады. «Ой, қартаң шірігір» деп сарыбас жыланның басындағы сүйір басына қамшымен соғып қалды. Жирен аспанға тік шапшып құтырган малдай астан-кестең болды. Башайдың сұр қалпағы ұшып түсті. Сескене қырындал ойқастаған аттың үстінен қалпақты еппен іліп, ашуы тарқамаған Башекең жиренді тағы шықпыштып, текректетіп алды. Соңан соң қара жердің қыртысын қопарып бара жатқан Мәликенің тракторына көпке дейін еріп отырды. Келіншек бұрылдып та қарамады. Әлсіз саусақтарымен рульді сірестіре ұстап, тұла бойы темір құрсанған шабан «мәстегін» айдай берді.

Тұнгі далаға салқын шық түсіл тұр. Башай сұмдық ойларды бір сәт аластап, ой біткеннің бәрінен безіп

түңілгісі келсе де, қайтадан жалғасып қинай туседі. Қоңғалсіздік пен мұң басып, жүргегі сыйздайды. Қанша үмітқысы келсе де ұлсыз, үрпақсыз қалуы Бошекең-шің жанын жай таптырмайды... Тағы да көп-көп ойларда малтықты. Хабарсыз кеткен інісі Қошайды, мына жесір қалған келіні Мәликені ойлады. Шынымен-ақ біреудің бектеріндісінде кеткені ме? Тутін тұтетіп отырган бір шаңырагы еді. Енді соның құлағаны ма? Қошайдың шаңырағына, мал-мұлкіне біреуді ие қылғышын қойып, қалай шыдап жүреді?

\* \* \*

Бошекеңді Үрия да сарыла тосып отырған. Атасының қалған мес қарын жez самауыр кейде сөніп барып қайта тұтатылып ызындаған берді. Үрияның шабдар кірпіктері дымқыл тартып ерте әжімдене бастаған болбырақ бетіне нақақ жастың сортаңы қатыпты. Оңашада еткен ғұмырын мол шарлап қалжыраған түрі бар: байдың қызы болатын. Конфиске кезінде қосылды Башайға. Үрияның әкесінің үйін күзетуге жіберген комсо мол Башаймен бір түні тайып тұрды. Содан Қарағанды кенінде жұмыс істеп, көп жылдар шетте жүрді де, соғыс алдында елге оралған. Өмір көрген ысылған азатым деп ауыл Башайды басқарма сайлады. Басқарма сайлаганымен колхоз жайын жыға түсінбейтін Бошекен көвшіліктің көмегімен, әйтеуір, істеп кетті гой. Ұққаны тек ағайынды көбейтіп, жұртты іске дамылсыз жұмылдыра берсе жетіп жататын сияқтанған. Үрия болса, жасынан тоғышар қалпымен үйде отырып қалды. Баланы көп тауып, қатын азабын тартқан кісі смес. Небәрі үш құрсақ көтерді. Екеуі ұл, біреуі қыз. Ұлының үлкені жасында өлді де, кішісі он бестерге тақап, мал түрігі болып қалғанда шахта ауласында алаттан қаза тапты. Қара көктеніп күйіп кеткен ұлын үйге көтеріп кіргізгенде шеше бейшараада не жан қалды дейсін. «Құлыным-ау, жап-жаңа, аман-ессен үйден шығып едің гой!»— деп талып түсті. Тәулікten ессіз жатқанда осы бір сөзді жаңылмай қайталап айтумен болды. Содан бері мына жарық дүние, кең әлемнің ауасы Үрия үшін тарылып, талықси беретінді шығарды. Баласының шыған мектебі, жүрген жерлері көп қорымның арасында томпайып қалған қызыл сары шагын қабырын көртеп сайын қайғысы жаңарып, халі төмендей берді. Лікіры бір күні:

— Кетейік мына қасіретті жерден, мен десең елге барайық,— деп күйеуіне жатты да жабысты. Бошай жап-жақсы шахтер еді. Жұрт алдында абыройсыз болмайтын. Жалынып жүріп жұмыстан босанды да, тәуекел деп елге тартып отырды.

Басқармалық Бошайды қайта жасап, жұмысшының сыйпайы мінезінен біртінде айыра берді. Енді бұл пшуланшақ, жөнді-жөнсіз айғайға әуес ұрдажық мінез шығарды. Әсіресе, Урияны салқын тартып бұрынғысынша емірсне аяламайтын, аяп-ардақтамайтын болды. Ақ араласқан келте мұртын қисайтып үйге бұлда на келетінін бейнет көріп, жаңы қиналып жүргеннен деп үкты Урия. Шамасынша айтқанын екі етпей пияғынан гік түрді. Бошай үйде аз болды. Таң қылан бергеннен кетеді де, түннің бір уағы өткенде оралады Урия кешкі асты олденеше ысытып, самауырға шоқты олденеше салып мұнды ызыңына ұзақ құлақ қойып қалғышп отырады. Мұндаіда қай-қайдағы ой келіп, өткен өмірі, көвіне слестейді. Омырауын жас жуып, шерлене түседі.

Вүгінде соншалық бір күйзеліс үстінде еді. Сырттан ат дүбірі естілді де, кешікпей қос байпақ етігін күрпілдете басып Бошай кіріп келді...

Бошайдың кескіні сәл күлімсіреп ұяла, қысыла қарагандай еді. Ашу мен өпербақан мінездің журнағы да қалмаган.

Үй қожасын ұзақ күтіп тутінде кеткен ондық шамның күңгірт жарығы астында Бошай мен Урия шәй үрттап отырды. Қәптен ерлі-байлы болып күңкілдесе кеңескендері еді. Бошайдың іі жұмсарып, егін жайын, соғыстың барысын кеңес қылды. Тұystарын пітіп көзіне жас алды. Сырттай қаһарлы көрінгенмен, бір босаса бордай етілетін жасықтау адам болатын.

Ерлі-байлы адамдардай тәсекте жатып Бошай сез бастады. Бастамас бұрын қатынды өзіне қарай тартып аймалап, арқадан қағып:

Урия, ұрыспасаң саған айтарым бар,— деді.

— Айта бер, неге ұрсайын,— деді әйелі.

— Айтсам...— деп тамсанып біраз бөгеліп:— Шахтадан елге алып келген өзің едің гой, рас па?

— Иә, ымм-м...

— Осы бейнетке сен үшін түскем. Шахтада болсам арнаулы сағатымды істеп, шалқайып жатпаймын ба? Күні-түні дамыл жоқ, абырой да жоқ, бая-шая біреу

болдым да шықтым. Мұнан да соғысқа кеткенім жақсы. Қошайдан жаным ардақты ма? — Осыдан кейін Бوشай ұзақ үнсіз қалды. Тар кеудесінен қалтырай шыққан демін тыңдал Урия да күрсінді.

— Қайран қайным, Қошайды айтам, ақ жарқын еді гой! — деді.

— Нелер ақ жарқындар кетпей жатыр. Өспеген тұқымбыз. Қошайды пәшіс өлтірді. Шаңырақ ұстар ерек кіндік екеумізде де жоқ. Мұның арты құрыды деген сез.

Ерлі-байлышың ауыр күрсіністері естілді. Алыстағы ай терезеден сығалап төр алдына төрт бұрышты жарығын түсіріп тұр. Қиялай төгілген көгілдір сарғыш жарықта уақ көбелектер мен шіркейлер ұшып қонады. Ай сәулесі дірілдей толқып көп тұрды. Ерлі-байлыш екеу шала жарық белмеде үнсіз. Бушай бір кезде басын көтеріп насыбай атты да, іргеге шырт түкірді. Сейтті де аласа терезеден шалқайып айга қарады. Ай дүниеде ештең болмағандай бейбіт қалыпта тарғыл бұлттардың тұтқынынан шығуға бұлқынып, су маңып барады. Сыртта бапылдалап иттер үрді, әтеш шақырды. Бушай күрсінді.

— Қатын-ай, үйіктаған жоқпышың? — деді бір кезде.

— Жоқ, үйқы қайдан келсін, — деді анау кеспектей дәңқиіп жатып.

— Қатын-ай, саған айтар бір сез болып тұр-ау. Айтуға да киын, айтпауға да болмайды, — деп басына қарай шоқайып отырды. Бушайдың осы отырысы — үмітсіз науқастың иманын үйіруге ыңғайланған дүмше моллаға ұқсал кетті. Ол ұзын қолдарымен жер тірең қатыныңың бетіне үціліп, оны өмірде бірінші көрген адамдай тесіле, шошына қарады.

— Қатын-ай, Урия-ай, — деді. — Сен білесің гой. Ағайынды екеумізде де ат ұстайтын жоқ. Соғыс болса мынау. Ертең кезек маған келсе қайтем? — деп бір тынды. Урия күйеуін қатты айтты еді. Осы жолы да дәңбектей болып бері аунап түсіп, шоқыып отырған шағын денелі Бушайды өзіне тартып, көрпесіне кіргізіп алды. Арқасын сипап жатып:

— Зибираның әкесі-ау, мен не істейін? Ұлдарды табудай таптым. Құдай қоймады. Ат ұстайтының болмаса, атыңды аттайтының бар гой, қанағат етсейші! — деді түншыға сөйлеп.

— Қыз бала деген ертең біреудің адамы... (Бошай-  
дың көзіне кос ағаштың түбіндегі көрініс елестеп кет-  
ті.) — Солай, біреудің адамы,— деп міңгірледі.

— Біреудің адамы болса да, ол сенің балаң.—  
(Урия енді сақтана сөйледі). — Не айтпақ едің, жұм-  
бақтамай тұрасын айтшы, тоқал алмақпышың өзің?

Бошай бар қайратын жұмсалап:

— Иә, деп салды.

— Кімді?

— Кімді болушы еді, Мәликені. Жатқа кеткен-  
ше... Етегінен жарылқаса ұлды болармын.

Бошай осылардың барлығын шапшаңдата қинала:  
айтып, сұрапыл соққан шірік ағаштай қалтырап кет-  
ті. Урия бұғақты иегін көтере төбеге қарап жатқан  
қалпы үндеген де, қозғалған да жоқ. Көздері жұмыла  
берді. Жеті түнде жаңжал салуды ерсі көріп, үнсіз  
жатты. Ертеңінде кеудесі қысып, талмаусырап қалды.  
Үйде сінкім жоқ болатын. Терезеден түскен жарық  
қынагылт күлгін тартып, көз алды үшқын шашып қоя  
берді. Жастыққи қисайғанын біледі.

Мәлике пеш жанында талықсып жатқан Урияның  
үстінен шықты. Ұлken кеудесі көріктей қозғалып, қы-  
рылдай дем алғып жатыр еді. Шошып кетті.

Апатаій-ай, не болды? Құдай-ай, не жазып едім!  
— деп зирлан қоя берді. Аңы дауыстан көзін ашып  
пілгін Урия шабдар кірпіктерін найзадай қадап Мәли-  
кеге қариды да, қайтадан талып қалды. Мәлике май  
сіңгеп қнімдерін пұстырыуга да шамасы келмей құ-  
дыққа жүгірді. Құдық едәуір жерде болатын. Өкпесі  
ошіп жеткен бетте мұздай суды Урияның жалпақ бе-  
тіне бұркіп жіберді, тағы бұрікті. Науқас көзін ашып,  
мәңгі болып көп жатты да, есін жия бастаны. Әуелі  
басын көтеріп теңселіп отырды. Кескінінен тер құйы-  
лып, жаны терезе тапқандай үйлей берді, Мәлике су-  
сын жұтқызып бәйек болып жатыр. Мәликенің ойында  
ештеңе жоқ. Бұрынғысынша «апатайлап» дөңгеленіп  
жүр.

— Айналайын-ай, Мәкенім-ай, ракмет өзіңе, сен  
болмағанда өліп те кетер ме едім,— деді Урия.— Шәй  
қойып жіберші, сусап көттім гой. Екеуміз отырып шәй  
ішнейікші бір.

— Апатаій-ай, шәй қойып берейін. Бірақ ішіп оты-  
руға уақыт жоқ қой. Трактор егістікте тоқтап тұр.  
Шеберханаға келіп едім жүгіріп. Үйдің амандағыны  
біле кетейін деп соққаным еді. Ағатайым тағы ұрсады

той,—деп әйгілі торсық самауырды сыртқа ала жүгірді. От жағып, ыдыс жуып, су әкеліп дегендей, аз ғана уақытта көп іс тыңдырыды да, шэйін жасап беріп:—Ал өнді мен кетейін, кешке келем ғой,— деп жас қыздарша секіріп басып, шығып кетті.

— Айналайын-ай, әлі тіпті жап-жас қой, бой жеткен десе де боларлық.— Үрияның іші елжіреді. Мәлике мен анықтап кеңесуге құмартса да, келіншек қолына түсे қоймады. Қектем егісінің қауырт кезі.

Арада бір апта өткенде барып үйге бас сұқты. Аласа терезеден батып бара жатқан күннің қызығылт шенбері көрінді. Батыста қоңыр бұлттар тәніп тұрган. Осынау бір көңілсіз бейуақта үйде отыруға дәті шыданаған Үрия кебісін киіп далага шығуға қамданған еді. Мәлике кіріп келді. Үсті-басы май. Бетінің қаралығы сонша көздерінің ағы мен кір шалмайтын ақ тістері ғана көрінеді.

— Апыр-ау, Мәкен-ау, не болып кеткенсің өзің, алда-ау, кескінің қалай қаш-қара!—деп таңдана күліп, келіншекті құшақтап жатыр.— Тез жуынып, киімдерінді ауыстырышы, не болып кеткенсің өзің.

Үрия шайқалақтай басып, шэй демдеуге кірісті.

— Жалғыздық құдайға ғана жарасқан денті ғой. Әбден зерігіп кеткен соң далага беттеп едім. Қазір тіпті көңілденіп қалдым,— деді апайтес кәкірегін кере дем алып.

Самауырды ортаға алыш екі әйел отыр. Мәлике жуылған шашын қыздарша жылтыратып өріп алышты. Кескіні жайдары, жастық, жарастық тапқан. Онысын неге жорырын білмей Үрия дал. Шалына қырынданнан бүйтіп отыр ма деуге аузы бармайды. Қайткен күнде де бітеу жараның аузын ашып алу керек сияқты. Сонда не дейді оған. Бошай айтқан сұмдыққа Үрияның аузы бара ма?

— Мәкен, мен бір сыйбыс естімін. Қате болса обалы айтқан адамға. Сен осы анау бригадир қайнымды ұнатады деп жүр ғой,— деді Үрия кесені үш саусағының басына қондырып алыш.

Мәлике қызарған да, қысылған да жок, жәй ғана сықылышқтай күліп:

— Қөніл шіркіннің ұнатқаны әркез бола бере ме. Құр ұнатқаннан не пайда, селт етпейтін түйсіксізге кезіксе,— деді.

— Сонда қалай, тұрмысқа шыққың келе ме?

Мәликеңің қабагына қайғы бұлты орала кетті. Үл-

кен қара көздерінің шарасы суланып, ауыр күрсінді. Сыртқа теуіш тұрган қос анары көтеріліп басылды. Кесесін жерге қойып, қарашығын бір нүктеге қадап отырып қалды. Батып бара жатқан күннің шапағы тершіген бетіне түсіп тұр.

— Апатаій-ай, сенен несін жасырайын, жалғыздық, ақ батып барады. Өлінің беті әрі, тірінің беті бері. Кел мескіс косткенге жылаған көз — зая. Жасыны гой, өмір сүргім келеді. Бақыт іздел алас ұрган жүрегімнің әмірін екі ете алар емеспін. Сөксөң де мейлің... — деп бір тынды.

— Сонда қайтпексің?

Мөликенің беті дуылдаш кетті.

— Қайыр елдегі жалғыз жігіт болған соң ба, әлде озі соншалық сүйкімді ме, жанымдай жақсы көрем. Вірақ есік көргенді қайтсін ол. Менікі босқа азаптану шыгар... Осылай деді де кесені қоя салды. Жып-жылтыр ботін сыйып жас моншақтары домалап түсті.

— Айналайын-ай,— деп өміренді Урия.— Ол қайнам қолыма түссе мойнын бұрап берейін!

— Жоқ-жоқ, айтпаңыз, ештеңе деменіз...

— Айтқанда түндігін тіліп айтам, білдің бе?!

\* \* \*

Урия Қайырды кешеден шақырып алды. Амандық-саулықты тамамдаған соң:

— Қайнам, есің соқталдай жігіт болыпсың гой! — деді.

— Әбігер заманда адам ер жеткенін де аңғармай қалса керек,— деп күлімсіреді Қайыр.

— Айналайындар-ай, маңдайларыңа берген бір уақыт қой. Оқу оқып, білімге үмтүлатын кездерінде шаруа салмағы мойындарыңа түсіп бейнет көрдіңдер. Өлі бәрі де бір күнгідей болмас,— деп жігіттің жүдеу кескініне қарады.

Қайыр жүзін тәмен салып, қалың қастарын қозғай берді. Урияның түтіні оңынан шығып, қызымен арасындағы қатынасты жандандыра бастайтындаі көрінді. Шешесіне айтып қоймағанына кім кепіл. Енді Урия төтесінен тартып «қызыымды алып тын, әйтпесе саудаңды бітірем» дер ме екен. Онда не айта алады бұл. Тана ма, әлде «бәрекелді, алайын» дей ме? Құғын жеткен қорқау қасқырдай сасқалақташ Қайырдың берекес кетті.

Урия сары табақтай жап-жалпақ бетін бері бұрды.  
Кескінінде бейкүнә күлкінің нышаны бар. Май басып  
кішірейіп кеткен көздерін сығырайтыңғырап:

— Білем, бәрін де білем,— деп қалың еріндерін ашып ешкі тістерін көрсетті.— Урия женгең де сендердегі жас болған. Біздің Мәлике келінмен өуейіленіп жүргенінді екінің бірі айтады. Балалы болып қалса қайтесің? Қошай қайнұма келген қара қағаз жалған болып, күні өртөн жарқ етіп өзі келіп қалса қайтерсің? Сені шыбындай желпиді, білдің бе? — Урия пүштиган мұрнын тартқылаап алып сәйлеп берді.— Сенімен атағы шықты екен, қайнұм Мәликені келсе де алмайды. Келіншектің соңына жаман атақ жапсырып отырсың. Сен оны енді қалай да аласың. «Кіммен қара болсан, сонымен ақ бол» деген, шырагым.

Қайыр, қап-қара кекілі көзіне түсіп төмен қарап отыр.

— Женеше, бәрі бекер,— деп міңгірлей берді.— Кейін сейлесейік, кейін... Қазір уақытым жоқ!

Құйынның ішінен шыққандай есендіреп жігіт кетіп барады. Кескін-сиық қалмаған. Урияның тарғыл даусы құлагында ызындаиды.

«Мәликені аласың», — дейді қырылда. Онымен дозақ отына түсуге бармын гой. Қапылыста Зібирага кездесіп қалып, екініші кетер емес. Көз алдына Мәликенің қоңырша назды кескіні мен Зібираның тұрпайлау, өзет қылықтары елестейді. Мәлике ақылды көздерімен аялап елжірей қараганда ішкі дүниене күндей жарқыраған сәуле түсіп, жаңы жадырап сала береді. Көздерін бір ғана жарқ еткізгенін бар ғаламның алтынына айырбастамас еді. Көздер — адамның ішкі сырь көрінетін айна екені бекер емес. Ауызben айтуда батын махаббат жырларын көздер сайрап айтып қояды екен. Солай \*

Қайыр жүріп келеді. Ой әр тараңқа кетіп басын қатырды. Анығында, ол жарытымды ештеңе ойлап та келе жатқан жоқ, жай ғана есендіреп келеді. Бір ағаттық етті. Қалай болғанын өзі де біле бермейді. Бір ауыз сөзге келмей баурап әкеткенін қайтерсің. От болып жанған ыстық білдірерін мойнына орап алғанда бұлтаруға халі болмай қалды. Тұла бейынан жастық жағыны лаулаған, етір исі, қызы исі аңқыған Зібираның батыл қимылы Қайырды жылая арбаған торғайдай тартыш әкетті де, әлдеқандай магынасыз сөзсімактар-

ды күңкілдеп айта берді. «Мен де сені сүйем» деген сездер қат-қабатта аузынан шығып қалды. Бірақ сол сезінде шындықтың ізі де жоқ екенің енді сезіне бастағандай. Шешесіне аумай тартқан апайтөсары қызыдың орынсыз күлегештігі ме, көzsіз батылдығы ма, еңбекке енжар тоғышарлығы ма, әйтеуір, бір мінезі мықтап ұнамайтын сияқты. Кейбір қылықтары на елжіреп жақын тұтқанымен, жүрегінде оған деген ыстық сезім тым аз. Бірақ «сүйем сені» деген сезіл өзгертіп «сүймеймін сені» деп қалай айтпақ. Сүймейдекен несіне әуре етті. Алдаудың арты қорлау емей не! Азаматтық ожданың қайда сенің, Қайыр! Өзіндей жігіттер Отан үшін жаумен жағаласып жүргенде ауылда қыз-келіншектерді аңдуға қалып па едің? Жо-жоқ аbzалы, ешқайсысына да үйленбеу. Үйленбейді.

Ой деген бір түпсіз дария, тереңіне батырып әкетеді. Қаршадай күнінен балалар үйінде тәрбиеленіп ті. Соңда оқып жетіжилдіқ бітірген соң механизация техникумына түсіп, механик мамандығын алды. Механиктік дипломды қолына ұстап шыққанда соғыстың басталғанын естіді. Естіді де, көппен бірге майданға сұранды. Алғашқы бетте оған жол тимеді де, МТС қарамағына механик болып істеді. Жұмыс сағаты да жоқ, норма мен мөлшер де жоқ, майдан үшін күн-түн сүбек етті. Тәуліктеп үйықтамаған күндері болды. Жонделіп жатқан комбайнның моторы түсіп кетіп, сан жілігі сынып екі-үш ай ауруханада жатты. Ауруханадан пасығыс шыққаннан ба, көп уақыттар ақсал жүрді. Майданға аттануга дәрігерлер рұқсат бермеді. Енді тәуірмін дегенде бронға қалдырыды. Жаумен жағаласытын жап-жас жігіт осылайша ауылда жүр. Военкомата соғы барғанда ашулы комиссар кабинетінен күш шықты да, қайтып беттей алмады.

— Бригадир Қайыр Құлахметовтың бригадасы трактор жұмыстарының жылдық жоспарын асыра орындады, 200 гектар тың жер жыртты. Сол үшін мақтау грамотасы беріледі,— деп МТС партком секретары Мұқитов қолын қысқаны жақында еді. Қөшпілік дүркін рете қол соғып жатты.

— Жауды ақырына дейін жену үшін аянбай еңбен етем! — деп міңгірледі, ол ескі құлақшының сығымдал тұрып. Өзі солдатпын, жаумен жағаласып журмін деп ойламаған еді. Мұқитовтың сезіне қарағанда, әжеш тәуір іс тындырған екен ғой. Солай... «Жоқ, мен жұмысты бұдан әлдеқайда жақсы істеуге тиістімін. Пішен

науқанын жүргізе отырып, жер жыртуды тоқтатпаймын. Жаңа жердің бір гектары, есکі жердің бес гектарының өнімін береді екен. Пар жырту тағы бар. Егіншің бет алсызы мынау жайқалып тұр.

Қайыр бидай танаптарын бойлап асыға басып келеді. Эуе айналған ыстықта көгілдір сағым дірілдейді. Сағым селін кешіп жақындаі түскен жалғыз тракторды жыртынды басында тосып алды. Трактор кілт тоқтады да, моторды сөндіре салды. Құн күйдірген орындықтан түсуге Мәликеге болысу үшін Қайыр қолын соза беріп еді, келіншек өз бетінше секіріп түсіп, доңғалақтың көлеңкесіне отыра кетті. Аспанмен астасқан иқ селеулі даланы қақ айырған жыртындыда қара қарғалар шұқынып жүр. Жусанның арасынан шегірткелер шырылдайды. Бозторғайлардың әуенді үні естіледі. Мәлике жабырқау. Құлкі арылмайтын жапжас жүзінде кейістік бар. Науқас адамдай еңкіш тартып жүдеп қалыпты. Жүрекке шоқ тастайтын жарқеткен қара көздерін тәмен салып, ып-ыстық темір доңғалаққа сүйеніп үнсіз отырды. Радиотордың сұзықырлап қайнап тұр. Трактордан ыстық леп еседі. Мәлике тап-таза қол орамалын алып терін сұртті де, көздерін басып жылап жіберді.

— Не болды, Мәкен? Айтшы, кім жәбірледі өзінді, кім? — деп Қайыр құшақтай алды. Айтшы, қане, айтағой енді!

Мәлике зәбір көрген ерке баладай солқылдай берді.

— Не болды, кім тиді? — деп Қайыр отыр қарқылдап. Келіншек енді даусын шығара түсті. Қайыр уата алмай әбден қысылды. Құшақтап қатты қысып, тер тамшылаған бетінен сүйіп алды. Мәлике Қайырдың қолын сермен тастап шегіне отырды да, ағыл-тегіл көз жасы құрғап үлгермesten аппақ тістерін көрсстіп сақылдалп тұрып күлді.

— О, құдайым-ау, не дерсің! — деп алыш, шегі катпасы бар ма. Қайыр қорқып кетті. Далада жалғыз жүріш жын қақты ма деп те қалды.

— Не болды, не? — деп сұрай берді.

— Ештеңде де болған жоқ,—деді Мәлике құлкісін тъймай.— Кеше қайын ағам күйеушілеп келіп...

— Қайдагы?

— Қайдагы болушы еді, Бошай агатайымды айтам. Таң алдында трактор жанына қисая кетсем бет аузымды бірдене жыбырлатып барады. Кесерткө екен

деп шошып оянсам, қараңғыда бір үп-үлкен адам үстімде төніл алыпты.

— Астапыралла, шоши көрме, Мәкен, мен Башай гой,—деп сыйырлайды. Үнім шықпай қалды. Бетімді аймалап өзіне қарай тартып барады. Жаңа ғана салған көкше насыбайдың иісі жүрек айнытады. Орныман атып тұрдым.

— Не керек сізге?

— Айтар сезім бар еді,—деді Башай тізерлеп отырып. Таң алды болатын. Шығыстан бозғылт шапан көтеріліп келе жатқан кез. Сайқылда аппақ тұман арасында жылқылар жайылып жүр. Жайылып жүрген жоқ, аппақ су ішінде қалқып жүзіп жүргендей. — Саған айтар сезім бар еді,— деді ол жалынышты дауыспен.— Қошайды соғыс құртса, мені құдай құртты. Баласыабын, «баласыздың күні шарасызы» депті. Екі торының евгешелігі жоқ. Өйел «ерден кетсе де, елден кетпейді» депті,— дейді күмістей-ақ кірген шықшытын қасып отырып. Мен үндемедім, не дерімді білмей тығылып, жаңи жүрегім қалтырап кетті. Атып келе жатқан таңға, анталай шоғырланған сансыз жұлдыздарга қарап қатып қалышын. Сазда құрбақалар шулап қоя берді. Жап-жакыннан бедене бытшылдады. Тоңғандай тісім тісіме тиер емес. Башай қайнагам қара көлеңкеде жалбырайып өлі отыр тізерлеп. Қара қағаз келген жолы Қошайды жоқтап, мұңшылығын айтып еңрегені кез алдыма. Үп-үлкен еркектің дауыстап жылағанын бірінші көруім еді. Сонда бір қатты аяганым бар езін.

— Мәкен, айналайын, туғырдан түсіп отырган мен жоқ. Қатын мен қызды белек қалдырып, қолыца кірем. Қызға күйеу даяр. Қайырмен ауаланып жүр гой. Соған ұзатып тынармыз, из сейтерміз,— деді Башай қайнагам жақындей түсіп. Не болғанымды білмеймін, аспан айналып жерге түскендей тенселіп кетішін.

— Кетіңіз осы арадан, дереу жоғалыңыз!— деді даланы бетке алып жүгіре женелдім. Белуардан шың кешіп шаршаганша жүгірдім де, қалың селеу арасына құлай кеттім. Қатты үйықтағаным соншалық үстімнен күн қыздырғанда бір-ақ ояндым. Бозторғайлар үң құлақ тұндырады. Сәскелік шуақта дала маужырап сұлап жатыр. Кез керім жерде бригада қосы қараутады. Беріректе жыртынды шетінде менің «бестігім» тұр. Нәқ бір шаралты өлердей ішкен маскунемге үксап тәлтіректеймін. Бұрымым будырап, майдайым

түседі. Жұмысқа тартатын жеңіл шөлімді сүйрете үстап ілбіп келем. Тракторға от алдырып жүріп кеттім.

Мәлике түк болмағандай кетік тістерін жалаңаш-тап құлді де:

— Солай, менің ардақты Қайырым. Шал-шақпыта-ка нәсіп болуға айналдық сөйтіп. Енді біраздан кейін шалдар да қарамас бізге. Оナン да қолға тиіп тұрған еркектен айырылмағанымыз дұрыс шығар! — деді қа-багынан қар жауып. Қайыр ештеңе түсіне алмай есенді-реп отырды да:

— Жаным, Мәкенім, мен сені ешкімге де бермей-мін. Ешкімге де,— деп ұмтыла беріп еді, Мәлике сон-шалық бір өшпенделікпен қеудеден итеріш жіберді.

— Зібираца бар, жоғал осы жерден! — деді тістеніп.

Қызып тұрған мотор бірден от алды. Замандар бо-йы тузып жатқан қыртысты қопарып трактор ұзай берді. Қайыр трактордың көк тұтін атқылап қиналып тартқанына, жыртынды бетінде ақ тұмсық қара қар-галардың ұшып-қонған берекесіз тобырына қарап ұзақ тұрды. Мәлиkenің тракторы сағымға оранып көрін-бей кеткенде барып Зібирамен жұзбе-жұз кездесіп қалды.

— Қимай тұрмысың, көп ұзамай жұртыңа қайтып оралады,— деп күлгөн болды Зібира. Қайыр маңдай терін сүрткілей берді.

— Бәрін білем, естігенге наңбас едім, көзбен көрдім. Тал түсте бауырларың жабыса қалған екен. Көр-сетемін мен жабысқанды! — деп Зібира Қайырды ша-палақпен салып қалды. — Қорлайтын қызды тауып-сың. Ана жолы не дедің, енді не істеп жүрсің? Қатын алатының бар соқтықпауың керек еді.

— Мен ешкімді де алмаймын, үйленбеймін! — деді Қайыр міңгірлең.

— Ерегескенде, мен өртең-ақ сені үйіме кіргізіп алам! — деп Зібира алпамсадай болып төне түсті.

— Мен саған малмын ба, кіргізе салатын,— деді Қайыр қарсыласып. Сонарадай жерде шоқытып Бошай келе жатқан. Бұларды көріп танымағансып, қырындаپ етіп кетті.

— Сендікпін деп уәде бергенсің, сүйсемін дегенсің. Сөзіңе сеніп ұяты болып қалдым, жүктімін,— деді Зібира ағыл-тегіл жылап.

Қайыр енді қысылайын деді. Көмірдей қара ке-кіл жапқан маңдайынан тер бүрк ете түсті.

— Қой бекер шығар. Сен менің еркімді алыш жі бергенсің. Мен не болғанымды да аңғара алмай қалам. Бірақ...

— Иә, бірақ.

— Бірақ, мен сені сүймейді екем. Жалған екен ол сөзім. Кешу ет, Зібира, кешу ет!

Қайыр көздері жасаурап осылай деді. Зібира бетегенің үстіне отыра қалып ағыл-тегіл жылай бастады. Қайыр оны шын аял кетті де:

— Зібаш, сабыр етші, тынышталшы. Маган үйлеңуге болмайды. Мен майданға сұранып жүрмін. Түсініш сен! — деді.

\* \* \*

Урия іссіздіктен зерігіп әбден қалжырап отыр еді. Кішкепе терезеден қайта-қайта тысқа қарап қойып күрсіне берді.

— Элгі қызы құргышы қайда гана жоғалды екен? — деп үштей күбірлейді. Сыртта өрістен қайтқан малдың шуы, адамдардың мал қайыргандары естіледі. Урия шайқалақтай басып орынан тұрып, жұп-жуан іркілдеген білегіне шелек іліп сыртқа шықты.

— О, қарасан гана келгір, еміп те қойғанбысын? — деп бұзауды басқа бір тепті. — Шаңырағың ортада түсін, шандырыңа қадалғырдың үйінің мәшкесі де жүрт қытарлы сауғызбайды.

Урия осылай деп шулатып жатқанда қызы келді.

— Қарагым-ау, осы сен бейуақта қайда жүресін? Мен сорлы, мен қу маңдай таңнан бері не тыңдырмадым. Тізе бұғуге титтей уақытым болды ма? Әбден титықтап біткенім мынау. Осы қараңқалғыр үйдің ошагын сөндірмеймін деп арқа етім арша, борбай етім борша болып өлеңтін болдым гой, мұқым! — деп Урия біраз желлініп алды да, қызының ұнамаған кескініне қарап: — Ой, өзің неге жүнжіп кеткенсін? Біреу ренжітті ме? Жуынып сергіші, мен шәй демдейші, — деді.

Зібира шапшаң басып қонақ үйге етіп қарауытып, құлазып тұрған бөлмеден жеңіл кейлегін тауып киді. Қыз көңілсіздігін сездірмеуге тырысып шешесімен тізелесіп шәй үрттап отырды. Мұндайда Зібира күн бойы естіген-білгенін шешесіне айтып, шешесі көрші қатындардан естігенін ортага салып, ауылдың ішкі-тысқы хал-ахуалын көлірте, екі еселеп сөз етісетін еді. Осы жолы қызы пәлендей жаңалық өкеле қоймаған

соң, кептөн ойында жүрген «осының бетін ашып алай-  
мышы» деген сөзін айтпаққа ниет етті.

— Қызым,— деп Урия май басқан жүзікті саусақ-  
тарын Зібираның тізесіне қойды.—Сен баласың гой, не  
білейін деп едің. Әкең сенің жолдан тайып бұзылды.  
Мәликені алып, жас істі боламын деп құлқыны құ-  
рып жүр. Қартайып отырмын ба, байымды қолымнан  
беріп. Мәликенің Қайырға тигісі келеді. Бірақ Қайыр  
оган сөз айта қоймаған соң, шақырып алып желкелеп  
отырып сөз айтатын еттім. Көп ұзамай тойлары бола-  
тын шығар. Шалдың да жұні жығылып кетіпті. Шоқ  
түссін, Қайыр мен Мәликенің тойына ертіп апарам  
озін, әлі!— Урия көйлегін шертіп тұрган үлкен кеуде-  
сін селкілдетіп, жетісе күліп үйді басына көтерді. Зі-  
бира дәл бір шешесінің оқыс кескінінен шошығандай  
талықсып барып жастыққа құлай кетті.

— Ой, Зібәш, саған не болды? Немене, әкене тоқал  
алғызбағаныма күйіндің бе? Ибәй, әдрем қал, о, несі-  
әй. Иә, алсын, мен-ақ кетейін осы уйден! Қөгереберің-  
дер сол шұнақ тоқалмен. О, несі-ай!

Зібираның кескінінде қан-сөл жоқ.

— Зібәш, жә, қой еркелікті. Сен сөйтті екен деп  
үстіме тоқал алғызбаймын білдің бе!— деп қызды та-  
қымынан нұқып қалды.

Зібира өуелі үнсіз солқылдап, бара-бара үдетіп, сің-  
рең жылады. Бетін басып алып домаласын келіп. Қой-  
қойлап шешесі отыр басында. Бірақ қызы уанар емес.  
Уанбаған соң Урияның да «аксайтаны» ұстап кетті.

— Эй, бетбак, енді қоямысын, әлде шашыңды тал-  
дал жүлжып, жүндей түтейін бе өзіңді. О, несі-ай, әкесі  
өлгендей еңіреп. Құрттыңдар, өлтіріңдер мені!— деп  
бетін жыртып, зарлап қоя берді. Шешесі кезек алган  
соң қыз енді тыйылып, ықылыш атып:

— Сен құрттың мені, тамырыма балта шапқан  
сенсің!— деп шешесіне тарпа бас салды.

— Мына бейбақ не дейді-ай, не істеппін сонша?—  
деді Урия көздері атыздай болып.

— Сен, сен!— деп Зібира тіктей қарады.— Қайыр  
менің жігітім, оны Мәликсге тықпалайсың. Керек де-  
сің айтайын ба?

— Айтшы!

— Айтсам, мен жүктімін Қайырдан!— деді қыз  
бетінен оты шығып. Урия ана жолғыдай аппақ болып,  
көздері бозарып кетті.

— О, тәңірім, көрсетпегенің осы ма еді.

\* \* \*

Ерте күэ болатын. Пісіп жетілген бидай масақта-  
рын шайқап жылы жел еседі. Ақ ала бұлт көшкен  
аласа аспанның астында кемеліне келіп дала жатыр.  
Селеу ақ үкісін тастап, кең алқап сарғыш жасқылт  
реңде аудысқан. Қос ағаш жақта дөңге артыла түсіп кү-  
рең сары егістік созылады. Бидай танаптары кекжиекті,  
көмкеріп жатқан көгілдір ормандарға қарай созылып  
ұзап кетіпті. Бидай жазирасының үстінде тойымсыз  
құладыңдар қалықтап, ерке сағым жөңкіді. Жазықта  
салт атқа мінген Қайыр келеді. Қабажал қоңыр дөнен  
кібіртікей басып, жанап кетсе бидайдың мұртты ма-  
сақтарын қармап аудызығымен қоса күтірлете шай-  
найды да, еріншек журісінен айнымайды. Қузап келе  
жатқан Қайыр жоқ. Егістікті аралап көріп, ораққа  
кірісу жайын ойламақты. Ұзақ жолдан шаршап жетсе  
де, ерте тұрып дала кезіп кеткені. Семинардан егінші-  
ліктің біраз сырына қаныпты. Профессордың қарттық  
жекеңен жүдеу кескіні кез алдына келген сайын егінді  
егу, оны күту мен ору жайлы бұрын бұл білмеген  
қағидалар есіне туседі. Қалада ұзақ жатып қалған  
сияқты. Киносына да, театрына да барды. Думанды  
тірлігін түгел көрді. Бірақ аудылды сағынып, даланы те-  
әрек көруге асығып жүрді. Міне, сол дала. Бозторғай-  
лар шарлаган, қоңыр жел есіп, құйын дөңгеленген,  
шагыр жусан мен киік отының бас айналдыра  
қышқыл иісі аққыган маңғаз дала бұл. Қайыр тіпті  
бір ай емес, бір жыл көрмегендей сағыныпты.

— Жарықтық-ай, сенен сүйкімді мекен бар ма-  
екен?!— деп күбірлеп келеді. Ой-қырды түгел шолып,  
пар өндеп жүрген тракторға қарай тартты. Трактордан  
түскен Мәликені құшактап бетінен, көзінен еүйіп  
алды.

«Сағындым ғой сен!» дегенді күбірлеп айтЫП, ке-  
ліншектің тығыршықтай денесін қатты қысып жібер-  
ді. Осының барлығын Қайыр еркінен тыс істеп, беті  
дуылдап қоя берді. Ұялыс тапқан көздерін ашқанда  
Мәлике ештеңс болмағандай жәйғана күлімсіреп тұр  
еді.

— Сәулем, періштем,—деді Қайыр естірте. Мәлике  
кулкісін тыйып:

— Мен саған сәуле де, періште де емеспін. Мен ер-  
те шыққан әйелмін. Сен өзіңе лайық періште тауып  
алыпсың ғой. Қосағыңмен қоса ағар! Қайнаға той жа-

сау қамында жүр. Енді сен қайынсілімнің күйеул  
ганасың. Ұқтың ба?

Қайыр соңшалық бір жалынышты кескінмен:

— Ешқандай тойды да, қызыда да білмеймін! Егер  
теңім деп санасаң сезінді бер! — деді ол.

Мәлике күлді де:

— Сен, Қайыржан, именбей ашық сөйлесуді қай-  
дан үйреніп жүрсің? Әлде Зібира ма үйреткен?

— Зібира дегенді білмеймін, білгім де келмейді,—  
деді Қайыр жақындаған түсіп. Мәлике ығысын шегіне  
берді.

— Кішкентайларың да көрінуге айналды емес пе?  
Сонда да білмеймісің?

— Білмеймін, ешқашан да...

— Сен білмесең, мен бәрін де білем. Көрсө қызар-  
лық, Қайыржан, саған лайық емес. Бүгіннен бастап  
мені жайыма қалдыр. Бақыттан басқа тілерім жоқ  
өзіңе!

Мәлике осылай деп моторы сөндірілмеген трактор-  
га отырды да, қап-қара болып есіліп жатқан пардың  
үстімен соқа сүйретіп кете барды. Осы бір бала мінез,  
бала пішінді уыз жасты жаңындағы жақсы көріп көзі-  
нен таса еткісі келмейтін халге ұшырапты. Құмарту  
қызғалдақтай тез семіп, қурап кетеді де, махабbat тे-  
зіп бағады деген бар. Түңіліп, жүргегінен жұлып таста-  
ғысы келсе де, Қайырдың көрмей, сөздерін естімей тұра  
алмайды еken. Онсыз мына тіршіліктің түк те қызығы  
көрінбейді. Жоқ, ол бұл тағдырға қалай да риза емес.  
Қайткенде күнде де өзі дегеніне жетуі керек. Қайыр-  
дың көңілі бөтен болмаған соң несіне қиналады, қосы-  
лып алу керек. Зібира отырсын солай масқара болып.  
Қыз қалпымен женілтектікке салынатын несі бар?

Мәлике әрі ойлап, бері ойлап, Зібираны тағы да  
аяп кетті. Бейшара қызы елдегі жалғыз жігітке ұмтыл-  
мағанда қайтсын. Өзі жасынан жеңілtek өскен. Жас-  
тық ғұмырын текке еткізгісі келмегеч шығар. Ақыл  
тоқтатпаған бейбақ емес пе? Әйеллің қысылшаң кездес-  
ріне шыдай алмағанғай. Өзіңнің бақытың үшін біреуді  
сорлы ету ақылға сый ма. Қолынде баласы бар Зібира  
елестеді. Тығыршықтай әп-әдемі. Қайырға тартқан  
ністе мұрын бебек талпынып отыр Әкесіз, жетім сәби.  
Шірақ Қайырдікі. Қайырдікі болған соң Мәликеге одан  
қымбат не бар. Қызғаныш пен аяныш сезімдері келін-  
шектің кішкене кеудесіне толыш тұрды. «Жо-жоқ, ата-  
маныз, екі бірдей адамның бақытына бөгет бол» ал-

маймын. Бездім, түңілдім. Соғысы құрғыр біткесін өмірді әліпінен қайта бастармын. Жалғыз мен бе жесір қалған. Жесірлер жеткілікті ғой. Шыдам қайда, ұят қайда».

Мәлике көз жасын тыйып, шалқайып күнге қара-ды. Күн де бүкіл әлем де қаз қалпында тұр екен.

\* \* \*

Күздің сұық желі соғып, азынаған ауыл тұні болатын. Көңілсіз елдің той-томалағы да тез тарқап, жұрт жылы төсектеріне жатқанда Мәлике ғана ызырыққа қеудесін тосып көп тұрды. Құйіп-жанған ыстық денесі салқындал, тынысы кеңігендей еді. Қараңғылық құшагына кірген аласа үйлер тілсіз жартастарға ұқсап тұнегін тұр. Түн күзеткен сары тәсек науқастай сүлеленіп жалғыз жарық көрінеді. Мәлике ынтасыз басып, жақындан келді. Ойына не келіп, не кетіп жатқанын анық аңғара алмады. Бұдан төрт жыл бұрын тап осы үйдің осынау сығыр терезесінде торсық пішіндес қаңылтыр шам тұтінде жанып тұрған-ды. Үрия жеңешесі тойда қонақ күтумен емес, басшылық етемін деп журіп діңкесі құрыған. Онда елдің түгел кезі. Қызы-келіншек, жігіт-желен қәп жиналған. Жұрт таң алдында тараған соң шамның сондірілуін асыға тосқан Қошайдың жүрегінің дүрсілін естіп, көп жатып еді. Ешқашан да басынан кешпеген, бірақ өр кез көнілі қалаған өзгеше сәттерді жүрексіне, қорқа тосқан-ды.

Мәлиkenің бақытсыздығының айғағында болып тап сол қаңылтыр шам Бошайдың үйінің терезесінде сығырайып қазір де тұр. Үй ішінде біреулер жүрген сияқты еді. Әр берден соң бәрі де тынышталды. Ауыл иттерінің ала-құла үргендері азайып, ең сақ деген дәу тәбеттер ғана маңқ етіп ықтасынға жата кетісті.

Жел ышқына соғып Бошайдың үйінің жанындағы кәрі теректің ауыр бұтақтарын шайқап, соңғы жапырақтарын сілкіп түсіріп тұрды. Зәулім терек өзінің тілімен сыйырлай сөйлеп, шерлсне сыйситын сияқты. Откен күндердің қызығы мен шыжығын айтып ах үргандай болады. Мұнайған Мәлике көңілінің пернесін тап басқан бір күйді толғайды. Аспанда қап-қара бұлттар жүзіп, жел қүшейіп барады. Теректің ұшар басы иіліп толқып қатты теңселіп тұр. Көршінің қорага жапсыра үйген шебінің жапсарын желліп көтеріп аударып тастады. Терезедегі жалғыз жарық та жалп етіп сөніп қалды. Мәлиkenің кезі қарауытып кетті. Ол бетін

басып егіліп қоя берді. Қаңбырдың құйып тұрганын, қалтырап тоңғанын білді. Женіл киіммен шыққандықтан тісі-тісіне тимей Башайдың ауыз үйіндегі тәсегіне кисая салды. Суық несердің терезелерді сабалағанын тындал, ұйықтамай жатты.

Көзіне Қайыр елестеді. Ана жолғы сүйкімді балғын қалпы. «Бәріне Үрия кінәлі», — дейді ол іштей. Жағдайды айтып зар илеп Мұқитовқа барған. «Сендердің тәрбиелеп жүрген жас азаматтарың қызыымды аламын деп, алдаң масқарапалты. Қызым шермиіп отыр. Тәртіпке шақырындар, әйтпесе сенен үлкен бастың та бар», — депті. Мұқитов сұрағанда Қайыр тана алмаған.

Шырагым, адам тағдыры ойыншық емес, — депті парторғ әкесіндей жазғыра сөйлеп. — Сүймейтінің бар, бекер жолайсың. Жолайды екенсің, кінәлі екенсің, қызға үйлен. Өйтіп қорлауга болмайды. Үйленбесең жазага тартыласың депті.

Қайыр бірнеше күн сең соққан балықтай мәңгіріп жүріп еді.

Қыз тоқ етерін айтты:

— Егер сен алмадың бар гой, өлмей қоймаймын. Өзімнің де, сабиімнің де өлімін мойның артамын, — деді.

Тақыр жалғыз болып өскен Қайыр дүниеге келгелі тұрган баланы аяды. Мұның қырсығынан текке өлешек жап-жас ананы аяды да, «құдай салды мен көндім» деп бекінді. Қайырды қалтыратып, Мәликеңі азапқа салған неке тойы күздің аласапыран кешінде тез басталып, тез аяқталды. Жас жұбайлар жатқан төсек жаққа қинала құлақ салып Мәликеңің үйқысы шайдай ашыла берді. Көз жасының барлық қорын тауысып болғандай еді. «Жоқ, — деді ол өзіне өзі қайрат беріп. — Несіне бордай үгітілемін. Эйел қырық шырақты, бақыттым алдында емес пе?»

\* \* \*

Мәлике таң елең-ғланда түйіншегін ұстап жолға шықты. Қеудеден итерін суық желге қарсы шашаң жүріп келеді. Өткеннің бәрін із-түзсyz ұмытып, өзін жаңа адам етпек. Қүрең жол қыр үстіндегі қос ағашты жанай өтетін еді. Қимай бұрылып қасына барды. Құлаш жетпес егіз қайың ауыр теңселіп тұр. Жалырақтары түсіп, жазғы әдемілігінен жүрдай болыпты. Қоктемде Қайыр екеуі қалдырган сынық бөлшектердің бірін ұстап көріп, ақырынғана орнына қойды. Жел

айдаган сүр бұлттар іркес-тіркес болып дала үстімей асығыс жәңкіп барады. Алыстағы ауылдың ұсақ, ойыншық үйлерін көшкен бұлттар мамық бауырымен сүйкеп кетіп жатыр. Мәлике де ұзақ жолра бет алды. Ауылдың қарасы үзілерде тағы бір қарап күрсінді де, пысық адымдай түсті...

\* \* \*

Көктемнің ұзақ сары күні батарга беттеп барып са-рылып көп тұрды. Күн барда ауыл бетін көріп қалуга асығып Қайыр тебіне түседі. Ұзаңгіден төмен үдерे дүрсілдеген тұяқ дүбіріне құлақ қойып үнсіз келеді. Иси даланың әр шетінде белуардан қарға батып қайың шоқтары дәрменсіз мақұлықтарға ұқсап құмылсыз тұр. Күнге тотықкан сірі қара кескінінен шып-шып тер шыққан Қайыр жалақ ерінің тілімен жалап қойып жорта берді. Қинналып жүдесе де іс тындырып, көнілі көп демделіп қалган. МТС-та жұмыс істеген Қайырлар колхозға тиесілі тракторларды жөндеп болыпты. Мұқитовтың айтуына қараганда, көрші колкоздың бітпей тұрган тракторларын қатарға қосуға тиісті екен. Үйге барып қайтура зорға ұлықсат алды.

Ол өз әкесін көрген жоқ-ты. Әке мейірімі дегенді білмей есті. Бірақ әкенің жүргегі қандай болатынын анық сезіп жүр. Соңғы алтада баласын екі рет түсінде көрді. Біріншіде жөргектегі сәби қалпында тіссіз аузын ашып күлімсіреп, талпынып отыр екен. Қолына алыш аймалай алмады, оянып кетті. Екіншісінде тіпті жас өспірім қалпында елестеді. Өвінен аумаған сирақты бала арсаландап алдынан шығыпты. Қуаныш туғанинан бері Қайырдың көнілі кең жайлаудай гүлдеп, құлпырып кетіп еді. Жүргегіне бақыт ұялатып, өз бойынан бір ұлылықты сезінетін. Сәбидің әке-шешені танып, талпынып күлген кезі, тілі шығып сейлей бастапаны, бала болып асыр салып ойнағаны, азаматтыққа жеткені, бәрі-бәрі таусылмас қуаныш екенін жас жігіт қайдан білсін. Жортып келе жатып қойнына қолын апарып ойыншық атты сипалап көрді. Қара бестінің тышсыз жүрісі зықысын шыгарса да, жортып келеді. Үстіне тезегі шығып қалған жазғытұры жол көз ұялтқан қарлы дала-мен ұзақ ирек салып алысталп барады. Ақшамға тақау дән үстінен егіз қайың мұнартып көрінді. Екеуі құрметті қонағын күткен сәнді жұбайлардай иық тақастырып сыйырласып тұр екен.

— «Айналайындар-ай, оттай ыстықсындар гой өз-

дерін!» — деп Қайыр алабұрта үн қатты. Иесінің даусына қара бесті де қамыс құлақтарын қайшылап, елеңдеп жорта жөнелді. Қун үп-үлкен қызыл шеңберін қарлы даланың шетіне біртіндеп батыра берді. Қызылт сәулесі үнсіз төгіліп дірілдеп біраз тұрды да, айнала салқын тартып бара жатты.

Қайыр атты іле салып ішке кірді. Ауыз үйде қызып жаңған пештің алдында Қуанышты ұстап Зібира отыр. Отқа қызыл беті албырап көтіпти.

— Қуаныш, Қуантай,— деп баласына ұмтылды.

— Эр жүр, саған қатын-бала не керек. Апталап тентірегенде бір ойладың ба бізді. Мәлиkenі тауыпсың тағы,— деді де, баланы сүйрей қашып төргі үйдегі тессегіне жатып алды. Қайыр Зібираның орнындағы тулақка жайғасып алып пештің ішінде дөңгелене зулаған қызыл жалынға қарап үнсіз отыр. Қойнынан алып ойыншық атты жанына қойды. Жан қинап жұмыс істеді, ерігіп жүрген кім бар. Усті-басы, кескін-кейпі мұнау. Қектем қамы әбден қажытып тастады. Ұғатын Зібира жоқ. Байғұс Мәлиkenің соңынан қалмайды. Шеберхананың кең ауласында Мәликемен кездесіп қалғаны есіне түсті. Мәлике қолын ұстады да бас-аяғына қарап:

— Қайыржан-ай, қалай жұдеп кеткенсің, моншага жуынып алсаң етті. Қарамай ішіндең ауыр жұмыс діңкелеткен гой! — деп еді. Тракторга сүйеніп тұрып кішкентай Қуанышты сұрастырды. — Kicі болып қалды гой. Қүлетін шығар. Иіскең, сүйер ме еді өзін! — деді көздері жасаурап. Қайырга кеңесуден аулақтағанмен, көзінен таса еткісі келмейді оны. Қайда Қайыр жүрсе мойнын созып күн бағыстай бағумен болады әркез. Қайырды көрсе жүрегі жылып, көнілі марқайғандай, жалғыздығын ұмытып, кескіні құпия күлімдеп, рахаттана тыныстытайтын сияқты.

Құ отын тез жанып бітті де, үйліп шоқтың арасынан жасқылт жалындар лып-лып етіп біртіндеп сөне берді. Отқа қыздырынған денесі арса-арса болып Қайыр қалғи бастады. Зібира төргі үйден бері шықпады да, сейлеспеді де. Қайырдың да өзімшіллігі ұстап бас ие қоймады. Сөйтіп отырганда дабырласып Бошай мен Үрия кірді. Қонақтан көнілді қайтыпты. Бошекең болса дөу денелі Үрияның қасында кіп-кішкене болмысымен балаға үқсан тұр.

— Ө, келдің бе, сайраның таусылған соң жеткен скенсің. Саған бала не керек. Ризығынды айырып жур-

генінді үйде отырып білгеміз,— деді Үрия қиуы қашқан сіздің сұқырлата басып.

— Мен ерігіп емес, жұмыс істеп жүрмін,— деді Қайыр пеш аузынан шегіне отырып.

Шешесінен аумаған Зібира жұлқынып шығып:

— Бұл Мәлікені тауыпты, естіп отырмын. Сатқын, опасыз! — деді сұқ саусағын Қайырдың көзіне тақап.

— Ешкімді де тапқам жоқ, жұмыс істеп келдім, жұмыс... — деді Қайыр кейіп.

Бошай етігін суырып тастады да, төр алдына жантайып:

— Ремонт қалай? — деп мыңқ етті.

— Бітті, тракторлар сапқа қойылды.

— Жараган екен.

— Сапасы қалай?

— Жақсы, оте жақсы десе де болғандай.

— Борекелде-с!

Бошай насыбай атып іргеге шырт түкірді де, көңілі демделген қалыпта мекіреніп қойды. Ашуы асқынған Зібира баланы бір қолынан сүйреп алыш де болғандай итере салды да:

— Экет мына жетпегірінді, тай осы үйден көзіме көрінбе, білдің ба? Мәлікемен кездесіп жүргенінді көргендер бар, өтірік десең айта қой кәне! — деп Зібира Қайырга тағы тепсініп жетіп келді. Қайыр кішкентай Кулиништы бауырына қысып иіскелей берді.

— Өй үндемейсің бе, мойныңа түсті ме? — деп жігітті шапалақпен салып қалды. Төрде жантайып жатқан Бошай атып тұрды. Көздері шарасынан шығып қызарып кетіпті. Кішкене жұдырықтарын түйіп жетіп барды.

— Тарт былай бейбастақтығынды, көргенсіз! Әйтпесе жағынды бұзып жібремін,— деді ол қалышылдаи.

— Бұзып көр қане, есіктен атып үрайын өзінді. Қызымың айтуы дұрыс, мұндай опасыз баймен тұра алмайды. Сен не білесің, лақ текедей бақылдайсың келіп. Титімдей денеде ақыл тұrap жер жоқ,— деді оған Үрия шаптығып. Оған Зібира қосылып үйдің ішін азанқазан қылды. Бошай жұдырықтарын түйген қалпы көздері шатына:

— Мен қашан да Қайыр жағындағын. Осындаі күйеу баласы бар кісі қанға сәлем де бермес. Жұрттан бұрын тың көтерді ме, көтерді. Басқа колхоздар он центнерден өнім ала алмай отырғанға екі жуз гектар тың жерден жиырма центнерден өнім алды ма, алды.

Лудан көлемінде бірінші бригадир атандып тұр ма, тұр. Тракторларды қөктемгі егіске жүрттап бұрын дайын стті ме, етті. Енді аталарыңың қатқан басы керек пе? Жақсының қадірін білмейтін кешелер, түге! — деп бұркырады.

— «Атақ, жұмыстан басқа ойлайтындарың бар ма скиен, әдрем қал өлде маган!» — дегеннен артыққа бара алмады Урия.

\* \* \*

Тағы да қөктем келді. Қалың орманды кірлі күртіктер белдеуlep жатса да, байтақ кеңістікте алғашқы сағым жөңкіп, бозторгайлар шырлай бастады. Күн шұқта түңгыш қызғалдақтар қауашақ жарды. Жыл құстарының ғажайып қықулары естіледі. Қос ағаштан асып тракторлар тырма сүйретіп барады. Беріректе де тракторлар көрінеді.

— Жарықтық, қөктем-ай, келіп қалыпсың-ау,— деп Қайыр аттан түсіп, жусан исі аңқыған бозға аунай кетті. Қекше бетегеге кенедей қадалып қара бесті айналақтап жүр. Аттың аласа бауырынан әрі ауыл үйлері көрінеді. Жігіт шексіз аспанга ұзак, телміре қарады. Бір шүйке бұлт болсайши. Мәп-мәлдір-ау, жарықтық. Осынау тыным дүниенің бір шетінде қантөгіс бар дегенге сенгің келмейді. Берлин қөшесіндегі ұрыстар жайлы оқып көрді. «Құртыңдар бауырларым, фашист сұмырайларды, ердің қаны үшін, бала мен ананың көз жасы үшін! — деді Қайыр кең далага сыймай қуаныш.— Жарықтық май-ай, дүниені қайта тұлеткен құдіретті қөктем айы қуаныш біткенді әкеле жатқан сенсің гой!»

Ауыл жақтан арбалылар шақылап келеді. Бошай ат айдаушының орнына отырып алып:

— Сүйінші, Берлин алныпты, Берли-и-н! — деді есі кете айғайлап. Бोшекен жас жігіттей жерге дік етеп түсті де, Қайырдың құшақтап еңіреп қоя берді. Қайыр кішкене Қуанышты жұлып алып далага қарай жүгіріп барады. Сүйіп барады, иіскеп барады. Сол бетте дең үстіне шығып:

— Қуаныш, Қуанышым менің, туған далаңды қарашы, ғажап емес пе! Соғыссыз, қан төгіссіз заманың азаматы болшы, әмсес сүйтші! Осылай деді де дала қызғалдағын жұлып алып баласының қолына ұстаташып, мәз болып күле берді.

## ҚҰСТАР ҚАЙТЫП ОРАЛҒАНДА

I

Қатарласа берген салт атты Қадишаның өгіздерін шықпыштып кеп жіберді.

— Айда былай, жаны бар кісіше! — Байқараның мұрты тікірейіп әйелге ызбарлана қарап өтті де, кереге жалды қарагерді ойнақтатып алға шықты.

— Айдаңдар, шапшаң!

Үқсан шал мұрнының ұшы жыбырлап бірдеңе айтпақ еді, бата алмады. Салт атты озып барып күртік басқан маялардың төңірегінде атын оппалатып жүрді. Үқсан айналып көріп:

— Су етіп кеткен екен, өттеген-ай,— деп қынжылды.

— Ал қатындар, іске кірісейік! — Киіктің асығын дай ыңғайлы Жықия шапшаң қимылдан, күртікті опырып лақтыра бастады. Құн кезіндегі дәп-дөңгелек жүзін тер жуды. Эйелдер қалың қарды аршыды, белі бұрапландалап Үқсан шал да дамыл көрген жоқ. Жаны тыныш Байқара ғана. Сонарадай жерде қаз мойын қарагердің үстінде мықынын таянып маҳоркасын тұтіндеп тұр. Байқараның жуан бітімінен белі талған ат салмағын аяқтарына кезек салып пыскырынады. Шөвшілер күртікті аршып болып, келіктерді тақап қойды да, маяга айыр қадады. Күзде тебесі түсіп су еткен шөп тоң қатпарға айналған. Басы Үқсан шал болып қанша шүқыса да бір айыр шөп ала алмаған соң, темір күрекпен сүймен жұмсай бастады.

— Бетім-ау, мынау азық емес, қара тезек қой,— деп Жықия таңдана дауыстады.

— Есіл еңбек-ай, зая кетті деген осы,— деп күңкілдейді Үқсан.

— Неге тездетпейсіндер? — деп Байқара асықтырады.

— Алынбай жатыр, көрмей тұрмысын...

— Неге алынбасын, ұмытылмай тұрсындар.

— Кел, қимылдан кер өзің! — деді Жықия мандай терін сұртіп.— Ат үстінде жаурап қалған шығарсын, бойынды жылт!..

Эйелдер арасынан күлкі шықты.

— Эй, қатын, тарт тілінді! Колхоз бастығы қолмен жұмыс істесін деген закон жоқ.

«Қайтесің соны, пале болар» дегендеге тартынған Жықия ма?!

— Осындағы бес қатынға Ықсан шалды қосса, алты қатын. Қамшы үйіргенше, еркек басыңмен өзің келіп көмектеспеймісің,— деді.

— Көрсетем мен көмектескенді. Мына сезің үшін көзінді ағызамын, іріткі салып тұрсың!— деді басқарма тутігін.

— Бәріне өзің кінәлісің, осы маяларды үйіп жатқанда айғайна сонда да салғансың. Төбесіне айыршы шығартпай, іргеден қаусырмалатқаның есінде ме? Издей бастасақ кінәлімің кім екенін біз де табамыз...

— Уа, Ықсан, желіккен дійелдердің сезіне құлағыңды салбыратып тұрсың ғой... Қорага шеп жетпесе, соғыс уақытының тәртібімен жауап бересің!— Байқара келістіріп бір сыбап алды да, атын борбайлап шаба жөнелді.

— Эй Жықия-ай, шырағым-ай, нең бар еді, бір пәнеге қалмасаң жарап,— деп Шапық апай кейіп тұр.

— Көріп алармыз Байқараны! Ал, кімнің ак, кімнің қара екенін екімет тексерер. Қорқатын дәнеңе жок, құдай өзі берген жаңын өзі алар,— деп Жықия қатпарды жұлмалай берді.

— Дұрыс айтасың, қорқатын дәнеңе жок,— деді Қадиша.

Шешілдер қозғалғанда күн ұясына тәніп бара жатты. Ұланқайыр қарлы далаға батар күннің қызыл саулеңі шашырады.. Күн кезі қалың бұлтқа кірген соң батыс жақ өртегіп жатқандай талмаурап тұрды да, сіреу қардың бетімен жаяу борасын сырғы бастады. Өгіздер ілбіш келеді. Қадишаның шанаасына артқан қатлар толқып кетіп бір жағына қарай қисайтып жіберді. Тарғыл егіз бейшара әбден титықтаган, бүйірін соғып тұр. Қадиша қатарласып шу-шулейді. Күн әлде қашан батқан. Бұлт арасынан жұлдыздар жылтырайды. Жықияның дауысы болу керек алдыңғы жақтан:

«Қарағым, айналайың, шырағым-ай!» деп сазды оуенге басты.

Кой қорага, ел орынта отыра Қадиша шепті түсірді де, үйге жетуге асықты. Үйінің терезелерінен от көрінбейді.

— Балалар не болды екен? Мұратжан, Ростай!— деді ол дауыстал. Үлкені қуана үн қатты.—Бармысыңдар, балапандарым?

Қарағыда қарманың, күлгे көміп кеткен шоқты үрлей бастады. Шоқ сәніп, қоламтасы қалышты. Көршіден от экелмек еді, балалары босатлады. Қарауға уа-

қыт қайда, от әкеліп, пілте шамды тұтатты. Қыпылық тап, жаңған әлсіз жарыққа қарап қалтырай бастады. Мұрат пен Роза пеш алдына келді. Кішкене қыздың беті албырап, көздері бозарып тұр. Қеудесінде сырсы бар. Қадиша қатықсыз қара шәйді аузына тосып еді ішпеді. Сандық түбінде жатқан қанттың соңғы түйірін қолына ұстатты. Жеген жоқ.

Қадиша жылына бастаған пештің қабыргасына төсек салып, екі баласын бауырына қысып жатып қалды. Құн бойы сұық сорған әйелді үйқы қысып барады. Розаның денесі от болып жанып тұр. Науқас бала сусын сұрайды. Қараусыз қалған балалар далада көп журіп-ті. Тоңып келіпті де, безгек қысқандай қалтырапты. Қадиша қыстың ұзақ түнінде кірпік қақпады. Бала қиналып шоши берді де, таң алдында гана тыныштық тапты.

-- Уп, Қадиша, тұр шырагым, уақыт болды.

-- Қайнаға, балам сырқаттанып қалыпты, бұғін бары плымасам керек.

Қайқы төс қара шал Ықсан кетіп қалды.

\* \* \*

Екі күндесін бала қайтыс болды. Жас ана кіп-кішкене мейітке қапы қашып, телміре қарап отыр.

-- Шырагым, келінжан, сабыр қыл! Пронтта журген Сайдаштың амандығын тіле, қолың құр емес қой. Мына Мұрат бар, қазынасы кең құдай тағы берер, бастарың жас!—десті үлкендер.

Қадиша ауыр құрсінді. Тағдыр не деген қатал. Жесірлік пен тапшылық, мазасыз жұмыс онсыз да қажытып бара жатқандай еді, енді, міне...

Софыстан бұрын осы елу үйлі ауыл әп-әдемі колхоз болатын. Сайдалының туған жері. Мұнда туыстары, ата-аналары тұратын. Аға-інілері әскерге алынды. Шалдар мен әйелдер қалды орындарын басып. Егін шықпады, шығатын жайы да жоқ, тракторлар тозған, бөлшектер мен жанар май жетіспейді.

Көктемде жеке меншік сиырларын жегіп жер жыртады. Жер қасарып жатып алды. Күші бар, білегі барларға гана жомарт. Уысқа түскен азғана өнімді майданға жібереді. «Жігіттерге берейік, жаумен жағаласып жүргой, өзегі талмасын, біз елде емеспіз бе?— деп Жұман атай бір дәнді тырнағымен шымшып, алып, жұмақтың құрмасындаидай ардақтайды. Елдеміз дегенмен, аспаннан түсер азық бар ма? Соңғы кезде ауыл мына бір қара-

кетке түсken. Үй іргесіндегі жерді күрекпен ойып картоң салады. Оны үйреткен де орыс арасында көп жүрген Жұман қарт.

Қадиша көңілі қапалы, үрейге толы. Сайдалыдан хабар болмай кеткелі үшінші айга айналды. Аман болса хабарласар еді. Пошташы шалды әкесіндегі көріп сонадайдан бәркінің тәбесі қылтиса, тайралаңдап жүргіретін еді. Осы кезде сол бір бәкене, момын шалдан аза бойы түршігеді. Ерте мс, кеш пе, әйтекеір қиямет жайды тәбесінен тастап жіберетіндей көрінеді. Пошташының көзіне түспеуге тырысады.

Откен жаз Жұман атайдың жалғыз ұлынан «қарақағаз» сап ете түсті. Алдында ғана баласынан хат алған. Көп ұзамай тағы жазам деген. Хатты пошташы шал қолына ұстасыпты. Ашып жіберсе, «қарақағаз». Кемпір талып түсті. Қарт күректей ақ сақалын салалап сілейіп қалыпты. Нұрсыз көздері шарасынан шығып, кеудесінен әзіз жанын сурып әкеткендегі өліктей құмылсыз, тастай сұп-сұр.. Бір кезде қария дауыл соққан кәрі теректей, шайқалып қозғалақтап:

— Уа-ха-а! — деп кәрі жүректің у запыранын ақтара: — Соғыс дегенің осында ма еді?!

Иә, соғыс дегенің осында екен! Сағынғаннан ба, Сайдалыны түсінде ыңғай көреді. Ыңғай бір азаптанып, азып-тозып жүргені. Терең жардың аргы бетінде ол, бергі бетінде бұл тұрады. Зарыққан көнілмен қол созады, жете алмайды. Жүректегі шер-мұңын айтқысы келеді, дауысы шықлады. Қиналып, терлеп оянағы. Сонан соң өксиді-ай келіп. Ондайда екі баласын иіскең сабасына түседі де, ұйықтап кетеді. Ұйықтап кетіп, тағы Сайдалыны көреді. Шат-шадымен қуаныш құшагында жүреді. Соғыс та жоқ, қасірет те жоқ...

— Кемді күнге жұбаныш болған екі көзімнің бірі ағып түсті. О, сұм тағдыр, осы екеуін мен бейбаққа көпсіндің бе? — Қадиша қүңіреніп кетті.

— Келінжан, сабырлы бол, тағдыр деген қатал, оған қарсы тұруға адамда қауқар жоқ. Бастьарың жас қой, атамыз айтушы еді: «Арбаның екі арысы түгел болса, көш жүре түзелер» — деп. Сайдаштың амандығын тіле, иә, сөйт, шырағым, ақылың бар еді гой.

Қадиша басын көтеріп алды. Өлусіреген пілте шамның жарығына Жұман атайдың аппақ сақалы көрінеді. Қарт жер шұқиды. Мол денесі бір тарының қауызына сыйғандай болып отыр.

— Біздің кемпір де баласынан «қарақағаз» алған-

нан бері ас-судан қалды. Не деп жұбатарымды да білмеймін. Абзалында шырагым, берік болған артық, е-е, солай!—деп сезінің аяғын соза түрегелді.

— Сейт, шырагым, берік болған артық,— деп қарт шойнаңдаш тұрып бара жатты. Азалы үй еңсөні басып үнсіз тұр. Мұрат шешесінің тізесінде ұйықтап кетіпті. Ұйықтап жатып өксиді. Пілте шамның оты жіңішке ріп, тутіндей берді.

— Қадишажан!— деп тізесін бүгіп Жықия отыр. Келіншектің қан тамып тұратын әдемі жүзі құп-қу. Көзіндегі жас. Қадиша бас салып көрісе кетті. Үйде басқа ешкім болмағандықтан екеуі де шер-мұндарын армансыз төгіп-төгіп жіберісті. Жықия Жұман қарттың келіні, майданда опат болған Әмзенің келіншегі. Ойсыз пәрүйесіз жандай болып көрінетін Жықияның ішкі сарайы зар-налага толы екен.

— Мына заман не деген заман болды-ау, көкірегі түскірге қайғы толды-ау, құрбым-ау!— деп ыстық лебімен өртеп, күйдіріп жібере жаzdады. Қадиша тоқтау жасады. Жықияга қараганда өз жағдайы артық екенін үқтү. Жықия байғұсты айтсаңшы, аңыраса аңырагандай емес пе? Бетінің қызылы, белінің күші барда жесір қалды. Екі әйел өксігін басып, онсыз да қызарып кеткен көздерін қайта-қайта сұрткіштеп отырды. Қадиша сәбінің тілін, қылығын айта берді. Жықия от жақты, самауыр қойып құрбысына қолқабыс етті.

— Қадишажан, шей ішсек денең жадырайды, басыңың ауырғаны басылады. Тірі адам тірлігін қылады гой, өменде сүйтеді. Әмзенің қара қағазы келген күні құдайдан өлім тіледік, тіпті шын тіледік өлімді. Кейін тоқтау қылдық, енді қайтерсің!..

## 2

Әлжан қыстауы ауылдан алыс емес, ортада жол ағаш қана бар. Қыста егіз шананың жіңішке жолын қар бітеп тастайды. Мұнда мыңға тарта қой қыстайды. Шағын елдің негізгі байлығы осы. Ауылдағылар оны «қой фермасы» дейді. Қой фермасының бастығы жаррау, қайқы тес қара сұр шал ІІқсан қанша тыраштанғанымен шаруасын пөлендей жөнге бастыра алмай қойды. Бетін қорасан жеп қойған қара тарғыл Шапық апай сырқаулы болса да, қатардан қалмай, бала-шагағта бас болып жүр. Қойдың төлдейтін кезі. Өткен күні он саулық өлді. Бірі қозылай алмай, бірі іш тастап дегендей титығына жеткеннен өлді. ІІқсан арық қойлар-

ды ашаға іліп, бипаздал сойып жатқан. Мол қаптал күпілі, күркетей сақалы қарауытқан Жұман атай кірді. Кескіні түнерген.

— Мұны қайтесіндер?

Ықсан қаракек сақалын ілгері созып:

— Ет комбинатына жөнелтеміз,— деді.

— Осыларды жөнелтесіндер, ә? Майдандагы жігітерге жіберетін азықтарыңың пормы гой. Ықсан-ау, үялмай қалай айтып тұрсың? Осы колхозды құрып берген, осы малды өсіріп берген, бүгінде қан кешіп жүрген азаматтарға тартқан сыйың ба, ә?— Әр сезін нығарлап айтқан сайын қақ таяғы шошандап салып жіберердей болып тұр.

— Бәтір-еке-ау, мен бе? Әйтеуір, өлеңін болған соң кіріске кіріп өлсін. Бүйткен күнде, бұл саулықтар өлген емес, сойылып, етке тапсырылған болып саналады.

— Жағың неге қарысып қалмайды, Ықсан сенің? Қалай ғана айтып тұрсың осы сезіді. Тарт былай!— деп ақырып қалып, іске татыр қызыл жоқ боршаны ашадан жұлып алып лақтырып жіберді.— Әкет жасығызы, әкет татымсыз өлімтікті.

Жұмекең қой қораны аралап кетті. Келмегелі көп күндер откен. Баласының қазасынан бері әлден айрылып, аяқтан баса алмайтын болып бара жатты. Ақыры бас көтерді де:

— Қате-ен,— деді,— мен пермеге барайынши, қолымнан тук келмесе де бала-шагага бас болайын, кімге сенем, ер-азаматтар болса жоқ,— деп мықынын таянып орнынан тұрды.

— Беу, көрі шөңгел, өлерінің шарында тек отырмайсың ба?— деп еді Жұлдыз кемпір.

— Әйел шіркін, көздерің әлдерің келмей отырып өнеге айтасыңдар-ау. Өлсем де жаумен жағаласып өлеін, коммунист емеспін бе?! — деді.

Жұмекең аласа қорада басын табеге соғып алмас ушін еңкейін, тұқыра қарап жүр. Қой малының мұншалық арықтағанын осынша жасқа келіп көрмепті. Қалың жабагы астынан жамбас еүйегі шошайып, мояйндары келеңсіз ұзарып кеткендей қойлар шулап, қартты қоршап алды. Құпісінің етегін тістеп тартқылайды. Қызыл қойдың жидіген жабагы жунін қара саулық кәдімгідей жалмап жеп тұр. Жұмакеңнің тәбе қүйкасы шымырлады.

— Апырай, Ықсан-ай, мынау не сүмдық? О, заманда, бұл заман қойдың өз жүнін өзі жегенін көруім. Мал-

дың обалына қарасаңдаршы! Мына қалыпта түгел ашага ілінеді ғой, не көргенсіңдер?

— Апыр-ау, Жұмеке-ау, керек болса мен айтайын, шөпті беріп жатырмыз. Қызылагаштың жонышқасы түгел шіріп кетіпті. Айырмен емес, күрекпен, сүйменмен кертіп әкелеміз, не қыл дейсің? Осы шірікті де уақтылы жеткізіп бере алмаймыз. Бес шанамен таңнан кетіп еді, әлі жоқ. Іңірсіз жете алмайды-ау.

— Шіріп кетті дедің бе? — Жұман атай қанталағай көзімен Ықсанның бурыл сақалды жүзіне шошына қарады.— Басқа жерде шөп бар ма екен?

— Жоқ.

— Апыр-ау, не дейсің?..

Ықсан Жұмакеңе жан-жағына қарап алды да, істік сақалын қарттың құлақ түбіне тақап:

— Керек болса мен айтайын, бәрі Байқараның кесірі. Жүртта не жазық бар. Бала-шага жан аяған жоқ, шөпті шанты, үйді. Жоспар толтырам, мактау алам деп маяларды дұрыстап ұштаппады. Керек болса мен айтайын, құр қалқайтып кете барды. Маяны дұрыстап үйеік деген әйелдерге жала жауып дұрсе қоя берді. Өзіңіз де естіген шыгарсыз.

— Жоқ, естігем жоқ.

— Естімесеңіз, керек болса мен айтайын, күздің алғашқы жаңбырында маялардың төбесі ескі моладай ойылып түсті. Сейтіп, пәле Байқаралатып келді. Содан, керек болса мен айтайын...

— Мына қойлар тагы мұрдем кеткен бе? Терің сыптырылып ашага неге ілінбеген?— деген басқарманың дауысын естіп Ықсан тілін тістей қойды.

— Да, Ықсан!

— Мен мұндамын, Бәке!

— Да, запперме болғаның күрысын! Үп-үлкен басыңмен айтқанды орынданауың қалай?

— Не қыл дейсің?

— Мына қойлардың терісін сыптырып, етін неге ілмегенсің?

— Еті жарамсыз көрінеді.

— Кім айтты, қай ақымақ айтты, ә?

— Ал, мен ақымақ айтқан! — Жұман қарт сұлти басып қақпаға қарай беттеді. Байқараның жалбыр мұрты жыбырлап кетті.

— Айтқан мен, майданда қан кешіп жүрген жігіттерге өлімтік жегізуге болмайды.

— Осы өлімтік пе? Адал бауыздалған қой, аздал

прықтау, ештеңе етпейді, қазір бап талғайтын уақыт на?!

— Бап талғамасаң өзің неге жемейсің?

Байқара бөгеліп қалды да, белгілі ашуға басты.

— Сен шалды осында кім шақырды, көңілің қапалы екен үйінде жат, зиянкестік жасап, іріткі салма жүртқа.

Жұмекең кетік тістерін көрсетіп, қарқылдалап тұрып күлді. Осылай құлмек түгіл соғыс басталғалы езу тартқанын ешкім көрген жоқ-ты. Қой күтушілер «атай есінен адасты ма» деп сескеніп қалды. Қарт күліп болып, қызылы қашқаң қойдың өлімтігін таяғымен тұртіп:

— Мынандайдың жеуге жарамайтынын айтқаны үшін де адам зиянкес атанады екен гой? — деп қайтадан түнере түсті. — Шырагым, Байқара, мен экенді де, ұлы бабаңды да көрген адаммын. Олардың да мына сен сияқты ақылсыз мінездері көп болатын. Зиянкестікті өз тәңірегінен іздесең қайтеді? Оғып-бұғып жүріп, әскерден қалдың. Бұрын да сенің ел тағдырына жаның ашығаны белгілі еді гой. Талай лаңыңды білеміз. Бүгін енді ауыл азаматтары жоқта бас көтере қалыпсың. Не бітіріп жүрсің осы? Малдың мұнша арығанын көрмеймісің? Қойлар бірінің жүнін бірі жеп жатыр. Құніне ондап өледі. Қатарға қосылар да бір қозы болмас. Мал аш, жұтап, қаусап тұр. Соған қарамай колхоздың тәуір атын мініп ан қууга шығасың. Қөрші колхоздарды неге көрмейсің?! Ел қаусап, қажып тұрғанда серілік құрасың. Айтпайын деп едім болмадың, қойдың осындаи күйге ұшырауына өзің кінәлісің, шөпті шірітті...

Қарт Байқараға айыптау қорытындысыни оқығандай жеріне жеткізе айтып болды да:

— Тәйт әрі, адыраңдамай, о, қайткенің-ей?! — деп бүкендей төл қорага қарай кетті.

Шапық апай сасқанынан жүгіріп үйге кіріп еді. Баласынан қалған кішкене немересі пеш арқасынан бас көтеріп: — Эже, нан? — деді. Эжесі естімегендей, ыдыс-аяқтың арасынан шәйлік сүтті алып, қайта жүгіріп шықты. Қорада аяқтарын бауырына алып, қозылар тұр. Бәрі де жақ жаппай маңырайды. Шапық аштықтан бұратылып үні шықпай қалған қозының аузына сүт тамызды.

— О, бақыр-ай, «жаманга мал бітеді, қақырық-түкірікпен кетеді» деген осы, науат болғаны-ай,— деп

сөйлеп жүріп, есіктен кірген Жұмекенді байқамады.  
Қарт үздігे маңыраған қозыларға қарады.

— Мыналарың жарымай түр-ау, ә?

— Сұрамаңыз, Жұмеке, жағдайымыз өте ауыр.  
Таяқ ұстап қалайың деп тұрмыз. Тұні бойы кірпік іл-  
геміз жоқ. Мына Әзиза қарагыма да қыны болды. Жас  
қой, үйқыға шыдай алмай жүр. Тұні бойы қозыларды  
екі жамыратсақ та, саулықтардың тандыры әбден тар-  
тылған, ақ тамбайды. Жалғыз сиырдың сүтін тамшылаш  
құйсам да жетер емес. Сиыр пермесінен күніне бес ли-  
трден сүт бергізіп түр деп едім, Байқара көкке шашы-  
ды. Не істе дейсіз, Жұмеке-ау, кімнен көрерімді білмей-  
мін,— деді Шапық қөздеріне жас алып.

Жұмекең «е-е-се» деп ауыр күрсінің қалды да:

— Шаруаны былай күйзелтіп болмайды. Колхоз  
шаруасын осылай құлдыратсақ, майданга азық-түлік  
бермек түгіл, азып-тозып кетерміз,—деді.

— Енді не істе дейсіз?

— Бір жонін қарастыру керек,—деді кария.

Шапық апай таңтереңнен бері әлі күйбенде жүр.  
Іқашан жығылып қалғанша жүрді. Қатты шаршаганың  
жүргегі шашып, басы зеңгіп кеткенінен білді. Мал бол-  
са шулап күңгірт тартты. Әлдеқайда қарлы даланың  
бір шетінде күн батып бара жатқан сияқты. Тұтасқан  
қалың бұлттан ештеңе керінбейді. Қыстаудың қырау-  
ыш қагып суық жел тұрды. Есік ашылса да қозылар ма-  
ңырап қоя береді. Шам қайта тутінеді. Төл исіне қо-  
ңырысған керосин иісі қосылды. Құты қашқан шым  
қораның жабығынан жел соқты.

— О, тоба-ай, тағы басталды ма?

Апай тысқа шықса, қыстау шайқалып түр. Боран  
басталыпты. Ұақыт інірге тақау. Қундізгі жарық ке-  
гілдірленіп, тылсым жүдеу, тым қапалы. Аза күйін  
шерткендей орман сыйсиди. Құпті болып жүрген әйел  
жүргегі онан сайын шәншіп, кезіне жас келді.

Қазіргі алаңы — шөпшілер. Таңтереңнен кеткеннен  
әлі оралған жоқ. Алты шақырым жерге өгізбен барып  
келуге бір күн керек. Шепті күрекпен кесіп, сүймен-  
мен ойып арту да оңай емес.

Шапық сары кідір қалпымен ерекше қимылдай-  
тын еді. Қойдың жағдайы қыны деп басқарма осында  
жіберді. Қайда қыны жер болса мұны жұмсайды.

Шөпшілердің алды келгенде боран үдей түсті. Алда  
кер өгізше шеп артқан Жықия жетті. Бет-ауызы алма-  
дай, қып-қызыл, жаяулап, тершіп келіпті.

— Шепшілер қайда?

— Кейінде.

Осыны айтып Жықия қаптарды құшақтап қойға шаша бастады. Ықсан көмектесіп жатыр. Біртіндеп кейінгілер жетті. Бәрі келгеніше Қадиша болмай шықты.

— Апрыау, Қадиша жоқ қой,— деп Шапық апай сайдалам салды.

— Келе жатыр еді гой, өгіздері болдырып қалмас...

— Қап, бір сүмдыққа кездеспегсі!

Жұрт іздеуге шықты. Жықия бәрінен алда зырлап келеді. Элгінде жүріп өткен шана ізін қар көміпті. Боран көз аштырмайды. Жаяулар желге қарсы еңкейе ұмтылып, алқына қадам басады. Бірінен бірі ажырап кетпес үшін қол ұстасып алды. Жел айғайды естіртпейді. Оппалаған төрт-бес адам қараңдаш келеді. Етектерін дауыл жұлмалап, киімі жұқаларының суық сүйегінен етіп барады.

— Қадиша-а-а!

— Жықия көзің өткір еді гой, жолдан айырылма, мен ештеңе көрер емеспін.— Ықсан өз сезін өзі де ести алмады.

— Қадиша-а-а!

Қырышық қар бетті осқылайды. Іздеушілер теріс айналып, сөл дамылдайды да, еңкейіп ілгері ұмтылады.

— Жұруге халім жоқ,— деді Ықсан бір кезде алқынып.

— Қайтыңыз онда, Қадишаны таптай үйге бармаймын,— деді Жықия дауылға өршелене қадам басып. Өзгелер де қалқақтап келеді. Қөздерін ақ шел қаптағандай, ештеңе көрер емес. Шапық жолды іздестіреді. Шаналардың көмекі ізі мен шептің қоқымы енді көрінбей кетті. Дала өз басымен әлек болып бүрқанып жатыр. Тіршілік белгісі де жоқ. Іздеушілер ілгерілей берді.

— Қолдасып алындар, ажырап қалмайық.

Қай мезгіл екенін кім білсін, бір кезде дөғарылған шананың үстінен шықты.

\* \* \*

Әзизаның үйден тынышы кетті. Боранның ыңжының үдең барады. Қорада қозылар маңырайды.

Көңілсіз күй сары аурудай созыла береді. Біреулер жоқтау айтып сарнап жатқан сияқты.

Күйеуінен хат келмегелі екінші ай. Хат ұзагап сайын келіншекте үрей жоқ. Соғыстан бір жыл бұрын гана тұрмысқа шығып, бірден ұл туды: Сол Қайыртай, міне, үш жастан асты. Аумаған Әміренің өзі. Жатқан түрін қарашы пүштиып. Майданға аттанатын күні Әміре көз ілмеген. Келіншегі мен баласын аймалап емірекінмен болған сәттер есіне түскенде жүргі жалын атып, денесі от болып күйіп кетті. Сагыныштан азап шегіп, көздерінен жас парлап қоя берді. Ой, дүние-ай, мына боранды түнде дүниенің қай шетінде жүр, сұықта жаурап қалмады ма екен?

Жалғызыраған әйел зарыгумен көз ілмеді. Ойға не келіп, не кетпейді мұндауда. Әйтеуір алданышы Қайыртайы бар, оған да шүкіршілік. Майдандағы жігіттерге тамақ керек, қару-жарап керек. Малдың сиқы мынау — жасығын алып жатыр. Боран осы ай соғып тұр. Адамдар да, көлік те титықтаған. Жігіттер барда думан болып жататын қой пермесі қаңырап бос қалды. Ашыққан малдың шуынан басқа ештеңені ести алмайсың. Жұрттың бәрі жоқ ізделеп кеткен. Бейшаралар сұықса ұшып өлмесе жарап. Қазандықта ыстық су қайнагалы қашан, үсініп келсе ауыздарын жылтар. Қадиша табылса екен. Сорлы әйел сәбін жерлеген күні ертециде-ақ жұмысқа шығып еді. Дем ал, азалай тұр дегенге болмаган. Апрай, аман болса игі еді...

Әзиза баласын бауырына қысып қалғып кетті. Түсінде Әмірені көрді. Есіктен күлімсіреп кіріп келе жатыр екен. Келіншек қос қолын соза беріп оянып кетті. Құңгірт үйдің ортасында дымқыл мұртын ширатып Байқара тұр.

— Үйқыңды бұзып жібердім бе, жалғыз екенсің ғой, өзге жұрт қайда? — деді сырт киімін шешіп жатып. Әзиза жағдайды айтты.

— Табылар, жоғалып кетер мал емес қой, жүрген шығар.

— Сізге адам тағдыры ойыншық болды ма? — деді Әзиза кейіп.— Астыңызда мықты атыңыз бар, неге іздеспейсіз:

Байқара маҳоркесін түтіндеп:

— Қатын іздеуге уақыттым жоқ, Айтуар өзегінен тұрғызып алған қасқырды Есіл аңғарына құлатып келдім, атым болдырды,— деді.

— Мал қырылып, жүрт азап көріп жатқанда саят құрып жүргуге үялмайсыз ба?

— Саят қана емес, серілік десе де болады. Осындаи серуенниен кейін өзің сияқты келіншектерді бауырга басқан тіпті тамаша емес пе!

Байқара бас салып, төсекке жыға берді. Алпамсадай болып босатар емес, еркіне көндіріп, ыңғайлап әкетіп барады. Келіншек Байқараның түкті білегінен тістелеп бұлқынып жатыр. Қайыртай шырылдан ояды. Осы кезде есік ашылып, аппақ қарға оранған адамдар кіріп келді.

— Байқара болмай құдай болсаң да басынды шауып алайын,— деп Шапық апай балтаны ала үмтыйлды. Арашага Ықсан килікті.

— Шапық, сабыр ет, керек болса мен айтайын, мынауың кісі өлтіру.

— Өлсін аузының ішін... Құтырайын деген екен, жетім-жесірge тырнағын батырып!..

Байқара ыржалақтап тұр. Білегінен саулаған қанды да аңғарар емес...

\* \* \*

Қадишианың шанасының қарамасы сынып жантайып жатып алып еді, артылған қатпар шөп ауып, сүйретіліп келеді. Күшінен асқан жүкті өгіздер ілгері апара алмады, кейіндей берді. Ақыры шеткі өгіз жатып алды, қоналқыға кслгендей-ақ пысылдан тұрап емес. Эбден әлі кеткенде сейтеді өгіздер. Қадиша шананың астына кіріп, шірене көтеріп түземек еді, зорланғанда өзегі үзіліп кеткендей болды. Қездері қарауытып отырып қалды. Есін жып тәлтіректеп орнынан тұрғанда, соңғы көлік сайдан түсіп барады екен, даусы жетпеді. Тұн болып, боран көтерілді. Қөліктерді ағытып алып, сенделіп жүре берді. Елге қарай тұра тартқандай еді, орманга кезікті. Панага келген соң бетінің қарын сұртіп ойланып отырды.— Қай ағаш бұл?

Екі өгіз аяқтарын бауырына алып бүрісіп тұр. Қадиша бойын жаза алар емес, ішін басып ағыл-тегіл жылады. Орман сыңсып үн қосты. Денесі суып, аяқ-колдары үйып барады. Өлген деген осы болар, көзіне Сайдалы мен Мұрат елестеді, қатарласа келіп қол созады. Қадиша бар қуатын жинап: — Жоқ, мен өлуге тиісті емеспін, өлмеймін,— деді. Орнынан сүйретіле тұрып, шіліктің басын сындырып өгіздерге тосты. Титықтаған жануарлар өлеусіреп мойын созды. Шыр-

пыны қажақтағанына қуанып, қыбырлай берді, денесі жылынған сияқты. Соңғы күшін сарқып алмас ушін бірде дамылдаپ, бірде қымылдаپ тұнді өткізуге тырысты. Қас жауы — үйқы мен сұыққа осылай қайрат қылышп таңды асыға күтті. Таң қайда, біреу қайда, орман аза күйін сыйқиды. Аласапыран арасынан адам даусын естігендей болады. Елеңдейді. Елдің іздел жүргенін сезді. Желге қарсы журуге халі жоқ. Іздеушілердің даусын тағы да ап-анық естіді. Үйқы әлсірете берді.

### 3

Байқара үйіне көңілсіз қайтты. Қырсық шалған бір күн болды. Қасқырды қуып елкеге құлатты. Бәлкім ұрып алар ма еді, бораны түскірдің түтеп кеткені. Аты тез титықтап, жүрісі мандымады. Жемді көп жеп қойды ма екен? Шапық қатынның келініне сезін өткізе алмай беті қайтты. Колхоз шаруасы оңға баспай ол тұр. Райкомға барса жанын қысады. Ана жолы орнынан түсіріп тастаймыз деп ескерткені бар. Орнынан түсті дегенше, майданға кетті дей бер. Байқараның денесі мұздап сала берді..

Ойға ой қосылды. Шәй іш деп әйелі үшінші рет айтса да құлагына кірмеді. Желі қай жағынан согарын бағып ескен Бағила самауыр қасында шошайын отырг.

Сопақтау мұғыды кескіні куаң тартып жүдег түскең, қалыпты қайтып үн қатпады. Байқарамен жұптасқан жылдарын ойша шолып етті. Қөрген жақсылығы аз, бейнеті көп екен. Төрт бала туышты. Екеуі ғана тірі. Бар сүйеніші солар ғана, әйтпесе Байқара бай болып жарытқан жоқ. Қара күндей ертеден қара кешке салпақтап өмірі өтіп келеді. Бір рет жұбайым деп еміренді ме екен? Қонаққа апарып, қатарласып отырды ма екен? Салшы етек, шарасыз әйелдердің тірлігіне әбден дағдыланып алған. Ауылдағылар бұл көшеге шықса: «басқарманың күн тимесі» деп күледі. Арпалыс заманда қеудесінде жаны бар адам қымылдаш жатса, Бағила от басынан шыға алмай-ақ қойды. Еңбекке араласуды айтып еді:

— Шәйінді жөндеп қайнат! — деп жекіп тастанды.

Қыз күнінде осы тәңіректің боз баласын өзінен қаратқан ақ сары ажарлы қыз еді, бұлғақтап ерке есті. Ойын-тойда ән салды, өзіл айтты. Жиынның гүлі болды. Сейтіп жүргенде осы Байқара соктығып сез айтты.

— Сендей сөлтікті көргім де келмейді,— деді Багила.

— Көрмек түгіл, қара күнім боларсыи,— деді анау.

Қапылыста аңдып соғып атқа өңгеріп кетті. Арпалысқанмен істер айласы болмады. Алыстағы апасінікіне апарып тығызып жатып алды. Болары болып, бояуы сіңген соң еліне алып қайтты. Қорлыққа шыдамаған Багила арыз айтпақ болып еді, туыстары тоқтау салды. Сейтіп Байқараның есігінде отымен кіріп, күлімен шығып жүре берді. Содан бері ерлі-байлы адамдардың рәсімін жасағаны болмаса, Багиланы теңдікке алған Байқара жоқ.

Асылы, шыдамдылық, ұстамдылыққа келгенде әйелден артық кім бар. Ар-намыс қамалап аттап ете алмайды. Намысы үшін жанын береді. Әйелдік, аналық атына кір келтіруді өлім санайды. Иә, сейтеді. Аласы ішінде Байқарадан әбден түңіліп болыпты. Қалған ғұмырын еркексіз еткізгісі келсе де, баларапын ойлашып райынан қайтады. Ажал деген айдаһар адамды лебімен тартып өзіне қарай жақындана береді. Мысқалдаш үрланған ғұмыр бір күндей болмай ете шыгады да, жылан арбаған сұр торғайдай ажал аузына кіріп жогалады. Багила бала туды, одан басқа не істей алады, ештеңе де тындырмапты... Самауырдың ызыңы басылғалы қашан. Оттығы да қарауытып сөніп қалған. Дастантарқан жаюлы қалпымен тұр. Байқара қақпақтай жаурынын көрсетіп іргеге қарап жатыр. Ондық шамның пілтесі шоқтанып түтіндейді. Даладан боран ызыңы естіледі. Әйел тізесін құшшақташ әлі отыр. Жасқылт сары кездерін бір нұктеге қадап қалған. Біреу терезе қақты.

— Бұл кім екен, баршы-еї!

Қарға оранған екі адам кірді.

— О, бәрекелді, Әбеке, сәламатсыз ба, дені-қарныңыз сау ма? — деп Байқара, қонақтың мұздаган қолдағын уқалап, түймесін ағытты.

Багила ас қамдауга кірісті.

Шықшыт сүйектері шыққан жадау жігіт аупарткомның нұқсаушысы. Мынадай сұрапылда не түлен түртті екен? Әбу пешке жылынып отырды; қалтыраса да сыр бермейді.

Шәй үстінде Ықсан кірді.

— Әлгі Қадишаны таба алмай қайттық. Жаяу шыға алар емесліз, атыңың бірін бер, жілік майы бар гой. Панарап тағы бір сүзіп өтейік,— деді.

Жайшылықта басекең барқ етіп айдал шығар еді, аупартком нұсқаушысы алдында өйтеп алмады.

— Қара атпен аңан келдім. Жирен дөненді ертең жегем. Бригаданың Сары азбаны мен көк шоқайды мініңдер!

— Олар аяқ артуға жарамсыз.

Осымен сөз шектелді. Ықсан шығып кетті.

— Сіз әйелді іздеуге ат бердіңіз бе? — деп сұрады Эбу.

— Бердім, бізде аттар бар.

Байқара басы жастыққа тиіп, қорылға басты. Шала бауыздалған жылқыдай қырылдап, үйді басына көтерді. Мұндайда Әбүде үйқы болмайды. Теріс қарап жатты да қойды. Құні бойы ат соқты болған басқарма шаршап жығылған. Откен-кеткенді ойлап Әбүдің үйқысы келмеді. Соғыс алапаты іргесін шайқап тұрган кішкене аумылдың басқалардай смес, құлдырап бара жатқанына себеп іздейді. Жұман қарттың айтып жіберген сәлемін шолып шықты. Қарт жаны ашығандық істеген. Мал қырылу, адамдардың жүдеушілік көруі басым. Неге, олай! Аунақшып үйқысы келмеді. Көптен бергі жолдасты — құргақ жөтел қысып мазасын алумен болды.

— Ей, қатын, етігімді бері таста! — деген дауыстан оянды ол. Таң атыпты, өзімен қатар жатқан Байқара түкті балтырларын сипалап отыр. Әбу оның жалпақ жаурыны мен қып-қызыл шүйдесін көрді. Босага жақта самаурын ызындаиды. Әбу киініп тысқа шықты.

Тұндегі ақ тұтек басылып, терістікten сүйқ жел тұрыпты. Ызгарлы қатты жел. Үйлердің жатаған мұржасынан жылы тұтін үйитқиды. Құртік басқан көшелермен әйелдер асығып барады.

— Әттеген-ай, Байқара атын берсе бүйтпес еді, сорлы тірі ме екен өзі?

Әбүдің мойнына жылан оралғандай қалтырап кетті. Сонау тұста жегулі ат, жаяу адамдар топтасқан. Шанадан көтермелеп біреуді түсіріп жатыр. Денесінде тіршілік белгісі білінбейді.

— Үйге қарай, үйге! — десті жан ұшырып. Әбу сірескен адамды көтерісп ала жөнелді.

— Өгіздер аман ба екен? Өгіздер деймін, қу дүлей? — деген Байқараның тарғыл даусы естілді

Көкжиектен сүлеленіп күн шықты. Ой-қырын боран тегістеп кеткен дала кіршіксіз аппак. Шана үлпілдек қарға шимай салып ұзап барады.

Отыргандар үнсіз, екеуі де күн сәулесімен шарпыс-

кан ақ далаға қарайды. «Мына сөлтек өкілдің тап болғанын қарашы, әйтпесе атаң өлсе қармайтын қан соңардың өзі. Бұл болмағанда гой ендігі Теріжайған асып, Есіл өлкесіне құлар ма едім. Кешегі көк сүр арлан тағы да Балпанайға сіңіп жоғалды гой, әттеген-ай!..» деп тоғын кездескен «қырсыққа» қынжылып басқарма отыр.

Әбдің құлагынан сұрапыл боранның ызыңы кетер гмесс. Үң-жың арасында жөн таба алмай жүрген әйел глестейді. Неге ғана сендім екен сезіне? Жүртты неге котермедім? Мына семіз аттармен жарық ұстап шығуға болатын еді гой.

Әбу ауық-ауық жетеліп қойып, басқармага бұрылып та қарамады. Қабағы салыңқы. Колхоздың халі мынау. Сиырлар ақ болып кеткен, көтеремдері бар. Жазда көлік етеміз деген өгізшелер тістерін шықырлатып мөнірейді. Сиыршы әйелдің ерні жалақ, қара көздері мұнмен қарайды. Жөн сұраганда үсініп едім, дей салды.

Бір шанада иық тақастыра отырган екеудің ойы екі басқа.

Өкілден айылын жиган Байқара жоқ. Бәрі де өз орнында, бәрі де соғыс уақытының тәртібімен істеліп жатқан сияқты. Өкілдің салқын кескініне қарап: «Тырсия келіп, жұмсара қайтатындары болатын», — деді.

\* \* \*

Қыстау ағашы мұлгіп түр. Ақшыл аспанның аясында Ұшар бастары кертештеніп тұнжырай қарауытады. Қой қорада таңғы қарбалас кезі. Мал жайлап, төл жамыратып дегендей, малшы жұрт тер төгіп жатқан. Байқара Әбді алдына салып кірді. Аласа қорага тәбесін тоқпас үшін бастарын тұқыртып алышты. Азан-қазан малдың шуы құлақ тұндырады. Жұні түсіп, көн арқасы ағарған қара саулыққа қозы жамыратып Шапық апай отыр. Екі иығынан дем алады. Сүр көздері қатты қиналумен кіреукеленіп кеткен.

— Сізге не болған?

Шапық үн қатпады. Тарамысты қолдарымен арық қозыларды желкесінен қысып қойдың бауырына тұқыртады. Бірдеңе деп өзінен өзі күбірлейді.

— Осы байғұс түннен сырқат, жат десем тіл алмайды,— деп Үіқсан түсіндіріп жатыр. Әбу Шапық апайды қаз бастырып, сүйемелден үйге кіргізіп, төсегіне жат-

кызды. Ауру сандырақтап: «Қадиша жан,— деп дауыстайды.— Эй үйің күйгір Байқара-ай О, бетсі!»

Байқара сыртқа шыға берді. Эбудің ашаң жұзі бол боз болып, танауы құсырылып кеткен.

— Тунде боранда Қадишаны іздесуге барған. Киім жеңіл, сұық өтіп кетті ғой сорлыға. Сүзек болмаса жарап,— деп мұсіркейді біреуі.

Өкілді дағдылы жәтел қысып барады. Қабыргада ұстап сәл бөгелді де, аузын орамалмен басып қой қорыны кезіп кетті.

— Жеткізе алмай жатқанымыз болмаса, шебімі бар. Күтім нашар, тек басқармаға ауыз ашып, астық сұрауды біледі түге.

Байқара күнә біткенді малышларға артып, езі әбден зықысы шыққан сорлы бастық болып көрінгісі келеді.

Әбу оның сөзіне құлақ қоймады. Қой фермасын аралап жүріп көріп:

— Кеттік маяға,— деді деміге сөйлеп. Басқарма саптама стігінің тұмсығына қарады.

— Онда не бар, келеді ғой өздері де,— деп жапқарақ мұрнын таңқ еткізді.

— Бару керек, қолың тимесе атыңды бер! — «Атыңды бер!» дегені тұра бастықтыңды бер дегенмен бірдей еді. Амалсыздан көнді. Қаз мойынды қара құлақтарын тас төбесіне шәншіп алып жортып келеді. Әбу аттың астаудай жаясина қарайды. Дала устінде көзге ілінбес мөлдір мұнар бар, көктем нышаны. Сәүір айы тақау. «Жете алмай апатқа ұшырамаса» деп қыңжылады өкіл. Бастық болса кіп-кішкентай ісік көздерімен қар бетіндегі тұлқінің дөңгелек мәр іздеріне құрса не қарайды.

— Таң алдында тұлқі жүріп өтіпті. Бет алысы — Қараашқы, Мәшен жақ, сонда түнейді. Сонардан кейін артық із түсірмеуге тырысады. Әккі арлан екен. Қарашы, аяқтарын кесей салыпты.

Байқараның тұлқі жайлы кеңесі Әбудің қытығына тиіп, жүйкесі құрыстал келе жатты. Шепшилердің саржағал жолы дөңеске көтерілді. Әбу жол ернеуіне түскен шөп үйіндісінен көз алмайды. Шөп емес, қоқым шіріндігे үқсайды.

— Шөптерің осында болса оңбапсындар, — деді Әбу.

— Иә, солай, ым-м... — деді.

— Мал азығы мұнша неге ысырап болған?

— Сейткен гой, солай гой, ым-м...

Байқара одан әріге бармады. Әбу сейлесуге ықыла-  
сы жоқтығын байқатты.

— Пішендік алыс па?

— Иә, ым-м...

Аттылар дөңге көтеріле бергенде Байқара:

— Ойбой кетті, құдайы құрысын, бүйткен тірлігі  
құрысын, аттан, атта-ан! — деп айқайды салып кеп  
жіберді. Қара ат аспанга шашыды. Байқара жүгіріп  
барып алас-құлес атты ағытты да салды.

— Не болды, не, не? — деп Әбүдің көздері ақыра-  
йып, бастық сілтеген жаққа қарады. Иен далага бет ту-  
шеп, жалғыз қасқыр ышқынып барады.

— Сіз қумақсыз ба, тоқтаңыз, тоқтаңыз! — деп Әбу  
ұмтыла беріп еді, Байқара шананың жетегін жұлыш-  
птып, атқа қарғып мінді.

— Тоқтаңыз, Байеке, тоқтаңыз, тоқ...

Қарагер ат орғып жөнелді. Ширақ сілтеп, тез ұзап  
кетті. Өкіл доң үстінде қалып қойды. Кез ашып-жұм-  
ғандай уақыттағы көріністі байыптауга ақылы жетпе-  
ді. Саймандары шашылған қисапсыз кашовка-шана  
тұр. Шалқасынан түсіп Байқараның қасқыр ішігі жа-  
тыр. Өкіл қарқылдаپ күліп жіберді де, ат-әбзелдерін  
шанаға салып, үстіне бастықтың ішігін таставды. Сыңар  
жетекте қалған қайыс көтермені беліне буып, қолына  
ұзын таяқ алды.

Кеудесі шуылдаپ жүріп келеді. Маңдайынан сал-  
қын тер білінді. Ақ далада жалғыз қара көрінгенде  
шешпілер тақырқап, кімге жорырын білмей дал болып  
тұрды. Жүрісі де, тұрпаты да бөлек.

— Апырмау, мынау өкіл гой!

— Өкіл, өкіл! — десіп шу ете түсті.

Әбу аз ғана отырып ес жинады. Маңдай терін сұрт-  
ті. Жұрт дабырласып, жөн сұрасып жатыр. Жолдағы  
оқиғаны айтуга ұялып отыр. Айтпауга болмайды.

Сыңғырлаған әйел күлкілері толастар емес. Жықия  
қасындағы келіншектің санын үзіп алып күлсін-ай  
келіп.

— О, құдай тілеуінді бергір, Байқара-ай, әбден қарқ  
қылдың-ау,— деп көздерін сұртіп әйелдер тыйыла бас-  
тады. Осылай жарыла күлмегелі қашан. Өкілден ұял-  
ды ма, әлде еркектігіне басты ма, Ықсан мырс-мырс  
күліп қана тынған.

Шешпілер маяны қардан аршып, енді ғана артуға  
кіріскең екен. Бір шетінен сүйменмен, күрекпен көртіп

алып жатқан. Сиырдың жапасындағ қатпарды Әбу қолымен үгітіп көрді.

- Маялардың бәрі осындағ ма?
- Осында.
- Қыс бойы осымен азықтандырылыштар да?
- Иә.

Өкіл буыны құрып отыра кетті. Жүргегі ерекпіліктерінде тарылып барады. Қайратын жинал орнынан түрді да, қартаң әйелдің сүйменін алды. Сүйменді салмақтап көріп қатпарға ұрғылай берді. Алқынды, аз дамылдаш қайта кірісті. Науқастығын да тыңдар емес.

— Әбу, шырагым, осы соны қайтесің, өзіміз де бірдене етіп... — деп Үксан күңкілдейді.

Әбу тыңдамады.

\* \* \*

Көліктегі ыңырана қозғалып, оппалап жүріп келеді. Іркес-тіркес тоқтап, тарта алмағандарына шанасын итеріседі. Тақыр жолға шыққан соң шаршаган жүрт көлікке аяқ артты. Әбу өгіз аяғына зорға ілесіп келеді.

— Замандас, отырыңыз,— деп Жықия орын ұсынып еді, үндемеді. Әрі беріден соң көлікті тоқтатып:

— Мұныңыз ерсі болады гой, зйтпесе мен де! — деп шанадан домалай түсті. Әбу амалсыздын келісті. Келіншек тақалып ішікті екеу ара арқаларына жапты.

— Тер қатып қалады, осылай отырыңыз.

Шананың сықыры мен жүректердің дүрсілі ғана естіледі. Жықияға еркектің тер исі ең бағалы деген этірден мың мәртебес артық болып білінді. Жүдеулеу болса да жігітке лайық кесек мұрны мен мықты шықшыттарына қарап, ұмыта алмай жүрген асau сезімдері бүркәніп, тұла бойы дірілдеп кетті.

- Қалқам, атың кім?
- Жықия гой.
- Күйеу соғыста шығар?
- «Қара қағазын» да алғанбыз.
- Көп отастыңдар ма?
- Жоқ-а...

Әбу күрсінді, Жықия өкси бастады.

— Қалқам, сабыр ет, ел басына келген қындық... Келіншек уанбады. Құшақтаған қалпы жігіттің қеудесіне бетін басып жабыса отырды.

\* \* \*

Байқара түгін бетіне шығарып, бекініп алғанымен, іші әлем-жәлем болып отыр. Қайдан байланысты екен.

Жұрынбай болса, қу бастан қуырдақ алатының өзі. Қақысын ешкімге жіберіп көрген жоқ.

Бұл істі Ықсан да, басқалар да құптамады:

— Аラлас ауылмыз, бүйіткеніміз ұнамас, түбі реніш болар,— деген.

Жұман қарт тіпті сөйлетпеді.

— Мал азығы бізде ғана шіріді. Басқалардың жылы тоғы бар. Онаи да мал бер, ақша бер, сатып ал, — деді.

Жауықтырган Жауыrbайдың өзі еді. Пішен кезінде екеуі қағысып қалған.

— Менің ширсіме де келмейсің, — деді Жұрынбай ат үстінен насыбайын шалқая атып.— Мына Кәлі қорығынан пәленбай жұз шөп үйдік. Қара бұрыш сияқты, танауынды жарады.

Байқара өзінің байлығын көтере:

— Малым сенен көп, шабындықша шаш етектенмін. Бір қызыл ағаштың өзі сенің бес кәлің тұрады. Қере қал қайсымыз бай екенбіз. Қазір де отыз мая тұрғызылды. Әрқайсының ұзындығы ат шаптырым, — деді екпіндей.

Жұрынбай қарқылдан күліп:

— Ат шаптырым маяң болса наурыз туганда ана жолғыдай тағы бір соғарсың, сөйлесерміз сонда, — деген.

— Енді шөп сұрап бармаспын соған.

— Келерсің!

— Бармаспын!

Осыдан кейін Жұрынбайдан шөп сұрау арыстанның аузына басын сұғумен бірдей болып көрінді. Аудан «Қызыл диқаннан» шөп сұра десе, беттер емес. Онаи да бір тартар етіп Жұрынбайдың жұрымын құртайын деп колхоздың бар көлігін Кәліге жапсын. Он бес шана соныдан жол салып барды. Арық өгіздер құлаап-сүрініп зорға жетіп еді. «Шепті аямай салындар» деді де, жириен бестімен орғытып дөң басына шығып карауыл қарап тұрды. «Қызыл диқан» жақтан қара көрінбеді. Соңғы бораннан кейін ешкім із салмапты. Байқара маҳоркені мол етіп орап тұтіндептіп тұр. Шылымның тұқылы бармагын күйдіріп сілкіп таstadtы. Қайтадан шөпшілерге келді. Әйелдер кек шөпті қызыга артып, шаналарды сықап алыпты.

— Е, шөп деген осындаи болушы еді,— деп қауылдасады.

— Ал тартындар, Жұрынбайдың жәйін бір таптық.

Байқаң тірі тұрып қор болмайды,— деп ірі сары тістесін көрсетіп кеңк-кеңк күлді.

Келесі күні қатын-қалаштан күңкіл шыға бастады. Інірде Байқаранікіне Ықсан кірді. Кескіні ит қуғандай екен.

— Естіп-біліп отырсақ,— деп бастады ол.— Біздің Бәтия Айтжаннан, Айтжан Балжаннан естіпті. «Қызыл диқан» дүрлігіп жатыр дейді. Таңнан қалмай осында сау ете түсер. Заң орнынан, аудан басшыларынан кіслер болса керек, не қылса да біздің қотанга лаңды салмақ көрінеді.

Байқараның жүргегі зырқ ете түсті. Әсіресе заң орнынан кіслі бар дегені састырайын деді. Сойте тұра сыртын бермей сазарып алды.

— Шөлті қораға тығып, малға мол салындар. Құтыншылар жосыған ізben келеді, бұлтарын көр енді. Жә, Жұрынбайдың енесін... бір жөні болар...— деп тे-рип қарап жатып қалды.

Жұрынбай Байқараның ойламаган жағынан соқты. Ушінші күні тесегінен басты.

— Уа, Бәке,— деп сайрай кірді.— Ұры бастық де-генді кім естігсін. Бастығы ұры болса, колхозын не дей-міз? Ургеніш, Қоқан асып келгендей алшынан түсіп жатырсың,— жүр былай.

Көрпесі сызырылған Байқара жұлынған тауықтай жалаңаштанып қалды.

Жұрынбай үлпілдетіп қойған сары мұртынан сұңғіні ажыратып алып, есікке қарай сілкіп тастанды.

— Жүр, сенімен сөйлесетін кіслер бар.

— Жұрынбай Байқараны дедектетіп кеңсеге алып келді.

— Е-е, әлгі ұры бастығың осы ма? — деп милицио-нер сыйданып қарады. Байқараның орнын басып алып, шіреніп отыр. «Қазір айдал жіберсеңдер де, орнымды өзіме қайтар» дегісі келді де, бата алмады.

— Қөрші отырған елге жауша шауып, малының азығын барымталаганының үшін ісіңіз сотқа беріледі! «Қызыл диқаның» шебін, екі есе құнын төлей-сіз! — деп милиционер столды қойып қалды. Кішкене кеңсе төңкеріліп бара жатқандай Байқара столдың ер-неуін сыйымдай түсті.

— Мал қырылатын болған соң... — деп, сап-сары тіс қалқасын көрсетіп, күлген болады.

— Қырылса сатып ал! — деп қартаң милиционер бағжаң етті. Жұрынбай артық сөзге бармады.

— Қане, шөбімізді артып алып қайтайық та малшыларымызды қуантайық! — деп орнынан тұрды. Кеңседеглер төгіле сыртқа беттеді. Байқара есенгіреп тұр. Төңіректің бәрі шыр көбелек айналып кеткендей болды. Көптен соң есін жинаады. Милиционер бас болып акт жасап, шөпті артуға ыңғайланғанда Жұрынбай жетті.

— Тоқтаңдар, артпаңдар!

— Не болды?

— Артпаңдар, мыналар титықтап қалған екен. Малдары қаусап тұр. Шөпті әкетсөм малдары ертең қырылады. Көптің малы, обал ғой,— өгіз шанаға, отыра кетті де: — Эй, Байқара-ай! — деп шекесін қос қолдап сығымдай берді.

\* \* \*

— Келін-ау, келін! — деген дауыстан Қадишианың жүргегі зырқ ете қалды. Қошеде Жұлдыз кемпір жүгіріп келеді екен. Қолында хат, Сайдаштан.

Қадишианың өне бойы шымырлап, аяқ астындағы жер қозғалып кеткендей болды. «Рас па, соның хаты ма? Құдай-ау, түсім болмағай!»

— Келін-ау, хат Сайдаштан. — Жұлдыз кемпір болп еткізіп сүйіп алды.

— Қескінің неге кетіп тұр, қорыққан да, қуанган да бір деген ғой, иә, сейткен шығар. Оқышы, енді!

Қадишианың қолы қалтырап, хатты қарап шықты да, бетіне басып еңіреп жылап жіберді.

«Жараганың, жау жерінде қалдым. Бағыма қарай ез адамдарымыз тауып алып емдеді. Қазір партизандар қатарында соғысып жүрмін. Хат кешіксе, алаң болма, бізден хат жиі жүрмейді. Мұрат пен Розкені мен үшін сүй. Ел-жүртқа сәлем».

— Айналайын, ел жүртүң сау-солемат, сендер үшін жан салып кемектесіп жатыр! — деп Жұлдыз кемпір тіссіз аузын қисайтыңырап жасын төгіп жіберді. — О, құдай, менің жалғызынан осында хат неге келмейді, сол сәтте мен неге өлмеймін. Айналып кетейін-ай, кішкентайларын да ұмытпапты-ау.

Розкені сүй деген тұста Қадиша сұрланып қалды да, аздан соң жүзіне қан ойнап шыға келді. Сол сәтте арбаға қарғып мініп сұлу қара аттың тізгінін қағып қалды. Құн қызуына маужырап тұрған есті жануар құлақтарын жылмита түсіп, сағым тасып жатқан далаға қарай лекітіп ала жөнелді. Қадиша қара ат-

тың арбасында емес, құс қанатында келе жатқандай. Жарық дүниені тамашалағандай күлімсіреп келеді.

Айлар бойы төсек тартқан, әбден титықтаған жас дене көктем күнінен мол қуат алып ширыға түсулі. Дала адам айтқысыз әсерлерге бөлөнген. Бозторғайлар қуана шырылдап көк аспанда қалықтап тұрып алды.

Өлі бетеге арасынан алғашқы қызғалдақтар сыгайды. Жер бауырлай соққан жылы жел үсік шалған қара өрменің сабактарын еркелете шайқап түр.

Ат жортақтап келеді. Артқы доңғалаққа ілесіп Байқараның ала тазысы қалар емес. Иесі болмаса да үйреншікті ат-арбага ере жөнелген. Жадау өйслеге ақылды көздерімен жасқана қарайды. Ескі егістік беті су, күртіктің қалдықтары әлі бар. Тоңы еркін жібімеген жерге көлік соқасы еркін батар емес. Қашау доңғалақты тракторлар МТС-тен әлі келген жоқ! «Машина күшіне ауыспай оңбаймыз ғой», — деп күйзеле ойлаумен болды Қадиша.

Неден бастау керек, қалай жүргізіп әкетпек?

«Бастық Қадиша болсын, сол лайық», — деп шуласқан көптің не білгені бар? Райком секретары Романовтың өзі осылай депті. Жұман қарт та жүрек беріп, сенім артады.

Байқараны айтам-ау, боркемік екен ғой. Басқармалықтан босатқанда дардай басымен жылағанын қайтерсің. Байқараның тотыққан семіз жүзінен тер моншақтап, қасапқа жығар малдай қалтырап тұрды. Жұман атай таяғымен еденді ызалана нұқып:

— Адам күнәсін көз жасымен жумас болар, ел ерге қарайды деп соңынан ердік, дұрыс бастамадың. Ақылды тыңдау орнына қарсы шаптың, копшілікпен есептеспедің, — деді.

Қадиша жетеліп қалды. Өкпенің қабынуы әлі айықпаған. Әлсіздіктен көздері бұлдырап, құлақтары шыңылдайды. Буындары әлсіз, науқас әбден діңкелетіп кеткен екен.

Көктем ауасымен, күн қызуымен тарқар, әлденермін деп ойлады.

Қадиша арбадан түсті. Егістік сарғыш тартып жатыр. Топырақ жылына бастапты. Ылғалды даладан мөлдір бу көтеріліп мұнартып түр. Аңызға бидай егілгенін әр жерден көрінген сарғыш сабактардан ғана аңғаруға болатын. Кәріқыз бен сүт жапырақ өсіп, қалақай қаптап кеткен егістікке қинала қарады. Бір центнерден түкүм себіліп, тоқсан килодан өнім берген

жер. Жыртылмаған ақызға екі қайтара тырма жүргізіп, откенде жасырынбай қалған дәнді қара қаргалар теріп жеп жатқац.

Қадиша ауыр күрсінді. Қамшымен арам шөптердің сабағын жайқап келеді. Өзі оқыған кітаптарында тұнымды жыртпай сеуіп, дән жинайды дегенді кездестірмепті. Жықиялар осы тікенді далага тырма салғанда балтырларының қаны судай ағып еді. Қыстан қаржалап шыққан жауыр өгіader, шаруаның арық сиырлары ақыз үстінде мұдіре жығылып жатқан...

Қадиша адымдай басты. Іштеге арасында күнге ұмтыла бой созған саргалдақты еппен үзіл алып, мұрнына тосты. Кірпігінен үзілгсін жас гүлге тамды. Зарықтырған сағыныш бар. Көзін шапшаң сүртіп арбага мінді.

Бригада басында аяқ асты жанжал шықты.

— Көктем сісінің тағдырын бұлар шеше алмас, қайыра қойыңыз,— деді Қадиша ала бұзауы бар ақшап сиырды бүйірге түртіп.— Қара өзек шақта балалардың аузынан ақ айыру обал ғой, түсініңізші!

— Түсінем, бәрін де түсінем. Бірақ жеке меншік сиырларды жекпей, егінді бітіре алмаймыз, амал қанша! Оны сен де түсін, қарагым,— деді Ықсан шал.

— Шапық апай науқас, келіні жұмыста, баласына ақ керек. Қоршісіне де қарайласып отыр. Жағдайды көрмейсің бе?

— Олай болса, жеке меншік сиырларды түгел босат.

— Босатса несі бар, желіні салақтаған арық сиырда не қауқар? Қазір үйді үйінө қайтарып беріңдер!

Ықсан атқа қарғып мініп, жаппа астына қамалған бұзауларды жамыратып, енелерімен ауылға айдан жіберді.

— Уә, бұларың не, сиырларды неге қайтардыңдар, егінді немен саламыз?— десіп айқайлағандарға Ықсан ат үстінен шаңқ-шаңқ етіп құлді.

— Керек болса мен айтайын, жаңа бастықтың қамап қойған ақ мүйіз өгіздері бар көрінеді, сиыр жекпесін депті.

Осы кезде келіп жеткен аупартком өкілі Әбу атынан қарғып түсіп сөлем берді. Қол ұстасып амандасып жатыр. Қадишаға сәттілік тілейтінін айтты. Суыт келгенен бе, ентіге тершіл жүр.

— Ал, халдеріңіз нешік?

— Қалы құрсын, керек болса мен айтайын, мына Қадиша бастық жеке меншік сиырларды таратып жи-

берді. Жегетін көлік жетіспейді. Қол қусырып қарап қалайық деп тұрмыз...

— Меніңше, дұрысы осылай! — деді Қадиша қойын дәптерін парактап. — Колхозда жиырма бір егіз, бес пар құнан шығар бар екен.

— Түнгі кезекті қайтесің? — Ықсан тебініп жақындаі тусти.

— Түнгі кезекке шығатын адамдарымыз бар ма?

— Құндізгілер істесін!

— Жоқ олай болмайды. Адам темірден соғылмаған және көпшілігі әйелдер мен балалар. Эбден титықтаған балалар аныз үстінде ұйықтал қалған былтыр. Дұрыс па, сол?

— Енді қайтейік?

— Қажыған балаларды Байкараның қамшылағаны етірік пе еді?

— Рас.

— Рас болса, бұл — адамға қиянат, қорлау... — Қадишаның көздері жасқа толды. — Адамға күні бойы көлікпен алсызып жаяу жер жыртудан соң аз болса да дамылдау керек шығар. Сіз өзіңіз осылай соқа айдал көрдініз бе?

Үңсан кер байталды шоқыта женелді. Эбу күмілжіді.

— Жоспарды қайтеміз?

— Орындаимыз гой...

— Немене? Қайтып?

— Тракторларымыз бар емес пе?

— Оларга сенім аз гой. Бөлшектер жетіспейді. Жүруінен тұруы кеп. Жүргізушілер тәжірибесіз. Жоспар орындалмай, ұятка қалмасақ... — деп Эбу шынын айтты.

— Тракторлардың бұзылған белшектерін жөндең қатарға қосуға бола ма?

— Болады, бірақ жиырма бес шакырым МТС-ке қатынауга тың көлік керек.

Эбу бұзаубас етігінің тұмсығына қарай берді.

— Ол қорқыныш емес, — деді Қадиша оршеленіп. — Тракторшы әйелдер мен жас еспірімдер техникаға шала, мәңгеріп әкетуге дәрменсіз, міне, осы жағы қынжылтады.

— Менің айтып тұрганым да сол.

Қадиша атына қарай журді. Эбу мініл келген кер қасқасын тұсал жіберіп, бастықтың жеңіл арбасына отырды. Екеуі иық қағыстырып келеді. Қектем күні

күн көтеріле қыза бастады. Шексіз аспан өлемінде күн жарқыратқан сұық бұлттар қалқиды. Жыртынды үстінде екі-үш трактор жылжып барады. Изендерген ерке сағым жүректі шым-шым еткізіл, өлдебір қиялдарға бұргыза берді. Келіншек өз-өзіне тоқтау салғандай, жеткірініп, басындағы бір тартар орамалын шешіп, тас қылып қайта байлады.

Қара бала оталдырышты мықшындал айналдырығанмен, мотор үнсіз. Эбу де бар құшін салып көріп, іс шығара алмады. Трактор тастай мөлшініп қалыпты.

— Бригадир қайда?

— Анау жақта.

Қашау доңгалақты трактордың астында шалқасынан жатқан бригадирдің үсті шылқыған май, мотордың ауыр картерін зорға көтеріп ілді. Ұстаратын болттары тіпті көп екен, барлығын орнына колтірмей, трактор астынан шықпады. Мотордың бүйір тұсына қол салып жатқан жас әйелдің де үсті қара май, косқін қалмаған, әбден шаршаган.

— Қалың қалай?

— Оңбай тұрмыз, трактор жүрмейді. Қүндегі көресіміз осы бейнет, аңыз басынан жарты шақырым үзамай-ақ тұрып қалғанымыз. Жұмысты қалай ондреміз енді?

Келіншек күйзеліп айтты. Кекім бригадир трактор астында көзіне тамған қара майды жеңімек сүрткіледі.

— Жіргітім, жыртылып, себілетін жердің үштеге екісі сенің үлесіңе тиеді, техникаңың түрі мынау қайтпексің?

Әбдің сұрағына Кекім бригадир мұрнын тартқылай берді.

— Қысқасын айтши, жұмыс істеу үшін мына тракторыңа не керек еді өзі? — деді Қадиша.

— Тракторлар ескі, күрделі жеңдеуден тыңғышлықты өтпеген. Бөлшектер жетіспейді. Подшипниктердің істен шыға беруінің өзіндік себебі бар. Картерге аитол құйылу керек болса, ол жоқ. Орнына қазанга қайнастып, бетіне шыққан кебігін қалқып тастаи, нигрол құямыз. Нигрол подшипниктердің арасынан жүрмейді де, қалайы тез қызып ериді. Моторлы бензинмен от алғызып бірнеше минут істету керек. Соңан соң барып керосинге ауыстырса, свечалар майланбайды. Мотор бірқалыпта жұмыс істейді. Віз бензин болмаган соң керосин құямыз. Свечалар майланып, мотор тарт-

пайды. Дамылсыз сорғыза беруден керосин жанып үлгірмей картерге кетеді де, картердегі әлгі нигролымызды сүйылтып жоқ қылады. Майсыз қалған подшипниктер өзінен өзі істен шығады. Сіздөрге түсінікті болу үшін толық айтып тұрмын. Қөріп отырысыздар, тракторлардың тоқтаусызы жұмыс істеуі үшін, ең бастысы, автол мен бензин керек. Тоқсан шақырым станциядан жеткізу үшін мықты аттар керек,— деді де еңкейіп, қалайсы ағып кеткен подшипникті алды.— Мынаны құйғызыу үшін бір жамбас сары байталмен МТС-ке барып келуге бір күн кетеді. Қалайысын жонып тегістеуге де екі сағаттай уақыт тағы керек.

Қадиша өз байламын айтты.

— Ат қорадағы бәйге торыны ер-тұрманымен бригадаңа ал, МТС-ке шапшаң барып келетін болындар, ал басқарма қарамағындағы мына қарапер мен жүрдек жиренді пар жегіп, қазір станцияға аттандырамын. Күн-тұн жүріп ертең тұс ауганша екі бөшкесе бензин мен автол жеткізілсін. Тракторлардың босқа тұруы болмасын, бізге егін керек,— деді Қадиша.

— Сонда өзің жаяу жүремісің?

— Жаяу жүрем де, не қылар дейсін.

\* \* \*

Коғоз кеңесінде бастықтың байырғы орнында Қадиша отыр. Байқара бір ыңғайсыз тұс көргендей. Қөлке әмірін жүргізген қоңыр креслоны әйел иемденіп алышты. Бастыққа лайық сиқы болсайшы. Үйпалақтанған күрең мұртын ширатып күрсіне берді. Қадиша дәптерін шалқасынан тастап, Байқараға қарады.

— Сізді шақырғаным, көктемгі егіс жүріп жатыр гой, жағдайдың ауырлығы өзінізге мәлім. Адам, көлік күші жетіспейді. Әсіресе, техника тілін білетін адамдарға зәруміз. Сіз бұрын тракторист деген мамандық алған екенсіз, жүргізушісі жоқ трактордың бірін иемденсеңіз қайтеді?

— Маган тракторист бол деуге үялмайсың ба, келін? Бала-шаганың арасына барып қара майға батып журу лайық па маган?— Байқараның мұрты дірілдеп, кетті. Еденге шырт-шырт түкіре берді.

— Соғыс уақыты емес пе, өзініздей азаматтар жаумен жағаласып жүр, сіз енді еңбектен бас тартасыз, өйтпесе майданға аттаныңыз, үят бұлай жүру!

— Қөрейін...

— Ертең ертемен бригада басынан табылышы,

ұзақ ойлануға уақыт жоқ,— Қадиша сөз бітті дегендей орнынан тұрды.

Байқараға бәрінен қорқыныштысы — соғыска бару еді, Үйіне келіп түнеріп ұзақ отырды. Жөн сұрауга Багиланың дәті бармады. Өмірінің біраз жылдарын шолып шығып, өзінен озі сақылдан күлді. Шошынган ойсліне қарап:

— Ал енді, катын, көр де түр, кешегі дәурені шалқып жүрген, ат бегі, құс бегі атанған Байқараның қара күйелеш тракторист Байқара болғанын,— деді.

Орман бүршік жарды. Бетеге бурыл тартып, жусан мен тобылғы көктеді. Дала бозторғайлар әуеніне тербеліп тұргандай. Бақанды сыртында өгіз соқалар жүр. Қадиша солай қарай бұрылды. Алда келе жатқан Ділдәбек қызыл торы сақалын сілкіп:

— Шырагым, көлікте мін жоқ. Сонау шабан кер қарабілек мықты өгіз еді, жілік майы үзіліп титықтап бітті. Тенселіп зорға жүр,— деді.

— Қадишажан-ау, бір көлік соқасына гектардан артық жер жырту керек дейді. Шамамыз келгенше өзіміз қимылдай береміз гой, өгіздер шыдаса,— деді үстібасы жүдеу, балтырларын қурай жыртып, қаны шыққан, қажыған Ділдәбектің әйелі.— Екі балам қоста қалып еді, отқа күйіп қалмаса жарап.

— Аспазшы ойелге тапсырғам, ие болады. Қорықпаңыз,— деді Қадиша. Кейінгі жақтан Үіқсанның шақылдаған даусы естілді.

— Неге айдамайсындар, қозғал! — деп жығылған өгізді қамшының астына алды.

— Бастық келеді деймін, тұрыңыз!

— Болдырған өгіз бастықты не қылсын! — деп, соқашы бала күлді.

— Норма орындауға тырысып көрініздер. Құя ұзақ, болдырған көлікті бозга жіберіп үздіріп алыңыздар. Қара өзек шақ қой, өздеріңіз де аяқ суытыңыздар, осым қалай?

— Дұрыс айтасың, одан уақыт кетпейді.

— Неге кетпесін, басқа лаж болмаса қайтеміз.

Мұны айтқан Қазиздің Үісқағы көктем шыға жұмыс сұрады.

Кескіні сынық, анық науқас екені көрініп тұрды. Жұрттың айтуына қарағанда, тұн бойы ауыз жаппай жөтеліп шығады екен.— Ағатай-ай, мені де сокта айдауға жазшы, мендей жігіттер соғысып та жүр гой,— деді

— Ауырып қалмасаң...

— Еш жерім де ауырмайды,—деді Ысқақ.

Ұзай түскен өгізшелердің соңынан соқа тұтқасына салмағын салып бұраландап сол Ысқақ кетіп барады. Қадишаның көзіне жас келді. Арық байталды қамшылап тракторлар жаққа кетті. Дөң үстінде тракторлар көрінеді. Жұрттың бәрі май арбаның төңірегіне жиналыпты. Эбден терге малшыған қаракер мен жирен бесті буйірлерін соғып тұр. Арбадағы екі кеспектің бірін туңіріп тастапты. Шайқалып келген көкшіл автолды трактористер құйып әкетіп жатыр.

— Алдымен картерлерінді тазалап алыңдар, әр тамшысы қымбат майды ағызбай құйыңдар,— деп Кәкім бригадир шырылдайды. Ашыққан адамдарға тاماқ үлестіргендей қара тер болған.

Қадиша байталдың басын тартып күлімсіреп қарайды. Жұрттың мұнымен ісі болған жоқ. Даңғылай сейлесіп куанысып жатыр. Сазарып қимылсыз тұрған Байқара гана. Үстіне ескі киімдерін киіпті. Шуласқан жұртқа есі кете таңданатын сияқты. Жанына майшы шал келді. Байқара қатты күйзеліп, қорлық қөрген адамдай сырт айналды да, шапшаш бұрылып:

— Аттарды сонша неге қинадың, жаудың малы ма еді?— деді.

— Әй, Байқара-ай, бұл аттардан саған аспандағы бұлт жуық қой енді, түсінсейші!— деді шал шиқ-шиқ күліп.

Байқара шапшаң алыштап кетті. Құлағында мотордың ызыңы, қолында—донгелек руль, көз алды—қара жыртынды. Қалғуға келтірмейтін қысылшаш уақыт. Бір есептен осының дұрыс шығар, ауыр жауапкершіліктен құтылып, өзін еркін сөзіне бастағандай. «Жұмысты жақсы істесең жоғарылатып жіберуіміз мүмкін» деген аудан жақтың сөзіне іші жылиды. Эйтсе де, кешсі бастық Байқараның тракторшы Байқара болып шыға келгенні батады-ақ. Трактор үстіне қауқайып қонып алған үлкен денесін қайда жасыруды білмей жұрттан қысылады. Жанынан откен жаның бәрі табалап бара жатқандай. Елден аулақ, алыс аңыздарға кетіп, бөлек жұмыс істегісі келеді.

Бригада басына қаракер мен жиренді пар жегіп майшы келген сайын Байқараның мүлдем құты қашады. Қасқыр құтқармас жүйрік қаракер мен шапқын желісті қызыл жиреннің май арбаға жегіліп жалы жығылып тұрғанын көру бір азап. Жирен терге берік еді,

күйі онша төмендей қоймапты. Қаракер ойсырап-ақ қалған еken. Жануар, санының жосығы көрініл, жұмыс аттарының қалпына түскен. Обал-ақ. Байқара курсінді. «Адам болсын, мал болсын, басынан бағы тайғанда өстеді еken ғой. Эй, алдамшы тірлік-ай!— деді ол теріс айналып.— Барлығына кінелі райком өкілі — Эбу. Қөпшілікке жамандап, ауданға шағыстырып асқындырып жіберді, жұрттың аузына сез салып қарсы қойған да сол. Ондағы ойы-бетінің қызылы бар жас әйелді көтермелеу. Аralарында бір хикая болмаганына кім кепіл? Еркек пен әйел бір жүріп бірауыз сез қатыспады дегенге кім сенеді? О заманда бұ заман елді әйел басқарған қай қорлық. Басқарып не жарытты, қара пардың устінде малтаңдап жаяу жүргені ме? Ондай бастықты кім қадірлейді? Тапқан жаңалығы сол ма? Орынсыз қаталдық етіп науқас жігітті соқа айдауга салғаны ма? МТС-тің алтындаі көріп отырган азгана майын барымталағаны ма?»

Ойға ой жалғаса берді.

Байқара егін басында өзіне таныс қара «пекапты» көрді. Дағдысынша қолын сермей сөйлеп, МТС директоры Певцов тұр. Қадиша екеуі әлденеге келіспей қалғандай.

— Иван Ефимович, сіздің директорлығынызға таласымыз жоқ. Біздің ішкі ісімізге араласунызды көтере бермеймін, бұл болмайтын жұмыс,— деген Қадишаңың ызалы даусы естілді. Певцов Байқараның қолын қысып:

— Сіз мына көрші «Қызыл диқанға» трактор бригадасын басқаруға барасыз,—деді.

Байқара қолын қоламтага көсіп алғандай ыршып түсті.

— Жо-жоқ, атамаңыз, Иван Еф...

— Ендеше, «Еңбекші қазаққа» барыңыз.

— Ешқайда бармайды, өзімізде де адам жетіспей жатыр,— деп Қадиша килікті.

— Механизаторға МТС қожа екенін ұмытпаңыз, құрметтім!

— Бұл кісі әлі сіздің штатқа кірген жоқ.

Певцов қарқылдалап күлді.

— Тракторда істеп жүрсе де ме?

— Қайткен күнде де Байқараны босата алмаймыз. Құштесен райкомға, Романовтың өзіне барамын!— деп Қадиша жүріп кетті. Директордың орынсыз соқтығыса беретініне қайран бол келеді. Рас, жанаармайды артық

алдырдым. Өзім үшін бе? Эйтсе де, Певцов Байқарамен бұрыннан аралас-құралас болғандықтан намысын да жыртатын сияқты. Сонда қалай, апыр-ау, бастықтықты тілеп алып па! Жұрт істе деді, істеді. Қой десе қоя салады...»

Қадиша осылай ойлап келе жатып, өз үйінің жанына жеткенін аңдамай қалыпты. Есігінде кілт, терезелері бекітілген. Бас сұқпағанына да едәуір болыпты-ау. Да-ла косына түнеп, үсті-басы кірлеген, жүдеген. Эйелге төн тазалық пен жинақылық жоқ, беті-қолы жарылған. Жұмекең үйінің алдында ойнап жүрген балалардың арасынан Мұрат келіп жармаса кетті.

— Айналайын,— деді баласын бауырына қысып,— өксің тың ба?

— Саған тамақ әзірлеп қойды.

— Жұр ендеше!— Жұлдыз әжей алдынан шықты,

— Қарағым-ау, колхозға бастық болғандар кенседен шықпайтын еді, сен ауылдан bezіп кеттің. Әбден жүдепсің гой, сейтеме екен?

— Сөйтпесе болмай жатыр гой, әжетай!

— Егіндерің бітетін, бе?

— Бітті гой, бітті, әйтеуір.

— Бәрекелді! Монша жағып қойдым, киімдеріңді жуып берейін.

— Жоқ, әжетай, өзім де...

Әжей кимешегін сүйретіп, көрші бөлмеге шықты.

Жетім өскен Қадишаға ананың ак ниеті мол куат бергендей? Көрші бөлмеден балалардың қуанышты құлкісі естілді. Есікті ашып көріп еді: он шақты бала талқан жеп отыр. Арасында Ділдәбектің сарылары да бар. Барлығы да таза, Әжей:

— Шуламай отырындар, Қадиша апаларың шаршап келіпті,— деді.

Қадиша моншадан шығып, таранып түрғанда Жыкия кірді. Екеуі құшақтасып құлісіп жатыр. Жыкия құрбысын айналдыра қарап:

— Бастыққа лайық жуан бітімің қайда, қырышақтай, болып қушиып кетіпсің гой, қалқатайым-ау? Байқара ағана тартсаң бүйтпес едің гой,— деді.

Шай ішіп, кеңесіп отырысты. Жыкия өзі істеп жүрген сауын фермасының жайын айтты. Қыстан жүдеп шыққан сиырлар кекке аузы тисе де, ондырып сүт бермейтін көрінеді.

— Осы кеш шаруаны қоя тұрып тынығайықшы, Жыкия, шаршап жүрмін...— Қадиша құрбысының

колтығынан алып ауыл сыртына қарай аяңдады. Колбеті қымылсыз, нар қамыстар уңсіз. Іңір тыныштығын көлбақаларға бұзып түр. Қамыс торғайлар қыжықтайды. Сайдалы екеуінің осы жағалауда қыдырғаны есіне түсті. Қүйеуінің ыстық денесіне жабысып жүріп келе жатқан. Келер жылы екеуі де жоғары партия мектебіне кетпекке келіскеи. «Соғыс болмаса гой, ендігі бітіріп те алар ма еді. Бастық болам деп кім ойлаған? Эйел көтере алмайтын ауыр салмақты арта салғанын кайтерсің. Қүйеуінен хабар жоқ. Тек аман болса екен.

Жықия от боп жангап ыстық денесін салқында ту үшін камзолын шешіп қолын алды.

— Тұні бойы дамыл таптырмай денем қызып шыгады. Кейде тіктен шыдай алмаймын,— деді Жықия құрбысына жабыса түсіп.— Босқа өтіп жатқан жастық гұмыр-ай!

— Иә, кім тілепті мұндайды...

— Эмзе түсіме жиі кіреді. Соғыс болмаған, кейістік те жоқ, шат-шадыман қалыпта жүрміз. Мүмкін, ол өлмеген шығар, ә? «Қара қағазды» қателесіп те жібере береді дейді гой, солай емес пе?

— Шын айтасың, түсінде анық көрсөң, солай болады.

— Ондай түсті көргеннен де көрмеген артық, денең бейкүнә еріп кетеді де, оянганда өксігінді баса алмайсың... — Жықия осылай деді де, көйлегін сырырып тастап айнадай жарқырап жатқан суға қойып кетті. Шөлкысып қалжырап келген қоңыр үйректей су сабалап күлаштай жүзді. Мөлдір суға сүңгіп шарқ ұрды, Қадиша тамашалап қарап тұр.

— Жетер енді, тоңдың гой.

Жықия біраздан соң шықты. Ақ күмістей жарқыраған денесін сұлгімен сұртіп, қызықтай қарайды.

— Ту-у, су-ай, әйбет екен, бір жеңілденіп қалдымай!

\* \* \*

Жауын ұзак жаумай, жасыл дүниенің оні қашып, құрғак жаз басталды. Қек жиектен құбылмалы сағым қалтырап, күн алтабы қызыда түсті.

— Қадиша апай, сізді шақырып жатыр.

— Кім?

— Ауданнан келгендер, танымаймын. Байқараның үйіне түсті.

— Ауданнан келсе алдымен жұмыс басында болып, іспен таныспай ма?

Бала иығын көтерді. Қадиша бригадирге:

— Мен ауылға барам, сен маяшыларда бол, пішен-ді тез жиғыз, күн күйдіріп жібереді,— деді.

Күн тас тәбеде жалындай шарпып тұр. Ыстық өтсе керек, басы дыңылдал, көзі қарауыта берді. Жолда Кәкімнің бригадасына соғып, тракторшы балаға жолықты. Кескіні қақпыштай қап-қара болып кетіпти.

— Қадиша алай, таңнан бері тракторым тоқтаган жоқ, шапқан жерім көп болса да шөбі сүйкі екен, өнбеді,— дейді танауын тартып.

— Шөп шабуды додар да, дереу жинауга кіріс, әйтпесе пішен үгітіліп кетеді,— деді де, ерін сықырлатып жүріп кетті.

Қадиша қатты шаршаған, шөліркеген, бірден кеңсеге бармай, Жұмакендердің шәй ішін, дем алды. Кеңседе Ықсан мен есепші отыр екен.

— Қерек болса мен айтаймы, районның адамы мен милиция бастығы келіп, дереу партия жиналышын шақыруға бүйірді. Тығыз шаруамыз бар дейді.

— Шақырын, естик,— Қадиша салқын столға асыла отырып, мәліметтерді қарауға кірісті.

— Жұмекенде, Кәкімге, Ділдәбекке, барлық коммунисттерге хабарланды.

— Жақсы болыпты.

Партия жиналышы кеш ашылды. Жұрт жиналышп болғанша көп уақыт өтіп еді. Аудандық жер бөлімінің бастығы Әбілқайыров пен милиция бастығы Баймұрзин іске кірісті. Парторг Жұман қарт жиналышты ашық деп жарияладап, дағдысынша Ықсанды төр ағасы, ал есепші жігітті хатшы сайлаған соң, Әбілқайыров сез алды.

— Бүгін жабық жиналышта қаралатын мәселе коммунистің жеке ісі, оның қызметте қалу, қалмауы жайлар,— деп алып ұзыннан-ұзақ арызды оқи жөнелді. Арыз колхоз председателі Қадиша Сәлменованың қызмет бабын пайдаланып, адамдарға қатаң қараганын, науқас жігітті еріксіз соқа айдауга салып халін нашарлатқанын айттыпты. Ол қалада ауруханада жатыр, халі нашар. Соғыс уақытының жағдайында аса тапшы жанар майға заңсыз қол сүқканын, соның салдарынан көрші трактор бригадаларының жұмыстарына кесел келтіргенін сарапап жазыпты.

— Арыз иесі кім?

Әбілқайыров жалтақтай қарап:

— Иесі жоқ,— деді.

— Иесі болмаса, шіл-шікі өтірік, олтаңи, мынау жала сез,— деді Ділдәбек.

— Сөз алып сейлеміз, кимелеменіз.

— Сөз алып сейлесем де, айтарым: бұл — жала!

— Жолдас Ділдәбек Сәлімжұаров, сіз коммунистіз бе, өлде...

— Коммунистін, осы колхозды қолмен түргызғанмын. Ауыргам жігіт—менің немере інім. Өзі жалныны шықты жұмысқа, беріміз де айттық, үйге барып дем ал дедік, тыңдамады. Қол қусырып жатуды ар көрді. Ыс-қаққа менен жаңын қайссың барсың, жағасам, мен жа-зуым керек еді гой арызды.—Ділдәбек түтігіл тоқтады.

— Тары кім бар?

Көкім тұрды, ол сөл ойланғандай, тақыр мегін сипапалап, қызырақтай сейледі.

— Мынау домалақ арыздың иесін жалақор деуге толық хақым бар. Бір бөшке бензин мен бір бөшке автоды бастық үйіне әкеп жаққан жоқ, ол болмаганда егін сала алмайтын едік...

— Ей, бригадир жолдас, кішкене бөгел, жұмысты сен істеу керек те, мына «Қызыл диқан» мен анау «Еңбекші қазақ» қол қусырып отыруы керек пе, а? — деді Әбілқайыров столды түйгіштеп.

Көкімнің жапырақ мұрны шуылдап, өршелене сейледі.

— Сезімді білменіз, мен айтып болайын, біз МТС-тің барлық қорын сарыққамыз жоқ, біз бензинді тек моторға от алғызу үшін пайдаланамыз. Ал бензин МТС көлемінде орынсыз жағылады. Соғыс жағдайы екен деп жанар майды үнемдеп жүрген МТС-тегілер жоқ. Певцов өзі ескі «Пекаппен» күніне қырық-елу кило бензин жағады, онысы бізге науқан бойы моторға от алғызуға жетер еді. Машиналар орынсыз айдалады.

— Қысқартса сейлеңіз!

— Ауыздан қақпаңыз, бұл жерде «талапайлап алды» деген сөз мүлдем артық. Шынымды айтсам, Қадиша сайланбағанда колхоз құрып кететін ыңғайы бартын. Ауа райы қуаңшылық болса да, егініміз жақсы есіп келеді. Шепті шауып жатырмыз, Байқараша тұздарап жатқамыз жоқ.

Жұрт ду күлді.

— Тоқтат, коммунисті мазақ етуге хақың жоқ.

— Мен мазақтап емес, шындықты айттым, әділ сыйн.

Жұман қарт көтерілді. Саусақтарын тірей столга

сүйеніп тұр. Аппақ сақалының ұшы қыбыр-қыбыр етеді.

— Жолдастар, шығып сейлекен коммунистер әбден дұрыс айтты. Ауданға арыз жазып, «ел көшті, жау жетті» дей қоярлық ештең бола қойған жоқ. Колхоз бастығын өзгерту арқылы шаруашылықты ілгері апаруға мүмкіндік алдық. Ал арызда көрсетілгендердің бәрі жалған.— Жұмекен тұғырдагы қарт бүркіттей столдың шетінен қос қолданып сығымдай тұсті.— Коммунист адам әрқашан сыншыл болу керек, көлтектеуді жаңым сүймейді. Осы домалақ арыз иесі — ана отырған Байқара, одан басқа ешкім де емес. Байқара шырағым, сені тәбемізге көтердік, үміт күттік, колхоздың бар тағдырын қолыңа бердік. Тындырғаның не? Бастықтықтан алып тастаған да өзіміз, не әкпей бар? Жігіт деген, коммунист деген сөйті ме екен. Байқара шырағым, орнынан тұршы, айтшы, осы арыздың иесі сенбісің?

Бұрышқа қарай құнысып отырған Байқара орнынан тұрды. Қапсағай бойын қайда жасырапын білмей, беті кірпіштей қып-қызыл болып:

— Мен емес,— деді ақырын.

— Міне, бұл коммуниске жатпайтын қылық, сенде ұят жоқ, ұяты жоқ адам партия қатарында жүре алмайды. Кімде сөз бар?

Ііқсан бурыл сақалын салалап, мұртын ширатып алды да, көзінің ақ етін төңкере Байқарага қарады.

— Керек болса мен айтайын, арыз иесі, Байқара, сенсің, жетінші бітірген қызыңа көшіртіп алышсың. Енди келіп «мен емес» дейсің. Таңқан екенсің дым білмессті. Жолдастар, Байқараны орнынан алған жолы партиядан шыгару жайлы ұсыныс болғанда ақырғы сөгіс бердіндер, аядындар, арада қанша уакыт өтті, түзелді ме? Жоқ. Оны партиядан шыгару керек, менің ұсынысым осы.

— Жолдас Жақыпов, артық кетпеніз, біз Байқараның емес, Қадиша Сәлменованаң ісін карап отырмыз,— деді Әбілқайыров пен Баймұрзин қабаттаса сөйлеп. Истің кері бет алғанына екеуі де не лаж жасарлағын білмей дағдарған кейіптері бар.

Байқара ертеңінде өзі сұранып майданға аттанды.

\* \* \*

Күз айы түнеріп сала берді. Суық жел көбік бұлтарды жөңкіте айдал, сіркіреп жауын жауды. Жұман қарт қарны жер сызған торы бинемен қылтанақты сар-

ғылт аңызды жиектеп келеді. Биыл көп өнім берген жер. Колхозшылар еңбек күндеріне астық алып, тыңайып қалды. Қарт тұксиген ақжал бұлтарға қарап, торы биені тебіне түсті. Дөң үстінде Кәкімнің тракторлары күздік жыртып жүр. Несін айтасың, тілін білсе күш деңгениң осылардағой! Жылда соқыр түйедей қаңқайып тұратын еді, көктемнен бері тоқтаған жоқ. Нан жең жатқанымыз осылардың арқасы. Колхоз сияқты үлкен шаруаны қөлікпен көркейте алмайсың. Тиыштық болғанда шаруа тілті өркендең кететін еді-ау!

Талдыөзектің бойында қой отары жайылып жүр. Шапыққа соғуды жөн көрді. Ақты-алалы қойдың ұзын саны мыңдан артық. Мал қоң жинап қалыпты. Дүркіреп үрке жөнелді.

«Қысқа жақсы күйімен кірсе, теріс болмас! — деп күнкілдейді қария.

Атын жетектеп Шапық бері жүрді. Үстінде мол шекпен, белін шарт буған. Шөп сүрткен ақ бауыр құрығын ердің басына іліпті. Қорасан жеген бұжыр беті күнге күйіп, жел қағып, күреңітіп кеткен. Түрліген көнтек еріндерінің арасынан мықты курек тістерін көрсетіп күлген болды.

— Шүкір, Жұмеке, қалтақтап жүрміз ғой. Малмен бірге еріп, бірге оралам. Қойды қайтсем күйлендірем деп жанталасқан жайым бар, қыстың малы емес пе.

— Өйтпей бола ма, солай шығар!

— Баладан хабар жоқ, келін тұнжырап жүреді. Сонысы батып барады маган.

— Солай шығар, енді қайтсін, қын уақыт ғой.

— Балам аман келсе, бір күндей де болмас еді, — деп Шапық көзін сығып алды. — Далада жалғыз жүріп ойлайтыним солғана, ой түбіне жете алмайсың...

— «Қырық жыл қыргын болса да ажалды олер» деген ғой, шырагым, — деді қарт күреңін.

Шапық малын аралап көрсетті.

— Осында қартайған тіссіз қойлар бар, сонпу ақ саулық, мына бір қара сарық, анау қызыл қой қыс көтере алмайды. Құзғы күйімен етке өткізу керек.

— Дұрыс айтасың, күйімен тапсырган дұрыс, — деп қостады Жұмекен. — Шөп тасу қалай?

— Тасып жатыр, екі мая тұргызылды. Эрқайсысы қырық-елу қадамдай, шебі кек билауса, несін айтасың, көзіміз ашылайын деп түр, — деп қуанды шопан әйел.

Жұмекен көнілі жайланаپ, үйіне қайтты. Шәйді асықпай ішіп болып мұртын басты, сақалын тарады.

Соғыстан бұрын көрмеге барғанда алған масаты шапа-нын, сусар бәркін киді. Кемпіріне тіл қатпастан байыргы қара сандықты ортага сүйреп шығарды. Сандық қақпағы шалқасынан ашылып, ішіндегі буыншактары шығарылып, жуз теңгеліктерді қатарлап қоя бастады. Эжей бояуы кеткен ыстық шәйді әлі үрттап отыр.

— Эмゼнің экесі-ау, ораза келіп қалды, балаға ауыз ашар беретін еді. Жаумен жағаласып қаза тапқан жалғызды атаусыз қалдыруға болмас. Ауыз ашарға деңген ісекті де сатып жібердің. Былтырдан бері осы үйден талай мал сатылды. Қара сандық қара құрдым болып малды құртып жатыр...

Жұмекең сақалы қыбырлап солекет қолдарымен ақшасын санай берді. Санап болып ауыр бумаларды кенеп дорбага салды да, аузын буып, орнынан тұрды.

— Ренжіме, кемпір, аштан өлмеспіз,— деді де еңкіш бойымен сыртқа беттеді. Торы бие ақылды көздерін төңкөріп оқыраанды. Елден ұзап алған соң тізгінді еркіне жіберді. Бие қурайдың басын шалып келеді. Қарт өмірінің алыс жылдарын есіне алды.

Өмірі жалшылықпен өтіпті, бай үйінің шемшегін теріп, легенін тегуден бастап, бар ауыр жұмысты атқарыпты. Тіл алғыш, көнбіс болатын, істеген жұмысының кісінікі деп бөле-жара қарамады. Қай жұмыс тапсырылса, бабына келтіріп орындауды ғана білді. Отыздан асқанда зорға үйленіп, көрген жалғызды соғыс жұтты. Қу теректей жапырақсыз қалды. Қатал тағдырга мойын сұнбай бойын тік ұстағанымен, әлсіреп бара жатқандай. Құз күніндей жабырқау, тұнеріңкі болғанмен, қайғысын сездіргісі келмейді. Бұл сыр білдірсе, былай-ғы қатын-бала қайтпек?

Қария күрсінді. Өні қашқан бос кеңістікке көзін қадап, жүрегі сыздал кетті. Жоғарыда шексіз аспанда жел айдал, күн жарқыратқан сүйк үлттар жүзіп жүр еді. Жұмекең пешпентінің өңірін ашып, кеудесін салқын желге тосты. Жалғыз тірегі Жықия болатын. Бала мінезді ерке келінің карт қадірлеп жұбаныш еткенімен, қанша тұрақтайды ол. Жас емес пе. Жықия жайына көрі шенцел есі кете күйзеледі... Осыдан кейін Жұмекеңің не жайлы ойлағаны есінде жоқ. Күн еңкейе аупарткомның ағаш баспалдақтарымен қабын арқалап көтеріле берді.

\* \* \*

Шыбынсыз жаз дейтін күздің жылы күндері басталды. Ауыл Октябрь мейрамына дайындалып жатқан.

Майданнан қуанышты хабарлар бар. Қызыл Армия іл-герілеп барады. Жұмекеңнің қабагы жадыранқы. Бүгін бір қала алынды десе, көткен қолынан түспейтін қоңыр таяғына бір көртік салады.

Қырманда дабырласқан көптің арасында Ділдебек-тің қызыл торы сақалды жүзі жайнақ қарады, таразыға салған қаптарды өлшеп:

— Жеті центнер қырық кило! — деп айқайлады. Дауысында екпін бар. Астық иесі Шапық апай келінімен екеуі тырбаңдал қап артып жатыр. Жұмекең таяғын сүйеп қойып қол қабыс тигізді.

— Рахмет, Жұмеке, соғыс басталғалы алып отырған мол астығымыз гой, балалар ашықтайтын болды, әйтеуір, — деді әйел бұжыр бетін сүртіп. Әжім торлаған қуқыл жүзі жайдарылана түскен.

— Бірінші кезекте берілген аванс қой, жаңа жыл туған соң толық есептесеміз, — деп Жұмекең қаптарды таяғымен түртіп қойды. Қырманга келіп-кетіп жатқан арбалардың сықыры мен адамдардың дабырлап сойлескен дауыстары толастар емес.

— Сүйінші, Жұмеке, сүйінші! — деп хат тасушы жүгіріп келеді. Жұмекең шайқалып кетті. Көз алды ту-манданып әлі құрып барады. Онысын сеадірмес үшін таяғына салмағын салып, хатқа қол созды. Баласының өлгеніне сенбейтін, ерте ме, кеш пе бір жақсылық хабар болар деп дәмеленетін қария қалтыраган қолдарымен конвертті аша берді. Ашиқанымен көздері бұлдырап, ештецені көре алмады. Шотаут қызы таспен басқан хатты жеңіл сырғыта жөнелді.

«Ерлестік» колхозының мүшесі Мақышев Жұман жолдасқа. Отан қорғау қорына жуз мың сом қаржы бергеніңіз үшін Сізге көп алғыс айтамыз. Тілегіңіз бойынша жауынгерлік самолет жасалып, майданга жөнелтілді.

*Отан қорғау комитетінің председатeli.*

Қарт хаттың жылтыр қағазын алақанымен сипай тұрып күлімсіреді де:

— Жауды жену үшін жүргегімді жұлдып берсем де көп пе еді, — деді.

Газетте сурет басылыпты. «Ержүрек үшқышқа Қазақстандық колхозшы Мақышев Жұманнан» деген жазуы бар самолетті бөлімше командирінің тапсырыш тұрғаны бейнеленген. Қарт қызарған көзін сүртіп:

— Жұлдыз-ай, мына айырпланды алып тұрған біздің Әмзенің өзі емес пе? — деді.

— О, жаратқан құдай, аумайды өзі! — деді кемпір көздері жасаурап. Қариялар газетті қолдан-қолға жүгіртіп қарай берді. Шаруа бабымен шеттеп жүрген Ықсан да кірді.

— Керек болса мен айтайын, Жұмеке, қуанышың құтты болсын. Айды аспанға бір шығардың, бұл теніректе шығанға сілтеп жіберген өзің ғана,— деді.

— Жоғары шық, Ықсан, көптен дәм татысқанымыз жоқ қой, шәй іш!

— Бұйырган дәм болса қайда кетер дейсің, — деп Ықсан дастарқан шетіне тізе бүкті. Қескіні жүдеу тартып, сақалының ағы көбейе түскен. Дос көнілмен шексіз қуанған. Ол шәйді сораптай тартып отыр. Жұмекең ойлы:

— Солай, Ықсаным, соғыс өртін сөндіру үшін қарлығаштай су шашып жатқаным ғой, — деді.

\* \* \*

Қыс тез өте шықты. Қөктеммен бірге қуаныш келді.

— Жеңіс!

Жеңіс, сені сағына күткелі қашан, міне, келіп “те қалдың. Көл болған көптің көз жасы тыылып, қаралы ананың жүзіне жылдылық келді. Жұмекең адымдай басты. Сәл кешіксе өкінішке қалатында. Шапықтың Әміресі келе жатыр деген соң өзінің баласы келе жатқандай шексіз қуанған. Қөп адам жиналышты. Таңнан бері тұргандары бар. Ауылдың күллі жаны осында ма деп қалды. Майданнан оралған бірінші жауынгер ғой.

— Шапық қайда, Шапық?

— Эу, мен мұндамын, Жұмеке! — Апай барқыт камзолын киіп, аппақ жаулығын салыпты. Қөнтек еріндерінен күрек тістерін көрсетіп дамылсыз күледі. Жұмекеңің аппақ сақалына маңдайын сүйеп жылап жіберіп еді:

— Қуанышқа жылай ма екен, шырағым,— деді қарт.— Қайырлы болсын!

— Байғұс-ай, енді қайтсін,— десіп жатыр жүрт.

Адам таңданатын қөктем болатын. Жылы жел бауаса қөктің ісін жеткізіп тұрган. Енді ғана бүршік жарған орман зенгел жасылданып, бозторғай үні ашық әуенмен құлақ тұндырады. Жыл құстары келіп, көл басы ың-жың. Ақ мақтадай ақық бұлттардың ар жағында сарылып күн тұрды. Күн бар ғаламға нұрын бірдей төксे де, біреу жылап, біреу құлген ұлы Жеңіс қөктемі еді бұл.

— Уа, жаратушы ием, қандай күнді көріп тұрмын!

— деп Жұлдыз әжей күбірлеп сөйлей берді. Қазір ме, енді бір сағаттан соң ба, біреу қуанышты хабар жеткізгендей жүргегі алып үшады. Бірақ үлкен жолдың бойында ешкім кәрінбесіді. Кон тосқан жұрт үйлеріне тарап кеткенде, іңір қараңғысында келді Әміре. Біреулер күліп, біреулер аңырап жылап, ауыл азан-қазан болды да қалды. Шапық апай баласын бауырына басып, екі бетінен кезек сүйіді де, тез босатты. Ауылдың қартынан баласына дейін солдаттың мойнынан асылып, табалдырықтан аттаптай қойды. Әдеп сақтап тұрган Әзиза да күйеуіне жармасып, қозінің жасын тоғіп жіберді. Әдепті ұмытып құшырлана сүйіп жатыр. Замандастары күліп өзілге айналдырса, қарттар егіле жылап: «енді қайтсын, байғұс бала-ай!»— деседі. Әзиза күйеуін қолтығынан алып үйге бетеді. Жұмыр қолдарымен білегінен қатты қысып ұстапты, босатса көзден гайып боялдардай.

— Тұра тұр, Әзиза, жұртпен амандарайын.

— Керек болса мен айтайын, бұл үлкен қуаныш!— деді Үйсан Шапықты жұлмалап.

Солдат төрге шығып, аяқтарын кесіліп салды. Есіктен Жұман қарт кіргенде Әміре ауыр көтеріліп, ақсаңдай басып қарсы жүрді. Қария мол құшағын жайып тұрып қалды. Солдат ана құшағына егіліп кетті. Жұмекенің көздерінен жас парлады.

— «Қырық жыл қырғын болса да ажалды өлер» деген екен, аман келіпсің, балам, қайырлы болсын!— деді ол дымқыл сақалын салалап. Жұлдыз кемпір дауыстап баласын жоқтады. Осы арада Шапық апай қыстай жемдеп шыққан қара ешкіні шалғызып жіберді. Ауыл түгел көріспіп, көпшілік тарап, үлкендер жағы бірыңғай қалған соң баршасы Әміренің аузына қарады. Соғыста бұрын көп сөйлейтін күлегеш еді. Ойлы, салмақты болыпты, кескіні түнеріңкі.

— Біздің Әмзені көрдің бе, құлышым?— деп әжей жабыса сұрайды.

— Кере алмадым, апа, олар басқа жақта сөгисқан гой,— деді.

Қарт Қадишаны таныстырып жатыр.

— Колхозымыздың бастығы, өзіміздің Сайдаштың келіншегі.

— Білем гой, білем.

Ауыл адамдары қуана күлісіп отырғанда жолдан қалжырап келген Әміренің көзі ілініп кетіп еді, «Отан үшін алға-а-а!»— деп айқайлап қоя бермесі бар ма.

Астагыпры алла, пісмілле,— деп Жұлдыз әжей бетінен сипап, ұшықтап жатыр. Әміре көзін уқалап:

— Қорықпаңыздар, ұрыстың дағдысы ғой,— деп езу тартқан болды.

Жұрт тарағанда таң саз беріп еді. Енді үйде өздері гана қалды.

Әзиза күйеуінің кескініне қуана қарайды. Шапық апайдың жүргегі қуаныштан жарылар халде. Тұнжыраңқы Әміре гана. Ол салулы төсектің шетіне отырып белін шырмаган қайыстарды ағытып болып, ауыр протезді тарс еткізіп тастай салды. Бір аяғы тізеден жоқ еді.

— Құлымым-ай, мынадай болып келіп пе едің?— деді апай ышқынып.

— Иә, апа, осылай болғам,— деді баласы. Әзиза күйеуінің алдына тізерлей отырып алып солқылдаң жылай бастады.

— Иә, осылай болғам!..

\* \* \*

Қадиша келгенде Жықия жатып қалған екен. Қараңғыда төсегіне қисая кетті. Көзі ілінер емес. Сайдаштан қайта хат келмегелі қашан? Жылга жақын хабарсыз. Жүргегі сыздап, көзіне жас толды. Қөрші төсектен Жықия күрсінді, ояу екен, «Сабырлық етейік, күндердің күнінде олар да келер күлімдеп»,— деп жұбатады құрбысын. Қадиша соナン соң үйқтай алмады. Төсектен салбырап кеткен қара бұрымын көтеріп шекесіне орады да, Мұратты қытаптың шықты. Дала салқын, буалдыр. Аласа деңгөн күн көтеріліп келеді. Мал әлі өрмеген, үйлердің сыртында күйіс қайырып сиырлар тұр. Даладағы тракторлардың гүрлі естіледі. Шапық апай сиыр сауып отыр екен, амандасты.

— Келін дем алсын деп өзім сауып...— деді апай, кескінінде көңілсіздік көлеңкесі бар. Қадиша кеңсеге қарай кетті. Малын өріске айдалап салып Бағила келеді, белін шарт буыпты. Қарапайым қатын кеңесі басталып кетті.

— Ағайдан хабар бар ма?

— Болмай тұр ғой.

— Қашаннан?

— Алты айдың жүзі...

— Әлдеқалай кешіккен шығар, соғыс жаңа бітіп жатыр емес пе?

— Қайдам.

Бағиланың кескіні сынық, бүрнағы жылы Байқара

майданға аттанғалы белсеніп жұмысқа шыққан. Өз шаруасы бар, колхоз жұмысы бар өйелдің бейнеті аз болып жүрген жоқ. «Бастықтың күн тимесі» деп күндейтіндер бұл күнде Багиланы аяп көмектеседі. Байқара үшін Багила ұялатын еді, қазір мақтаныш тұтады. Күйеуі жаумен шайқасып жүр. Женіл жарапанып, аз күн госпитальда жатып, согысқа қайта кірдім деген хаты да келген. Содан бері хабар жоқ. Ауылдастары Байқараны да шенеп сөйлеуден аулак, аман келуін тілейді. Қуана қауышуды қалайды. Ауылда жүргенде қадірін білмейтін ағайын, айрылышқанда бауырмал келетіні бар. Ықсан екеш ықсан да, жиі еске алатын болып жүр Байқараны.

— Қапаланбаңыз, жеңеше, ағай аман келер,— деп жұбатады Қадиша.

— Өзің де сондай жақсылық тілеймін, қарагым.

Багила көйлегі шұбаландаپ кетіп барады. Аяқтарын ширақ басып қуанышты көңілмен болашақ жақсы күндерге асығып бара жатқандай. Қадиша көзіне жас алды. Багиланы жұбатқан жұрт өзін де жұбатып жүр ме екен? Байқараның «қара қағазы» кеңседе көптен тыгұлы жатқан, кейін естіртерміз деп ұстап отырган-ды.

Баласын сағынған ана, жарын күткен келіншек, әкесін күткен баланың үміті үзіліп, қайғылары қалыңдай түсті. Осы «Бірлестіктен» аттанған жігіттердің оралғаны саусақпен санаарлық. Хабар барлары да көп емес. «Сорғыс деген осындай құрдым екен гой» деп мұнаяды Қадиша.

\* \* \*

Өмір өз арнасымен ағып жатыр. Шаруа да солай. Шөп шабу науқаны басталды. Қөпенелейтін, мая үйтін техника жоқ. Барлығына білек күші керек. Майданнан оралғандар өзірге мүгедектер ғана. Қынышылық сол қалпында, мая түбінде — бұрынғыша қарттар мен өйелдер. Аспан айналған ыстық, даладан азызғақ жел есіп, жан біткеннің кенегесін көнтіріп барады. Ділдәбек ағаш айырмен бір көпенені бір-ақ тастайды, көнбіс, үнсіз қыз-келіншектер көлеңкеге тығылып, өрт болып жанған денелерін қалай салқыннатудың ебін таппай алас ұрады.

Айырды ала салып бірнеше рет шөп лақтырып еді, Қадишаны тер буып кетті. Орамалмен бетін сұртіп желпініп тұрганда, ауылдан біреу шапқылаң келді.

— Қадиша апа, сүйінші, ағай келе жатыр.

— Қайдары?

— Сайдаш ағай!

Қадиша тәлтіректеп кетті. Өні қашып, шынымен талықсып барады.

— Су әкеліндер, су!

Қадишаның бетіне су бүркіп, аузына да тамызып, көлеңкеге жатқызып қойды.

Жықия басын тізесіне салып, омырау түймелерін ағытты. Қөздері шарасынан шығып, жан-жагына қарайды. Дем алды ауыр, көптен соң есін жинады. Қуанышты хабар жеткізген бір парақ қағазда Қадиша күйеуін темір жол станциясынан өзі қарсы алу керек дедінген. Эйел ойланып қалды. Лепірген көnlі басылып, қатулана тұсті. Ауданға телефон согып жағдайды сұрап еді, «ауыр жаралы, тек өзі ғана қарсы алу керек» дедінген жауап болды.

Ауылдан аттанғанда батысты қызыл қанға бояғандай талаурап күн батып бара жатты. Жер бетінде жаяулаған жел көлбей соқты. Аттар қызыарып, қанталаған көк жиекке қарап жалдары желпілден жортып келеді. Сары даланы қақ жарып байырғы қасқа жол жатыр. Лаулаган шалаққа қарсы күйік шалғандай кара шумақ бұлттардың жосығына қарап Қадиша үнсіз. Сілейген көрі далага інір қараңғылығы түсіп келеді. Тұнгі дала түпсіз тұңғибықтай тынып қалыпты. Жылтыраған ұсақ оттар жер шетінен көрінгендей жеткізбейді. Тұннің өзіне лайықтынысы бар. Бөденелер шақырып, шегірткелер шырылдайды. Бейуактағы жолаушыларды таңырқап шұбар жапалақ түйіліп өтеді. Ақ селеу толқып, тылсым дала жібек жамылғы астында қыбырлап қозғалып жатқандай. Қадиша қат-қабат ойдан арылу үшін көзін жұмды. Ауыр жаралы Сайдашты көріп, селк етіп көзін ашады, тағы да тұнгі жол. Делбеші баланың қушиған иықтары мен аттардың қамыс құлақтары көрінеді. Доңғалақтар зырылдайды.

— Таскен, жақындастық па?

Үйқы қысқан бала қараңғылыққа қарайды, үнде мейді. Станцияга таң ата жетті. Сіркіреп жауын жауып тұрган. Паровоз тұтінімен ысталған шағын вокзалға ықлассызыдау қадам басты.

— Сізге кім керек?

— Сәлменов.

Ақ халатты әйел қағаздарын қарап жіберіп:

— Поезд бір сағаттан кейін келеді,— деді.

Вокзалдың жолаушылар тынығатын бөлмесінде жылау-сықтау естіледі. Тысы жыртылып тоза бастаган қара диванның үстінде госпиталь киімін киген жап-

жас жігіт отыр. Екі аяқ, бір қолы жоқ. Жаралы жауынгер есіктен кірген жас өйелге қанатсыз құстай талпынып:

— Аяулым менің,— деп үмтыта берді. Эдемішө келіншек жақындай беріп, бөгеліп қалды. Көздері шарасынан шығып барады. Есінен адасқан адамдай тәлтірекtep барып сымқ етіп отыра кетті де, шыңғырып жылап жіберді.

— Құдайым-ау, не болды? Енді-қалай өмір сүрем?!

Солдат күлімсірен қараш отыр. Сүйіктісінің ерке мінезін қызықтағандай.

Қадиша сыртқа атып шықты. Қайтып вокзалга бас сүкқан жоқ. Перронда жүрді де қойды. Не себепті келгенін енді ұқты. «Апыр-ай, тағдыр дегенің осындай қатал ма еді?» — дей берді. Ертеңді, келешекті, тіпті ештецені ойлап тұрган жоқ. Мен-зең. Алыстан сонау аласа шоқыны айналып, жібек құртындай иірліп келе жатқан поезга жасқана қарайды. Бақытсыздықты сүйрекен паровоз тұтіні сөнуге айналып, титықтап келіп вокзал алдына тоқтады. Шаң басқан вагондардан ақ халаттылар көрініп, зембілдер түсіріле бастады. Қарттар мен әйелдер өз баласын немесе қүйеуін таныған ашы дауыстар. Вагон есігіне Қадиша жасқана қарайды. Бастарын шырмап таңып тастаған жаралыларды алып өтіп жатыр.

— Апыр-ау, мынау шынымен біздің тұған жер ме? — деген жауынгердің зарыққан даусы естіледі. Түсірілген адамдардың аты-жөні айтылып, жақындарынан кім бар екенін дауыстап сұрайды.

— Сәлменов,— деді бір кездे. Қадишаның буыны құрып кетті. Вагон есігінен әскери киімді, қара көзілдірігі бар Сайдалы көрінді.

— Сайдаш, Сайдашым менің! — деп әйел үмтыта берді. Алдындағыларды кимелей, өлі басналдақтан түсіп болмаган қүйеуіне замат жетіп барды да жармасты.

— Қадиша, сөулетайым!

— Жол беріңдер, қане! — деген теміржолшының даусы естілді.— Бикеш, ол енді согысқа бармайды, жанында болады, иптықна!

Қадиша Сайдалының қолтықтап, арбасына қарай жүрді. Атшы бала жүгіріп келіп жармасып жатыр. Аттар жортып кетті. Ерлі-зайыптылар үнсіз, Қадиша қүйеуінің жүдеу кескініне, ар жағы айсыз түндей көз әйнегіне қарай берді.

— Тағдыр деген осы, Қадишам, Карпатта жаумен шайқас кезінде дүшпаниң минасы бір қолымды жү-

лып, көздерімді зақымдады. Қалай тірі қалғанымың  
кайранмын. Тірлікке не жетсін, туған жердің ауасы  
шипа болар деймін. Профессор кезімді қалпына келті-  
руге үеде етті. Қөп ұзамай Одессага жүрем. Дозақ оты-  
ның тоғыз қабатынан еткенде бұл да сез болып па! —  
деді жауынгер.

Қадиша күйеуінің сау қолының алқанын бетіне ба-  
сып жылап отырды.

Дала үстімен аққу, қаздар қиқулап барады. Сайдалы  
елегізіп құлақ қойып:

— Жарықтық-ай, кектем құстары гой. Алыс қызыр-  
дан қайтып оралған екен-ау! — дей берді.

## АТАМЕКЕН

### I

— Уң, жаны түскір-ай! — деп Жәлен қарт ауыр  
күрсінді. Боран жер үйдің қарауытқан терезелерін са-  
балап тұр. Долы дауыл далада құтыра ойнақ сала-  
ды. — Біліп едім-ау осылай боларын. Сегіз көзі түскірім-  
нің кешеден бері қақсауы әлей еди. Әлгі бала бар болғыра  
қайда жүр? Ербіп, ескен соң-ақ үйде тұруды қойды.  
Атасының жалғыздығын да, жарымжандығын да ескер-  
мейді, — деп аунап түсіп теріс қарап жатты. Үйқы-  
қайдан келсін, ыңырсыған боран үні көңілін құлазытып  
ғұмырының небір қасіретті шақтарын есіне салды.

Қарт елең етіп тың тыңдады. Кәрі тораңғының ір-  
бұтақтары екен терезені сабалаған. Сыртта біреу сың-  
сып жылағандай болған соң, қүйқасы шымырлап, кез-  
дерін жұмды... Баласы отырган арбаның ернеуінен ұ-  
стап, шырылдан көп жерге дейін барды. Мына боран-  
ның сарыны сондағы әйелдердің зарына ұқсан қарттың  
сай сүйегін сырқыратты.

Хат сиреп, қарттың қабағы қатып, шошына елеңдеп  
отырғанда тәбеден түскендей етіп «қара қағаз» қолына  
тиді де, мәңгіріп қалды. Кемпірі бейшара көп ұзамай  
дүние салды. Марқұм өзі де зорға жер басып жүруші  
еді. Жел өтіне ескен қызыл қайыңдай берік Жәпекен  
сұрапылға қарсы тұрды. Жасында батыр, есейгенде  
жігіт ағасы атанған, қартайганда ауылдың бас көтерер  
қариясы бола білді.

Сейтіп, соғыс жылдарында шаруасы күйзеліп жөнге  
баспаған колхоздың ауыр жүгін өрге сүйреді.

«Әй, Нәубетжан-ай, сенсіз де, менсіз де осы ел елді-  
гін қылар еді гой. «Жақсылығынды қайтарып ал» деді-  
ау антүрган. Құдалыққа қанша қатысы болды екен?  
«Сен тең емессің» дегені несі-еї, сонда ол кім өзі? Өзім

асыраған текешігім өз басыма секірдіяң қері. Кеше еді гой жұртқа мұрындық болып басқармалыққа ұсынғаным. «Нәубетжаниан нәтиже шықпайды, бұл өзі жалғыз сиырын баға алмайтын адам. Колхоздың тағдырын қолына берсе ондырмайды» деп өзөурегенде көпке ақыл айтып, қөндіріп едім гой. Есін жиып, етегін жапқан соң қай кекігені».

Откен күнгі оқиға қайта көз алдына келді.

Жәпекең ши барқытпен тыстаған тұлкі ішігінің белін қара сәтен белбеумен буып, тымағын бастыра киіп тысқа шықты. Көптен тірнектеп жиып жүрген ақшасын орамалға түйіп қойына тықты да, Дайырларды ертіп іңірлетіп Нәубетжандықіне келіп еді. Нәубетжан сұық тиді деп әйелінің пүшпақ жағалы қоңыр күпісін бөксесіне орап, терге қисайыпты. Көз алдында добалдай қара мені бар кемпірі Сақып шалынан төмен ұршық піріп отыр. Шақырылмаған қонақтардың сәлемін ықылассыз алып, үй иесі кірпідей жиырылды. Кең танауды тыржиып, жалбыр мұртын алақанымен баса сипағаны — шатақ шығарамын дегені. Қанталаған көздеріне қарап келгендер сескенейін деді. Сөзді қалай бастауды білмей Дайыр жап-жас кескінін төмен салып ойланып отыр. Нәубетжанға тік қарап, Жәпекең аппақ сақалын салалай берді. Шор буынды қысық саусақтары қалтырайды. Үйде әлі үнсіздік. Қунде көріп жүрген сыр міnez ауыл-агайын әп-сэтте сұық жүзді жат адамдардай бір-біріне жауыға қарап тістеніп алыпты.

Нәубетжан серке сан шылымын шала тартып лактырып тастады да:

— Қатын-ай, төсек сал, жатамын! — деді танауды қусырылып. Шұбар көзі талақ бауырдай болып, алқымға тығылған тентек ашумен қаны басына шауып, буынып отыр. Дайыр шарт жүгініп алыпты.

— Ей, Ноуке, жатуга асықпа, тамақ аңдып қыдыра келгеніміз жоқ. Бала жастан бірге есіп, біте қайнаған агайынбыз. Атаң қайсы, сиң қайсы дейтін емес, айтпақ арызымыз, салар қолқамыз бар, құда бола келдік. Ие, сейте келдік. Жәпекеңнің баласы мен Маржанның уәдесі болыпты. Сіздерден ұлықсат, ризашылық сұрайды, — деп төтелей салды.

— Ұлықсат жоқ! — деді Нәубетжан көкше мұртын тікірейтіп. — Өке-шешенің қалауынсыз уәде бермейді қызыым. Өйтетін болса атамнан аулақ кетсін.

— Ие, шырактарым,— деді Жәпекең қозгалаштап.— Құдай деп құда болайық, балалардың бағы ашылсын, сөйтейік. Сақып, шырагым.

Нәубетжан иесіне түсер бүркіттей Жәленге қарай енсесін сала ұмтылып:

— Ей, шал, не тантып отырсың? Менімен құда болуға қашан жарап едің, бірдеңе көрмей тұрганда тап қа-зір табаныңды жалтырат! — деді. Нәубетжан қып-қысқа қолдарымен арашаға киліккен қатынын түйіп жіберді.— Шығыңдар түгел үйімнен!

2

Зиятден пішен сыртында ұзақ күтіп отырды. Құс қанаты талған кең жайлаудың бар қарын сыптырып, осында тығындал жатқандай еді. Қалтырап тоңуга айналды. Дала желі қысыр жыландаі ыскырып соғып тұр. Жігіттің қарай-қарай көзі талды. Көп ұзамай мұның өзін де қар көміп кететін шығар. Қесір боран жетім үнімен сыңсып Зиятденнің жанын күйзелтіп-ақ болды. Қозіне әкесі елестеді. Ол болса байлаулы күшіктей үй іргесінде осылай отырар ма? Қыңыр шал аспанға шашымай мәмлеке келер еді. Қайткен кунде Нәубетжанды жер соқтырып кетсө болғаны. Уақыт бауу жылжиды. Бір кезде шәлі оранған біреу бері жүрді. Қызы жігіттің сүйк қолынан ұстады да, боранға сіңіп кете барды.

Көзге тұртсе көрінбейтін қараңғылықта қашқындар көрші ауылға қарай жүріп келеді. Ашыққа шығып алған соң есірік жел итермелеп бағыттан тайдыра берді. Қөлік жолы бірде көрініп, көбіне байқалмай қалды. Жел алғашқыда оң иықтан соғып еді, енді арттан шықты.

— Аздап дамылдайық,—деді Маржан бетінен соқпа карды сыптырып. Зиятден қызды желден қалқалай тізе бүкті. Боран отыргандарды ақ жыландаі шыр айнала ыскырады. Тершіген денелерді қалтыратып барады.

Көп жүрді. Дала сұрапылы жосып соғып тұр.

— Мынау көл ме?

— Апыр-ай, «Шошқалы» ғой, сүмдық-ай, қайда гана жер ауып кеттік біз?!

Көл ығына келген соң есірік желден пана тауып екеуі ес жинады. Нар қамыстар үкі бастарын шайқал ау-зу етеді. Денелері мұздап калтырай берді. Зиятден жыртқыш аңдай тырмалап күртікті үңгірге кіріп, Маржанды шакырды. Екеуі қар астында ыстық лептерімен жылынып, бірін-бірі аймалап, жүрек түбіндегі асыл сөздерін үнсіз жеткізіп, тыныстап отырды. Қар үңгір аузына зүйлдай құйылып тыстағы лайсан үнді алыстап әкете берді.

Алдымен оянған Зиятден қыздың ып-ыстық бетінен бетін алып үстерін басқан күртікті теклілеп көріп еді,

көзгалмады. Тар жерде шарт жүгініп отырды да шығымен шірене көтеріп тастанды.

— Маржан, шық бер!

Таң атылты. Ақ боранның шелі жыртылған шетсіз кеңістікте қысқы күннің жер бауырлған сәулесі қызылт-күлгіндегі шашырап келеді екен. Шаңытқан сұмдық сұық да лада көз тоқтатар бір бұлдыры болса шы. Жел осып тілгілеген сіреу қардың бетінде сұйық сырғым жерлендеп барады.

— Тондың ба, Маржан?

Қыз қып-қызыл болып кетті де, бұлт шөгіп жатқан аласа көкжиекке жасқына қарлды.

\* \* \*

Нәубетжан үйі кешеден бері бақсы ойнагандай астан-кестен. Құс төсек, жастықтардың жүні бұрқырап тоз-тозы шықты. Қолына түскен затты аямай бұлдіріп, қарлығып титықтаған дауыспен:

— Жәпендейкіне бермеймін. Байсыз етсең де ол үйге аттамайсың! — деп, жылаудан көзі ісіп кеткен Маржанға жер тепкілеп төніп барады. Маржан әжесінен қалған ағаш төсекте етпетінен жатыр.— Көзің ағып неге түспейді,— деп қиқар шал зарлай жөнеледі.— Құдай-ау, қыз бергенше, қызыл туша берсейші. Бүйтіп жұрт бетіне қарағызыз еткенше, қыргын тисейші! О заманда бұ заман Нәубетжанның қызы қашты деген не сұмдық! Пәлен жыл басқарма болған адамның қызы сейтті деген не масқара! — Нәубетжан жалбыр мұртын үрледі. Сығыр көздері бозарып әбден титықтап біткендей сұлық отырып қалды.— Қорлығын айтсайшы шіркіндердің. Бұл — таза басыну. Адамның басынан аттап, бағын тайдыру. Жәпен бас болып, Дайырлар сонына түсе қалды. «Нәубетжан колхозды кейін кетірді. Шаруаны ақсатып, халықтың тұрмыс-күйіне қарамады. Колхозды алға апарудың орынна аң қуып, серлік құрды. Ескі жерді тырмалап егін сіп, жұртты пестықсyz қалдырыды. Тың жер жыртуға жаңы қас болды» деп мәселені буйірден қойды. Мақсаттары — Дайырга басқармалықты алып беру еді, ол тілектеріне жетті. Қолына айыр мен күрек бергілері келді. Даала күзетшісі болып ат үстінде жүр, ойтеуір. Жұргені құрысын, түртлеқтеп күн көрсетпейді. Шөпті малға жегіздің, егінге түсірдің деп ызыңдайды да отырады. Құдайы құрғырау, осы елдің малышы болар ма? Қызды ала қашканы — басынганы емес пе? «Қызды бер, атағы шығып қалды. Ұят болады» деп ақыл айтysады тагы. Үйде

отырып егіз баланы қосынан тапса да Жәпендікіне бер-  
меймін. Tipi отырып талана алмаймын. Сарт болып  
кетейін осы сертімді бұзсам. Әлгі Бекім қайда екен? О,  
жасық ит-ай!

Нәубетжан шойнаңдай басып есікке беттеді.

— Бекім, а, Бекім! — деді ол қорага шықкан соң  
тұншыға дауыстап.— Бері келші!

Көң артып жүрген таңқы сары Бекім маңдайын  
жснімен сүртіп:

— Немене? — деп күректі тіреп тұра қалды. Шаб-  
дар түсті таңқиған танауының үстінде тер мәлдірец  
тұр. Боз көздері жылтырап Нәубетжанға қарагыштай-  
ды. Нәубетжан кетік мұртының арасынан шырт түкі-  
ріп тастап қып-қысқа саусақтарымен иығынан бүріп  
оңашаға қарай әкетті. Басып құлағына дейін тығып жі-  
беріп оттық түбін қарманып жатқан торы бие тұмсығың  
шошына көтеріп алды. Биенің аяқ астынан құзғындаі  
менсіз қара тауық ата жәнелді. Жылқы иісі мен шең  
иісі ақыған қора түкпіріндегі сырғауылға сүйеніп  
екеуі тұр. Нәубетжан мұрнын таңқ еткізіп сінбіріп тас-  
тады да, сұқ саусағын санына сүйкей салып:

— Сен, шырақ, бөтен емессің, бөлемнен туган жал-  
тызың, мені паналап келген екенсің, бұрынғымнан да-  
ет жақын бола түскім келеді. Бөлемнің аруағы шаттан-  
сын, күйеу балам бол, Маржанды саған берем. Биыл  
бірге тұрасың, келер жаз үй салып отаулап шыгарам.  
Сейт, шырагым, эне солай!

Бекімнің күтпеген сөзден басы дыңылдалап, көздері  
бұлдыrap кетті.

— Жігіті бар гой, жігіті...

— Жігіттің желкесі қылсын білдің бе? О, тексіз  
неме, не дейсің-ей? Жігіті бар! Жәпеннің баласына бер-  
меймін дедім бе, айттым ба осы сөзді? — Нәубетжан  
ақсандай басып: — Бар, бар, анау сенің қарамағың-  
да,— деп қол сермен қора сыртына қарай кетті.

Маржан күнгірт бөлмеде етпеттеп жатыр. Жылау-  
дан көз жасы таусылып, титықтап қалыпты. Ісінген бе-  
тін жастыққа басып іші-бауыры қалтырай өксиді. Көз  
алдында мағынасыз елестер бар. Зиятденнің қонырқай  
бала кескіні елестейді.

Маржан аунап түсіп Бекімді көрді. Көрді де басын  
көтеріп, қобырап кеткен бұрымын түзеді.

— Сен мені күзетіп тұрмысың? — деп сұрады ісін-  
ген көздерімен.

— Жо-жок, жәй, нетіп...

— Экем қайда, ашуы тарқайын деді ме? Сен оған ақыл айттың, ба?

— Ойбай-ау, ол менің ақылымды қайтсын. Осында пүүл болып жалынып сөздерін өткізе алмады емес ле? Обден қисайып алышты.

— Сонда қайтпек?

Бекім тұз көздерін тәмен салып қызарактап, тамағына тас тырылғандай жұтынып:

— Бөлениң айтқанын айтсам ашуланбайсың ба? — деп рабайсыз саусақтарымен онірін сипалай берді...

— Солай деді ме, мені өзінің қандасына қоспақ па, қылмағаны осы ма еді?

Маржан орнынан тұрып шашаң киіне бастады. Жүзінде кейістік те, қысылу да жоқ. Қүйеуге кашып кетіп қайта әкелінген қыздай емес, ештеңе болмагандай үзын бұрымын кейін серпіп таранып тұрды.

— Ал сен өзің не айттың?

— Ештеңе дей алмадым.

\* \* \*

Жәпенді Нәубетжанның қорлаганы әбден жасытып тастаған-ды. Алқымдал бір кетті де, ертеңінде қайта келді. Бұл жолы ашу-араздық жоқ, дағдысынша сәлемдесіп, есік жақтағы сандықтың үстіне жайғасып, жалбыр мұртына тұрған сұнгіні биртың саусақтарымен еттеп ажыратып алған есікке қарай лактырып отырды. Етіндегі қорасан дақтары актаңдақтанып, арасы алшақ қондырылған кішкене сүр көздерімен картты барлай қарады. Саптама етігінің қонышынан күмістенген мүйіз шақшасын алған келістіріп насыбай атты да, сөкіге алаңсыз түкірп сөз бастады.

— Жәпеке, жақсы көретін аға едің, ағайыншылығымыздан айырмасын деп құда болғым келмегені рас. Оған жастар көнбеді. Бүйрық солай шыгар. Кешеден бері қатын екеумізде ес жоқ. Бала ақылсыздық істеп жалаңаш кетіпті. Боранда жаурап қалды ма деп қатты алаңбыз. Қай жерде екенін айтсан, киімдерін беріл жі-Ссер едік,— деді.

Қария нұры сөне бастаған көздерінен ыстық жас парлап:

— Құлымым-ай, Нәубетжан-ай! — деп егілгенде істік сақалынан жас тамшылады. Көздері қыл-қызыл болып, бәрікті басын қалтаңдатып отыр. Нәубетжанды жарылғаушы тәңірісіндей көріп, не айтарын білмей, бір сөзді қайталай берді. Ағынан жарылып аңқылдаپ бара жатқан қарияны тоқтатып Нәубетжан өзіне кере-

гін біліп алды да, тездетіп шығып кетті. Сол бетіндө жанына Бекімді ертіп, көрші ауылға қарай шаба жөнелді. Қызы жалғыз отыр екен, шанаға көтеріп салып үйгө тартты. Қызын айырып әкелгенін естігенде жұрт төбесінен жай түскендей болды.

— Апырай, арамдықтың да шегі болу керек қой! — деп басқа ұрган атандаш шыр айналды. Осылай қарай бет алса ақсақалға соқпай кетпейтін Рақымғали Жәпен-дікіне келсе қария бетін құбылаға беріп күңіреніп отыр еді.

— Сабыр ет, Жәпеке, аманбысындар? Не болды, айтшы, жарқыным! — деп қайратты ақшыл мұртына қолын апарғыштады.— Кім жәберледі өзінді?

Қария ерке баладай өксіді. Рақымғали кеңсеге соғып, одан қыстауға тартпақ еді. Жұмыстың бәрің уақытша доғарып, Нәубетжандықіне кетті. Жәпендікінде қымбат бағалы этірдің иісі қалды. Қарт көрген қорлығын әкесіне айтып, көңілі демделген кенже үлдай қабагы жадырап отыр. Мықыныш басып шойнаңдай жүріп үй ішін жиыстырған болды. Белуарынан қар көмген терезелерді аршып, үйге молырақ жарық түсіруді ойластырды. Соңғы кезде қайғы қамалап еңсесі түсіп кеткен Жәпен: «Апырай, Нәубетжанның арамдығына сырық бойламайды екен-ау!» — деп, бөрікті басын шайқап, тіссіз аузын қайзалаій берді.

Бораннан соң күн көзі көріне көмескі тартып, тұтіндей бықсыған бұлттарға сіңіп маңып барады. Терезе алдындағы кәрі теректің ұшар басын жел тербетіп тұрды. Дала сұрапылы тақырлап кеткен аулада жаяу борасын кезіп жүр. Қария ауылды көргендей қызыл көздемен анықтай қарайды. Қоралардың ығына тоқтаған дәу күртіктердің үстінде ұзак қаргалар шуласып, бала біткен сырғанақ тебісіп жүр. Рақымғалидың сүр «газигі» бері беттеп келеді. Сұлап жатқан ақ күртіктердің арасынан сұңғіп кетіп, қайта көрініп жақындаі түсті.

— Атай, сүйінші, келіп қалды! — деген әбігер дауыстан қарттың буындары қалтырап кетті. Жәпекең өз үйінен шат-шадыман тірлікті өзінде көрмегелі қашан. Енді, міне, лезде үйге қуаныш толды, жабыр-жұбыры жұрт қаптап кіріп жатыр. Думан қызып жүре берді. Жәпекең ән салып, ойын-сауық құрган жас желенге күміс сақалын тәутитіп күлімдей қараумен отыр. Жастық кездері есіне түсіп сонау алыс жылдарды шарлап кетеді.

— Өлең айтындар, шырактарым,— деп қайта-қайта қолқалап көтерілс дауыстайды.

Өлеңсін басқа да толып жатқан ойындар түгенделіп, әбден қызыққа батқан жұрт тарар емес.

Зиятден қар басқан біреулерді ертіп кірді. Қардың өзінен жаратылғандай, келгендег аппақ болып сіресіп тұр.

— Жәпен қарттың үйі осы ма? — деп сұрады үзын бойлысы үй толы жастарға таңдана қарац.

— Осы.

— Қарттың өзі тірі ме?

— Тірі болғанда қандай, шешінің, үстің көк мұз болып қалыпты,— деді Зиятден. Қонақтардың үзын бойлысы ақ тонын шегеге іліп, қолдарын үкалай берді. Қоңыр шәшін кейін жылмита қайырған дең мұрын жігіт мұздаган қолдарын Жәпекене ұсынды.

— Қай баласың, танымадым гой? — деді қарғы алақанын мандаудына қойып шалқая қарац.

— Кейін таныстырам, бөтен болмаймыз, жылынып алайын, шай бер, інім! — деді қоңқақ еркінсі сөйлеп. Ұзын дастарқанды ортага салып жабыла шай ішті. Сүйінде қыздырып жүрген сары қыз Зәуре бір кезде жақын келіп аппақ тістерін көрсетіп күлді де:

— Ағай, сіздің есімің кім болады? — деп сұралды.

— Рашид... Қалиахметов Рашид,— деп тұтыға жауап берді қонақ.

— Сізге көңілсіз болып кетті гой деймін, ағайдың жанына өзім отырайын, ойынды біреуің басқарындар! — деп Зәуре қонақтың кескініне күлімдеп қарац қойды. Қымбат бағалы әтірдің иісіне елтіп, әрі қысылып Рашид терлеп қоя берді. Темекі тартуга ұялып, қалтасына қолын апара берді. Қыздың шынтағы батса да қозғала алмады. Жұп-жұмыр тізесі Рашидтің санын күйдіріп бара жатқандай. Қарсыдан Нәубетжанның бөлесі безеу бет Бекім дарылдай күліп:

— Қонақ жігіт, көршімен талақтай жабысып қалыпсың гой. Сұрасам берер ме едің? — деді.

— Жоқ, бере алмаймын, өлі танысып та болмадым.

— Бермесен үш ауыз өлең айтасың? — деді Бекім ширатқан орамалды қонышына ұрып.

— Өлең білмесем ше?

— Онда мына орамалмен бес рет согамын!

— Жо-жоқ,— деді қонақ шын тітіркеніп.— Айтайын.

Рашид қызарақтап кеп бөгеліп отырды да, өзгеше

бір назды өуенмен сәл теңселе түсіп «Ғалиябануды» бастап кетті.

...Сүйген сәулем, сұлуым, еркем.

Терезедең тартып ал,—

деп үзілдіріп аяқтағанда үй толы жастар шулап қол соғып жіберді. Рашид мына әсерлі ғашықтық әнді Зәуреге арнап айтып отыргандай Бекім қызарақтап тарылып кетті.

— Зәуре сенің сұлуың, еркес бола қойған жоқ, болмайды да,— деді бетіндегі безеулері ақтаңдақтанып.— Кімсің өзің? Қай жақтан келіп едің, сол жағыңа қарай қайқай әрмен, о, несі-ай!

— Ей, Бекім, жікке бөліп жақты бастан айырганың қайткениң?! Рашид ағай арамызға келген мейман екен, әлгі сезің лайық па? — десіп жатыр көпшілік.

— Зәуреге неге өндіршегін созады?— Ызалы даусы естіледі Бекімнің.

— Ей, алмаган ала шұнағының ештеңесі кете қойған жоқ, сабыр, сабыр!— деп біреу бұлыға құлді.

— Жігіттер-ау, атайдың мазасын алдық қой, тарайық енді!

Жастар боранды түнге біртіндең сіңіп кетіп жатты. Аздан соң сырмғы сырлылып опыр-топыр болған Жәпекенің төрінде Рашид жалғыз қалды. Қария белін басып ақсаңдаپ келіп қонағына тақала жайғасты да, қызарған иұрсыз көздерімен тесіле қарады.

— Сейлемі, балам, қай ұлсын?— деп тарамысты қолдарымен жер тіреп қоянша шоқайып отырды. Қонақ жіңішке, жez мұртына қол апарып, сәл күлімсіреп:

— Атай, ұмыттыңыз ба, хат жазып тұрдым гой осында. Есімім Рашид,— деді.

Қария қызыл көздерін мол ашып, қалбалаша қағып:

— Тұра тұр, тоқтай қал, сен сол Рашидпісің, баламмен бірге болған мишәр жігітпісің?— деп кәрі қолдары қалтырап жақындаі берді.— Қараышымның жолдасы, таза арулап жерге берген жан ашырымысың? О, жасаған-ай, қайдан келіп қалдың, жөніңді айтшы, жарқыным?

— Солмын, сол Рашидпін, Қалиахметов. Комрот Жәпеновтың бұрынғы жәрдемшісі. Сіздің ауылды қалап келдім. Тың көтеруге...

— Рашид, қарагым, өз баламдай елестеп баrasың!— деп қызыл көздерімен соңғы жасын сығып шыгарды.— Бүгін мынадай қуаныш үстіне тап boldың-ау, қадамың құтты, тілегің дұрыс қой, балам. Жалғызымың

қанды кейлек жолдасы екенсің, бұл күнде басқан ізіне зармын. Жылдар өтіп, арамыз алшақтаған сайын қадірі өтіп, зарыға түсулімін, шырагым! Онымен қалай ажырастың? Кез жұмар шагында біз сорлыға айтқан арыз мақұлдығы болды ма? — деп тіссіз аузын жымырып толғай береді. Пісірген алманың қабығы сияқты бүріскең бетін қос алақанымен басып, иықтары үнсіз дірілдейді.

Рашид жіңішке жең мұртын сипалап отыр. Ешкінің көздеріндегі сары көздері мөлтілден:

— Темекі тартуга бола ма? — деп сұрап, жауабын тоспастан «Беломордың» бірін ериңес қыстыруды. Темекінің сүр тұтінің әрірек үрлеп жіберіп:

— Еділді жайлаган елдің үрпагымын. Согысқа он жеті жасымда кеттім. Денем шагын, өңім жұқа болатын. Бірер ай ойнатқан соң майданнан бір-ақ шыгарды. Батысқа қарай шабуылдан бара жатқанбыз. Сақа солдаттардың арасында маған көзі түскен командир өзінен шақырып алып аты-жөнімді, қайдан келгенімді сүрады да, өзіне байланысшы етіп алды. Адал қызметім үшін өте жақсы көріп еді. Бос уақытта ағалы-інілі болып еркін сөйлесетінбіз. Кейде еркелейтінмін де өзіне.

Жәпекеңнің көз жасы төмен жылжыды. Зиятден де жер шұқып отыр. Үй-ішіне өлі тыныштық орнады.

— Бақылау пунктінде тұрган жерінде қолымен кеудесін басып тұрып қалды. «Алырау, не болды, ағатай-ау!» — дегенімше екінші оқ тиді. Қолынан дүрбі туспіп кетті. Менің де құлақ түбімнен оқ зулап етті. Кеңедеп атып тұрган жаудың мергені екен. Жақан ағам ауыр денесін билей алмай құлап бара жатты. «Не болды, көзінді ашшы, ағатай!» — деп еңіреп жіберіппін. «Әке, риңза бол, жеткен жерім осы...» деп үзіп-үзіп айтқан сөзін үгіп қалдым.

— Алда, құлымым-ай,— деді атай кеңкілдеп.— Зиратқа ма, далаға жерледіңдер ме? Басында қандай болғаң бар?

— Улken қаланың орталық алаңына, совет жауынгерлерінің зиратына. Қазір барсам да жазбай табар едім,— деді Рашид.

Үй іші нақ бір қабыр басында тұргандай үн қатпады. Қабырға сағаты асыға тақылдайды. Қария көзін сүрткілейді.

— О, тәубе, елін қорғап өлгеннің де арманы жоқ,— деді.

Жаңа түскен жас келіннің қолынан алғашқы дәм

тату үлкен қуаныш. Жәпекең қаймақ қатқан құла қас-  
қа шайды алдына қойып:

— Өлгенім тіріліп, өшкенім жанды деген осы-дағы.  
Жәпеннің шайқалып тұрган шаңырағын қайта көтеріп,  
ел санатына қос. Құдай етегінен жарылқасын мен бей-  
бақты!— деп көз жасын тағы домалатты.

— Әкемнің досы екенсіз, әкемдей қадірлеп өтейін  
өзінізді!— деп, Зиятден тағы бір шампанның тығынын  
ашты. Қария бір құліп, бірде жылап әдеттен тыс жеңіл-  
тектеніп кеткен сияқты. Арақ-шаралты қолына ұста-  
ған адамды жау санайтын Жәпекең толы рюмкені қо-  
нағына өбектей ұсынып: — Іш, айналайын, же, шыра-  
ғым, Жақанымды көрғендей бір жасап қалдым гой.  
Жақсы тілек үстіне жақсы адам келеді деп еді, келуіңе  
болайын, сабазым!— деп бірді айтып бірге кетті.—  
Тұнде айналага көз салмаған шығарсындар боран да  
түтеп тұр. Қыс аяғы қатаймаса жарап. Ие, ол емес  
айтпағым. Жер дегенің жетеді бұл жақта. Біздің осы  
ауылда қашшама жер жатыр безеріп. Дүние жаралғалы  
турен тимеген қысыр жер. Қаққан қазық көктейтін құ-  
нарлы топырақ. Қыртыс қопарып, қыруар байлыққа  
кенелуді қашаннан арман етіп келеміз. Тың көтеруге әл  
келмеди. Айналайын, өкімет қолға алды. Тындырып-ақ  
тастар енді. Жерімнің құтқа айналғанын көрмей өтем  
бе деп едім. Өлмеген адам алтын аяқтан сусын і shedі  
деген рас болды. О, тоба!

— Ата, бар сөзді бүгін сарыққанша ертеңге де қал-  
дырсаңызы, қонағымыз тыныгатын шығар,— деді Зият-  
дин құлімсіреп.

— Ол да бар екен гой, қартайған адам мылжың ке-  
леді, кешірім ет, балам,— деді қария тіссіз аузын қай-  
залаپ.— Ертең ана қызыл тұсақты да, сары ешкіп де  
сойып, барлығы ушін той жаса, сөйт, қарагым!

### 3

Боран толассыз соққалы бүгін үшінші күн. Рашид  
тракторды майлап, баптап, жүк артқан жайма шана-  
сын тіркеп жолға дайын отырган. Колхоз алган аялда-  
ма үйдің жалпақ нарында киімшең аунап, қолына тұс-  
кен газет-журналдарды оқып тауысып, әбден зерігіп  
бітті. Көрші нарда боз көз Бекім бетін әрі беріп, бүк  
түсіп жатыр. Рашид жартылай сріген терезеден еңкейіп  
тысқа қарады. Шойын жолдың арғы бетіндегі биік па-  
кауыз ап-анық көрініп тұр екен.

— Бекім, а Бекім, күн ашылатын сияқты, жүріп  
кетейік,— деді ол.

— Өзің жүре бер, боранға қақалып тұзде өлер жайым жоқ, өлгің келсе өзің бар,— деді анау теріс қарап.

— Өлім тұра келсе осы нардың үстінде де алады. Менің шыдамым таусылды,— деді Рашид киімдерін жинастырып.

Вагондан түсірілген су жана ДТ-ны тез от алғызып жүріп кетті. Байыргы станцияның тар көшелерінің бірінен соң бірінен өтті. Терезелері тастақ жерге иек артқан, мыжырайған соғы үй артта қалды. Кейінде тракторлар карінеді. Екі жұз шақырымдық ауылға жету үшін екі тәулік керек. Боран қайыра котерілсе тіпті қиын. Эзірге марттың алдамшы ауа райы маужырап тұр. Аспанда асылып қалған алабажақ бұлттардың ар жағында күн көзі аспанды сыйып барады. Боран сипап кеткен ақ далада ескі жолдың сұлбасы бірде көрініп, бірде көрінбейді. Көз ұялтқан қарлы жазықтың алыс бір шетінде күртік астында қалған ауыл тұтіндейді.

— Апырай, бұл жақта боран осылай соғады екен ау!—деп Рашид таңданып келеді. Трактор өзінің доғал тұмсығымен күртікке тұқыра кіріп, жүгін ауырлай тартып қайта өрге тырмысады. Шынжыр табандар астында соқта қар жентектеліп күтірлеп жатыр. «Бұл күндерде Еділ бойында күн жылыды ғой. Сай-жыраларда көз жасындей мөлдір бұлақтар ағып, қар сұы өзенге қарай лап қояды. Жартастарда, тау иықтарында жасыл шыршалар құлпырып сән түзеп тұрады. Алыс тайгага кеткен аңшылар бірінен соң бірі келіп жатады. Рашидтың әкесінің тайгадан оралуы зор қуаныш болатын. Бұлғын, тиін, сусар терілерімен қоса үлкен аңдардың ірі бітеу терілерін де әкелетіні бар. Топырыш жирен биे ұзақ жүріске көнбіс, ішшіл болса да, қажып, теңселіп келе жатады. Қарт жирен биеге аяқ артқан пәнде емес. Өзінің рабайсыз жалпақ шақысымен қарды сықырлатта жаншып, шаршап-шалдығусыз еркін жүріп отыратын. Бірде, дәл бүгінгідей жылдық күнде, әкесі таудан түсіп келеді екен. Аңға кеткелі екі айдан асқан еді. Балалар жабыла алдынан шықты. Әкесі ит терісі биялайын лақтырып тастап, әлеуетті қолдарымен бала біткенді төбесіне бір-бір көтеріп түсірді. Жасынан тайга кезіп жеке өскеннен бе, эке болып емірсene білмейтін. Бертінде әкесімен аңшылыққа шығып, тайгадағы қыстауда кәсіппшілікпен айналысқаны бар. Ұмытылмайтын қызықты жылдар еді...»

Трактор жалпақ майдайын ақшыл мұнар басып

жатқан батысқа беріп шапшаң жүріп келеді, көз байланғанша станциядан көп ұзап еді. Ат шалдырып аялдайтын емес, трактордың майын көріп бір айналып қарады да ілгері тартты. Қараңғыны қос жарығымен үцгіп, шеті-шегі жоқ мақдал түнге молынан кіре берді. Жол беті қатып, күн кезіне қабыршақтанған мұз қаганқтары сынып жатыр. Түннің қараңғысы сонша жарықтың жеткен жерінен арыны көре алмайсың. Тылсым бейуақ көnlін құлазытып, еткенді қайта есіне салды.

«...Орманды, таулы өлке, қызыл топырақты, шактты жер. Егін өнімі аз, көлемі мардымсыз. Соғыстан келген соң тракторшылық мамандық алған Рашид сарап жерде сарыла еңбектеніп, түңғыш мол өнім алды. МТС көлемінде бұдан артық бидай жинаған ешкім болған жоқ. Москваға көрмеге барды.

Соғыстан келгенде өкесі көп қартайып еңкіш тартқан екен. Сақалы қызыл буылдырыланып, мұрны имие қусырыла түсіпті.

— Ұлым, сені көрдім арманым жоқ, мына шаруа-ны енді өз қолына ал. Алыс тауларға кетіп, аңшылықпен айналысам. Ғұмырымның азғана бөлігін тау кезіп, орман аралап, алаңсыз өткізем,— деді. Әкесі муратына жетті. Айды ана қеадегідей көп әкелмейтін еді. «Сол пақырларды аз қырдық па, таусылып та бітті гой өздері. Енді оларды сақтау керек»,— дейтін. Қария елу жылдай орман кезіп, тауға шығып аюмен әлденеше алысып, аман қалып, сексенді жағалаған жылы өзінің ата мекені Қаршығалы тауында қаза тапты. Сол бір қайғылы кеш Рашидтің көз алдына қаз қалпында елестеді.

Інір болатын. Қаршығалы, Қарабас үстінде көмірдей қара бұлт етпептеп шөгіп жатқан. Тау сілемдерінің арғы бетінде найзағай сатыр-күтір үгетіледі. Қараңғы таулардың қуыс-қуысын шарып, созыла ирелендең барып жоғалған жай оты бірнеше секундтардан соң қайта тұтандып, тау қолпарғандай күркірейді. Күн күркіреген сайын егіз таудың ұшар басы көрініп жоғалады.

— Астапыралла, өзің сақта!— деп шешесі үйеңкінің тамырындағы саусақтарын жайып құдайға мінәжат етеді. Бірақ кемпірдің тілегі қабыл болмады. Ертеңінде жай ұрып қаракөктеніп кеткен атайды оң жакқа арулап жатқызыды. Рашид үшін өмірдегі еді бір қайғылы күн еді сол. Қарттың қазасынан кейін кемпірдің саушылығы кеми берді. Демігіп, желденіп алған сырлыл-

дақ кеудесін сіңірлі қолымен басып ауық-ауық жетелу-  
мен болды.

— Ұлым, сен өкене ұқсайсың, әкендей ұзақ жасасаң  
екен! — деп күбірлейді. Ана біткениң дағдылы тілегі...

Қыс ортасынан аса механизаторлардың үлкен жиынны  
етті. Обком өкілі белін қайыс белбеумен шарт буған,  
тертпақ Хайнулов деген сөз сейледі.

— Жолдастар,— деп бір жеткерініп, қырылдақ даусымен тәпеп кетті.— Қазақстанның орталығы мен солтүстігінде мыңдаган гектар тың жер жатыр. Қақкан қазық көктейтін құмарлы жер. Партия үндеу салып, бүкіл халықты тың игеруге шақырды. Бірінші кезекте партия мен комсомол мүшелері үн қосуға тиісті. Ие, солай...

Хайнулловтың көп сөзінен Рашидтің үққаны осыларғана.

— Біз шақыруды қарсы аламыз. Жаппай тың кете-  
руге барамыз! — дескен дауыстар жаңғырықты. Комсо-  
мол өкілі тілек білдірушілердің тізімін алғып жатыр. Рашид бір қызырың, бір қуарып тұрды. Жалғыз ұлының көз алдында жүргенін бек жұбаныш көретін анасын қалай тастап кетер. Партия шақыруы ше? Ком-  
мунист емес пе?.. Түнеріп көп тұрды. Жолдастары та-  
рап болуға айналыпты. Жайдақ столға кең кеудесін те-  
сеп Хайнуллов кесілтіп жазып жатыр.

— Ал сіз не дейсіз?

— Жазыңыз мені де.

— Ұлым, жүргегің қалаган екен бөгемейін. Төуір болсам өзім де барам сол жаққа. Әзірге мына қыздарыммен тұра тұрам. Оңай емес маған, қапаланбай аттан, ұлым! — деді анасы.

Қараңғы даламен үдерे тартқан тракторлар керуенің үшар басында келе жатқан Рашид унемі осылай ойлаумен болды. Әсіресе, анасын көбірек сағынулы. Қарындастары хатты сирек жазады. Жағдай жақсы. сауығып келеді деп қуантады. Туған жер, ескен ауылды ойлайды. Күндіз ауладағы көрі еменнің бутақтарына қонып алғып қарғалар қарқылдайды. Қара қораз ала-құла мекиендерін ертіп тынымсыз шұқынып жүре-  
ді. Бетін жел үрлеп бұжырлап жатқан шалшықтарда шымшықтар шомылып шыр-шыр етіседі. Мұндай күндері Рашид уйге кірмейтін. Айналага аш көзбен қарап ұзақ күлімсіреп отырады. Ие, туған аулында ерте көктем келді. Адамның бейкүнә жастық шағындағы қызығылықты кез. Ақ кимешек жамылған сүйір таулар-

дың күнгейі қүрәнітіп, биіктерді иектей есken жасыл шыршалардың арасында, тұман басқан сай-салаларда қара құрлардың ойнағы күн шыққанша құрылдал жатқан болар. Бетіне қызыл су жүрген өзендерде үй қаздары тербетіліп отырған шыгар.

Рашид ауыр күрсінді. Айсыз аспанда қолмен ұшырып тазалаған тарының дәніндей сансыз жұлдыздар шашырап көрінеді. Батыста алыс іргелердегі көгілдір жұлдыздардың астында туған аулы үйқы құшағында. Онда шешесі мен қарындастары бар, дос-жаарандары бар. Онда қызықты балалық шағы қалыпты...

Тұні бойы жүргенде бір елді мекен, бір адам тұрағы кездеспеді. Даала еркесі киіктер ғана жарыққа көлденеңдеп тұрады да, таны жарқылдал шаба жөнеледі. Қардың өзіндей аппак қыр қояндары көпке дейін ілгері озып шоқалақтап отырады. Рашид темекіні көп тартсада, үйқы қысып қалжырата берді. Таңға жақындағанда ғана тракторын шетке шыгарып, шалқаймаға сүйенип үйықтап кетті... Түсінде ауылын, әке-шешесін көрді. Қаршыгалы биігінде әкесі мен екеуі келе жатыр екен. Қалың шырша арасынан дәу аю шыға келіп жармаса түсіпті. Әкесін басып алып шәйнап жатыр. Мылтығы от алмайды. Қазықпен ұрса шыбын шаққандай көрмейді. Қысылып жатып оянып кетті, шалқайманың қыры қаракұсина батып қалыпты. Терін сүртіп жан-жағына қарады. Таң атып келеді екен. Алға түсіп Бекімнің тракторы жөнеп барады. Рашид бастаушының соңынан ілеңсті. Кейінде Зиятденнің тракторы да, басқалардан қалыспай келеді. Адамды жалықтыратын ұзақ жол кекмұздақтанып қатып жатыр. Алакеуімде көгілдір тартқан даланың бір шетінен еңбектеп күн шығып келеді.. Құннің бал түстес ақшыл-сары сәулесі шексіз далаға біртіндеп жайыла берді. Ойлы-қырлы қар бетіне күн көзінен көзге ілінбес ұсақ ұшқындар шашырайды.

Рашид тағы ойға батты. Зухра есімді сүйген қызы бар еді.

...Зухра ақ тушадай жұп-жұмыр бойжеткен еді. Әскерден келген соң достасып әбден жақын тартса да, үйлену жайлы ұсыныс жасауға бата алмады. Сөйтіп жүргенде қаладан оқу бітіріп келген агроном жігітке тұрмысқа шығып та үлгерді. Зухра тұрмысқа шыққан күні ешкімнің көзіне түспес үшін егістікке кетіп, оңашада еңіреп жылағаны бар. «Ие, құпия кез жасынды қанша тәксен де Зухра енді саган жоқ, пақырым, оны сен ойладап жілік майынды тауыссаң, ол басқаның құ-

шагында. Енді одан аспандагы ай жуық. Тыйыл мына бейшара ғашықтығынан, болды, бітті. Осылай дең езіне-өзі қайрат берсе де, Рашид копке дейін оцала алмады.

Тұс кезінде ауа райы тез бұзылды. Жел теріске ауып күшіне берді. Қатқақ жолды кесіп жаю бораоны бүркады. Рашид қайрап қалулы. Ертемен шуақ күндер бастала беріп күрт взгерді. Қызық екен бұл жақтың ауа райы. Құргақ шанды кеміріп қойып отыр. Үстің ассыз, аялдамасыз, екінші тоулік бойы жүріс. Кешкө қарай МТС орталығынан асатын шығар. Содан әрі бірнеше сағаттық жол. Жол... жол... Рашид өмір бойы жолдың устінде, тоқтау да, тоқырау да жок.

Боран үдегі салды. Іцирғе тақау шарбақты ауласы бар қар басқан үйлерді артқа тастап далаға үдерे тартқан Бекімнің тракторы тоқтай қалды. Жол аузында тізеден қарға батып екі қызы тұр. Бекім трактор есірги ашып:

— Жүр, Зәуреш, менің жаныма отыр, тоңдырмаймын, кабинам жылы, кейітпей жеткіземін, жүр! — дең қақылдайды. Жанындағы қызы бірденең дегендей болып еді, Рашид ести алмады. Бекім трактордан тұсіп қызды қолтығынан ұстағанда, қызы сыйылып шықты. Қайтадан жармасқан жігітті кеудеден итеріп:

— Мінбеймін, эне Рашид ағайдың жанына отырам! — деген дауысы естілді.

Зәуреш пен Маржанның МТС-тағы тракторшылар курсын тауысып ауылға қайткан беттері. Зәуреш кейінгі трактордың кабинасына секіріп шығып жайгасқанша, үйтқыған боран астында Бекім аңырып тұрып қалды. Соңан соң кесір қыздан тезірек қара үзіп кетпекке ниеттеніп, асығыс ілгері ұмтылды. Аспан мен жер жымдаса бірігіп алысты көзден жасырды. Ашық күндері қозыкеш жер алакандағыдай корінетін кең жазық ақ шымылдық ұстанып сұлап жатыр. Жаңа трактордың өткір жарықтарымен жол нобайын тіміскелей қарап сақтана жылжиды. Қар трактор шамдарына баттаса қонақтап түк көрсетпейді. Кабина торағолерін мұздақ тұрып қалды. Боранды тұнгі дала өзінің азалы үнімен сыйып тұр. Бірақ Рашидке жабыгудың титтей де реті жоқ-ты. Жанында иық тақастыра бала көгар шындағы сүп-сүйкімді бойжеткен отырган. Сыр мен дерматин иісі бар жап-жаңа кабинага опа-далап иісл, қызы иісі жайылды. Зәуре топ-толық ақсары кескіні төршіп күрең кірпіктерін боранды тұнгеге қадап күлімсірепіді.

— Зәуреш, қарның ашқан шығар, сәлем-сауқатым еді,— деп, Рашид тәттілерді алдына жайып салды. Кыз ұяла қымсынып қоңыр шоколадты жөргегінен аршып алып кішкене қызыл еріндеріне қыстырып, білдіртпей толғады. Қой көздері әлдеқандай сырдың үшқынын аңтартақандай. Осындай сыршыл көздер емес пе еді алдаап соққан. Ие, көздер, көздер...

— Оқу қалай болды?

— Жақсы.

— Куәліктерінді алдындар ма?

— Алдық.

Екеу ара сез осымен шектеліш, кепке дейін үндеспеді.

— Трактор берді ме?

— Берді, ескі ДТ. Курсанттардың барлығына ескілерді берді,— деді Зәуреш. Рашид қазандай қайнац бүркыраган түнге қарап:

— Жаңа трактор, осыны сен ал, ескісін маган берсін,— деді. Зәуреш жымынып күлгендеге қызыл еріндерінің арасынан көбіктей ақ тістері көрінді. Рашид жарықты бір жағып, бір сөндіріп мазасызданып қалды.

— Лагып барады, адасты!— деп дауыстап жіберді де, кабинадан атып шықты. Кейінде келе жатқан трактордың жарығы алдында сүр көбелектей жалбалактап Зиятденге жүгірді.

— Көрдің бе, анау адасты, бетімен кетті!— деді Рашид дауыстап. Жылы кабинада келіншегімен маужырап отырган Зиятден серейген бойын сыртқа шығарып:

— Қара үзді, көрінбейді!— деді тесіле қарап.

— Не тұрыс, мен барам соңынан!— деп басқыштан еекіріп тұсken Рашидке Зиятден ерді. Екі трактоор шынжыр табандарымен күпсек қарды бүркыратада есіп, күртікке тұмсығымен сұнғіп кетіш, қайта шығып, шашшандатып ілгері ұмтылды. Тасыған судай аппақ айдарын желкілдетіп жатқан дала бораны астынан Бекімнің кемескі ізі көрінеді. Құл арасындағы шоқтай болып өлсіз жарығы жылтырайды. Зиятден мен Рашид бар жүріске салып, «тоқта» деп белгі беріп қанжыға тақастыра жүріп еді, анау тынданмаган соң озып шығып алдын орады.

— Тоқта, адасып өлемісің!— деп Зиятден қырылдаап айғай салды.

— Адассам жөнімді өзім табам!— деп анау трактор терезесінен тұмсығын шығарды.— Жүре беріндер, табетше жетектеп алмақпсындар!

— Бекім, жындаиба, ауа райы бүлініп барады! —  
деп Рашид дауыстады.

— Өй, қаңғыбас неме, жас өтештей қышқырмай әрі  
жүр! — деп қыздарга естірте былапты сөзді келістіріп  
айтып салды.

— Ақымак! — деді де, Рашид есікті тарс жауып,  
тракторды бір жерден шыр айналдырып, жүріп кетті.

4

Дайыр үйінен күнмен бірге шықты. Үйқы қайдан  
келсін. Кезек күтіп тұрган істер қанша әлі. Тракторлар  
сапта, тіркеу саймандары дайыни. Бірақ егін басындағы  
жалғыз баспананы бораш басып қалыпты. Төбесінде  
құрғақ қалқан ербиіп көрінеді. Ішіне қар толған. Қыс  
бойы үйді жеке иемденген сауысқан ұзын құйрығын қи-  
сайтып үша жөнелді. Сәкі төсеп, адамдар жатып дем-  
алатын нарлар жасаса, ортага тамақтанатын стол қо-  
йылса, пешін жөндеп, терезелерін қымтаса, қабыргала-  
рын актаса... Жұмысы тіпті көп-ақ. Бөрінен қинайты-  
ны — тақтайлар. Тақтайларды қайдан таппақ? Ағаш ті-  
летін ара баяғыдан жарамсыз. Ескі сарайдың еденін бұ-  
вып алса ше? Онда қай оңған еден болушы еді. Дайыр  
шала үйқы болып қызарған көздерімен шығып келе  
жатқан күнге қарады. Күннің күлгін сары сәулесі күй-  
зеулі кескініне түсіп, бетін тас мүсіндей жылтыратты.  
Төбедегі үйір-үйір бұлттар күн сәулесімен құлпыра ше-  
шек атады. Жұрт әлі үйқыда, қаймағы бұзылмаған әлі  
тыныштық. Үйлердің қарауытқан терезелеріне қарап  
Дайыр таңдайын тық еткізді. Наң бір қан жайлауда-  
ғыдай бейқам жүрт. Тракторлар жанында біреу көрі-  
неді.

Жақындаі беріп Рашидті таныды. Күлімсіреді.

— Жігітім, жүрттан бұрын тұрғанбысың?

— Ерте оянбай іс бітпейді. Жасынан солай әдет-  
тенгенмін. Мұнда халық көп ұйықтайды екен! — деп  
жез мұртының астынан ірі ақ тістерін көрсетті.

— Рас, — дей салды Дайыр. — Қалың қалай?

— Отे жақсы, өз үйімдей жайғастым, рахмет. Мы-  
нау ескі трактор Зеуреш қызға берілген екен, тракторға  
бірінші отырғандар түгіл мұнымен жұмыс істеу біз  
сияқты тәжірибелілерге де қынн. Моторын от алғызып  
тексеріп көрсем, кемістіктері толып жатыр. Кеңшілікте  
дұрыстап алмақ едім, — деді Рашид бастыққа түсінді-  
ріп.

— Өзіндікі жаңа емес пе? — деп сұрады Дайыр.  
Рашид көріне қызарып кетті де:

— Ол былай ғой, қызға өзімнің тракторымды бер-

дім. Мынамен далада тұрып қалса, не істей алады. Кектемнің бір күні жылға азық.— Рашид маңдай терін сұртіп шаруа адамының тілімен дәлел айтқанына көнімдемделіп қалды.

— Клапандарын көрерсің!— деп бастық кесеге қарай кетті. Рашидтің ту сыртында Зәуреш тұр еді. Комбинезон киіпті, күлімсірейді.

— Аға, бекер-ак әуре болыпсыз, мен өзім-ақ,— деді қыз тұтығып.

— Менің көмегімнен бас тартамысың?— деді Рашид таңданып.

— Жо-жоқ, о не дегеніңіз. Кеше жігіттер күліп, сіздің ағалың қамқорлығыңызды басқага жориды. Қатты ұялдым. Әзірге өз тракторым өзімде болсыншы. Жүрмей жатса көмектесерсіз!

— Солай ма, мейлің білсін, Зәуреш, бірақ тракторынды қөзден өткізіп, тексеріп берейін қарсы болмасан.

— Рахмет, аға, екеулейік онда!

Зәуреш сақиналы аппақ саусақтарын қарамайға малып, гайканы бұрай бастады.

— Зәуре, а, Зәуре, сен бұган дейін колхозда не істедің?

— Сауыншы болдым, тың кетеруге жастар келіп жатқанда сиырдың бауырында отыруға ұялдым. Үлкен іске ат салысқым келді.

— Дұрыс қой! Дұрыс-ақ!

Рашидтің дауысы өлдекайдан трактор астынан шықты.

— Апам тракторшы болғанымды ұнатпай жанжал шығарды, әлі риза емес,— деп қынжыла айтты қыз.

Рашид трактор астынан шығып, бойын жазды. Ұқыпсыз қондыра салған дөң мұрнына қарамай жағып алыпты. Қыз күлкісі келсе де күлмеді.

## 5

Жәпен дөң үстінде тұр. Ұзын шекпеншесінің өнірін ашып тастанап, кеудесін желге тосқан. Жел жаяулай соғып, таңғы даладан өлі шептің иісін, жер иісін жеткізе-ді. Қыстап шыққан шағыр жусан мен бурыл бетегені, еркек қурайды шайқайды. Іргені бауырлай шеккен зілдей қара көк бүлттың аргы бетінен көп күттіріп күн шықты. Берілінің сары дөңінен алғашқы бозторгай шырылдады. Өжет үнгे таңданып тына қалған байтақ жемістікке бозторгай біткен жабыла үн қосты. Ұйқы-

сынан оянган даланың үстімен қаздар қиқулап барады.

Берілі — дөңге есken шоқ ағаш, ортасы талды, то-марлы. Қасқырдың мекені болған деседі. Соқыр апан-дар өлі бар. Осы жерден шексіз дала басталады. Сагым арасында шоқ қайыңдар малтып, жүзіп жүреді де, өрі-лей түссе көз тоқтатар бұлдырысыз дала — Ақсат, Нар-өлгенді басып Тобылга қарай шалқаяды. Құс қанаты талған қу медиен дегеніңіз сол. Тал түste дала ақ дария-дай жарқырап жатады. Ерке сагым дең үстіндегі ағаш мұнараны ақырын шайқап тұргандай болады. Кейде оны бел ортасынан қақ бөліп қалқытып әкететіп сияқ-танады. Беріркте дөңкінген үлкен сары оба бар. Оба үс-тінде былтырығы оңі тайған қызыгылт сыйбызғыны, жусан талшықтарын жел мұнды өуенмен ызың қактырады.

Атайдың көздерін сол тұска салып ойланып отыр. Сары төбенің бұл жерде қашан пайда болғанын, кімдерді бауырына басып жатқанын ешкім білмейді. Жауына жерін бермеген батыр бабаларымыздың мур-десі дейді қарт мақтанышпен. Жер болып кеткен ескі зираттар бар. Бұл арадан өткенде Жәпекене әр ой келіп, өзінен өзі мұнға батады да, шала білетін «құлқуалла-сын» күбірлеп сақалын сипайды. «О, жарықтықта-рым, бір кезде сендер де біздей едіңдер, біз де сендердей болармыз», — дейді. Сонан соң өзінен өзі есеп сұрап өт-кен ғұмырын шолып шығады. «Осы жарық дүниеде 80 жылға тақау жасап не бітірдің, тындырғаныңды айт-шы, көрі шөңгे?» — дейді. Тындырғаны көп екен. Адал еңбек етіпті. Өмір бойы игілікке ұмтылыпты. Ақылы бүтін, ары бар адам не істесе, бұл да соны істепті. Қарттық жеңгенше қолынан келген жақсылығын жүрттап аямапты, тағы не керек...

Жылдар өтер, жерге жаңа үрпақ келер. Сонда осы дала еңбек еткен Жәпекендерді ұмытпас, мақтан етер. Жасында талай бетпе-бет келіп жене алмаган мыстан өлім соңғы кезде Жәпекенді жағалатып жүрген сияқты. Жағалата берсін, тек далада бидай теңізі жайқалғанын көрсін. Үрпағының жерге мықты қожа болғанын көрсін. Ие, осыларды көрсін. Сонан соң алам десең жан міне, деп өзі көсліп жатуға бар. Өлмейтін адам жоқ. Өлмейтін — мына көк аспан, сонау заңгар биіктегі күн, мына таңқаларлық табигат. Сонан соң, мәңгі бақи өлмейтін нағыз мықты бар, ол — халық! Сол халыққа көмегінді тигізсем дейді. Жаңында Дайырга кездесіп, қауқылдастып қалды:

— Жүр, кеңсеге кірейік, жұмыс бар,— деді қария

таяғын сілтей адымдаپ. Баспалдаққа жете беріп тымағының шаңын сілкіп, жогары аттады. Аяқтарын жігіттерше нық басуға тырысып шоқалақтай көтерілді. Басқарманың кең столына жайғасып алып Дайыр Жәпекең қарады.

— Шырағым, маган жұмыс бер, — деді Жәпек таяғының ұшымен кілемнің қыртысын түрткілеп.

— Жан қинамасаңыз да жарайтын еді ғой, қария!

Жәпекең қызыл еріндерін қатулана тістеледі. Селеу сақалының етегі қыбырлап, тұтығып:

— Не дейсіндер, Жәпек өлген адам ба соңшалық?! Ғұмыр бойы тың жыртуды армандап келіп, енді бүкіл жұрт көтерілгенде көрі төбетше үй күзетіп отырмақ па? Жәпенге солай істеу лайық па! — деп көздері қанталап, таяғын көтеріп алды.

— Жәпеке, ағатай, сіз ашуланбаңыз, қалаған жұмысыңызды алыңыз, мен жәй, нетіп... — деп Дайыр жік-жаппар болды.

Бөрілідегі жаңар май мен техниканы тәулік бойы күзетіп, жарғақ құлагы жастыққа тимей зарығып отыруды қарт осылай сұрап алған-ды. Дөң үстінде соқа тіркелген көп трактор беттерін құбылаға беріп тізіліп тұр. Бәйтеге шабар алдында терін алуға қаңтарған сәйгүліктеге ұқсатты қария. Вөйге дегенде, ат иесінен көрі кепшіліктің мазасы кететіні сияқты механизаторлардан бұрын Жәпекең алаң. Құс еттеген жіцишке мойнын созып, ұшуға тіленген көрі бүркітше ауыл жаққа қарайды. Көкше мұнар арасынан ағараңдаған үйлер көрінеді. Кеүіп болмаган саздақ жолмен қорабы адамға толы машиналар ызырытып келеді. Күннің салқын сәулесі ылғалды далаға төгіліп тұр.

— Ие, сәт, сәтін бере көр! — деп Жәпекең іштей сыйынып, жасаураган көздерін алақанымен көлегейледі. Жігіттер қуана дауысталп өз машиналарына тарап жатыр. Алғашқы мотор ызалана, бұлыға от алды да, Бөрілінің сары жазығын үйқысынан оятты. Сол-ақ екен, трактор біткен үдерे үн қосып, жер қыртысы дірілдеп кетті. Қарт таяғын сермей тастанап еңкелендең келеді. Қырау шалған аппақ қабагын ашып алға қарайды. Тракторлар тәбесіндегі мол тутінді таңғы жел айдал кете алмай шалқыта үйіріп тұр. Аупарткомның «газигі» тұрган жақтан үшеу шалға қарсы жүрді. Алдымен сәлем берген Рахымғалимен тес тақасып, басқалармен амандасып болып, бетіндегі терес әжімдерді бойлай жылжыған кез жасын сұртті де:

— Іске сәт, алла жар болсын! — деп даусы бұзылып айтты.

— Жәпеке, осындайда адам жылай ма екен? — деп Ракымғали көгілдір мұртының астынан кіршіксіз тістерін көрсөтті.

— Қуанышқа жылаймын, құлыным, мен қуанбағанда кім қуанады, дала менікі смес пе,— деді.

Рекең құліп қарттың құныс арқасынан құшақтап:

— Жәпен ага, дала сіздікі, оған дау жоқ. Осы қуанышқа атайдының жоқ па? — деді жасы кішілердің еркелігімен.

— Дұрыс, менің атауыма болады. Эбден жән, үйде ақсарыбасым бар, соны бүгін-ақ шалып жіберейін, дәл бүгін осы ұлы істің үстінде,— деді қария.

— Бастандар! — деді Ракымғали Дайырды ақырын гана жеңінен тартып.

Тракторлар басынан тасыған дариядай біртіндеп жылжи сөгіліп, тұрган жерлерінде түрендерін түсіре жөнелді. Алғашқыда тырағайлап шапқан бейге атындағы қалың шаңмен кек түтін астында бей-берекет араласып кетті де, ұзаган сайын қатарын түзеп алды. Отыздағы трактордың тұтаса қозғалғанына қария есі көтіп тіссіз аузын ашып қалыпты. Отіп бара жатқандарға тымақты басын иіп күбірлейді.

— Жәпеке, мен жүремін,— деді Ракымғали.

— Қарағым, айналайын, қазір біздікіне баrasың, о не қылғаның!

— Жұмыс қой.

— Осыдан артық жұмыс бола ма!

— Барлық жерде де осы, бүкіл аудан осылай...

Қарт болдырган жылқыдай қалшиып қалды да:

— Тұра тұр, асықсаң қызыл ісекті қосқа әкеп қазір-ақ бауыздал тастанын! — деді қалтыраған саусақтарымен шекпеншесінің түймелерін ағыта бастап.

— Жо-жоқ, рахмет, тағы да келем гой,— деді секретарь қартты ренжітіп алам ба деп қысылып.— Тағы да келем, ақсақал!

Жәпен секретарьдың кішкене машинасын деңгеше өрі ұзатып салып, сөл курсінді. «Адамдар мұнша неге асығыс жүреді? — деп басын қатырып ойлап алды да, шешуін тапқанына қуанып: — Асықкан жән, өмінде асықпай болмайды!» — деді таяғы мен жерді нұқып. Сейтті де, үйқыдан ояңғандай көздерінің бағжақ еткізіп аударылып тастанған тыңға қарады. Бір шетінен екінші шетінен асығыс адымдаап, естірте санап келеді.

— Жұз аттам! Құдай-ау, бір айда жыртатынымыз гой! — деді жанары жасаурап.

Қария тас мүсінше қозғалмай тұр. Қөтерілген тың түп-тұзу тартылып сары даланы қақ бөліп тастапты. Ұшар басы көк жиекке жебедей шашылған. Сол тұстан, ауыр мұнар арасынаң қара тракторлар тізіліп келеді.

— Берекелді, иә, сәт! — деп атай еңсесін сала қаралды. Бөрілі үстіне салқын кеш түскенше осында болды. Бүйра шымның бетінде шұқынып жүрген қарақарғалар тобы қызырып, талаураган күн астына қарай берекесіз қарқылдай жөнелді. Шексіз аспанда шарқ ұрған көктем күні амалсыздан еңкейіп бара жатты. Кешкі қызыл шапаққа етегін малып қоңыр ала бұлттар ентелей төніп тұр. Күн бойы жұмыс істеген тракторлар ұзын көлеңкелерін ертіп қос басына келіп жатыр.

Күнұзаққы жұмыстан шаршаган Рашид қолын сүртіп тұр еді:

— Рашид ага,— деп Зәуреш тасадан шыға келді. Қолында бір шоқ дала қызғалдағы бар.— Алыңқыз, жолыңызға گүл бітсін!

Рашид қып-қызыл болып кетті. Қалтыраған қолын апара беріп:

— Не үшін? — деді ақырын.

— Алыстан келген тың игерушісіз, алғашқы ізді дөсіз тарттыңыз, сол үшін! Барлық жастар атынан! — деді қыз, ашық ойнақы кескінмен.

— Құттықтаймыз, Рашид ага,— деп Зиятден, Маржандар жамырасып күлісіп жатыр. Рашид комбинезон жеңінен шығып тұрған қыздың ақборық қолына еріндерін тигізді. Соңан соң жер іісі, дала іісі аңқыған қызғалдақтарды мұрнына апарып:

— Зәуреш, қарындасым, көп раҳмет, қарыздармын! Трактор дайын, от алғызып берейін бе? — деді.

— Жоқ, өзім де...

Мотор шапшаң тұтанып азынай жөнелді. Қөрші тракторда Зиятденнің орнында Маржан отыр.

— Жолдарың болсын, қарындастарым! — деп Рашид қуана дауыстады.

6

Ерте көктем болса да, күн шілдедегідей ыси түсіп, сазы арылмаған салқын жерді бусантып жіберді. Қеңістікте будың козге көрінбейтін жібек шымылдығы кіреүкеленіп тұр. Гарыштың сонау төрінде ақ бұлттың майдада жүрнегі ақырында п таралып барады. Аспан таңғажайып көкпеңбек. Беріректе қанаттарын дірледе-

тіл өз әніне өзі үйіп бозторгай жырлап тұр. Рашид трактор терезесінен кішкене құстардың есі кете үзак әндектекіне қарайды. Қайтадан қаздардың тізбегіндегі көп трактордың орта тұсында келе жатып алдыңғының соқасы астынан шоршып шығып, шалқалап құлаган қара шымдарға қуана көз тастайды. Ақтұмсық қара қарғалардың берекесін тобыры қанжығаласа еріп келеді. Олар бусандай салқын жыртынды бетінен әлденелерді асығыс шұқып, ілгері үмтүлады. Тым жақыннан үшқан әккі безгелдек қанаттары күмістей жарқылдаپ күн астына қарай үзап бариды.

— Ей, іші пұырган адамша неге тоқтай бересің? — деді Зиятден кабинадан басын шыгарып.

— Айқайлама, мойның тым жіңішке, өңешің үзіліп кетер,— деді Бекім таңқы танауын зарлата сіңбіріп тастап. Мұрнына саусақтарының қарамайын жағып алдып, трактордың бүйір тұсына үңілді. Кейінгілер құйрық тістесе тоқтап алдыңғының жүруін күтіп тиышсызданып қарайды. Жыртынды үстіне жем іздеғен құзғын қарғадай талтаңдай басып тракторды айналып жүрді де қойды. Болмаған соң жігіттер жерге түсіл темекі тұтатты.

— Ей, сен өзің жүртты қантарып...— деді Зиятден тақау барып.

Бекім тұздай көздерінен ызғар тәгіп:

— Немене, әдейі тоқтап тұр деймісің. Солярка жур месе тұтіктің бойымен өзім жүгірмекпін бе? — деді. Зиятден Бекімнің кескініне қарап күлкісі келсе де:

— Жоқ-ау деймін, тексеріп алмайтын ба едің? — деп екшелей түсті.

Бекім таңқия қарап:

— Кет осы жерден, Жәпеннің инелік қарасы, аузынды бұзып жіберемін! — деді.

— Қойындар, не болды сендерге?

Рашид Зиятденді Бекім ұрып тастай ма деп шашашаң жетіп барды.

— Бәлебай неме, тәбелесспекпісің, Зиятденіңмен қоса жастармын! — деді анау.

— Бекім, құтырганбысың өзің. Оナン да көмектесіп жібер демейтін бе едің? — деп жігіттер ұрсып жатыр.

Айғайдың үстіне келген Дайыр аттан секіріп түсіп, биік торыны тізгінінен тартқылай үмтүлды.

— Бұдан былай сендермен бірге істемеймін, жерлігің бар, қанғырганың бар аулақ кетіндер! Естерінде болсын, нормамды артығымен орындаимын, білдің бе?

Көрерсің сонда кімнің кедергі келтіргені! — деген Бекімнің даусы естілді.

— Жігіттер, не болды не айғай? — деп Дайыр енте-лі түсті. Отыз трактордың бір жерде жұмыс істеуі ке-дергілікті көп келтіретінін бұрын да байқап жүр еді. Мұндайда жолсыздыққа да, жалтаққойлыққа да орын табылып қалатын.

— Жігіттер, ертеңен бастап звеноға бөлінесің-дер! — деді Дайыр.

— Сол дұрыс, бөлек кетем, Зиятденнен де, басқадан да екі есе артық істеймін! — деді Бекім өршеленіп.

Тракторлар қайта қозғалды.

— Көрсетемін сендерге кімнің кім екенін! — деп, Бекім боз көздерін алайта қарады да, мотордың соңғы қуатын сығып шыгармақ болып, газды баса түсті. Трактор мұржасынан қошқыл қара тутін құсып қинала сүйреп келеді. Турен тимеген дымқыл жердегі сары тәмпешіктерді ышқына асып түседі. Ауыр турендер әлгі тәмпені тұп орнымен қопарып барады. Бекімнің шабдар жүзі долыра тершіп, шынжыр табандар астынан ақырын жылжып кіріп жатқан тың жерге қарайды. Рашид болыспағанда Зиятденді келістіріп соғып жібергісі келген. Аナンың көлденеңдегендігі-ақ ызасына тиді. «Шайтан көбелектей Зәурешті төніректеуін қайтерсің нәллеттін! Еңсесін салып устіне төніп тұрган бір пәле. Қызың әбден езгеріп болды. Рашидке гүл тапсырып, ерлібайлыларша бір тракторға мініп бірлесіп кеткенін көрмейсің бе?» Бекім Нәубетжан белесіне айнымай ұқсанған таңқы танаудын шүйіріп кейінге қарады.

\* \* \*

Түстен кейін жел ауып, солтустік іргеден, тап мұз мүқиты жақтан қардың өзіндей шаңқан ақ бұлттар сүйретіліп шықты да, кең аспанда аунақши жөңкіп бара жатты. Жүрдек жел жыртынды бетінен салқын шаңдақты қуалай жөнелді. Тұбіней көктеп бурылдана бастаған бойшаң сары бетегені жапыра үрлец үйтқытып етті. Айнала тез күңгірт тартты да, жел қатайып, қар үшқындалп тұрды. Кезек ауыстыруда жігіттер жазғы киіммен бүрсөң қағады.

Рашидты Дайыр шетке алып шықты да Жәпен қарияның үйіне ертіп әкелді. Бәрі үнсіз отырып дайын шайды ішті. Соңсоң ғана Жәпен қария кеудесін тіктеп, жалбыраған аппақ қасычың астынан тұнжырай қарап:

— Шырагым, берік бол, жазмыштың ісіне амал

жоқ, шешен қайтыс болыпты, алдынан жарылғасын, жаны жаңненнан табылсын! — деді мекіреніп.

Рашидтің кескіні сұрланып, сүмдық қорықсан адамдай көздері шарасынан шығып барады. Өкпе, бауыр, жүргегінің бөрі мұздал бүкіл ұлы денесі түгелімен қатып, сіресіп қалғандай қалшиіп тұр. Сақау адамдай қылғына:

— Қашан, кім айтты? — деп сұрады. Рашидке мұнысы басқа біреудің даусындай болып естілді.

— Таң алдында қайтқан екен, бұрсікүні жерлемекші, телеграммасы мынау, — деп Жөпекең шекпеншесінің ұзын жеңінен сурғылт қағазды шыгарды. Рашид қалтыраган саусақтарымен телеграмманы ұстап шапшаң кез жүгіртті де, басын төмсін түқырып сұлқ отырьып қалды.

Дайырлар Рашидтің жол жабдығын тез даярлауга кіресті.

•

7

Тұн тастай қараңғы, аспаннан қалың бұлт арылмагалы екінші күн. Зәуреш күл беттеніп есіней берді. Құлімдеп тұратын мойыл көздері еркінен тыс жұмылып өбден мазасын алған соң, шетке шығып тракторды тоқтатты да, орындыққа қисайды. Қанша ұйықтағанын кім білсін, жалғыз қалыпты. Даланың алыс түкпірлерінде жылтыраган ұсақ жарықтар көрінеді. Жаңбыр өйнекті шейіп тұр. Қыз көзін үқалап жіберіп жүріп кетті. Трактор терең жыртындыны жағалап зорлана сүйрейді. Ізді жиектеген шынжыр табандары жыртындыға тайып кете береді. Су жұтқан тың қыртысына ауыр түрлендер терең тартып, мотор түтін атылайды. Қарашілікке тірелетін жерде бұрыла беріп трактор бауырлап батып қалды. Шынжыр табандар бозғылт қою лайды сыпыра тырнақ, қатты азынай жұлқып жылжи алмай тұр. Зәуреш үйқылы көзімен байқамапты. Шілік іргесіндегі ащыға түсіп кеткен екен. Қол созымда биік қара талдар сары сабактарын шайқап түнере қарастыады. Әлденелер қыбырлап қозгалып келе жаткан дай. Есікті жуып алып ұсақ шоқтай жалтыраган трактор жарықтарына белгі бере бастады. Шамдарын жандырып-сөндіріп қалың қараңғылыққа атой салумен болды.

— Алакай көрді! — деді Зәуреш қуанып. Оқшашулау біреуі бері беттеді. Өткір жарықтары талдардың ажыныл бастарын шарпып, қалың жыныс арасын тінтілей

бастады.— Бекім гой одан басқа кім болушы еді,— деп ойлады Зәуреш.

Трактор кейінірек тоқтап жарығын туралап қойды.

Бекім айналаға анықтай қарап ықсқырып жіберді.

— Зәуреш, сен болған соң келдім. Әйтпесе жұмысты тастанап не сандалу. Өзің келістіріп-ақ батыпсың гой. Маған жақындайтын жер қалмапты. Іріп жатқан аңзы ми, не істейміз? — деп таңқы танаудынан темекі тұтінін будақтата шыгарды. Жанары ойнақшып күлімсірейді.— Рашид үшін азаптанып күн-тұн жұмыс істейтін не орның бар?

— Қөмектесуге болмай ма?

— Қөмектің де қөмегі бар, ал сен...

— Ал мен?..

— Жақындасып барасың,

— Соны айтпақ үшін келіп пең?

— Айтса ше?

— Жөніце жүре бер ендеше, қөмегіңе раҳмет!— деп Зәуреш есікті жауып алды.

— Зәуреш, ашуланба, мен сені қашаннан сүйемін гой. Түсінсейші, отқа да, суға да түсуге бармын гой сен үшін! Сенсіз маған өмір мына қара тұн сияқты! — деді Бекім терезеден жалаына үн қатып. Мұз көзі жіпсіп, шарасы жасқа толды.

\* \* \*

Зәуреш шалқыған саз далада шапшаң алыстай берді. Өткір жарықтары жас көк пен өлі бетегенің үстінде үнсіз сырғып барады. Терістікten сұп-суық жел есіп, қара түнек аспандағы құрым бұлттардың жыртығынан сап-сары ұшқын атып, дара жұлдыздар көрінді. Жауын шайып тазалаған әйнектен таң алдындағы қаранғы далага тесіле қарап кімнің қайда жүргенін анықтағысы келеді. Ұсақ жарықтар жер түбінен сиқырлана жарқырайды. Тұрғандары да, жүргендері де белгісіз. Әйтеуір, Бөрілінің керемет кеңістігінде шашырап жатқан көп отты көріп қыздың үйқысы ашылып кетті де, тұтқаларға тақау ыңғайлырақ жайғасып алыш, шымды сиқырлата қопарып, ілгері ұмтылды. Сазға батып текке өткен уақытының қарымын қайтармақ. Ұлы сәске болып күннің жылусыз сәулесі дымқыл далага шашырағанда аңыз шетіне тоқтап, қосқа қарай жүрді.

Басқарманың машинасына бүйір тақастырып тағы бір көкқасқа «Победа» тұр екен. Көрсеткіш тақтадағы «Теміржанов Бекім 250 процент орындарды» деген жазу

өшірілменті. Дайырдың шаңқылдаپ қатты сөйлегені естіліп жатыр.

— Мақтанаrlық-ақ еңбектендіңдер, жігіттер! Бөрілінің даласын бір айда түгел аударып шықтыңдар. Бұл дегеніңіз — адам айтқысыз ерлік іс. Иә, солай...

Бригаданың торт көні түгел көрінді. Жайдақ столдың аргы бетінде нақ торде қоңыр қолдарымен столды ернеуінен сығымдай ұстап Даіыр сөйлеп тұр. Қак жаңында жасқылт ақ мұртына лайық көкше шәшін кейін қайырып, келісті, күлімден Рақымғали отыр. Рақымғалидан төменірек иқшыл спры, таш-таза кескінін төмен салып Рашид ойланып қалышты.

— Жоғары шық, шырагым, уақыт тығыз, тоса алмадық, берірек өт,— деді Даіыр. Рашид басын шапшаң көтеріп алып кескіні қып-қызыл болып кетті.

— Жоғары шық, мына жерге!— деп орнын беріп, езі жігіттердің арасына барып тұрды. Зәуреш жұмыс күімімен хатшыға тақрау отырганына қысылып, төмен қарап ернін тістеледі. Кескіні отқа қыздырғандай.

— Жолдастар, қашан да жақсылық пен жамандықтың қосарлана жүретінін қайтерсің,— деп Даіыр сөзін жалғастырды. Сонау Қарашибілікке қарай ақыздың ортасында қыртыстың бетімен сыйыра жыртып, жерді бұлдіріп тастапты. Аз ғана жер болса сөз де етпес едік, коп болғандықтан бүгінгідей салтанатта айтуға тұра келгени. Сіздердің араларыңызда осыны істеген адам отыр дегенге жерді көзбен көрмесем нанбас едім. Амал не, жалғастырды.— Сонау Қарашибілікке қарай ақыздың ортасында қыртыстың бетімен сыйыра жыртып, жерді бінен қайта жыртуға тұра келеді.

— деді Зиятден дауыстал.

— Эрине, дұрыс емес!— деп қостады тағы біреуі.

Дайырдың қарасұр кескіні өрт соққандай.

— Осы жолсыздықты істеген адам араларында. Бірақ қылмысын мойындауга ерлігі жетпейді,— деп аласы аз қап-қара көздерімен әркімнің кескініне қадала қарады. Зәуреш еңбектес жолдастарының үят жұмысына қысылды. Тракторшылар біткен осындай қиямет ҳалде еді. Рақымғали көпті көрген ақылды көздерімен көшілікті асықпай шолып:

— Қалайда, жігіттер, мыналарың үят іс болыпты. Басқа колхоз естімесін, мен айтпай-ақ қоярмын. Абзалы, ез қателігін көшілік алдында мойындау да үлкен ерлік. Ондай ерлікті көре алмай тұрмын-ау,—деді.

Жігіттердің барлығы қызарған, қысылған, пыс-пыс, етіп мұрындарын тартқылайды.

— Мен едім!

Зәуреш селк ете тусти. Жұрттан ала бетен сорайып Бекім түр.

— Мен едім! — деді ол — Зиятденмен серттесіл қалайда озам дедім. Оздырмады. Хайла істеуге тура келгені...

— Қылмыс екенін білдің бе?

— Білдім, бірақ серттескен соң..

Дауыл соққан ормандай толқыган көпшілік тына қалды.

— Е, е, сен мынадай екенсің гой! — деп Дайыр кектене қарады. — Ертеңнен бастап ана жерді қайта жырт. Шығыны толық мойныңа қойылады, дұрыс айттым ба, көпшілік?

— Дұрыс, реті солай!

— Жазалау тартсаңдар да ризамын, мойныммен көтерем!

— Жазалау керек сендей арамзаны. Сенің сорақы ісіңнен бәріміз жерге кіре жаздадық! — деді кейінгі жақтан біреу кіжініп.

Рашид орнынан тұрды.

— Жолдастар, жазалауға да, айып тартқызуға да болады. Бірақ қылмысын қаймықпай мойнына алуды Бекімнен күтшел едік. Ұсынған мойынды қылыш кеспейді. Бекім сотталмасын да, айып та тартпасын, бүлінген жерді жұмыс артынан жабылып жыртып таставық. Өзіміздің жолдас қой, санасты болса түзелер, — деді.

— Агадікі жөн! — деді Зиятден де.

— Өздерің білесіндер! — деп Дайыр қағаздарын жинастыра бастады.

Бекім Зәурештің көзіне көрінбеу үшін дереу кетіп қалды.

8

Нәубетжан үйіне көнілсіз оралды. Жаздың ең қысқа түндері болатын. Шығыс жақтан, тым жоғарыдан шолпан жүлдізы құбыла жарқырайды. Ауыл сыртында еністе жер бауырлағыш тұман шегіп жатыр. Жылқылардың қатты пысқырынғаны, құлыштардың кісінегендері естіледі. Тік тұрып алдыңғы аяқтарымен сабаласып ойнаған тайлардың сүйір тұмсықтары көрініп жетеді. Қора айналып малдарын амандап шықты. Ауылдың әр түсінде иттер шабаланады. Ауылдағы ағаштардың жапырақтарын сылдыр қақтырып қоңыр

жел еседі. Бұл — көп ұзамай таң ататынның белгісі. Биік теректің үшар басында бауырынан жарап ай тұр.

Нәубетжан насыбайын ернінен көсіп алдып, атып үрді. Ұзақ түкірініп болып, үйге ұрыша еппен кіріп төсегіне қисайды. Бөрін де ұмытып, тезірек үйықтап кетпек еді. Өлгінде ғана біткен жиналыста қаралған мәселелер рот-ретімен көз алдынан өте бастады.

...Басқарманың кабинстіне халық лық толы. Дайыр қазымырлана сойлеп тұр.

— Шішен науқаны обден ақсап жатыр. Шұрайлы деген шабындықты тракторлар жусатып салды. Шеп үйетін техника жоққа тоң. Ал колхозшылардың кейбіреулері, атап айтсақ,— Ноубетжан Сагиев науқанга комектесуден бас тартыпты. Еңбектеген жастаған оңкейген кәрігө дейінгі барлық колхозшылар шықпаса жүздеген гектар шөп суга тиіп, күнге күйіп құрып бітпек. Ал біздің азаматымыздың кескіні өлгіндей,— деп Дайыр мандай терін сұртті.

— Нәубетжанның «Қызыл диқан» сияқты үлкен колхозға қалай бастық болғанына таңым бар,— деп аупартком секретары Рақымғали күйіне сөйледі.— Қогам алдындағы борышын атамағанда, семьясы алдындағы борышын да түсінбеуі қайран қалдырады. Қыста өз қызының бақытына көлденең түсіү феодалдық әдет емес деп кім айтады. Күш-қуаты молынан бола тұрып қоғамдық еңбектен бас тартқаны азаматтық түгіл, кешпес күнә екенін үға ма өзі! Жұмыстан бас тартып, бригадирді тілдегені үшін Нәубетжан Сагиевке партияллық қатаң жаза беруді ұсынамын! — деді.

— Бұл жөнінде өзі не айтады? — деп сұрады бірі.

Нәубетжан жалбыр мұртын алақанымен сипап, тамағын кенеді:

— Жолдастар, былай гой,— деді тұтығып, арасы алшақ кішкене көздерімен жүртты бір шолып. — Бір адамның соңына түсе берсе әмбенда осылай болады. Қатаң шара қолдануға қақыларының бар, бірақ не үшін? Өз семьяма өзім қожамын ба, жоқ па? Қызымынды кімге берсем еркім емес пе менің. Ал жұмыс дейсіндер, осы колхозды қолмен құрып өркендеткен адаммын мен. Қартайдым, қуатым жоқ. Қарт адамды зорлап еңбекке қосу деген заң бар ма? — Ноубетжан шешек дақтары ақтаңдақтанып ашулана сойледі. — Білемін, көктен-ақ мені қырга алдып жүргіндер, картайғанда сottap тыныңдар. Бір Ноубетжанинан осы елдің тобы азаймас,— деді.

— Сіз коммунистің бе, алде молдасыз ба? — деп сұрады Рақымғали сұрлана.

— Коммунистің, ақырына дейін коммунист болып қаламын! — деді Нәубетжан дағдылы өрлігіне басып.

— Жоқ, мына қалпында қала алмайсыз! — деп кесіп айтты аупартком қатшысы. — Сізді партиядан шығару керек. Менің ұсынысым осы.

— Нәубетжанның іссіздікten молдага еріп ауыл кезіп жүргенін көргеніміз бар, — деп кейінгі жақтан біреу Нәубетжанның арғы-бергі мінез-құлқын жеткізе айтты. Рекеңің ұсынысы артығырақ болатынын ес-кеертіл, ақырғы сөгіс берілсін деді.

Нәубетжаннан ұйқы әбден қашты. Қайдагы нәлест ойлар бірінен соң бірі келді. Рақымғалига қатты өкпелі еді. Председатель болып жүргенде сонына жарық алдып түсті. Жолсыздықтарын бетіне басып тұқыртумен болды. Науқаны жүрмейді, әскер семьясына қысым жасаған, қарттар мен балаларға, әйелдерге қол жұмсаған, колхоз есебінен өзі байып, шаруаны күйзелткен деп орнынан қуды. Соңсоң бұл жамбастап жатып алды. Тақуа шалдарды жағалады. Иә сейтті...

Уақыт өтіп жатыр Нәубетжан кірпік қағар емес.

«Шіркіннің ұйқысының қаттысын қараши!» — деп кемпірін күндеді. Ұйқы орнына ойлар, ойлар...

Бөлмеге таң жарығы түсіп, тораңғы бұтағының қисық көлеңкесі төр алдында ақырын қозғалып тұрды. Күн шыгардаған көзі ілекті білем, онбаган түстер көріп, бастығырылып оянды. Үй-іші тастай қараңғы әрі салқын. Сипалақтап көп отырды да, насыбайын қыстырып, тысқа шықты.

— Опрай, жауын бола ма, күн қайнап тұр гой. Сүйегімнің сырқырап кеткенін қараши, түбі бір пәлесі болмай қоймас! — деп ыңқылдал төрт қабат көрпенің үстіне жайғасып алды. Қызыл кесені қыл-қысқа саусақтарына қондырып, шәйді үнсіз тартып отырды.

Сақып, добалдай үлкен меңі бар жалпақ сары беті тершіп: — Жиналыштарың не қыл дейді? — деді.

Нәубетжан кескінін кіржитіп бір жері қатты шашып кеткендей ықылых атып:

— Жиналыш жайлыш білу қатынның ісі ме? — деп көздерін бақшаң еткізді. — Жұмыс істемейсің, жатып ішер жалқаусың, — дейді. Рақымғали соныма тұсуден тайманты, білгің келсе осы. Тағы сұрағың бар ма? — Атжаманнның көзіндегі кірпіксіз кішкене қызыл жиек көздерін шақырайтып әйеліне тапжылмай қарады.

— Рас айтады, қатесі жоқ, не десе де орынды,—  
деді Сақып қыбы қанғандай нығырлай сейлеп.—Бәрі  
өзінен!

— Ой не дейді-ей, мына інлеттің қызы, мен не  
істеппін сонша?— деп Нәубетжан кесені итере салып  
тоңқалаң асырды.— Не істеппін мен, не істеппін?— дей  
берді жұлқыныш:

— Жұмыс іstemегенің отірік пе? Рас. Жиналыста  
қандай айып тағылса бөрі рас. Жұртқа жексүрін бо-  
лып отырган өзің, «Ноубетжан қырсық» деп ат қойып,  
айдар тағып жүрген жұртқа оқпелеймісің, өзіне өкпелең  
— Сақып айғай-шусыз жоғай айтып отырган соң Нәубет-  
жан басыла сейледі.

— Тойымсыз сойқаниның қызысың-ау, не жетпей  
барады. Жинап алған аз гана дәulet бар. Не ішейін, не  
киейін деп отырган жоқсың. Қартайғанда өгіз айдал,  
жер жырт деймісің?

— Аштан өлем деп отырмын ба, жұрттан ұят емес  
пе?— Сақып жауалығының ұшын көзіне апарды.

— Сүйексіздің қызының долысын қарашы!— деп  
Нәкең теріс қарап жатып қалды. Сол жатқаннан тұр-  
мады. «Мен кіммін өзі?»— деп өзінен өзі сұрақ қойды  
да, жауабын таба алмай басы қатты.

«Өткен заманның да шетін көріппін. Ақ иық кедей-  
дің бірі емеспін бе, Совет өкіметі гой кісі еткен. Партия-  
ға өтерде не деп ант бердім, орындаым ба соны?»

Ел басына күн туған соғыс жылдарында жұрт сені-  
мін ақтау орнына дүниекоңыз атанаң кеткенім өтірік  
пе? Қансыраган қатын балаға жәрдемдесу орнына қас-  
қырша қарсы шыққаным қай қылғым. Жұрттың іші  
қалай жібісін маған. Қайта мен сияқты адамды сотта-  
тып тентіретіп жіберу керек еді». Ойы тұмандана бас-  
тады. Нәубетжанды екі милиционер қаумалап сот  
алдына әкелді.— Азамат, Сагиев, қылмыстарыңды  
мойындайсың ба?— деген соттың сұрағына бейшар ә-  
қылмыскер үнсіз бас изеп тұр. Тұла бойы қалышылда,  
үн шықпайды. Тілі байланып қалыпты.— Сот үкім  
оқиды!— деген дауыстан селк ете түсті.

— Да, Нәуке, үйдемісің?

— Иә.

— Сақып скеуің де сенбілікке шығындар. Шәп үю-  
ге барамыз!

Нәубетжан жастық астынан шақшасын іздестір-  
ді. Ұлы сәскеде жұрт айыр, тырнауыштарын иықтары-

на салып пішендікке қарай кетіп бара жатты. Нәубетжан бір тостаған қымыз жұтып, қораның бір шетінен айыр, тырнауыштарды тауып, шаруақор кезben айналдырып қарап болды да:

— Қатын-ай, барайық ісінді кейін тындырарсың,— деді.

\* \* \*

Күн бірден ысып жүре берді. Таңертеңгі дымқыл ауа мелдір сағымға айналып, жосып жөңкіле бастады. Өлеңдіге қарай шұбырған аттылы-жаяулылардың соңынан ілесіп Сақып пен Нәубетжан келеді. Нәубетжан шаңдағы бүркүлдаған жолға насыбайын шырт-шырт түкіріп асықпай басады. Күн астында сұлап жатқан жасыл дала да, бозғыл аспан да, жанды-жансыздың барлығы да дағдысынан өзгеріп сүйкімдірек болып кеткендей. Эрқашан шотаяқ сөзімен сайтанын ұстата-тын Сақыпқа да іштартқан ыңғай бар. Ат шаптырым құрғақ көл Өлеңтінің бетіндегі қалың пішенишлерге келіп қосылды. Пішендікті жолақтаған шөп кірелеріне жетіп Сақып тырнауышын жерге қойды.

— Осыдан бастап кірісіп кетейік!

— Жоқ, қатын, атама, тамам әйелдің арасында жүре алмаспын, маған маяшы болу лайық шығар.

— Онда жігіттермен тізе қоса қимылдау да оңай соқпас, осында қалсайшы, шалым!

— Жоқ,— деп Нәубетжан айырын иығына салып жүріп кетті.

Шарланған денесі қызыуымен ештеңені сезер емес. Тер моншақтап, деміге қимылдайды. Жас жігіттерден қалыспай төбеле пішенді түйдектете өперіп жатыр. Қөленке табан астына жасырынған талтүсте жігіттер асқа отырды да, Нәүкен мая түбіне қисая кетіп, ұзақ тосты.

— Да, болсаңдаршы, туғе!

— Апрай, тыңғылықты бригадирдің қолына түс-кен екенбіз!— деп күліседі маяшылар.— Төрт маяны ұштап, бесіншіні іргелеп қойсақ та бұл шалдың арыны басылмай-ақ тұр!— деседі.

— Жұмыс іstemеген құмжілік адам ғой, ө дегенде шыдатар емес!— деп күліседі.

Бының жабылғанда Нәубетжан түкті кеудесін кешкі қоңыр желге тосып жан шақырды. Арыншыл атқа қамыт кигізгендей күнгө қурап қалған кейлегінің жағасына басын сұға алмай өуреленіп тұрды.

— Ертең де осында сенбілік пе? — деп сұраган-арға:

— Өзім ертең де осында болам! — деді Нәубетжан.

9

Жаздың сүйі бір құргақ кезі. Тамшы тамбағалы қапан. Құн көзі ертемен талаурага шығып, шашашаң көтеріледі де, шексіз аспан кеңістігінде шарқ ұрып, тас өбеке келтінде өртеп жібере жаздайды. Жан иесін тоу-іесіне келтіреін дегендай көпке дейін шаңқай түстен үмай күйдіріп тұрып алады. Мұндайда тіршілік біт-сөн көлеңке іздел жан саурагалайды. Байтақ жыртынды үстінде боаша құйын дәңгеленіп кезіп жүреді. Құйын тірі мақұлықтай үлпа құйрығын сүйретіп алыстай ту-седі де, жиектегі мөлдір сағымга тогытылып көрінбей кетеді. Ізінше басқасы тіріліп алғаш бір орында шыр айналып көпке дейін қүйбендер жүріп алады. Соңан соң үлкейе, қомақтылана түсіп жылжи жөнеледі. Ос-ындағы біреуі әдейілеп келіп Зәурештің тракторын үй-палақтан өтті. Сап-салқын сұргылт шаңдақ ашық тере-зеден лап қойды. Қызы есікті жауып алды. Желдеткіш те тыныс болар емес. Аспашнан құн, төменнен мотор, екі тандырдың ортасында цуырылып келеді. Денесінде-гі барлық ылғалы термен шыққандай, ерні кезеріп кетті. Құргақ далада мөлдір дариядай болып алдамшы сағым жарқырайды. Құйын жайлаган жыртындымен шектесіп астап астында тыңдала жатыр. Ақ селеудің әбден пісіп жетілген шағы. Дала бетінде ғажайып күміс жамылғы толқиды. Трактор шыняжыр табанымен ақ селеуді жанышып, соқамен аударып тастап келеді. Радиатордың қақпақшасынан бу атқылаш әбдея қызған соң Зәуреш тракторды сөндіре салды. Айналаға ұлы тыныштық орнады. Судың сақырлап қайнағанығана естіліп тұр. Қызы ақ селеудің сыйбырын тыңдан қисайып жатыр. Жел дейтін жел де жоқ, ыстық леп қана ақырын желпиді. Тал түстегі өлі дала да қыбыр етпейді. Қатерлі үнсіздікті бұзып жақыннаш көк қасқа шегіртке шырылдаш қоя берді. Серке сан шегірткені ұстаң алыш алақанына тұрғызып қарамақ еді. Қияқты аяғымен тебініп қалып секіріп кетті. Естеге түбінде бейнетқор құмырсқа қурайдың сынығын сүйретіп бара-ды. Дала тышқаны түкті тұмсығын көрсетіп жоғалды. Безгелдектер мен беденелер, бозторғай мен кекіліктер үя басып үрпақ өргізуі. Әр қайсысының өздерінше қам-қаракеті бар. Тілсіз дала үстінде кенет бозторғай шырлап қоя берді. Дағды бойынша екіншісі, үшіншісі

көтеріліп, ыстық ауада әндерін қыска қайырып тына қалысты. Қарашибіктен жұлдындаң жіңішке түтін аспанға шашыла көтерілді.

— Өрт!

Шап-шағын болып дөңгелене ойнаған ақшыл түтін дереу қарақошқылданып зорайып алды. Шаңқай түсте жаяулап қана үрлейтін дала желі қас қылғандай күшейіп, үлкен өзекке тиген от жолындағының бәрін жалмап, құртып ыққа қарай тоғытылды. Қурап жатқан өлі қорда қуана жанып, талдар мен шіліктедің бірінен соң біріне шапшаң секіріп түсіп, жүрдек жүріске салды. Құп-құргақ наиза томарларды мүгімен қоса күйдіріп, бойшаң қызыл жалын еркелей ойнап, түтінмен араласа умтылды. От аласа жас қайындардың дініне өрмелеп, жапырақ арасына қып-қызыл содырлы тілін сүйреңдетіп болып асығыс төмен сырғиды. Әлгінде ғана сыбдыр қаққан жасыл желегі жидіп түсіп, қапқара күйік бұтақтары тұрды сидиып. Апат сұрапыл екпінмен көкбуырылданып толыса бастаган егінге қарай ақтарылды.

Зәуреш егінмен екі араны бөліп тастау үшін бар жүріске салды. Түтін арасынан үркіп шыққан бұланың дәу бұқасы тарбақ мүйіздерін шайқап пыскырынып етті. Қөктемде өзі батып қалатын ащының түсінан соқаны түсіріп, түтін арасына сұңгігенде ештецені кере алмады. Шашалып, бұлығып қалмас үшін демін ішке тартып, газдың тұтқасын сілкілей баса түсті. Демі таусылып талықсып барып аргы бетке шықса түтін сол қалпы ілгерілеп барады екен. Қуйіп тұрған ыстық ауаны қомағайланған жұтып өрттің алдын орай қайта кірді. Бұлығып соңғы демі таусылып бара жатса да, есінен танбауга тырысып қос тұтқаны сығымдай түсті. Бір кезде трактор маңдайы қатты соғылып тұрып қалды. Қабыргасын от қарып бара жатқанын сезіп каби-надан секіріп кетті де, есі ауысқан адамша жүгіре же-нелді. Рашид қызды ұстап алып лаулаган көйлегін қаң бөліп лактырып жіберді. Зәуреш шырылдал алас үрді. Қуйген денесі қаракөктеніп кетті. Рашид өз көйлегін шешіп қызға жапты да:

— Зәуреш, айналайын, шыдашы! — деп қинала жалынусын болды.

— Трактор қайда, егін қайда? — деді қыз сандырақтап.

Түтін тез сейіліп толастай бастады. Тақақ тастамда сүзіскең өш бұқаларша тіресіп екі трактор тұр. Екеуді

де сөніп қалыпты. Өрт Зәурештің алғашқы жолынан аса алмаган екен. Жыртынды шетінде бықсып жанып жатыр. Қайтардағы ізі жанаса түсіпті де шетке жақындаған сайын бірде ішке кіріп, бірде сыртқа шығып ауытқып отырыпты. Жұасып қалған көгілдір тутін қалың егінге жер бауырлай жайылып таралып барады. Өзектің қордасына тиген от жануға жарайтын бір бұта, бір қурайға дейін қалдырмай асқан ұқыпты-лықпен жалаңдай кезіп тінктілеп жүр. Қүйік шалған аласа қайындардың басынан ұсақ қызыл шоқтар секіріп түсіп жатыр. Тракторлар от алған өзекті айнала жыртып жүр еді. Жалының озіндегі алқызыл өрт машинасы Зәурештің жыртындысын бойлай су шашып барады. Аспанда іркіліл тұрган ауыр тутін астынан вертолет шыға келді де, күңгірттеу жасқылт бауырын көрсетіп айналып етті. Сиырдың тіліндегі жіңішке есірінен Рақымғали түсіп, шапшаң бері жүрді.

— Зәуреш қайда?

Зәуреш Рашидтің сүйемелдеуімен зорға тұр еді. Рашидтің де мұрны шарпылып, беті ісіп күлгінденіп кеткен екен. Сығырайған көздерімен жұртқа қарап:

— Зәурешке жәрдемдесе көріндерші! — деп жыламсырайды.

Бекім ауруханага ертеңінде сәске кезінде келді. Эфир мен хлорка исі аққыған кең дәліздерде дағдылығы тыныштық бар. Иесіз үйдегі тұңжырап тұрган аурухана табалдырығын аттап бөгсліп қалды.

— Сізге кім керек?

— Кеше вертолетпен жеткізілген қызды **керуім** керек еді.

— Дәрігерден ұлықсат сұрайын.

Шұжықтай жұп-жұмыр сестра іле оралып:

— Кіріңіз, — деді.

Қыз ешкінің тұяғындай өкшесімен тырс-тырс басып шапшаң алға жүрді. Бөлмеде шүберекпен таңулы біреу жатыр. Қозінен басқа түгел таңулы.

— Зәуреш, төуірмісің? Бекіммін гой, хал білуғе келдім, — деді ұзын бойын догадай иіп.

— Шүкірмін, рахмет! — деді Зәуреш аузын ақырын қозғап. Бекім оқелген сусын мен тottілерін жанына қойды.

— Сусын інсейіш!

— Жоқ, кейін.

— Жолдас, инукстия көп мазпламаңыз!

Бекім жалт қараси, тапал дорігер тұр екен.

Қызырып кетті де, сыртына жасырған рәушан гүлім ау-  
рудың бас жағына елеусіз тастай салды.

Дәлізде дәрігер қолын Бекімнің ишінә салып:

— Жігіт, титтей бөгелші! — деді.

— Иә.

— Қызы қалындығыңыз ба, өлде келіншегіңіз бе?

— Екеуі де емес, еңбектес жолдас қой.

Дәрігер қулана құлімсіреді.

— Есеп емес, терілері қатты зақымданыпты, жағ-  
дайы ауыр,— деді еріндерін қинала шөп еткізіп.— Сіз-  
дердің көмектеріңіз керек.

— Мен бәріне де дайынмын!

— Күйікке жамайтын тері табылмай түр.

— Мен берем! — деп салды Бекім.

Берудің де беруі бар. Сізден операция жолымен  
теріні сызырып аламыз. Ауруханада жатып ауыр нау-  
қас халін кешесіз, осыған риза болсаңыз ғана,— деді.

Бекім құрбақаның аузындағы үлкен аузы жайыла  
түсіп, танауын тартқылайды. Әлтінде қызырып тұрған  
кескіні солғынданып еліктей боп-боз болып кетті.

— Жо-жоқ мен жұмыстамын ғой.

— Жұмыста болсаң, бюллетень жазамыз, еңбегің  
жүріп жатады.

— Жо-жоқ, ме-мен...

Бекім тұтығып шегіне берді. Дәрігер титықтаған қа-  
лыпта аяқтарын сүйрете басып кабинетіне қарай кетті.

\* \* \*

Зәуренің ісігі қайтып жарық дүниеге ашық көздері-  
мен анықтап қарайтын болды. Ауруы саябырлап тын-  
ыштық ала бастады. Бас қетеруге, қозғалуға тыйым  
салынған еді. Бөлменің кіршікіз тебесіне қарап үйқы-  
лы-ояу жатты. Көзі ілініп кетсе от селін кешіп, күйіп-  
жанып оянады. Тағы да сол жансыз аппақ төбе. Біреу  
бетіне тәніп түр. Кескіні адам шошырлық қара қотыр.  
тістері ғана ақ.

— Зәуреш, танимысың мен ғой мен...

Қыздың мойыл көздері бақшаң етіп қарай қалды.  
Аппатты күнді біртінде есіне түсіре бастады. Трактор  
соқтығысқанда секірді ғой. Оттан арашалап өз кейле-  
гін жапқан кім еді сол? Ол болмағанда мұлдем күйіп  
еді-ау! Сол кім? Вертолетте де жанында отырды ғой!?.

— Мен Рашид ағаңмын!

— Рашид дейсіз бе, апыр-ау. Сізге не болған, айна-  
лайын ағатай-ай,— деп қатты қинаалып кемсендей берді.

— Саган терімді бере келдім. Менің бетім гана, өзге керім аман,— деді Рашид.

— Апрай өзің де зорға тұрсың гой!

— Оқасы жоқ, бетім сауыққанша аягым да жазытады. Вәрібір житу...

## 10

Дала үстіменің жүрдек жесл жосып, кірлеген лас бұлттарды айдал көтіре бастады. Шұнғыл тартып мелдіреп тұратын токонпар аспан аласарып берілей түсіп-ті. Шыратыла жеңкіген өңдең бұлттар қарауытқан орманның кетік төбесін сүйкеп отіп, өлдекайда оңтүстікке қарай асып көтіп жеттыр. Жауын адарғының жібіндегі тарамдалып төгіліп келеді. Нәубетжан ашулы мысықша пысқырышып қалып тебіне тусты. Нәсер егін шетіне жетпей құйып, қалың селден ештеңені көре алмай қалды. Элгіnde гана лашық үйдегі қарауытқан бұқалар сазға батқандай аласарып бұлдырап көрінеді. Жолбарыстың жонындағы жолақтаған егін дестесін рабайсыа үлкен аяқтарымен жаңшып жүр.

— Өтеңе налет, завферма, түбіңе жетейін сенің! — деп долыра сөгініп барады. Бұқалар үлкен бастарын бұрып дызылдақ шалға таңдана қарады да, саз кешіп кете барды. Нәубетжан ашуы асқынып, атын текірендедіп тағатсыздана қамшы сермеп келеді. Шайпау мінезді жас бұқа жылтыр тұмсығымен жер иіскеп, іркілдеп жатқан бидай дестесін тарпып лақтыра бастады.

— Қап, қаскунем ит-ай, егінді құртты-ау, мына ала өкпе келгір! — деп құр шабынғанымен, жақындаі алмады. Сонадайдан шыр-шыр етеді. Құтырынған кенже бұқа қанталаған көздерімен кектене қарап жібек өүкесін толқытып тұрды да, асықтай ауылға қарай кетті. Нәубетжан завферманың үйінің терезесін қагып:

— Ана қарасаң келгірлерінді ендігөрі егінге жіберсең олшым, менен жақсылық күтпе, білдің бе?! Әктінді салам да берем! — деді. Үйден жүгіре шыққан бетін шешек кеміріп тастаған зор жігіт танауы шырылдан:

— Сен шайтанның қуыршағы, окірендеңе өйтіп, ол күнің еткен! — деді. Нәубетжан атын тебініп жігітке жанталаса айбат шегіп:

— Откен жоқ күнім, мен бұрынғы Нәубетжан емесшін, басқамын! Кім қогамдық дүниеге аиянын тигіссе, жақсылық күтпейді менен! — деді шәңк-шәңк етіп.

— Ойбай-ау, өзің істемес ше едің кеше! — деді ақау әнді зілдене сейлем.

Нәубетжан әрі қарай салғыласуды дөгарып:

— Ақымакты жыртпайды да, сеппейді де, өзі шыгады деген осы екен-ау! — деп мызыңдай сөйлеп кете барды.— Ақкөз неменің сезін қараши-ей.

Жауын құйып тұр. Нәубетжанның кебенек шекпенінен су өтіп, мойнына сорғалады. Жалбыр мұрты үйпалақтанып, кескіні қуарып кетіпті. Қалтырай тоңып үйге байбалам сала кірді.

— Бұл көзің шыққыр қу құдай, аспанның бір жерін байқамай тесіп алған шығар. Жауын жауғалы бір жұмадан асып кетті. Сарылдаپ құяды да тұрады. Егін болса анау жиналмай жатқан. Сақып, а, Сақып, о перінің ғана баласы! — деді.

— Байғұс-ау, маған не қыл дейсің!— деп ернін сылл еткізді әйелі.

— Тарт мына етікті желкелігінен, сіресіп шықпай жатқаның көрмеймісің! — деді ыңқылдай сөйлеп. Сақып шалының жаңбырдан басқа да бір ноян кейістігі барын аңғара қойды да, шешіндіріп, киімдерін пешке іліп, шәйін аузына тосып жатыр. Нәубетжан шәйді үнсіз ішіп кішкентай қызғылт көздерімен терезеге қаралды. Жаңбыр маңдайшаның балшығын шәйіп, әйнек шыныларын сагалдай ағып тұр. Ысылдаған қатты екпіні естіледі. Торанғының сұргылт бұтақтары нөсер арасында қыбырлап қозгалады.

— Айдаһардың ыскырығындай екпінін қараши көпірдің! — деп күңк ете қалды.

— Сүмдық тіптен! — деп қостады Сақып. Нәубетжанның маңдайынан тер білінген соң аздал сөйлеугө ықыласы түсті.

— Жоқ-ау, әбден ызамды келтіргені. Сиыр пермесінің бастығы айран көзді айтамын-ау. Кешегісі кешегі, бүгінгісін қараши, мына қан жауып тұрғанда онсыз да сорлап жатқан егінді жаншып кетті. Қайран егін-ай, арамға шыққан есіл еңбек! — деп сақалын сілкіп, басын ызалана шайқады. Байбалам салғаны кешегі екі бұқаның жүгендігі екенін Сақып енді үкты.

— Балшыққа тілерсегінен батырды-ау егінді, о, ала өкпе келгірлер-ай! — Нәубетжан үнсіз шай ішіп отырып, шалық соққан адамдай кенет селкілдеп күліп, жіберді.— Осы жүрт ойына келгенді істеуге құмар-ау! — деді көзің сұртіп.— Бәрілінің мына біз жақ беті бар гой,— деп үйдің бұрышына қарай қолын созды.— Сол жерде жығылып қалың егін жатыр. Мұртын сазға қалған бидайды көрсөң ішіңе пышақ сұққандай боласың!

— Оны кім шапқан?

— Бояушы дегенге сиқылған боян білгішсініп түпке жеткен Дайыр. О, заманда бұл заман етінді дестеге жылқанды кім көргөн. Кіліди түрган қылмыс мынау!

— Қойшы, жекеүрін боларың, бистықтар өздері біледі. Сенікі қаша жұмыс?

— Менің неге жұмысым болмайды. Колхоздың іргесін қалап, орқандықтан кім екен. Бастың болса қайтейін, кеше менен қалған. Жоқ-луу, білгішсініп мұрныңды шүйреспің келін. Қатынның міни жететін іс пе осы? — Нәубетжин осылай деп қытты сөзге келіп қалды да, даусын боссоңдете түсін: — Даңырдың қорлығы етті, бәтшағар, Жононға жел берін қызыымды алып қашты. Сол қорлығы аз ба магшын! деді.

— Қой, шалым, Даңырды қінолама!

— Енді кімді қінолаймын? Даңырга арқа сүйемесе Жәпеннің ынжық билесінің қолынан келер ме еді. Осы ауылда жалғыз қиймігатыны мен едім, ақыры маған да салды ауызды. Жамбасқа алып согатын ыңғайы келіп тұр. Керек болса, жаңбыр астында сұлаган егінмен-ақ түбіне жетемін.

Сақып айтysа берудің пайдаласыздығын түсіне қалды. Келер күні жауын тоқтады. Несер жүзін шайған күзгі аспан көгілдір тартып тазарып шыға келді. Төменде қоп-қою тұман жайылып жатыр. Күн іргедегі жібек бұлттарға шырматылғандай көп кідіріп барып шалқая көтеріліп кетті. Тап-таза аспан жүзінде бөгетсіз шарлап көктемдегідей қыздырып жіберді. Жоғарыдан қараша қаздардың қиқуын естіп Нәубетжан аспанға қарады. Қараашалардың ұзын тізбегі ыдыраған арқандай шұбатылып батысқа қарай тартып барады екен. Құз ұзақ болар деп көнілі демделіп, шырт түкіріп тастады. Комбайндар жылжып жүре бастаган егістікке бұкаладың бүгін келмегеніне мың шүкірлік етіп, ердің басына шақшағын соғып насыбай отты да, сазға батқан дестелерді көре кетуге ықласы ауа берді.

Күн астында пілтын түстес егістік жатыр. Вір жұмалық несердің мол ылғалынан дала мүшіртап тұр. Тағы да жаңбыр жұумисен жириар деп Ноукоң иықтарын киқаңдатып қояды. Қыны мен күйеу билесін көруге құлқы болмаса да, балаларға бидиңдің бір умысын ала кеттіп Сақыптың иштің шұсымаң. Еріп сиқырлатып солай қарай жүрді. Достенін шатынан тартып жұтып келө жатқан Зиятдиннің комбайниниң пілдини шығып бұктеулі қамшысын еттін киңдыш. Маржан тракторды кілт

тоқтатты. Нәубетжан атын қаңтара салып тез басып жогарыга шықты да, күйеу баласының сәлемін алмастан бункердегі бидайға қолын көсеп жіберді. Ұп-ұсақ мұжық тістеріне салып толғап көріп, Зиятденге қарады.

— Қарағым-ау, қандай таза бидай мынау. Шіріп кеткен екен десем қыл бабында гой! О, құдай тоба, құлақ естімегенді көз көреді деген осы,— деп басын қалтаңдатып, есі шыға таңданып тұрды да, алқа бел қараға мініп ауылға қарай шаба жөнелді. Жаратылысынан шабысқа деп тумаған сорлы жабы топ-топ құмалақ атқытып тырбандап келеді.

— Қартаң шірігір доңыз! — деп шәңк ете қалып төбіне түседі. Нәубетжанға салса құстай ұшуы керек еді.

Рашид комбайн штурвалын қозғап қойып аргыбергісі азайып, құсырылып қалған, қүреніткен бидай арал шасына қарады. Комбайн біткен теңізде толқын шайқаған кішкене сұр кемелердей болып жылжып барады.

Рашид тағы да Зәурешті ойластырыды. Соңғы кезде оны жиі ойлайтын болып алған. Ауруханада ұзақ жағын қалғанына қынжылады. Ол болса Бекімге ұқсан тасыраңдамай сыпайы қалпымен көп іс тындыратын еді. Рашидтің қуанышы — берген терісі қызға үйлесе кеткені болды. Жидіп, жалаңаштанып қалған күйікке жапсырган бәтен тері салған жерден-ақ жерсініп тез жабыса бастады. Рашидке де оңай болған жоқ. Адамның терісін тірідей сыпыру жап-жақсы іс емес екен. Шыдап бақты.

— Жігітім, тілтен қайсар екенсің, қыз үшін әлімге де баарсың! — деп сестра күліп еді. Рашидтің құлагы қып-қызыл болып кетті.

— Сүйгенсің гой тегі, шыныңды айтсы! — деп тақымдайды анау.

— Жоқ-жоқ, қарындасым гой. Еңбектес жолдас! — деді Рашид сасқалақтап.

Комбайн бункері бидайға толды. Машина алыста көрінеді. Тұлқінің құйрығындағы ақшыл шандагын сүйретіп, турарап салып келеді. Рашид ықтап тұр. Мұрның аурухана ісі келгендей болды. Иә, ол дәлізben әлденеше жүріп түкілрдегі бөлме есіргінде ұзақ тұрып қайтатын. Алғашқы апталарда Зәурешке жібере бермеді. Қыз көбіне масахана астында жатты. Отқа шарпылған денесіне киім тигізу мүмкін болмайтын! Соңғы күні есік алдында дәрігер кездесіп қалды.

— Қарындасым еді, көріп шығайын, ертең үйгө қайтам гой,— деді Рашид қыздың қотырлана бастаган кескініне үңіліп:

— Зөуреш тоуғымсің? — деді. Жауап орнына қыз аппақ тістерін көрсетті.

— Рашид, агатай, жақсылығынды немен өтер екенмін? — деді көздерінің шарасы жасқа толып.

Рашид еңкөйіп маңдайынан сүйді.

— Қарынға отпоймін, айналайын, тезірек сауығып қатарға қосыл, тілогім сол. Ертең ауылға қайтам, іо күтіп тұр, — деді. Зөуреш басын іргеге бұрып үндемей жатыр. Иықтары пікіршін қалтырайды.

— Зөуреш, сен жасымшы, ертең-ақ сауығып кете-сің гой, — деп міңгірледі Рашид.

— Арада күндер етті. Машина сабан көпенелері секпілдеген егін даласымен қатты келе жатты. Дала таусылар емес. Қебігө көрінбес мәлдір бу кетеріліп Есілдің аргы бетіндегі доңестер мен обалардың үстінде жаздағыдай мәлдір сағым қалқыды. Темір жол станциясының төбесінде сұргылт тұтін үйріліп тұр. Майға шомылған қап-қарлап провоз пысқырынып шиыршық атады. Шаң басқан күңгірт жасқылт вагондардан ала-құла халық қояндың тогытылып жолаушылар мен қарсы алушылардың қалың көпірі қалтқысыз араласып кайнап кетті. Омартаңай гүжілдеген көптің арасында Рашидтің басы айналып қалды. Жолаушылардың қайдан іздерін білмей бодік адамдай жалтақтап қарайды.

— Эбзім, бауырым! — деп қарындастары жармасып жатыр. Берекесіз топқа тәкәппарлана қарал тұрған балуан жігітті бір сөтте-ақ үйпалақтап тастады.

— Кішкентайларым менің, аман-сау жеттіндер ме, өйтекеір! — дейді Рашид.

«Победа» таныс жолмен қасқынпен салып келеді. Жол бойы ағайынды үшеудің ауыздарына дамыл болған жоқ. Ауылды, туған жерді, Рашид жоқтағы болған жаңалықтарды екі қызы жамырай айтып, бірде күліп, бірде жылап сейлей берді.

— Қараңдаршы қыздар, дала сүмдүк кен, батыс Европаның бірнеше ұсақ мемлекеттері сыйып кеткендей. Игерілмей жатқаны қанша. Кен, құнарлы өлкे.

— Қазақтардың пейілі де, құшағы да кең! — деп сез көзін шофер қап-қорал көздерін ойнақшытып.

Миннина байтиқ жазықта қып-қызыл болып батуға беттес, әмбүрін көріп туралап тартып келеді. Ауылға ерістеп келген шашан молмен бірге кірді. Көшелерде жарық ертерек жаңыпты. Радио «Сорыарқаны» төгілтіп тұр. Рашид балаша құпшын:

— Бауырларым, біндің екінші атамекеніміз — «Кызыл диқан» оғы! деді.

## МАЗМУНЫ

### ӘҢГІМЕЛЕР.

Әкстайым менің	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	7
Құба тал	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	16
Сеziм өуендері	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	22
Қарлы жолда	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	27
Шұнақ қара	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	31
Ақшылық соқпақтары	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	44

### ПОВЕСТЕР

Қос қайың	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	55
Құстар қайтып оралғанда	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	82
Атамекен	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	126

---

## Иманбаев З.

### ИСПОВЕДЬ СТЕПИ

*Рассказы и повести*

На казахском языке

Редактор *Т. Тлеуханов*

Художник *Б. Кабидолданов*

Худ. редактор *Т. Ордабеков*

Тех. редактор *Н. Сайфуллина*

Корректор *С. Бектилеуова*

ИБ 1254

Слано в набор 11.02.79. Подписано к печати 07.06.79. УГ14489. Формат 84x108/16.  
Бум. типограф. № 1. Школьная гарнитура. Высокая печать. Печ. л. 5,25. Усл. п. л. 8,8. Уч.-изд. л. 8,8. Тираж 38 000 экз. Заказ 684. Цена 60 коп.

Издательство «Жазушы» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательства, полиграфии и книжной торговли, г. Алма-Ата, 480091,  
пр. Коммунистический, 105.

Полиграфкомбинат производственного объединения полиграфических предприятий «Кітап» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательства, полиграфии и книжной торговли, 480002, г. Алма-Ата, ул. Пастера, 39.